

Батыс Қазақстан облысы
Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасы
Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы
№11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты



Сәкен мектебі – ғасыр биігінде

Орал – 2024

УДК 373.5 (574)
ББК 74.20 (5Қаз)
С28

«Сәкен мектебі – ғасыр биігінде» жинақ
Орал: «ШұғылаПринт» баспасы, 2024 ж. 276 бет+34бет түрлі түсті суреттер.

Алғы сөзін жазғандар: Ғани Бектайұлы Бейсенбаев
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі
Айгүл Әділгерейқызы Мыңбаева
Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы
Хамзина Аягөз Орынбайқызы
Мектеп директоры

Бас редакторы: А.Хамзина

Жауапты редакторлер: А.Мыңбаев, А.Байжиенова
Т.Ахметуллаева, Д.Имашева, Ұ.Молдағалиева

Алқа мүшелері: Г.Суханова, З.Мағзумова
З.Кусайнова, К.Қарасаева

Компьютерлік графика: Г.Кудабаева
Фотограф: А.Купжасаров, Д.Қайырғазиев

ISBN 978-601-09-7662-7

«Сәкен мектебі – ғасыр биігінде» кітабы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 100 жылдығына орай білімнің қара шаңырағы саналатын Сәкен мектебінің шежіресін тарқата отырып, мектеп ұжымының жетістіктері мен аянбай еңбек еткен ұстаздары, ғасырлық тарихы бар, шежіресі мол қара шаңырақта сан мың шәкірт білім алып, Отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға



*«... Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе болса, енді
мың мәртебе керек болды. Қазақ алдындағы
болашағын ойлау керек».*

Сәкен Сейфуллин, 1922 жыл



АЛҒЫ СӨЗ

Ғани Бектайұлы Бейсенбаев Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі



Еңсесін тік көтерген егемен еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және тәрбиеге байланысты. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Ал өз кезегінде бұл мақсатты жүзеге асырушы, жеке тұлғаны қалыптастырушы мемлекетіміздегі білім беру ұйымдарының педагогтері болып табылады. Әр адам

қандай жетістікке жетсе де, білім берген ұстаздарын ерекше қадірлейді. Ұстаздың арқасында тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халқымыз.

Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті», - дейді. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау – ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс. Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс.

Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі.

Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты – мақсат-мүддесі айқын, талап деңгейі жоғары, ғасырлық білім ұясы. Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз - Қазақстанның жарқын болашағы. Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті. Сәттілік тілеймін!



Айгүл Әділгерейқызы Мынбаева
Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы



Орал қаласында тұңғыш қазақ мектебі болып ашылған бүгінгі Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының өмір жолы мен өсіп-өркендеу тарихы тереңнен сыр шертеді.

Биыл облысымыздағы байырғы білім ордасы – Сәкен мектебіне 100 жыл! Мектеп – ғасыр биігінде! Мектептің 100 жылдық тарихында талай қазақ баласы білім алып, Отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдамамен аттанды. Сан жылдар бойына ізгілік пен игілікке бастаған Сәкен мектебі талай талантты жастар-дың қабілетін шыңдап, жарқын болашақтарына жол салды.

Мектеп, білім, ғылым... Осы үш ауыз сөз бейне бір тазалықтың белгісі, даналықтың кілті, тәлім мен тәрбиенің қайнар бұлағы іспеттес. Ал елінің мәртебесі жолында еңбек етуші жандар – ең алдымен ұстаздар. Дана да, ғалым да мұғалімнің алдынан өтеді.

Мектеп тарихына үңілсек, мектеп негізін қалаған алғашқы ұстаздардан бастап күні бүгінге дейінгі мектеп ұжымы өз жұмысын тоқтатпай тұғырынан түспеуі – киеліліктің белгісі. Адамның негізгі құндылығы – білім. Білімді ұрпақ – ұлт байлығы екені шындық. Өскелең елдің болашағы оның жас ұрпағының білімділігімен өлшенетіні ақиқат. Қазіргі жас ұрпақ – ұлттық өрлеуіміздің, болашағымыздың сенімді өкілі. Мектеп түлектері жылма-жыл Ұлттық бірыңғай тестілеуден білімдерін жоғары деңгейде дәлелдеп, республика көлемінде алғашқы лектен көрініп жүргені баршамызға аян. Өзгелерден орны озық тұратын Сәкен мектебінің 100 жыл ішінде жеткен жетістігі қаншалықты көп болса, шығар шыңы соншалықты биік екендігіне сенеміз. Өйткені бұл білім ордасы – елімізге танымал тұлғаларды тәрбиелеп өсірген киелі шаңырақ. Бүгіннің өзінде Сіздің түлектеріңіз әлемнің көптеген елдерінде білім алып жатқаны белгілі. Республикалық білім олимпиадаларының, өнер бәйгелерінің жеңімпаздары, үздік ұстаздар – Сіздің мектебіңізде.

Бүгінде әр жылы сырлы шежіреге толы, әр ұстазының еңбек жолы ұрпаққа өнеге, әр түлегінің рухы бекем, әр шәкірті білім биіктерінде! «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - дегендей, әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздары сіздердің білімдеріңіз бен біліктеріңізге жүгініп, сеніп келеді. Ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, әділдік пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда сіздердің үлестеріңіз орасан зор және ұжым ұстаздары үнемі биіктерде болатынына сенеміз!

Мектебіңіздің 100 жылдық тойы – оқушылар мен ұстаздардың, ата-аналардың, барша Ақ Жайық өңірінің мерейтойы. Ендеше, өркениетті қоғамды дамытудың ең бірінші қозғаушы күші – білім десек, мектебіміз еліміздің гүлдене беруіне өз үлесін қоса бермек! Мектеп ұжымына дендеріңізге саулық, шығармашылық шабыт, киындығы мен қызығы мол ұстаздық жолда абыройлы болуды тілеймін.



Хамзина Аягөз Орынбайқызы Мектеп директоры



Бүгінгі күні 1924 жылы С.Сейфуллиннің қолдауымен ашылған Орал қаласындағы тұңғыш ұлттық мектеп – Дарынды балаларға арналған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық маман-дандырылған мектеп-лицей-интернатына 100 жыл толып отыр. Ғасырлық тарихы бар, шежіресі мол қара шаңырақта сан мың шәкірт білім алып, үлкен өмірге қанат қакты. Олар Отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдаманы осы қара шаңырақтан алды. Бір кезде жартылай панасыз балаларға арналып ашылған мектеп өзінің өсу-өркендеу жолында талай қиындық пен табысты сәттерді бастан кеше отырып, бүгінгі тәуелсіз елдің талантты балаларын оқытатын мектеп дәрежесіне дейін көтерілді. Ғасыр бойы білім мен тәрбие беру жолында мектеп ұстаздары есімдері көпке танымал азаматтарды, ғылым мен өнер жұлдыздарын, қоғам мен мемлекет қайраткерлерін түлетті.

Оқырманға ұсынылып отырған шежіре-тарих кітабының мақсаты – Сәкен мектебінің өмір жолынан із қалдыру, өткенді жаңғырту, бір кезде шәкірт болған, бүгінде елімізге қызмет жасап, зейнеткер жасқа жеткен, әлі еңбек етіп жүрген ұрпақ тәрбиесінде талмай еңбектенген ұстаздар мен тәрбиешілердің еңбектерін оқырманға үлгі ету, мектеп түлектерінің жадында қалған мектеп өміріндегі қызықты сәттерді естелік етіп оқырманға ұсыну, осы мектептен білім алып еліміздің әр түкпірінде жүрген шәкірттердің есімдерін мақтан тұту, оқырманға таныту.

Республикамыздағы аты әйгілі мектептердің ортасында дарынды балаларға арналған Сәкен мектебінің шоқтығы биік тұратындығы хақ.

Бүгінгі таңда еліміздің өсу-өркендеу жолында қызмет етіп, әлем елдері қатарынан танылған шағында табысты жұмыстарымен кітапта есімдері аталып, еңбектері ерекшелене көрінген адамдар өмірі де ұрпаққа үлкен өнеге болмақ.

Мектептің бүгінгі ұстаздар ұжымы да осы мақсатта елеулі еңбек етуде. Өздеріңіз білесіздер, 2019-2021 жылғы COVID-2019 пандемиясы білім саласына да өз әсерін тигізді. Бірақ білім саласындағы қызметкерлердің және де ата-аналардың қолдауының арқасында осы қиындықтан сәтті шықтық. Тәуелсіздік алғаннан бастап жалпы ұлттық білім беру, ғылым жүйесі қалыптасты. Білім сынақтары, олимпиадалар арқасында жетістігімізді байқап отырмыз. Табысты ұстаздардың есімі де кітапқа құрметпен жазылды.

Алайда мектептің сан жылғы шежіресін зерттеуде табылмай қалған, ұмытылған тұстары болса кешірім сұрай отырып, алдағы күндердің үлесіне тапсырамыз. Мектеп тарихын жазуда «Сәкен мектебі» кітабында жарияланған материалдар қайталанып, мектеп тарихына байланысты тарихи материалдармен толықтырылды.

Ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин мектептің ашылуына себепші болып, сан мың қарақөздің болашағын ойлаған, қамқор болған аға ісіне деген құрметпен кітапты «Сәкен мектебі – ғасыр биігінде» деп атауды ұйғардық. Бұл ақын қамқорлығына, мектепке деген мыңдаған жанның құрметі деп түсініңіз.



МЕКТЕПТІҢ ӨСУ САТЫСЫ

- **1924 жылы** мектеп Қаз.АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы С.Сейфуллиннің ұсынысымен Орал қаласында І және ІІ дәрежелі жеті жылдық қазақ мектебі және жатақхана болып ашылды.
- **1936 жылы** мектеп Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болу дәрежесіне жетті.
- **1945 жылы** қалалық кеңестің (№150, 10.04.1945 ж) шешімімен қайта қазақ орта мектебі болып саналып, госпиталь қызметінен босатылған.
- **1964 жылы** 29 сәуірде Еңбекшілер депутаттарының Орал селолық облыстық Советі атқару комитетінің қарары және 1964 жылы 22 мамырда Қазақ ССР-і Министрлер Советі қаулысы бойынша мектепке С.Сейфуллин есімі берілді.
- **1991 жылы** мектеп мектеп-интернат-лицейі атанды.
- **1999 жылы** 8 желтоқсанда мектеп Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені мәртебесін алды.
- **2007 жылы** 28 қыркүйекте облыс әкімінің №217 қаулысы бойынша мектеп «Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» болып атанды.
- **2008 жылы** 22 ақпанында облыс әкімінің №46 қаулысы бойынша мектеп «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» болып атанды.
- **2013 жылы** 23 наурыздағы облыс әкімінің №36 қаулысы бойынша мектеп атауы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.
- **2020 жылы** 27 шілдеде мектеп атауы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.
- **2022 жылы** 12 тамызда Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің №159 қаулысы бойынша мектеп атауы «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» болып өзгертілді.





I бөлім



СӘКЕН МЕКТЕБІНІҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ

*Кемедейін айдында жүзіп арман,
Шақырды ма әлде оны қызық арман.
Мәңгі бақыт емес пе қазақ үшін,
Бұл Оралда Сәкеннің ізі қалған.*


Ғайса Ғали Сейтақов

Бұл бөлімде «елім» деп еңірген, қазақтың біртуар азаматы С.Сейфуллиннің Орал қаласында қалдырған ізі мен еңбегі айтылмақ. Өмір деген – үлкен жол, адамиылық жолы. Осы жолды әркім әр түрлі салады. Сол жолдардың ішінде айырықша жол – асыл арысымыз, қоғам қайраткері, жазушы, ақын Сәкен жолы. Сәкен жолы – таза жүрудің, ақ, адал бейнет шегудің жолы. Оған дәлел – Сәкеннің ісі, Сәкеннің ізі, Сәкен мұрасы, Сәкеннің айтқандары.





1922 жылы 6-13 қарашада өткен советтердің III съезінде Сәкен Сейфуллин 28 жасында халық комиссарлар кеңесінің төрағалығына сайланды. Ол сонымен қатар өзі негізін қалаған «Еңбекшіл қазақ» (кейінгі «Социалистік Қазақстан», бүгінгі «Егемен Қазақстан») газеті мен «Қызыл Қазақстан» (кейінгі «Ауыл коммунисті», «Қазақстан коммунисті», бүгінгі «Ақиқат») журналының жауапты редакторы міндетін қоса атқарды. (Р.Нургали «Алашординцы», 114 б. «Алаш» баспасы, Алматы-2004). 1923 жылдың күзінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде жергілікті кеңестерге сайлау жүргізіле бастайды. Осыған орай редактор қызметін қоса атқарып жүрген С.Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақстанда совет сайлау мезгілі таянды», «Совет сайлауларында сәк болу керек», «Биылғы совет сайлаулары» деген мақалалар жазып, осы науқанға байланысты Орал губерниясында өткізілетін сайлауға тексеру комиссиясының төрағасы болады (Қырықбай Аллаберген «Тарих тудырған тұлғалар» ХХ ғасырдағы қазақ ақын, жазушылары мен публицистерінің рухани мұралары. 2-кітап, Павлодар: «Керек» баспа орталығы, 2009 ж. 15-16 бет).





С.Сейфуллин Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып тұрған кезде 1923 жылы 14 қазанда Орал қаласына іссапармен келген.

С.Сейфуллин «Орал қаласы» сапарнамасында: «...Енді Орал қаласының мектеп, школаларының жайына келейік. Орал қаласында қазақ тілінде бір де бір мектеп жоқ. Орал қаласында қазақтың уақ жетім балалары тәрбиеленетін екі үй бар. Бірінде еркек балалар, бірінде қыз балалар тәрбиеленеді. Бұл екі үйде де қазақша оқытатын қазақ мұғалімдері жоқ. Қазақ мұғалімдері жоқтықтан емес, Орал губерниясында оқығандар һәм мұғалім, учительдер өте көп, бірақ бұлар еңбекшіл халықтың балаларын оқытпайды. Бұларды «комиссар» қылу керек. Бұларға көп жаловния беру керек.

Мен қыз балалар жатқан үйге келдім. Пианино тұрған бөлмеде он шақты уақ қыз балалар көйлектерін өтектеп жатыр екен. Мен кіріп келіп:

- Е, балалар, амансыңдар ма?. Не істеп жатырсыңдар? - дедім.

Балалар:

- Көйлек өтекlimіз! - деді.

Ноғайша айтқан себебі – бұл қыз балалардың тәрбиешісі һәм оқытушысы ноғай қыздары.

Орал қаласында орыс тілінде оқытатын бірінші басқыш мектептерден басқа мұғалімдердің техникумы бар, кәсіп һәм ұсталық мектебі бар, кеңес һәм партия мектебі бар, ауыл шаруашылық мектебі бар, 2-ші басқыш мектебі бар. Бұлардың ішінде 2-ші басқыш мектепте қазақ оқымайды, өзгелерінде 20-дан, 30-дан қазақ балалары бар. Бұлар биыл ғана кірген. Бұрын Орал қаласында оқушы еңбекшіл қазақ балалары болмаған. Оны ешкім көрмеген. Көруге оқыған азаматтардың, «басқа істері» көп болғандықтан, мойындары бұрылмаған, мойындары бұрылса, сөз қуған, өсек қуған азаматтардың теріп, айдап жүрген «істері» өсектері былай қараң калар еді.

Жоғары айтылған мектептерде қазақ тілін жақын арада ноғай мұғалімдері оқыта бастаған. Бұл ноғай мұғалімдерінің ішінде қазақ тілін жақсы білетіні жалғыз жолдас Жағиев болатын. Өзгелері қазақ тілін, әйтеуір, білген қадерінше оқытады. Бұларға қазақтың еңбекшіл халқы мың қайтара рақмет айтулары керек. Жолдас Жағиев бір өзі дамыл көрмей жүгіріп, үш мектепте қазақ тілін оқытады: ал Жағиев өйтіп жүргенде «қазақшыл» болғансып, сорлы қазақты алдаған «азаматтар», «саясат жасап», сөз тізіп, ақырын сыбыр жинап жүреді. Барлық Қазақстанның кеңселерінде қазақ тілін жүргізбекпіз. Білмеймін, қазақ тілін Орал қаласында губерниялық мекемелерде қалай жүргізер екен: Оралда орта дәрежеден жоғары оқығандары қазақшадан орысшаны жатық сөйлейді. Қазақша сөйлегенде мұзда жүрген тайыншаға ұксап тұғжындап сөйлей алмайды. Ия, менің «сендер жақсы һәм қазақшыл емес екенсіңдер» деп кейігенім емес. Сөйтіп «жақсы ұлтшыл – жақсы қазақшыларды» қуаттаған емес. Мен өзім «жақсы ұлтшыл, жақсы қазақшыл мырзалардың» ең бірінші дұшпанымын, шын «ұлтшыл», шын «қазақшыл» кісі болса, оның қисайған жеріне дәлдеп шоқпар соғасың ғой. Ал өзі ұлық болу үшін қазақшыл болып жар құлағы жастыққа тимей жүрген «азаматтарды» көргенде кісі не қыларын білмейді екен және жаңағы айтылған мектептердегі қазақ балаларының



арасында саяси ағарту ісін қазақ тілінде жүргізген ешкім жоқ. Біздің губерниялық жиылыс біткен соң, ауыл шаруашылық мектебі жылдық мейрамына шақырды, бардық. Мектепті аралап көрдік. Мен балалармен сөйлестім. Балалар мейрамдарына арнап бір жазба журнал шығарыпты. Журналдың қазақша бөлімі бар екен. Қарасам бөлім «Шәрік яшләрі» деген мақаламен басталады. Бұл – татарша мақала. Мектепте 40 шақты қазақ баласы, 2 татар баласы оқиды. Міне, саған қазақ тілі! Міне, Орал қаласының оқуының жайы осы. Орал губерниясында қазіргі әр жерде ұлық болып жүргендерден басқа елде іс қылмай қарап жатқан көп оқығандары бар. Олардың ішінде 40-50 учитель, мұғалім бар. Мектептеріне барып сөйлесе бастасаң, балалар үйіріле кетеді. Оқуға ынталары, оқуға-білімге ұмтылулары өте жақсы. Түрлі білімді үйретуші адам болса, бәрі де лезде-ақ азамат болып шығып, жалпы еңбекшіл тапқа шын қызмет қылатын балалар. Енді бұдан былай жастар арасында істеуге жолдас Исмағамбетов құлшынып қалды. Губерниялық исполкомның хатшысы болғандықтан «қолым тимеді» деп жүрмесе жарар еді», - деп көрген-білгенін қағазға түсіріп, қазақша оқыту керектігін, қазақ мектебін ашуды жөн көрген.

«Орал губерниясы» атты сапарнама мақаласында: «... Школдарын, оқу үйлерін араладым. Жалғыз кеңес, әм партия школасы жақсы, өзгелері нашар. Школдары: педтехникум, промтехникум школа, ауылшаруашылық школасы, кеңес-партия школасы, 2-басқыш школасы. Бұлардың қай жағынан болса да кеңес-партия школасынан басқаларының жайы нашар. Қазақтан оқушылар аз. Бұрын тіпті қазақ балалары жоқ болады екен. Биыл ғана аз-аздап қазақтан алыпты. Онда жалпы саясаттың бағытымен әм Орынбордың көрсетуімен алған болса керек. 2-ші басқыш школа дегендерінде бір де қазақ жоқ. Білмеймін, бұрын мұнда оқу ретінде Орал губерниясы, Орал қаласы не істегендерін. Бұрын 4-5-ақ қазақ балалары оқиды екен! Әлгі Оралдың «кедейшіл» жігіттері әм «қазақшыл» жігіттері не көріп жүргенін білмеймін: бұлардың бәрі де өздерімен болып, оқу ісіне қарамайды. Білмепті, көрмепті! Биыл ғана біздің жолдас Нұғыман Залиповның көрсетуімен ғана азын-аулақ қазақ жарлыларының балалары алыныпты. Партия істері де, әм ұйым істері де өте нашар. Әйел әм жастар арасында іс жоқ. Бұлардың басқарушыларымен сөйлесіп, мұның лайықсыз, нашар екенін айтқан болдым. Оқуда қазақ әйелдері де жоқ екен. Кеңес әм партия школасына қазақтың бес қызын алатын болды. Мұның үшеуін Жымпиты уезінен жіберттім. Әр мекемелерді аралап көріп, 10 шақты күннен соң Жымпиты уезіне жүрдім», - деп жалпы батыс өңірінің оқуға деген төмендігін мысалға келтірген.

С.Сейфуллиннің 1921-1925 жылдар аралығында жазған «Әр қазақтың жадында оқу болсын», «Барлық күш оқуға», «Оқушы жастарға үлгі» т.б. мақалаларының өзі автордың ойын айтпай-ақ аңғартып тұр.

Сәкен Сейфуллиннің ұсынысымен Орал қаласында 1924 жылы алғашқы қазақ балаларына арналған қазақ мектебі ашылады. (Ол қазіргі Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты).



§ 2. О присвоении Уральской казахской средней школе № 11 имени Сакена Сейфуллина. _____
(180) (т.т. Сапаров, Сарсенов, Зверев, Морозова, Загоруйко).

В целях увековечения памяти государственного и общественного деятеля, первого казахского писателя-коммуниста, основоположника казахской советской литературы Сакена Сейфуллина, по инициативе которого была открыта в городе Уральске казахская средняя школа и учитывая ходатайство педагогического коллектива школы, исполком областного совета депутатов трудящихся р а с к л а:

1. Присвоить имя Сакена Сейфуллина казахской Уральской средней школе № 11.

2. Просить Западно-Казахстанский исполком краевого Совета депутатов трудящихся и Совет Министров Казахской ССР утвердить настоящее решение.

§ 3. Об организации самостоятельных районных санитарно-эпидемиологических станций. _____
(181) (т.т. Васильев, Сарсенов, Загоруйко).

В целях улучшения санитарно-эпидемиологической службы в районах области, исполком областного совета депутатов трудящихся р а с к л а:

Республикаға атағы кең тараған, Ақ Жайық өңірінің жас ұрпағына білім шырағын жаққан, Орал қаласында тұңғыш қазақша білім беріп, ғылым негізіне бастау болған ұлттық мектептің өмір жолы мен өсіп-өркендеу тарихы тереннен сыр шертеді. Ол тікелей халқымыздың ардагер ұлы, белгілі ағартушысы, қоғам мен мемлекет қайраткері, жазушы, ақын Сәкен Сейфуллиннің жарқын да ұмытылмас қамқорлығына, ұлт болашағын ойлаған көрегендігіне тікелей байланысты.

Шежіре-тарихымызды бастамас бұрын оқырманға салар ойымыз бар. «Осынша дерек, көне тарих беттері, естелік-әңгімелер, мақалалар қайдан алынды?» деген сұрақ әр адамның ойына оралары анық. Дұрыс сұрақ!

Бұл сұрақтардың жауабы – осы мектепке жанашыр болған мектеп басшылары мен әр шәкірттің тағдырына жанашыр болған ұстаздардың еңбегі.

Мектептің 40 жылдығы қарсаңында мектептің абыройы мен мәртебесі үшін жоғарғы қала басшылары мен облыс басшыларына мектеп жетістігін дәлелдеп, мектепке Сәкен есімін алуға ат салысқан мектеп директоры Жәлел Самарқанов, қазіргі мекенжайда мектептің жаңа типтік үлгідегі ғимаратын тұрғызуға қол жеткізген Мария Мамайқызы Абдушева, мектептің 70 жылдық тойын атап өтіп, мектеп ауласына С.Сейфуллиннің ескерткішін орнатуды ұйымдастырған, мектеп өміріне жаңаша өзгерістер мен жаңа бетбұрыс беріп, замануи мектеп дәрежесіне жеткізген мектеп директоры Ерсайын Қадырұлы Сапаров, мектептің тарихта есімін қалдыруға ат салысқан, республикада үздік мамандандырылған мектептер қатарынан көрінуіне еңбек еткен қазіргі мектеп директоры Аяғөз Орынбайқызы Хамзинаға, кейбір деректерді жинақтауға көмектескен мектептің ұстаздары мен мектеп түлектерге айтар алғысымыз шексіз.

Мектеп тарихы бұған дейін екі мәрте «Білімнің қара шаңырағы» (1994 ж.), «Сәкен мектебі» (2007 ж.) атты шежіре-тарихы болып басылды. Ендігі ұсынылып отырған «Сәкен мектебі – ғасыр биігінде» атты шежіре-тарих сол кітаптың жалғасы деп қабылдаңыз.



Орал сапарынан кейін Сәкеннің ұсынысымен Орал қаласында 1924 жылы алғашқы қазақ балаларына арналған қазақ мектебі ашылады (Қазіргі Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты). Мектеп Қаз.АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы С.Сейфуллиннің ұсынысымен 1924 жылы Орал қаласында I және II дәрежелі жеті жылдық қазақ мектебі болып ашылды.



1924 жылы Муньянов Хусни мектептің тұңғыш директоры болып тағайындалған. Ол Орынбор мұғалімдер гимназиясын бітірген, Атырау облысында туған.

Алғаш «Қазсемилетка» болып ашылған мектептің оқу-тәрбие жұмысының бір ізге түсіп, өнегелі жұмыс атқаруына 1925-1928 жылдар аралығында басшылық еткен басшы.

1931-1935 жылдар аралығында Қазақстандағы тарихи ауыр нәубет кезеңде **Ш.Қосанов** мектеп басқарған.

1933-1934 оқу жылында сол кездегі №4 мектептің (қазіргі №11 мектептің) алғашқы қарлығаштары 7-класс бітіріп, өмірге жолдама алған. 1933-1934 оқу жылында мектеп өзінің алғашқы түлектерін шығарды. Олардың саны 10 адам болды.

1936-1938 жылдар аралығында Сарсен Ақмурзин мектеп директоры қызметін атқарды.

1909 жылы 10 желтоқсанда Орал облысының Жаңақала ауданының №2 ауылында туып, 1999 жылы Орал қаласында қайтыс болды.

Бастауыш мектепті бітіргеннен кейін 1926 және 1933 жылдардың аралығында «Қосшы» село одағында, ауыл кеңесінде, аудандық атқару комитетінде жұмыс істейді.



1945-1946 жылдары мектеп директоры болып **С.Жақсымбетов** қызмет жасады.

Мектеп 1945 жылдың 10 сәуір күнгі еңбекші депутаттары кеңесінің Орал қалалық атқару комитетінің №150 (№150, 10.04.45) шешімімен қайта қазақ орта мектебі болып саналып, госпиталь қызметінен босатылған. Осы мақсатта №11 ФЗО-ны мемлекеттік өзен-жүзу мекемесінің орнын қазақ орта мектебіне берген.



1946-1948 жылдары мектеп директоры болып **Л.Қарасаев** қызмет атқарды.



1946-1948 жылдары мектеп директоры болып **Ғ.Дәулетқазиев** қызмет істеді.

1948-1957 жылдары мектеп директоры болып **Сәукей Сағидуллин** қызмет жасады.

1954 жылы ер балалар мен қыз балалар пансионаты қайта біріктіріліп, бірге оқыту басталған.

1956 оқу жылында оқу-өндірістік политехникалық жалпы орта білім беретін Орал қаласындағы жалғыз қазақ мектебі болды.

1956-1960 жылдары **Құбай Досмағамбетов** мектепте директор болған. Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Ленин орденінің иегері.



1960-1977 жылдары **Ж.Самарқанов** мектеп директоры болды.

Ол 1915 жылы Сырым ауданы, Қособа ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінен білім алып, отбасының 1932-1933 жылдардағы қиын тұрмысын жеңілдету мақсатында Татарстанның Қазан қаласына қоныс аударады. Бугуруслан қаласында педтехникумда оқып, Қазан қаласындағы педагогика институтының математика факультетін бітірді.

Жәлел Самарқанов – Ұлы Отан соғысының ардагері, «І, II дәрежелі Отан соғысы», «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері, «Қазақстан мектептеріне еңбегі сіңген мұғалім» атағының иесі. Қазақ ССР, ССРО оқу ісінің үздігі белгілерімен марапатталған, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болды.

1964 жылы Орал облыстық атқару комитеті Қазақ ССР-і кеңесінің (№ 342. 22.05.64) қаулысы бойынша мектептің 40 жылдығына мектепке Сәкен Сейфуллин есімі берілді. Мектепке Сәкен есімін алу жолында Жәлел Самарқанұлы біраз еңбек атқарды.

1924-1925 оқу жылы мен 1965-1966 оқу жылы аралығында 1800 оқушы мектеп түлегі атанды. 1974 жылы 50 жылдық қарсаңында мектеп бітіруші түлектер саны 2344 оқушыға жеткен.

1960-1977 оқу жылдары мектепте 44 педагог-оқытушы жұмыс жасап, оның 39-ының жоғары білімі болған.

2 оқытушы – «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ұстазы» атағының иегері;

5 оқытушы – мемлекеттік орденмен марапатталған;

6 оқытушы – «Халыққа білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

1962-1967 оқу жылдары еңбек-өндірістік политехникалық білім беру бойынша мектеп түлектері мынадай мамандықтары бойынша қосымша білім алды:



1. Киномеханик (II категория) – 108 оқушы;
2. Ауылдық кітапханашы – 133 оқушы;
3. Токарь мамандығы (I, II, III разряд) – 127 оқушы.

1977 – 1989 жылдары М. Абдушева директор болып қызмет істеді.

Мария Мамайқызы Абдушева 1930 жылы 15 қазанда Казталовка селосында дүниеге келді.

1989 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін табан аудармастан бір орында 31 жыл бойына еңбек еткен мекенді Мария Абдушева өзіне ыстық санады.

1977 жылдан 1989 жылға дейін С.Сейфуллин атын-дағы мектеп-интернаттың директоры болған Мария Мамайқызының отыз жылға жуық еңбегі осы мектеппен бірге қайнасты.

«Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері, «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің озық қызметкері», Қазақстан мұғалімдерінің IV, V съездерінің делегаты, Қазақ ССР-інің жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасы, КСРО, Қазақ ССР-і оқу министрінің грамоталарымен марапатталған М.М.Абдушеваның республика білім саласына қосқан үлесі осындай құрметпен айшықталады.

1967 және 1989 жылдар аралығында Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің жарлығымен Қазақ ССР Жоғары Сотының төрт шақырылуына Халық қатысушы болып сайланды.

1978-1979 оқу жылында мектеп директоры Абдушева Мария Мамайқызының мектеп тарлығы туралы ұсыныс пікірлері арқасында жаңа үлгімен салынған үш қабатты мектеп үйі беріліп, жаңа талапқа сай жабдықталды, бір қабаты балалар жататын интернатқа берілді. Мектептің аудандардан келіп оқитын оқушылары №1 және №2 интернатқа бөлініп жататын. №2 интернат ол кезде Плясункова (қазіргі Ж.Досмұхамбетов көшесі) 96-шы үйде орналасқан еді. Тәрбиешілер балаларды мектепке сапқа тұрғызып әкеліп, алып кетіп жүретін.

1978-1979 жылы жаңа үлгімен салынған **1176** орындық мектеп ғимараты пайдалануға берілді.



1989-2016 жылдары Орал қаласындағы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің директоры болып **Сапаров Ерсайын Қадырұлы** жұмыс жасады.

Е.Сапаров 1946 жылы 24 шілдеде Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданы Балықшы ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1975 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының химия-биология факультетін бітірген.





Сапаров Ерсайын Қадырұлы 37 жыл білім беру саласында (аудандық пионерлер үйінің директоры, мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі, т.б.) басшылық орындарда еңбек етті.

Басшылық қызметін шығармашылық жұмыспен шебер байланыстыра білді. «Жаңа үлгідегі мектептің жұмысын ұйымдастыру» кітабы (1997 жыл), «Генетика негіздері» еңбегі (1998 жыл) және басылым беттеріндегі мектеп жұмысын ұйымдастыру туралы оннан астам мақалалары бар.

Аталмыш мектептің өсу, даму жолындағы еңбегі зор.

1991 жылы гуманитарлық, жаратылыстану және математика бағыттарында оқытатын лицей сыныптарын ашты.

1993 жылы мектеп-интернат лицейі мәртебесін алды.

1999 жылы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ мектеп-интернат кешені мәртебесін алды.

Мектеп мәртебесінің көтерілуіне мектептің білім сапасы, әр түрлі пәндік олимпиадалардағы, ғылыми жобалардағы жетістіктері, мектеп түлектерінің мемлекеттік грант пен несиелерді иеленіп, жоғарғы оқу орындарына түсу көрсеткіштері дәлел.

Сапаров Ерсайын Қадырұлы ұзақ жылғы еңбек өтілінің 30 жылға жуығын (1989-2016 жылдары), яғни, зейнет демалысына шыққанға дейінгі кезеңін Сәкен мектебінің директоры қызметіне арнады.

1989 жылы тарихы терең мектептің алға басуына басшылық беретін жаңа көрген басшының келуі, мектептің тәуелсіздік аясында кең ауқыммен өркендеуіне ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басын байланыстыратын он жылда Сапаров Ерсайын Қадырұлы ерекше қарқын әкелді. Келген күннен бастап жаңашыл да талантты басшы мектеп ұжымы мен білім, тәрбие саласын өркендетуге үлкен іскерлікпен араласты. Мектептің даңқы күннен-күнге өрістеп, облыс көлемі ғана емес, республикаға кең таныла бастады.

1991 жылы мектеп мектеп-интернат лицейі атанды.

Мектеп – ізгі ілім мен ғаламдық ғылымға баулитын дарынды балалардың балалардың білім ұясы. Оқу кабинеттері уақыт талабына сай техникалық және қажетті көрнекілік құралдармен жабдықталды. Оқуға келген қала мен облыс аудандарынан келген қабілетті балалар конкурстық жүйемен іріктеліп қабылданды.

Лицей шәкірттеріне Педагогика, Ауылшаруашылық, Мәдениет институттарымен келісімшарт жасап, институттың оқытушы-ғалымдары, медицина училищесінің ұстаздары, облыстық газет журналистері, драма театрының актерлері, мешіт имамдары, табиғат қорғау, экология орталығының шеберлері, спорт клубтарының жетекшілері арнаулы курстан, білім негіздерінен косымша сабақтар берді.

Кәсіптік мамандыққа баулу мақсатында ер балаларға автокөлік жүргізушінің құжаты берілді, ал қыз балаларға хатшы-машинистка кәсібіне байланысты куәлік берілді.

1991-1992 оқу жылында бастауыш буыннан сегіз 1-класс ашылды.



1991-1992 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық және химия-биология бағыттарындағы алты лицей кластары ашылды.

1993-1994 оқу жылында математика бағытындағы лицей кластары ұйымдастырылды.

1993-1994 оқу жылында мектеп жанынан 300 орындық жаңа жатақхана салынып, пайдалануға берілді.

1994 жылы мектептің 70 жылдық тойы қарсаңында «Мектеп тынысы» атты мектеп газетінің алғашқы саны жарық көре бастады. «Мектеп тынысы» бетшесі мектептің мерейтойлары немесе жыл қорытындысын, сонымен бірге мектеп тынысын, ішкі жаңалықтарын, ұстаздар мен шәкірттердің жетістіктерін жариялап тұрды. Кейін мектеп «Дарын» есімін алған соң бетшенің де аты өзгертіліп, 1999 жылдан бастап «Дарын» деп атала бастады. Бұл басылымдардың мақсаты – мектеп өмірінің тынысы, мектептегі жаңалықтар, тоқсан, жыл қорытындысын-дағы оқушылар мен ұстаздардың жетістіктерімен таныстыру.

1994-1995 оқу жылында 2-сыныпта ерте жастан ағылшын тілін оқыту басталды. Мектебімізде ағылшын тілін оқыту республикамен салыстырғанда 10 жыл ерте бастады.

1996-1997 оқу жылында 8-сыныптарда ағылшын тілін тереңдетіп оқыту басталды. Ал республика 2004 жылғы 2 сәуірдегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің №273 бұйрығымен ағылшын тілін ерте жастан оқыту, мектебімізде 2013-2014 оқу жылдары аралығында тоғыз жылдық эксперимент нәтижесінде коммуникативтік технологиясының оң нәтижелері байқалды.

1996-1997 оқу жылында республикалық кіші ғылыми академиясымен байланысып, мектеп өз жұмысын бастады.

Мектеп 2000 жылы республикалық «Таңдаулы мектеп» байқауында «Таңдаулы қала мектебі» дипломымен, 2001 жылы республикалық оқушылар олимпиада-сында мектеп командасы «Үздік команда» деп танылып, екінші дәрежелі сертификатпен, 2001 жылы «Жыл интернаты – 2001» республикалық байқауында арнайы дипломмен марапатталды.

2005-2006 оқу жылында 1-сыныптан бастап музыка пәні республикалық «Мұрагер» бағдарламасымен оқытылып бастады. Мақсат – домбыра үйрету арқылы қазақ халқының ұлттық өнерін, тарихын, әдет-ғұрпының мұрагерін қалыптастыру.

ҚР Тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында «Білім ұясы: «Таңдаулы мектеп-2006» байқауында облыс білім басқармасының дипломымен марапатталды.

Мектеп директоры Сапаров Ерсайын Қадырұлы осы шараға сай «Білім ұясы: «Үздік менеджер – 2006» облыстық білім басқармасының I дәрежелі дипломымен марапатталды.

«Білім ұясы: II Республикалық конкурсы – 2006» байқауында «Үздік мектеп-интернат» дипломымен марапатталды.



2007-2008 жылы облыстық Білім жетілдіру институтының шешімі бойынша инновациялық мектептер арасында облыста алты ұстанымнан тұратын «Ашық мектеп» атты сайыста жеңімпаз атанды.

2008-2009 оқу жылының қорытындысымен Қазақстан Республикасы-ның Білім және ғылым министрлігі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі ерекше жетістігі үшін мектепке «Ең үздік жаңашыл мектеп» атағы берілді.

2011-2012 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім берудегі жоғары сапа үлгілі педагогикалық шеберлік, шығармашылық ізденіс, оқыту мен тәрбиелеуде қол жеткен табыстары үшін Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп-интернат кешені ұжымы «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Осы жылы алғаш рет өткізілген облыстық «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсында Бас жүлдені жеңіп алып, 13 951 000 теңгенің сертификатына ие болды.

2012-2013 оқу жылында бастауыш сыныптан бастап аптасына 1 сағат шахмат ойыны пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізілді.

2013-2014 оқу жылында бастауыш сынып оқушыларына кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Кітап оқу терапиясы» жобасы енгізілді.

2013-2014 оқу жылы мектепке E-Learning электронды оқыту жүйесі енгізілді. Бұл жоба аясында мектепке 70 бірлік компьютерлік техника орнатылды.

Білім беру жүйесіне жаңартылған білім беру мазмұны енгізілген кезде №11 мектеп тірек мектебі болып, оқыту мен бағалаудың жаңа технологиясын өздері үйреніп қана қоймай, облыс мектептеріне тәжірибе алмасу орталығы болды. Жаңа тәжірибені енгізуде мектепке сынып жетекшінің орнына куратор қызметі бастап енгізілді, яғни, 2 сыныпқа 1 педагог сынып жетекшілігі қызметін атқарады.

Мектептің білім беру мен тәрбие саласындағы жетістіктерін көріп, танысу мақсатында Сара Алпысқызы Назарбаева 2000 жылы ақпан айында, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов 2007 жылы сәуірде, 2005 жылы ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, сол жылы мамыр айында Білім және ғылым министрі болған мектеп түлегі Бірғаным Әйтимова, 2006 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов, 2011 жылдың 23 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов, облыс басшысы Бақтығожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов және тағы да басқа қонақтар болып, білім шаңырағына ризашылықтарын танытты. Көрнекті қоғам қайраткері, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында орнатылған ескерткіш, жабдықталған мұражайды көріп, халқымыздың азамат ұлын құрметтеудегі жұмыстарға үлкен ілтипат білдірді.

Мектеп басшысы Сапаров Ерсайын Қадырұлының идеясымен басылған «Сәкен мектебі» тарихнамалық кітабындағы шежірені білетін ардагер ұстаздар бір кездегі оқушы, бүгінде қария қатарына енген түлектер кітаптың



тұсаукесеріне келіп, өткен өмірлеріне көз жүгіртіп, сыр шертісіп, кітап шығарушы ұжымға ризашылық алғыстарын білдірді.

Ерсайын Қадырұлы алыс-жақын шетелдерге, яғни, Аризона штатына, Ресейде Москвада, Қытайда Пекинде, Ұлыбританияның Брайтон қалаларына барып, жинаған тәжірибесін мектептің өсу, даму жолына жұмсады.

Ерсайын Қадырұлының есімі Республикалық «Лидер образования Казахстана» (2004 ж.), «Қазақстанның үздік адамдары» (2009 ж.), «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» (2010 ж.) энциклопедияларына енгізілді.

Сапаров Ерсайын Қадырұлы төмендегідей марапаттарға ие болды:

«Құрмет» орденінің иегері (2016), «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі иегері (1989), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен (1991), «Еңбек ардагері» медалінің иегері (1991), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (1995), «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері (1995), Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен (2002), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалінің иегері (2002), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (2004), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен (2004) марапатталды.

Қазақстан Республикасы білім қызметкерлерінің I құрылтайының делегаты (1998), Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың дарынды балалармен кездесуіне қатысушы (2002), Қазақстан Республикасы Білім қызметкерлерінің III съезінің делегаты (2004), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлерінің форумының делегаты (2005), «Орал қаласының құрметті азаматы» (2022).



2016-2019 жылдары мектеп директоры болып **Муканов Алмас Джубайұлы** қызмет істеді.

2016-2019 жылдары жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту енгізіліп, мектеп ағылшын тілінде оқытатын ұстаздармен толықтырылды. 2018 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық команда – 2018» номинациясында I орыннан көрінсе, 2019 жылы мектеп екінші мәрте облыс әкімдігінің «Орта білім беретін Үздік ұйым» конкурсының жеңімпазы атанды.

2020 жылдан бастап мектеп директоры болып «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздік қызметкері» Хамзина Аягөз Орынбайқызы басшылық жасады.

Аягөз Орынбайқызы 1963 жылы Сырым (Жымпиты) ауданы Жосалы ауылында дүниеге келген. 1985 жылы





А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын аяқтап, математика және физика пәні мұғалімі мамандығын алды. Еңбек жолын Ақжайық ауданы Сарытоғай орта мектебінде интернат тәрбиешілігінен бастап, мұғалім (1985-2004), Орал қаласы №44 мектепте директордың орынбасары (2004-2012), облыстық оқу-әдістемелік кабинет директоры (2012-2020) қызметтерінде болып, 2020 жылдан бастап 11-мектепке басшылық етті.

2020-2021 жылдары бүкіл әлемдегі сияқты, COVID-19 пандемиясы елдегі білім беру жүйесіне теріс әсер етіп, оған қауіп төндірді және балалардың ең осал топтарына білім алуға қолжетімділікті шектеді. Пандемия қазақстандық білім беру жүйесі үшін беріктіктің нағыз сынағына айналды. Қашықтан оқыту мұғалімдер мен балалар үшін цифрлық дағдыларды игеру қажеттілігін көрсетті. Жабық мектептер балалардың психикалық денсаулығына теріс әсер етті. Балалар мұғалім-дерімен және құрдастарымен тікелей өзара әрекеттесе алмады. Білім беру тәсілдерін сапалы қайта қарау, қолданыстағы жүйені басқаша ойлау маңызды. Кез келген трансформацияның басымдығы әрбір баланың мүмкіндігіне қарамастан, сапалы және қолжетімді білім алу құқығын қорғау болуы тиіс. Дегенмен, мектеп ұжымы, педагогтер, ата-аналар, оқушылар табандылықпен, үлкен жауапкершілікпен барлық қиындықты жеңіп, мектептің нәтижесін төмен түсірмей, цифрлық құралдар мен бағдарламалық қосымшаларды біліктілікпен игеріп, қиындықтан алып шықты.

Ұжымның абыройлы еңбегінің нәтижесінде 2020, 2021, 2022, 2024 жылдары оқушылардың Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде «Үздік команда» аталды. Батыс Қазақстан облысының білім басқарқармасының Білім беруді дамыту орталығы ұйымдастырған «Батыс INNOVATIONS» жобасы аясында мектеп «Үздік тьютор мектеп – 2020» атанды.

2023 жылы мектебіміз «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған республикалық байқауда «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» атанса, қала күніне орай ұйымдастырылған қалалық «Жасыл қала» байқауында «Үздік білім беру ұйымы» аталымымен марапатталды.

Мектебіміздің оқушылары да жыл сайын халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған түрлі байқау, олимпиадалардың жеңімпаздары атанып, мектеп мерейін өсірді.

2023 жылы Республикалық олимпиадада 3 оқушы жеңімпаз болып, республика бойынша 100 үздік мектептің 31-орнынан көрініп отыр. Ол еңбегі үшін облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Мектеп түлектері жыл сайын мемлекеттік, халықаралық ЖОО грант иегері атануда. ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп соңғы 10 жылдан астам уақыт бойы Республика бойынша алдыңғы орында тұр.

2023-2024 жылы мектеп-лицей-интернаты Мемлекеттік аттестацияда жоғары деңгейде алдыңғы қатардан көрінді.

Аяғөз Орынбайқызы – «Білім беру сапасының маңызды шарты – мектепті тиімді басқару», «Мен сабаққа барамын» әдістемелік құралдарының авторы. Еңбек еткен жылдарының тәжірибесі Білім және ғылым министрлігінің республикалық «Егемен елдің қайраткер ұстаздары» жинағына енгізілді.



Облыстың білім саласын көтеруге қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен (2011), «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері» (2019) төсбелгісімен марапатталды.

Мектеп ұжымы төмендегідей марапаттарға ие болды:

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың мектеп ұжымына арналған Алғыс хаты;
- «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының мектеп ұжымына Алғыс хаты;
- Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің Алғыс хаты;
- ҰБТ қорытындысында республика бойынша «Үздік 100» мектеп қатарына енгені Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының мектеп ұжымына Алғыс хаты (2022, 2023 жж.).

Аяғөз Орынбайқызы мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлкен үлес қосты. Жаңа модификациялы физика, химия, биология, информатика, көркем еңбек кабинеттері алынды. Интерактивті тақталардың орнын интерактивті панельдер алмастыра бастады. Интернаттың, асхананың кір жуу орнының жиһаздары, құрал-жабдықтары түгелдей жаңартылды. Сынып кабинеттерінің жиһаздары жаңа үлгідегі жиһаздармен жаңартылды.

Ең бастысы, мектеп 2024 жылы күрделі жөндеуден өтті. Күрделі жөндеу жүргізуге «Қарашығанақ петролеум оперейтинг» компаниясы (KPO b.v.) қаражат бөлді.

2024 жыл – мектеп үшін ерекше жыл. Аты елге танымал білімнің қара шаңырағына 100 жыл – 1 ғасыр болып отыр. Әр жетістік осы мерейтойға тарту болды. «100 жылға – 100 шара» жобасы өз дәрежесінде жан-жақты шараларға толы. Мектептің 100 жылдығы қарсаңында мерейтойлық «Сәкен мектебі» газеті шықты. Газетте мектеп өмірі, естеліктер, балалар шығармашылығы, мектеп жетістіктері т.б. материалдар қамтылған. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан мектеп ұжымының ерен еңбегінің арқасында игілікті істер мен табысты жылдар жалғасын табады деген сенімдеміз.





II бөлім



Мектептің танымал түлектері

*Өз тілінде сайрайды бала құрбым,
Сен өсірдің талайын саналы ұлдың.
Сан ұрпақты сақтадың мәңгүрттіктен,
Он бірінші мектебі Оралымның.*

Ақұштап Бақтыгереева





100 жылдық тағылымды тарихы мен толағай табысы бар ұлттық білім мен тәрбиенің қара шаңырағы атанған бұл оқу орны туралы осы мектептің 1936 жылғы түлегі, тарих ғылымының кандидаты, БҚМУ-дың құрметті профессоры Аманғалиев Зинолланың «Бұл мектеп – ақын да, батыр да, ғалым да, өнер иелерін де тәрбиелеп шығарған мектеп», - деген қанатты сөзі мектептің барлық түлектерінің өмір жолын, тағдыры мен тарихын білдіріп тұрғандай. Ал мектеп тарихы – өзімен-өзі тұйықталып қалған соқпақ емес, алдыңғы толқын өнегелі ағалар мен апалардың кейінгі толқын талапты інілер мен сіңлілерге жалғайтын керуенді, көшті ұрпақ жолы. Бұл мектеп – кешегі күнгі ұлтты қан қақсатқан дәуірде де зиялы қауымның бетке ұстар айбыны, ұйыған ортасы, қазақ тілі мен мәдениетінің туын тіккен жері, ұлысты ұрпақты сақтаудың кепілі болды. Оның мұғалімдер қауымы қай дәуірде де зор белсенділік, күш-жігер, еңбекте ерлік, тұрмыста ұлттық тәрбие үлгісін көрсете отырып, мыңдаған шәкіртті адамзат дамуының өркениетті көшіне қосты, ұлт мамандары болатын талапты жасты дайындап шығарды. Олардың қатарынан білімнің әр саласын меңгеріп, оны дамытқан ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер, спорт, медицина, заң, әскер ісі қайраткерлері мен еліміздің ғылыми-техникалық, басшылық әлеуетіне зор үлес қосқан қаншама майталмандар өсіп шықты.

Мектептің танымал түлектерінің көшін бастаушы кім дегенде алғашқы болып шахматшы Шамшиден Мырзағалиев аталады. Ол шахматтан 1938, 1939, 1940 жылдары ел чемпионатында үш дүркін чемпион атанып өз есімін алтын әріппен жазып кетті. Отан соғысында өмірі үзілсе де кейінгі ұрпаққа үлгі болып, Қазақстанда шахмат ойынының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қазір адамның ақыл-ойын дамытушы шахмат мектебімізде үйірме сабақтарында оқытылады. Мектеп түлектерінің алғашқы легі – Отан соғысының ардагерлері Қазығамбетов Ғұсман – КСРО Денсаулық ісінің үздігі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер, Тәжмұханов Мырзахмет – партия, шаруашылық басшысы, Таукин Рамазан – партия, кеңес қызметкері, Рахметова Ғафура – Орал қаласының құрметті азаматы, Байсейітова Нұрғаным – жау тылында шайқасқан партизан, т.б. көптеген 30-40 жылдардың түлектері өздерінің еңбектері мен ерліктерін мектеп тарихының алғашқы беттеріне жазып, кейінгі ұрпаққа өшпестей үлгі қалдырды. Бұл асыл қазына енді Мәңгілік ел ұрпақтарына қызмет ететін болады.

Әлемге танымал математик, физика-математика ғылымының докторы, академик Асан Таймановтың есімі мектепте аса құрметпен аталады. Өмірі мен қызметі – шәкірттерге үлгі-өнеге. Мектеп шәкірттері Тайманов атындағы техникалық олимпиадасында берілетін Облыс әкімі грантының иегерлері атанды.

Амандосов Тауман – әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, ұстаз-ғалым, журналист, Бержанов Қартбай – педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан мұғалімдерінің қоғамдық, мәдени-ағартушылық қызметін зерттеуші, Жанғалиев Аймақ – биология ғылымының докторы, Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі, Иманғазиев Кенже – ауылшаруашылық ғылымының докторы, Мұхамбеткалиев Фазыл – ғалым,



ВАСХНИЛ және Қазақстан ҒА академигі, биология ғылымының докторы, профессор. Сонау жоқшылық заманда білім алып, кейін қазақ көшін білімді ел қатарына қосқан осынау алыптар қатарындағы мектеп түлектері өнегесі ешқашан да көмескіленбейді.

Тарих ғылымдарының кандидаттары Даулетияров Шаңгерей, Елеуов Сағидолла, Аманғалиев Зинолла, медицина ғылымдарының кандидаттары Көлбаев Кеңес, Искаков Фаиз, физика-математика ғылымдарының кандидаттары Биарстанова Мәдина, Хайруллин Ермек, өнертану ғылымының кандидаты Бисенова Гафура, экономика ғылымының кандидаты Төлебаев Таңат, техника ғылымдарының кандидаттары Ахатов Бахым, Байғалиева Рахым, Исаев Ислямғали, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаттары Габдуллин Габдолла, Дияров Құрман, Мусин Шакир – өздерінің сан салалы ғылыми еңбектері, өнегелі өмірімен мектеп есімін биіктерге көтерген түлектер, қазіргі жас ұрпаққа қашан да үлгі, өнеге. Жаманова Роза – СССР халық артисі, Аралбаев Жоламан – Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, Бақтыгереева Ақұштап – ақын, қоғам қайраткері, Бектұрғанов Қайыр – ұстаз-жазушы, Жакеев Сапиолла, Мамбетова Аққағаз, Орашева Қаламқас – өнер қайраткерлері, артистер, Жұмабеков Кеңес – актер, ҚазССР мемлекеттік сыйлығының иегері, Бердіғалиев Қатимолла – айтыскер ақын, әнші, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Батырболатұлы Айболат, Халиолла Бауыржан, Арғынғали Талант – ақын, айтыскерлер сияқты өнер адамдары шығармашылығы да ел мәдениетінің өркендеуіне үлес қосты, жастардың өнерді қадірлеуіне, сол мамандықты таңдауына әсер етті.

Таиров Мұхтар – Қазақстанда балық шаруашылығының өркендеуіне үлес қосқан басшы, ғалым, жазушы, Қабденов Талап – генерал-майор, әскери ісі қайраткері, Таржіманова Күбіра – ҚазССР-іне еңбегі сіңген дәрігер, Әйтимова Бірғаным – заңгер, саясатшы, мемлекет қайраткері, Қобыланова Үміт, Құсайынова Сара, Бисенова Күлән, Ержанов Махамбет, Жұмасова Күлпаш, Ниязғалиева Ақзия, Қадыров Марат, Сырым Жалел, Сүлейменов Сайлау, Сұлтанғалиева Рита, т.б. – ғалым, білікті ұстаздар, Бақышев Дулат, Талғат Ілияс – елші, Азаматов Сабырғали, Наурызбаев Еркін – әскери қызметкер, Шайхиев Асқар – самбодан әлем чемпионы, Қуанышев Батыр – халықаралық дәрежедегі төрешісі, т.б. есімі айрықша еңбегімен елге танымал тұлғалар мектеп тарихында ұмытылмайды.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы» дегендей, айтулы білім ошағының аймаңдай таңдаулы түлектерін бүгінгі мектеп шәкірттері оқу-тәрбие жұмыстары арқылы біледі, қадірлейді, өзіне үлгі тұтады. Мектептің танымал шәкірттері – соның айғағы.



Кенжес Иманғазиев (1908-1970) – мектеп түлегі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы (1954), Қазақстан ғылым академиясының корреспонденттік мүшесі (1962). Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын бітірген (1935), Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі (1935-53), Қазақстан ғылым академиясының Топырақтану ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер (1957-1970) қызметін атқарып, «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

Мұхамеджанов Хамза (1.05.1911-20.10.1981) – мектеп түлегі, педагогика ғылымдарының докторы. Балалар үйінде тәрбиеленген. 1935 жылы Мәскеудегі мемлекеттік орталық дене тәрбиесі институтының аға оқытушысы болып қызмет істеді. Жеңіл атлетикадан республиканың әлденеше мәрте чемпионы әрі рекордшысы. 1939 ж. Алматы дене тәрбиесі техникумының директоры болып тағайындалды. ҰОС ардагері, 1942-1946 жж. КСР ерікті спорт қоғамының төрағасы, 1952-1972 жылдары Академияның ректоры.

Мұхамедғалиев Фазыл (15.11.1911-15.11.1989) – мектеп түлегі, биология ғылымдарының докторы (1949), профессор (1949), Қазақстан ғылым академиясының академигі (1967), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971). Алматы зоотехника-малдәрігерлік институтын (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) бітірген (1933). Осы институтта оқытушы, кафедра меңгерушісі (1933-1951), ректор (1951-1957), Қазақ ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының президенті (1957-1960), Қазақ КСР-і ғылым академиясының Эксперименттік биология институтының директоры (1960-1987) қызметтерін атқарған. «Биоморфология дыхательной системы млекопитающих» тақырыбында докторантуралық диссертация қорғаған. Негізгі ғылыми еңбектері жануарлар морфологиясы мен генетикасына арналған.



Дияров Құрман (10.11.1910-08.7.1970) – мектеп түлегі, мемлекет қайраткері. 1942 ж. Қазақстан совхоздары халық комиссарының орынбасары, 1943 ж. Алматы облысы атқару комитетінің төрағасы, 1944 ж. ҚКСР Министрлігі Кеңесі төрағасының орынбасары, 1952 жылы Ауыл шаруашылық министрінің орынбасары, 1960 жылы ҚКСР совхоздары министрінің 1-орынбасары, Тың өлкесі өлкелік басқармасы бастығының 1-орынбасары қызметтерін атқарды.

1965 жылдан Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы болды. Көптеген ғылыми мақалалардың, монографиялық еңбектің



авторы. «Құрмет Белгісі», 4 рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.



Байғалиев Рақым (28.12.1912-08.11.2001) – мектеп түлегі, мемлекет, қоғам қайраткері. Жастайынан жетім қалып, Оралдағы балалар үйінде тәрбиеленген. 1937 ж. Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітіргеннен кейін Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарының кен орындарында істеген. Қазақ КСР мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары (1955-1957), Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы және ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары (1960-1962) қызметтерін атқарған.

1962-1965 жж. Алматы облысы комитетінің 1-хатшысы. КСРО Жоғары Кеңесінің (1958, 1962), Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің (1954, 1963) депутаты. 2 рет «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет Белгісі» ордендерінің және бірнеше медальдің иегері.

Жанғалиев Аймақ (15.08.1913-21.06.2009) – биология ғылымдарының докторы (1969), профессор (1990), Қазақстан ҒА-ның академигі (2003). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтын (1935-1936, қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) бітірген. 2-ші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі (1946-1949), институт директоры (1949-1953), Қазақ жеміс-жүзім шаруашылық ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастырушысы, тұңғыш директоры (1953-1959), Қазақстан ҒА-ның Биология ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы, Төралқа мүшесі (1962-1970) қызметін атқарса, 1970 жылдан Қазақстан ҒА-ның Бас ботаника бағын, 1970-1980 жылы жабайы жеміс-орман өсімдіктері бөлімін басқарды. Ботаника және фитоинтродукция ғылыми-зерттеу институтында лаборатория меңгерушісі, «Өсімдіктер генофондысы» ЖШС-нің бас директоры (1980). «II дәрежелі Отан соғысы», екі рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



Қаржаұов Шоқан (1913-12.06.2018) – мектеп түлегі, ұстаз, соғыс ардагері. 1930 жылы Орал қаласындағы халық ағарту институты, Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Теңіз, Маңғыстау аудандарында білім бөлімінің меңгерушісі, Гурьев педагогика техникумына басшы болған. Ұлы Отан соғысына қатысып келіп, Орал педагогика институтында, Гурьев мұнай техникумында



білім бөлімінде меңгеруші қызметтерін атқарады. Екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», «І, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «Білім беру ісінің үздігі» атанған.

Тайманов Асан (07.11.1917-01.02.1990) – мектеп түлегі, ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы (1961), профессор (1961), Қазақстан Ғылымдар академиясының мүшесі (1962). 1936 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1947-1954 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында, 1954-1960 жылдары Иваново және Щуя педагогикалық институтында доцент, 1960-1967 және 1971 ж. КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің Математика институтында аға ғылыми қызметкер, 1961-1965 жылдары Новосибир университетінің геометрия кафедрасының меңгерушісі. 1968-1970 жылдары Қазақстан ҒА физика-математика бөлімінің академик-хатшысы. 1970 жылы Қазақстан ҒА Математика және механика институтының директоры. 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. «Еңбек Қызыл Ту ордені» және бірнеше медальмен марапатталған.



Амандосов Тауман (05.11.1921- 07.07.1991) – мектеп түлегі, журналист, ғалым, филология ғылымдарының докторы (1982), профессор (1974), ҚазМУ-ді бітірген (1950). Еңбек жолын 1942 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде әдеби қызметкерден бастаған. Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері (1982). 1942-1946 ж. Атырау облыстық «Коммунистік еңбек» газетінде, Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтын (1948-1950), ҚазМУ-ды (1950, қазіргі ҚазҰУ) бітіріп, аға оқытушы болып жұмыс істейді. Университеттің сырттай оқу бөлімінің проректоры (1952-1954), деканның орынбасары (1955), филология (1958-65) және журналистика (1966-1971) факультеттерінің деканы, кафедра меңгерушісі (1969-1991) қызметтерін атқарған. 1979 ж. «Қазіргі қазақ публицистикасының проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» (1968), «Қазіргі қазақ публицистикасы» (1975), «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы» (1978). «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді (1982). Көп жылғы еңбегі үшін Амандосов бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Мырзағалиев Шамшиддин (1922- 1943) – мектеп түлегі, шахматшы. Аса талантты шахматшы, республиканың Қарағанды (1938), Шымкент (1939), Алматы (1940) қалаларында өткен ойындардың үш дүркін чемпионы. Шахматпен айналысуды 1935 жылы мектеп мұғалімі И.Левшиннің қолында бастады.

1938 жылы Орал қаласындағы №4 (қазіргі №11) орта мектептің 8-сыныбында оқып жүргенде шахматпен айналысуды бастаған. 1937-1940 жылдары облыс чемпионы, республикалық біріншіліктің IV, V, VI турнирлерінде «Қазақстан чемпионы» атанды. Кеңес Армиясының катарында жүргенде соғыс басталды. Курск, Орал маңын-дағы шайқастарда жараланып, госпитальға түседі. Кейін әскери училищеде оқып, командир болады. 1943 жылы ерлікпен қаза табады.

Оның ойнаған кейбір партиялары К.Кохановтың жеке мұрағатында сақталған. Орал қаласында Ш.Мырзағалиев атындағы шахмат клубы бар, жыл сайын Орал қаласында талантты ойыншыны еске түсіруге арналған республикалық турнир өтіп тұрады.

Мәмбетова Аққағаз (01.1.1923-13.01. 2004, Алматы) – мектеп түлегі, актриса, Қазақ мемлекеттік жастар мен балалар театрының негізін қалаушылардың бірі. Қазақстанның еңбек сіңірген артисті (1966), Қазақстан білім беру ісінің озық қызметкері (1970), «Құрмет Белгісі» орденімен (1986), медальдармен марапатталған.



Бержанов Қартбай (20.12.1924-23.02.1975) – мектеп түлегі, ғалым, педагогика ғылымының докторы (1965 жылы), профессор (1967 жылы). Қазақ педагогикалық институтты (1947 жылы, қазіргі Қазақ Ұлттық педагогика университеті) және аспирантурасын (1950 жылы) бітірген. Осы институтта оқытушы, доцент (1947-1955 жылдары), Алматы обкомында бөлім меңгерушісі (1955-1957 жылдары), Қазақ қыздар педагогикалық институтының проректоры, кафедра меңгерушісі (1957-1961 жылдары), ҚазПИ-де доцент (1961-1967 жылдары), ҚазМУ-да (1967-1975 жылдары, қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1965 жылы «Халық ағартудағы орыс-қазақ ынтымағы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап қазақ тілінде тұңғыш «Педагогика тарихы» оқулығын жазған. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту ісіне және кеңес дәуіріндегі (1917-1941) Қазақстан мұғалімдерінің қоғамдық, мәдени-ағартушылық қызметіне арналған.



Бисенова Ғафура (31.12.1924-23.02.1975) – мектеп түлегі, ғалым, педагогика ғылы-мының докторы (1965 жылы), профессор (1967). Орал педагогика институтының физика-математика факультетін бітірген (1945). Музыка училищесінде оқыған (1948). Алматы консерваториясын бітірген (1953).

1953-57 ж. Қазақ радиосының көркемдік жағын басқарушы, 1967 жылдан консерваторияда ғылыми жұмыстар бойынша проректор, Қазақ қыздар педагогикалық институтының проректоры, кафедра меңгерушісі (1957-61 жылдары), ҚазПИ-де доцент (1961-1967), ҚазМУ-да (1967-1975 жылдары қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазақ музыкасы мен фольклоры кафедрасының профессоры.



Тайыров Мұхтар (9.3.1927) – мектеп түлегі, ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты. 1946 ж. Орал ауыл шаруашылығы техникумын, 1952 ж. Мәскеудегі Балық өнеркәсібі мен шаруашылығы техникалық институтын бітірген. 1962-1965 жылдары республикалық балық өнеркәсібі бас басқармасы бастығының орынбасары, 1965-1966 жылдары республикалық Балық шаруашылық министрінің орынбасары, республикалық бірлестік бастығы болды. 1990 жылдан «Қазахрыбпромсбыт» ассоциациясын басқарады. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған. 3 кітаптың, бірнеше кітапша мен ғылыми-танымдық мақалалардың авторы.

Жаманова Роза (16.04.1928-27.12.2013) – мектеп түлегі, опера әншісі, ұстаз. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында профессор, вокал бойынша дәріс берді. Музыкалық жоғары оқу орындарында вокалдық әншілер үшін оқу бағдарламаларын құрастыруға қатысты. Ол 1962-1979 жылдар аралығында Қазақ театр қоғамының төрайымы, Халықаралық театр институтының мүшесі (1968 жылдан) болды. КСРО халық әртісі Роза Жаманова «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен марапатталды.



Жакеев Сапиолла (14.11.1931) – мектеп түлегі, педагог-музыкант. Қазақ КСР Мемлекеттік симфониялық оркестрінің концертмейстері ретінде Күләш Байсейітова атындағы республикалық музыкалық мектепте педагог ретінде қызмет етті. Виолончель, контрабас және арфа бөлімінде сабақ берді. ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі



(1966), «Еңбек ардагері» (1987). Республикалық, халық-аралық байқаулардың лауреаттарын тәрбиелеген.

Бектұрғанов Қайыр (05.03.1937-05.05.2015) – мектеп түлегі, алтын медаль иегері, ұстаз, жазушылар одағының мүшесі, 1960 жылы ҚазПИ-дің физика-математика факультетін бітірген. Жоғарғы оқу орындарында жоғарғы математикадан сабақ берді. Алғашқы әңгімесі («Арман») 1965 жылы «Орал өңірі» газетінде жарияланған. Содан бері шығармалары «Қазақ әдебиетінде», «Жалында», «Мәдениет және тұрмыста» (қазіргі «Парасат»), «Жұлдызда» жарық көрді. Екі новелласы орыс тілінде шыққан «За днем грядущим» жинағына енген («Жалын», 1978). «Бабаназар терегі». Әңгімелер. А., «Жалын», 1978, «Ізгілік жолы». Повестер. А., «Жалын», 1980, «Қатерлі қияда». Повестер. А., 1984. 2007 жылы үш томдық шығармалар жинағы шықты: «Кері толғау», «Қатқак», «Ат жалы» деген үш кітаптан тұрады.



Кадыров Марат (04.01.1938) – мектеп түлегі, күміс медаль иегері. 1962 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтын бітірген, мамандығы – физика және өнеркәсіп негізі пәндерінің мұғалімі. Мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімінің орынбасары, «Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының орынбасары, Сырым аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарған. БҚО Педагог кадрлар біліктілігін арттыру институтында жұмыс жасады. Қазіргі уақытта зейнеткер. «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, Сырым аудандық мәслихатының депутаты (2003-2007), Сырым ауданының «Құрметті азаматы».

Хайруллин Ермек (15.05.1942) – мектеп түлегі, ғалым, математик. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті механика-математика факультеті (1960-1965), Математика және механика институты, Қазақ КСР Ғылым академиясы. Математика және механика секторының аға лаборанты (1965-1966), аспирантура (1966-1968), математикалық физика теңдеулер зертханасының инженері (1968-1969), ғылыми қызметкер (1969-1973), Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық ғылыми-техникалық университетінің жоғары математика кафедрасының доценті (1973-1979), кафедра меңгерушісі (1979-2000), «Математика» кафедрасының профессоры






(2000-2016). «Жоғары математика есептер жинағы» (2005), «Техникалық жоғары оқу орындарына түсушілерге», «Математикалық физика теңдеулері» 3 оқулықтың авторы, 120 ғылыми және методикалық оқулықтардың авторы. Республикалық, халықаралық конференцияларға (Венгрия, Чехословакия, Польша, Болгария) қатысты. «Еңбек ардагері» медалі, «Айырықша еңбегі үшін» төсбелгісі, «ҚазССР ағарту ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және грамоталармен марапатталған.



Бақтыгереева Ақұштап (23.08.1944) – мектеп түлегі, ақын. Қазақ қыздар педагогикалық институтын бітірген (1966). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2012), «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, «Құрмет» орденінің иегері (2005), Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы (2017), облыстық «Орал өңірі», республикалық «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» басылымдарында, «Жазушы» баспасында қызмет істеген. Тұңғыш кітабы «Өрімтал» (1967), кейіннен «Наз» (1969), «Қуанышым, іңкәрім» (1971), «Сені ойлаймын» (1973), «Аққанат» (1975), «Бақыт әні» (1978), «Жайық қызы» (1980), «Белокрылая» (1981), «Ақжелең» (1985), «Сүмбіле» (1990) кітаптары шықты. 2001 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, 2004 жылы Орал қаласының Құрметті азаматы (құрметті атағы), 2005 жылы Президент Жарлығымен «Құрмет ордені», 2008 жылы «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалі, 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі, 2012 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, 2015 жылы «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалі, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Аралбаев Жоламан (10.06.1944) – мектеп түлегі, суретші. Н.В.Гоголь атындағы Алматы суретшілер училищесін бітірген (1972). Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1979). Қазақстан Республикасының монументальды-бейнелеу симпозиумының жеңімпазы (1987), Мәдениет жылының Дипломанты (2002), ҚР Мәдениет қайраткері (2003), «Көк күмбезді Түркістан» атты республикалық қылқалам шебері байқауының жеңімпазы (2007). Германия, Болгария, Венгрия, Югославия, Оңтүстік Корея, Сингапур, Бирма, Малайзия, Алжир, Марокко, Тунис, Пакистан елдерінде өткен халықаралық көрмелерге қатысты. Белгілі туындылары: «Исатай-Махамбет», «Қонақ күту» (1976, шетелдік көрмелерге қойылған), «Ауылдағы үйлену тойы» (1977), «Таң» (1987), «Қалындық» (1987) және т.б.





Қабденов Талап (15.05.1945) – мектеп түлегі, генерал-майор. КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебі (1980) заң факультетінің доценті. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай заң институтының бастығы (04.1996-04.2000), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі академиясының бастығы (04.2000-03.2002), яғни ішкі істер саласында 30 жылдан астам қызмет етті. Алматы полициясының консультативтік-кеңесші органының төрағасы (04.2016). Қазір таңда Алматы полиция Академиясында ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Ержанов Махамбет (19.08.1947) – мектеп түлегі, ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент-мүшесі, Педагогикалық және әлеуметтік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі. Орал мәдени-ағарту училищесінің директоры қызметтерін атқарды. Оралда Мәдениет институтының ашылуына ұйытқы болғандардың бірі. «Қазақстан Республикасының 10 жылдық» медалімен марапатталған.

Жұмабеков Кеңес (29.11.1948) – мектеп түлегі, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1996). Қазақ драма театры жанындағы студияны бітірген (1968). Ойнаған рөлі – Б.Жәкиевтің «Әке тағдыры» спектакліндегі Жеңісбек (1968), Қозы мен Жантық (Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Жапал, Нарша (М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» (А.Сатаевтың «Жас қайраты елімнің»; «Жігер» шығармасы жастар фестивалінің сыйлығы, 1980), Жан, Райымов (Б.Мұқайдың «Сергелдеңге салған серілері» мен «Дүние кезегінде»), Ақжігіт (М.Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде»), Борис Григорьевич (А.Н.Островскийдің «Найзағайында»), Малькольм (У.Шекспирдің «Макбетінде»), т.б. бар. С.Жүнісовтің «Өліара» спектакліндегі Ленин рөлі үшін К.Жұмабековке Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді (1986). «Замана негкен тар едің» (Абайдың 150 жылдығына арналған республикалық байқауда) арнайы жүлде (1995) иегері.





Бердіғалиев Қатимолла (29.02.1952) – мектеп түлегі, айтыс ақыны, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1989). Орал музыкалық училищесінің әншілер даярлайтын бөлімін бітірген (1975). Казталовка аудандық Мәдениет үйінде әдістемеші, үйірме жетекшісі, автоклуб меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1985 жылы алғаш рет аудандық ақындар айтысына қатысады. Көп ұзамай өнерімен халыққа танылған ол «облыс ақыны» атағына ие болады (1987). Халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы (1989). 1991 жылдан Оралдағы Құрманғазы атындағы музыкалық училищесіде халық әндері бөлімінің Мұхит класына жетекшілік етеді. Қ.Бердіғалиев бірнеше рет республика деңгейдегі ақындар айтысына қатысып, бірнеше бәйге мен жүлделі орындарды жеңіп алды.

Әйтимова Бірғаным (26.02.1953) – мектеп түлегі, ағылшын тілінің мұғалімі, заңгер, қоғам қайраткері. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтын, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық рангы бар. «Құрмет» және II дәрежелі «Достық» ордендерімен марапатталған. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы тұрақты өкілі, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Парламент Сенатының депутаты болып тағайындалды.



Орашева Қаламқас (24.03.1953-15.11.1988) – әнші, термеші, жыраулық өнер дәстүрін насихаттаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1988). 1971-1973 жылдары Алматыда эстрадалық «Өнер» студиясында оқып, ҚР Халық артисі Ғ.Құрманғалиевтің класында дәріс алған. «Гүлдер» ансамбліне (1973), «Қазақконцертте» (1973-1982), 1981-1986 жылдары ҚазПИ-де (қазіргі Алматы мемлекеттік университетінде) оқыған. Мұхит Мерәліұлы атындағы ән конкурстарының жүлдегері. Концерттік сапармен шетелдерде өнер көрсеткен. Н.Байғаниннің «Нарқыз», «Төрехан», т.б. дастандарын ұнтаспаға жаздырған. Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрінде (1982-1987), Сүйінбай атындағы филармонияда әнші болды (1987-1988).



Кенесарин Сағыр (25.08.1954) – 1972 жылғы мектеп түлегі. Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтын бітірген. Еңбек жолын Орал қаласындағы Қазақстандағы су шаруашылығы гидробиология институтының агро-экономисі болып бастады. 1995-2018 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратында аға референт, кеңесші, сектор меңгерушісі, әлеуметтік-экономикалық бөлімнің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Мемлекеттік «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет үздігі, Қазақстан

Республикасы қаржы жүйесінің үздігі.

Кенесарина (Абдрахманова) Зәру (09.11.1955) – 1972 жылғы мектеп түлегі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының ағылшын тілі факультетін аяқтап, еңбек жолын мектепте ағылшын тілі мұғалімі болудан бастады. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында оқытушы, Алматы шет тілдері институтының доценті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет Академиясы институтының директоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кеңесшісі қызметтерін атқарды. Салалық марапаттар, «Б.Алтынсарин», «Білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері» медальдарының иегері.



Ниязғалиева Ағилаш 1958 жылдың 12 мамырында Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылында дүниеге келген. 1975 жылы аталған мектепті аяқтап шығады. Сол жылы Қаракөл орта мектебінің ұзартылған тобының мұғалімі ретінде еңбек жолын бастайды.

1976-1979 жылдары Орал педагогикалық училищесінде білім алады. Қаракөл орта мектебінің бастауыш сыныбының мұғалімі болып жұмыс істейді (1979-1980), 1980 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының студенті болып, институтты үздік бітірген соң Қаракөл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек жолын жалғастырады (1984-1987).

1987 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып, 1989-1993 жж. ҚР ҰҒА



жанындағы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспиранты атанады.

А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі (1993-1995), Практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі (2003-2005), БҚМУ доценті (2004), Практикалық қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі (2005-2006), Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының доценті (2006-2010), Қазақ филологиясы кафедрасының доценті (2011) сынды лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды.

Ғалым-ұстаз – «Қазақ диалектологиясы» (2013) оқу-әдістемелік құралы мен «Қазақ сөйленістеріндегі орыс тілінен енген сөздер» (2014) атты монографияның, кафедра оқытушыларымен бірлесіп жазған «Қазақ тілі» оқу құралының (2017), 40-қа тарта ғылыми мақалалардың авторы.



Қуанышев Батыр (09.03.1954-08.10.2004) – мектеп түлегі, самбошы, Қазақстанның еңбегі сіңген жаттықтырушысы (1988), халықаралық дәрежедегі төреші (1995). Орал педагогикалық институтын бітірген (1975). Қазақстан Ұлттық күрес және самбо федерациясының мүшесі (1989), Азия халықаралық самбо федерациясы атқару комитетінің мүшесі (1997), Қаратөбе ауданының Құрметті азаматы (1993). Самбодан әлем чемпионы А.Шайхievті (Нью-Йорк, 1989), Б.Мәмбетовті, сондай-ақ А.Қасымов, М.Оңдағанов, Ә.Қайыров, Т.Хасанғалиев, И.Ерішев, Е.Әлиев, Б.Есендияров және Қ.Есендияров, Қ.Жетпісов сынды даңқты спортшыларды тәрбиеледі.

Шайхiev Асқар (15.08.1963-03.05. 2000) – палуан, халықаралық дәрежедегі спорт шебері (1988), Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері (1989). Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын бітірген (1986). Бапкері – Б.Қуанышов. Қазақстан және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. КСРО чемпионы (1989, Алматы) және екі рет күміс жүлдегері (1987, Ташкент, 1988, Омбы). Әлем кубогының иегері (1988, Токио, Жапония). Әлем чемпионы (1989, Нью-Йорк, АҚШ).

Шайхiev Батыс Қазақстан облыстық ОРМБЖМ-да дзюдо күресінен жаттықтырушы, кейіннен Батыс Қазақстан облысының дзюдо федерациясының атқарушы директоры қызметін атқарды. 2003 жылы Шайхievтің атынан таэквондо спорт клубы құрылды.





Хасангалиев Теміржан (25.01.1969) – мектеп түлегі, ұстаз, самбо жаттықтырушысы. Батыр Қуанышевтің шәкірті. 1989-1993 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі мамандығын бітірді. «Самбо күресінен КСРО спорт шебері» спорттық атағын алды (1991). Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық мектеп-интернат-лицейінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі және самбо күресінің жаттықтырушысы (1997-2003), Махамбет Өтемісов атын-дағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы және самбо күресінің жаттықтырушысы (2003-2017), Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорт клубының директоры (2017-2021). Шәкірті Дина Ержанова 2022 жылдың 1-7 мамыр күндері аралығында Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында өткен 24-ші жазғы Сурдолимпиадалық ойындардың дзюдодан 52 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегері атанды. Бұл – Батыс Қазақстан облысының мүгедектер спорты тарихындағы Олимпиадаға тұңғыш қатысқан спортшы және алғашқы жүлдесі.

Бакышев Дулат (14.12.1970) – мектеп түлегі, тарих ғылымдарының кандидаты, елші. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Yonsei University (1998, Корея) бітірген. 1996-2004 жылдары – ҚР-ның Корея Республикасындағы елшілігінде референт, атташе, үшінші, екінші, бірінші хатшы, елшілік кеңесшісі. 2004-2005 жылдары – ҚР СІМ Азия және Африка департаменті директорының орынбасары. 2005-2006 жылдары – БҰҰ жанын-дағы ҚР тұрақты өкілдігінің кеңесшісі. 2006-2008 жылдары – ҚР-ның Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі. 2008-2010 жылдары – АӨІСІШК хатшылығының атқарушы директоры.



2010-2012 жылдары – ҚР СІМ ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі. 2012 жылғы қаңтардан бастап ҚР-ның Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі. 2022 жылдан бастап Оңтүстік Кореяның беделді «Хангук» шетелтану университетінде профессор. Тарих ғылымдары бойынша Ph.D, шығыстанушы.



Айтболатұлы Батырболат (19.08.1972) – мектеп түлегі, журналист. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетін (1995), оның аспирантурасын (2000) бітірген. 1995-1997 жылдары Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, Қазақ энциклопедиясына жетекші маман, репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының



мұрасын зерттейтін «Арыс» қорында және «Арыс» баспа-сында ғылыми редактор (2001), «Қазақстан» ұлттық телеарнасында стилист редактор (2002), «Атлас-2001» баспасында Бас редактор, «Глобус» Баспа үйі» ЖШС-нің директорының орынбасары (2001-2004), «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі (2003), «Қазақстан теміржолшысы» газетінде тілші (2004-2006) қызметтерін атқарған. Қазір республикалық «Айқын» газетінің Астанадағы тілшілер тобының жетекшісі.

Искакова Лунара (26.11.1975) – мектеп түлегі, «Алтын белгі» иегері, дәрігер-педиатр, оқу-әдістемелік құралдар авторы.

Қазақ мемлекеттік медицина университетін (2000) аяқтап, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде анатомия кафедрасында аға лаборант (2001), оқытушы (2003), аға оқытушы (2010) қызметін атқаруда. Кафедрада Жалпы медицина факультетінің студенттеріне арнап қазақ және орыс тілдерінде силлабус, емтихан сұрақтарын, кафедра құжаттарын қазақшаға аударуға жауапты.



С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің жанындағы терминологиялық комиссия мүшесі (2010), 60 шақты оқу-әдістемелік құралға сараптама жазды, 20 мақаланың авторы. «Адам анатомиясы» (2013, Алматы) оқулығының, «Остеология», «Артросиндесмология», «Миология» (2015, Мәскеу) атты оқу құралдарының, «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің» (2014, Алматы) серіктес авторы.

ҚР ДСМ алғыс хаты (2019), «Көрнекті үлесі мен еңбегі үшін» күміс медалімен (2022) марапатталды, «Түркі тілдес халықтардың экономикалық, медициналық және әскери терминдері» атты медициналық терминдерін қазақ тіліне аударды (2023), «Аймақтық анатомия бойынша глоссарий» (Қарағанды) оқу құралын жарыққа шығарды (2024).



Имашев Артур – мектеп түлегі, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының кафедра бастығы, ұлттық қауіпсіздік подполковнигі.

Химия-биология класының 1993 жылғы алғашқы түлегі. Мектеп оқушылары арасында география пәнінен 1991, 1992, 1993 жылдары өткізілген республикалық олимпиадалардың үш дүркін жеңімпазы.

1997 жылы А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті жаратылыстану-география факультетінің география-биология бөлімін (1997) бітіріп, М.Ықсанов атындағы №36 орта мектептің география пәнінің мұғалімі, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары (1997-2000) қызметін



атқарды. 2000-2001 жылдары ҚР Қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеді. 2001-2004 жылдары Батыс Қазақстан облыстық білім саласын ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығының «Компьютерлік графика» зертханасының меңгерушісі болды. 2004 жылдан ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет атқаруда. ҚР ҰҚК Академиясының аспирантурасында білім алып, 2009 жылы заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Ғылыми және педагогикалық қызметтегі жоғары жетістіктері үшін 2013 және 2016 жылдары «ҚР ҰҚК Академиясының үздік оқытушысы» атанды. 3 ғылыми-практикалық оқу құралының, 30-дан астам ғылыми мақалалардың авторы. Халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда 20-дан астам баяндама жасаған.

Қызметтегі қол жеткізген табыстары және қызметтік міндеттерін адал орындағаны үшін «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны», «Мінсіз қызметі үшін» және өзге де ведомстволық медальдармен, ҚР ҰҚК Төрағасының алғыс хаттары және грамоталарымен марапатталған.



Жақсылықова Зияда– мектеп түлегі, PhD доктор, «Техникалық механика» кафедра-сының аға оқытушысы. 2009-2011 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Агроинженерия» мамандығында, 2012-2016 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Агроинженерия» мамандығында оқып шықты. 20-дан астам ғылыми еңбектердің авторы.

Абдрахманов Нұржан (30.06.1977) – мектеп түлегі, кәсіпкер, инвестор. БҚО гуманитарлық университетінің шет тілдері факультеті (1997), Ресейдің Орынбор мемлекеттік университетінің бухгалтерлік есеп және аудит факультетін (2002) бітірген.

Ақсай қаласындағы Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг БВ /KPO BV/ компаниясында (1997-2011) бас маман, координатор, сектор басшысы қызметтерін атқарады. Кейін Инфрақұрылым және сервистік қызмет көрсету департаментінде КПО нысандарын басқару бөлімінің басшысы лауазымына дейін көтерілді.

Еңбек тәжірибесінде италияндық AGIP және ұлыбританиялық British Gas компанияларының кадрларын алмастырып, бөлім басшысы болып тағайындалып, артқан жауапкершілікті абыроймен атқарды. Италия және Ұлыбритания мемлекеттерінде біліктілігін арттыру курстарын бітірді.

2011 жылы КПО компаниясынан шығып, Орал қаласына келіп, бизнеспен айналысуға шешім қабылдайды. Бүгінде қаламыздағы белді кәсіпкер, инвестор. Жеке қаражаты халық игілігіне қызмет етуде:





Нұржан еңбегін елі еледі, бағалады, алғыс хаттармен, грамоталармен, марапатталды. 2007 жылы «Қарашығанақ жобасына 10 жыл» төсбелгісімен, «Спорт жұлдыздары» республикалық ғылыми-әдістемелік патриоттық журналының «Тәуелсіздікке қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Жомарт жүректі жан Нұржан өзі айналысып жатқан кәсібінен бөлек, қоғамдық, қайырымдылық және әлеуметтік шараларға (спорт, мәдениет, діни), мүгедек және аз қамтылған отбасыларға демеуші ретінде үнемі қаржылай қолдау көрсетіп тұрады.

Нұржанның бастамасымен 2023 жылы өзі білім алған 11-мектептің 100 жылдығы қарсаңында сол мектептің түлектеріне «Жаксылық жасап жарысайық» деген челлендж тастап, өз атынан мектеп қорына 1000000 теңге аударды. Бұл игі бастама жалғасын тауып, басқа да мектеп түлектері өз үлестерін қосты.



Құспан Абзал (23.02.1978) – мектеп түлегі, қазақ заңгері, қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Сәкен Сейфуллин атындағы Дарынды балаларға арналған лицей-интернатын бітірген (1995). Қазақ мемлекеттік заң академиясының сот-прокурорлық факультетін бітірді (2000).

Батыс Қазақстан облысының прокуратура органдарында (2000-2006), Азаматтық істер (экономикалық) бойынша жеке практикамен айналысатын заңгер (2006-2009), Батыс Қазақстан облысы адвокаттар алқасының мүшесі болды (2009-2023). 2012 жылы «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорын құрды. «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры жобасының, «Алаш заңгерлері» кітабының авторы. 2023 жылдың наурыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін VIII шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 18 наурызда «Құрмет» орденін тапсырды. «Адвокаттың алтын белгісі» медалінің иегері.

Жаудыр Айболат (1978) – мектеп түлегі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр өнерінің менеджері. БҚО Жаңақала ауданы, Пятимар совхозы, Аққұс ауылында дүниеге келген. М.Өуезов атындағы мемлекеттік университетінің менеджер және театр ұжымын басқарушы мамандығын бітірді (1995-1999), Қарағанды экономикалық университетінің заңгер мамандығын оқыған (2007).

Орал қаласында «ТДК-42» телеарнасында редактор (1999-2000), Астана қаласы әкімдігінің Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының әкімгері (администратор) (2000), бас әкімгері (2005), директордың орынбасары (2012), директоры (2016-2019),





Жастар театрының директоры (2013-2016), ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қ.Қуанышбаев атындағы Ұлттық музыкалық драма театрының директоры (2022-2024), М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс театрының директоры (2019-2022 және қазіргі уақытта).



Халиолла Бауыржан 1979 жылы 24 қарашада Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында дүниеге келген.

2001 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Журналистика» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы облыстық «Орал өңірі» газетінің тілшісі қызметінен бастаған.

Сырым аудандық «Қайнар» газетінің бас редакторы (2003-2004), республикалық тәуелсіз «Айна» газетінің бас редакторы (2010-2012), республикалық «Жайық жұлдызы» журналының бас редакторы (2012-2015), Мәдениет саласында «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет

басқармасының жастар шығармашылығы орталығы» МКҚК директорының жалпы мәселелері бойынша орынбасары, директоры (2015-2016), «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қадыр Мырзалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет және өнер орталығы» МКҚК директоры (2016-2023) лауазымды қызметтерін атқарған. 2023 жылдың қазан айынан бастап «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Атамекен» өнер ордасы» МКҚК директоры лауазымын атқарып келеді. Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан және халықаралық Ақын-жыршылар одағының мүшесі. Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының Батыс Қазақстан аймағы бойынша өкілі. «Заң» медиа-корпорациясының Батыс Қазақстан облысы бойынша өкілі. «Жұмбақ қыздың жанары» (2001), «Нәзік бұлт көшіп барады» (2005), «Жұлдыз жауған жарық түн» (2012), «Жан тебіреніс» (2018), «Жүрегімдегі жазулар» (2024) атты жыр жинақтарының авторы. Республикалық, халықаралық ақындар айтысының жүлдегері.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (2017), «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі (2018), «Еңбек даңқы» медалі (2018), «Қадыр Мырза Әлі» ҚҚ медалі (2016), Жайық айтысының 60 жылдығына арналған мерекелік медалі (2018), Сырым ауданының Құрметті азаматы (2018), Әсет Найманбайұлының туғанына 150 жыл мерекелік медалі (2019), Сәкен Сейфуллин 125 жыл медалі (2019), Атырау облысы әкімдігінің «Махамбет» атындағы сыйлығының иегері (2020), «Жұбан Молдағалиев – 100» және «Қадыр Мырза Әлі» төсбелгілері (2020), «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі (2021) және Қырғыз халық поэзиясының классигі, ақын «Токтогул Сатылганов – 150 жыл» мерекелік медалі (2022), «Қылымдын баатыры» төсбелгісі (2022) және Әзірбайжан Республикасының «Жеңіс» төсбелгісі (2023), Қырғызстан Республикасының «Маданияттың мықты қызметкері» (2023), Манас ұлттық театрының «Урааным Манас» (2023) төсбелгілерімен наградталған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясының иегері (2020).



Арғынғали Талант (23.02.1980) – мектеп түлегі, акын, журналист. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген (2001). 2004 жылы осы оқу ордасында журналистика магистрі диссертациясын қорғаған. Халықаралық, республикалық акындар айтысының бірнеше дүркін жүлдегері. Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығында 1-орын, Республикалық студенттер айтысында 3-орын, «Желтоқсан оқиғасына» арналған айтыста арнайы жүлде, Наурыз айтысында арнайы жүлде, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» республикалық айтысында 3-орын, республикалық Наурыз айтысында арнайы жүлде, «Аңырақай шайқасы» республикалық айтысында арнайы жүлде, Көкен Шәкеевтің құрметіне өткен айтыста 2-орын, т.б. Ел арасына кең тараған танымал ән мәтіндерінің авторы.



Наурызбаев Еркін (1981) – мектеп түлегі, әскери ұшқыш. Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласындағы Әскери Әуе Академиясына түсіп, 2004 жылы академияны үздік бағамен бітіріп, Қазақстанға оралды. Америка Құрама Штаттарының ұшқыштарды оқыту орталығында оқыды (2005-2007). ҚР Қарулы Күштерінің Әуе қорғаныс күштерінде Ту-134 және Ту-154 М ұшақ-тарында ұшқыш ретінде қызмет атқарды (2008-2014). «QAZAQ AIR» әуекомпаниясына екінші пилот (2016), жергілікті ұшқыштардың арасынан ең алғаш кеме командирі (2018), «QAZAQ AIR» әуекомпаниясында кеме командирі-нен басқа, Авиациялық мамандарды даярлау бөлімінің бастығы, нұсқаушы-ұшқыш (2018-2022), Авиациялық оқу орталығының бастығы лауазымдарында қызмет атқарды. 2022 жылы «QAZAQ AIR» әуекомпаниясының басқарма төрағасы лауазымына тағайындалды. Еркін Әнесұлы «QAZAQ AIR» әуекомпаниясының тарихындағы тұңғыш қазақстандық басқарма төрағасы.

Ергарин Даурен (10.01.1982) – мектеп түлегі. Білімі – жоғары. Генерал-майор. Мектепті 1998 жылы бітірді. А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін (2002), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірді (2006). Жоғары білім алған сәттен бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қатардағы жедел қызметкерінен Анықтау және жолын кесу қызметінің басшысына дейінгі лауазымдарды атқарған. Қаржы полициясы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының Алматы және Астана қалалары, Батыс Қазақстан, Алматы, Қызылорда облыстары бойынша департаменттерінде жедел және басшылық лауазымдарда қызмет еткен.



2022 жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы



іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы лауазымын атқаруда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің генерал-майоры. Самбо күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері. II дәрежелі «Айбын» орденімен, мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталған.

Мұқашев Алмаз (03.05.1984) – мектеп түлегі, әскери офицер, полковник. Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің әскери институты (2001-2005), ҚР Қарулы Күштерінің Бітімгершілік батальонының инженерлі-саперлық отряды (2007-2008), Ирак Республикасында офицер-аудармашы лауазымында (ағылшын тілі) бітімгершілік миссиясын (База «Дельта», Аль-Кут, Ирак), Батыс Сахарада (Эль-Аюн қаласы) офицер-бақылаушы ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының миссиясын (2015-2016) орындады. 2017-2020 жылдары Беларусь Республикасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің әскери атташесі, қазір Америка Құрама Штаттарында Орталық қолбасшылықта (ЦЕНТКОМ) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің әскери өкілі (2021).



Русланұлы Айберген (21.04.1985) – мектеп түлегі, әскери инженер. С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-лицей-интернатын бітірген (2002). Мәскеу қаласындағы профессор Н.Е.Жуковский атындағы Әскери әуе инженерлік академиясын бітірді (2007). Академияны пилотаждық-навигациялық кешендер және авиациялық электр жүйелерін техникалық пайдалану мамандығы бойынша «инженер» біліктілігін алды. Еңбек жолын Астана қаласында авиациялық базада инженер болып бастады. Қызметті ғарыш саласында жалғастырып, содан бері 15 жылдан аса уақыт осы салада қызмет атқарып келеді.

«Ghalam» Қазақстан-француз бірлескен кәсіпорынның бас директоры (2016-2018, 2021-2022ж.), «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» басқарма төрағасының орынбасары (2019-2020) лауазымдарында болған. «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорынның Даму жөніндегі директоры қызметін атқаруда (2023). Марапаттары: Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамытуға қосқан үлесі үшін медалімен марапатталған (2018). Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясында «мемлекеттік менеджмент» магистрі дәрежесін алған (2021).



Аяпова Асель (05.04.1980) – мектеп түлегі, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін экономика және финанс мамандығы бойынша тәмамдаған (2005). «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық жобаларының бас менеджері, «Астана-Недвижимость» АҚ жобаларды қаржыландыру департаментінің директоры. Мектеп түлегінің тынымсыз еңбегі мен тәжірибесі оған AES корпорациясының бас кеңсесінде (Арлингтон қаласы, Вирджиния штаты, АҚШ) жұмыс жасауға мүмкіндік тудырды.



15-тен астам елге қызмет көрсететін бағдарламаға бақылау жүргізді. Бүгінде дрондар мен роботтар жөніндегі бағдарламалар арасында көшбасшы ұйымға айналды. Жасыл энергетика, тұрақты даму және климаттың өзгеруі, жасыл технологиялар инновациясын қаржыландыру саласында үлкен қызметтер атқарды. АҚШ-тың AES корпорациясының энергетикаға арналған жаһандық дрондық инновациялық бағдарламасының директоры және Энергетикадағы дрондар мен роботтар халықаралық коалициясының, Америкадағы «Women and Drones» қауымдастығы кеңесінің мүшесі.

2017 жылдан бастап 16 елді қамтитын энергетика саласында дрондарды қолдануды дамыту жөніндегі жаһандық инновациялық бағдарламаның (AES Innovative Global Drone Program) директоры. Әсел Аяпова әлемнің 100 үздік жоба менеджерлерінің рейтингіне енді. Сонымен қатар 2019 жылы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.

Американдық АСРА және Қазақстандық АРЕК жасыл энергетика, «Women in Energy», халықаралық жобаларды басқару IPMA қауымдастықтарының мүшесі, жобаларды басқару институтының мүшесі PMI, энергетикадағы дрондар мен роботтар жөніндегі халықаралық коалицияның сараптамалық кеңесінің мүшесі, AES жасыл технологиялар комитеті және АҚШ-тағы Edison Electric Institute (EEI) Ұшқышсыз авиациялық жүйелер бойынша (UAS) жұмыс тобының мүшесі болып табылады және Федералдық авиация агенттігінің саясатын әзірлеуге қатысты. 2023 жылдың мамыр айынан бастап ХАА вице-президентінің ұсынуымен Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі болып тағайындалды.

2020 жылдың желтоқсанында Әсел Әлібекқызы АҚШ-тың Duke университетіндегі Duke Fuqua бизнес мектебін Executive MBA-мен аяқтады.



Толықбаев Талғат– мектеп түлегі (1988-1993 жж.).

1993-1997 жылдары Орал қаласындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультеті «қазақ тілі, әдебиеті және араб тілінің мұғалімі» мамандығын алып шыққан.

2000-2003 жылдары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих факультетін заңгер (екінші жоғары білім) мамандығы бойынша тәмамдаған.



Т.Толықбаев еңбек жолын 1997 жылдың қыркүйегінде Ақтау қаласында Ш.Есенов атындағы мемлекеттік университетінде мамандығы бойынша ұстаздықтан бастады.

1998 жылдан бастап өз өмірін еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық қорғау саласына арнап, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде жедел және басшылық лауазымдарда қызмет атқарып келеді. Көрсетілген мерзімде ол ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінде, кейін 2020 жылдың тамызынан бастап қызметін Астана қаласында жалғастырып, алдымен ҚР ҰҚК департаментінде, кейін ҚР ҰҚК Орталық аппараты жанындағы жедел бөлімшеде басшылық қызметті атқаруда. Бойындағы отансүйгіштік, елжандылық, адалдық сынды қасиеттер мен қызметтегі біліктілігі және еңбекке деген оң көзқарасының нәтижесінде 2007 жылы ҚР ҰҚК Төрағасының бұйрығымен «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының үздік тергеушісі» деген атаққа ие болды. 2014 жылы ҚР ҰҚК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің үздік қызметкері танылып, ҚР ҰҚК Төрағасының бұйрығымен I дәрежелі «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бұдан басқа Т.Толықбаев жұмыста қол жеткізген табыстары үшін ҚР ҰҚК ведомстволық және мемлекеттік органдарының медальдарымен бірнеше рет марапатталған.



Төлепов Әділ (25.01.1993) – мектеп түлегі, қазақстандық жас ғалым, экономист, ұстаз, экономика бойынша философия докторы (PhD), телерадио жүргізуші, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Бизнес, басқару және туризм» білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.

2016 жылы Орал қаласының Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін үздік бітіріп, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры біліктілігін алған.

2018 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Экономика» мамандығы бойынша магистратурасын тәмамдап, экономика ғылымдарының магистрі біліктілігін алған.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының «Мақсат» экономикалық ғылыми-зерттеу клубының төрағасы болды. Қазақстан аймақтарының инновациялық экономикасын жетілдіру бойынша ғылыми мақалалардың авторы. Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың қатысушысы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өткен ТМД мемлекеттерінің жас ғалымдары арасындағы байқауда үздік ғылыми мақаласы үшін «ТМД-ның Үздік жас ғалымы – 2020» медалімен марапатталған.



III бөлім

Өрлеу жолындағы ширек ғасыр





Тәуелсіздік алғалы елдің дамуындағы стратегиялық маңызды сала ретінде білім беру жүйесіне ерекше назар аударылып келеді. Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты – ғасырлық тарихы бар, қоғамның қилы кезеңін бастан өткерген, бүгінгі биігіне жеткенше талай баспалдақтан өткен, ХХІ ғасыр талабына сай ұлттық үрдісте даму үлгісін таңдаған, республика көлеміне танылған мектеп. Әр елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының біліктілігіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі кезек күттірмейтін шара еді. Жастардың ақыл-ойын барынша дамыту үшін білім беру жүйесін неғұрлым тиімді құра білген ұлттың өресі биік, абыройы артық болмақ. Жалпы орта білім беру жүйесін дамытуда тың өзгерістер енгізілді. Оқыту жүйесін жан-жақты әрі терең жүргізу мақсатында лицей, гимназия, дарынды балалар үшін арнаулы мектептер көбейді. Сол бағытта С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-лицейі де заман талабына сәйкес жас ұрпақтың бойындағы білімге деген құштарлыққа бұрынғыдан да кең жол ашып, терең де жан-жақты білім беру мақсатында 1999 жылы 8 желтоқсанда облыс әкімінің №242 шешімімен мектеп статусы өзгеріп, Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені болса, бүгінгі күні 2022 жылғы 22 тамыздағы облыс әкімінің №159 қаулысы негізінде «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» болып жұмыс жасауда.

Оқу үрдісі 1999-2017 жылдары 4 сатыдан тұрды: мектеп алды даярлық саты, бастауыш саты (1-4), бағдарлы оқуға даярлық саты (5-7), жоғарғы саты (8-11) бағдарлы тереңдетіліп (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика бағыттарында) оқытылды. 2018-2021 жылдары бастауыш сыныптар жабылды.

2023-2024 оқу жылында 5-11 сыныптардағы 26 сынып жиынтығымен 631 оқушының бойына «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, мектеп ұстаздары ұлттық рухани құндылықтарды сіңіріп, аянбай еңбек етіп келеді.





Мектеп-лицей-интернаттың құрылымы

БАТЫС КАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ

ШЕШІМ



АКІМ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

РЕШЕНИЕ

1999 ж. 8 желтоқсан
№ _____ дақ

№ 242

_____ 1999 г.
жылы № _____

«№11 лицей-мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесінің атын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» 1996 жылғы 24 мамырдағы №3002 өкімін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 1999 жылғы 7 маусымдағы №389-І Заңының 1-бабын (41-тармақ), 4-бабын (9-тармақ), 18-бабын (8-тармақ) орындау үшін және облыста дарынды балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**


1. «№11 лицей-мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық казак мектеп-интернат-кешені» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын

2. Дарынды балаларға арналған облыстық казак мектеп-интернат-кешенінің құрамына мынадай бөлімшелер белгіленсін: лицей, саз мектебі, жас техниктер станциясы, спорт мектебі және қосымша білім беру бағдарламасы аясында балалардың жан-жақты дамуына қажетті жағдайлар жасалсын.

3. Облыстық білім басқармасы мектеп-интернат-кешеніне оқу үшін балаларды конкурстық негізде таңдап алуды қамтамасыз етсін.


ОБЛЫС ӘКІМІ:

Қ.ЖАҚЫПОВ





Мектеп-лицей интернатын басқару жүйесі





**2023-2024 оқу жылы. Мектеп әкімшілігі.
Мектеп директоры Хамзина Аягөз Орынбайқызы (ортада)**

1-қатар. Солдан оңға қарай: Бас есепші А.А.Гумарова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.А.Ахметуллаева, бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.С.Ахмадиев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Р.Суханова, оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б.Қажғалиева, әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары З.Т.Мағзұмова, Өнер мектебінің жетекшісі З.Х.Құсайынова.

2-қатарда: Ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Д.Ф.Темірғалиев, шаруашылық жөніндегі орынбасары Ж.Т.Балмұқан, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Тастемирова, шет тілдері жөніндегі орынбасары М.С.Джуламанова, интернат меңгерушісі К.Қ.Қарасаева.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт

Мектептің қоғамдық-гуманитарлық пәндері құрамына қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, тарих (Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері), ағылшын тілі бірлестіктері кіреді. Әлеуметтік және жеке мәдени құндылықтарды қалыптастыра отырып, салауатты өмір сүруге бағыттау. ҚР «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдарына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сәйкес білім беруде оқушыларға қоғамдық-гуманитарлық пәндердің бағдарламасын толық меңгертіп, шығармашылықпен жұмыс жасай білуге, ізденімпаздыққа баулу.

Тілдік пәндер бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары оқушылардың кең спектрлі когнитивті дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқушыларға терең білім беру, мамандыққа бағыттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндері терендетіліп оқытылып келеді. Мектептің қоғамдық-гуманитарлық бөліміндегі мұғалімдер де жыл өткен сайын жас мамандармен толығуда. Олардың құрамының сапалық көрсеткіш кестесі төмендегідей:



№	Пәні	Педагог-сан	Педагог-шебе	Педагог-зерттеу	Педагог-сара	Педагог-модел	Педагог
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	4	3	0	3	1
2	Ағылшын тілі	10	0	6	2	0	2
3	Орыс тілі мен әдебиеті	5	2	1	2	0	0
4	Тарих	6	1	4	1	0	0
Барлығы/сапасы		32/82%	22%	44%	16%	9%	9%



Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің мұғалімдері. Солдан оңға қарай: 1-қатарда Шхан Н.Е., Молдағалиева Ұ.Ж., Имашева Д.И., Рысқалиева Б.Д., Мыңбаев А.Ә., 2-қатарда: Байжиенова А.О., Атош Г.С., Тастемирова А.Т., Ахметқалиева С.Ж.



Тарих пәні бірлестігінің мұғалімдері. Солдан оңға қарай: Опиев Д.Ж., Әлмұқан А.С., Батырғалиев М.Х., Алышев Б.С., Рахметов А.О., Умаров М.М.



Орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі мұғалімдері. Солдан оңға қарай: Кадралина С.Х., Курмашева М.З., Шманова Н.О., Ибрагимова А.Ж., Мусеева Г.Г.



Ағылшын тілі пәні бірлестігі мұғалімдері. Солдан оңға қарай: Бахитова Ж.Қ., Базарбаева А.Ш., Нурмахова Ж.Б., Бисенғалиева А.Н., Уразалина М.Е., Айткалиева Д.Е., Джусуламанова М.С., Утепова Э.Г., Жақсылықова Б.О.



Жаратылыстану-математика бағыты

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер құрамына география, физика, биология, математика және химия пәндері кіреді. Жаратылыстану-математикалық пәндер әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сондай-ақ түлектерге кәсіби өзін-өзі анықтауға бейіндік оқытуды жетілдіруге бағытталады. Ғылыми-техникалық прогресс – бұл ғылым мен техниканың үдемелі дамуы, оның нәтижесі техниканы, техноло-гияларды және өндірісті ұйымдастыруды дәйекті жаңғырту, олардың тиімділігін арттыру болып табылады. Жаратылыстану ғылыми цикл пәндері бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз жалпы орта білім берудің жаратылыстану ғылыми циклі пәндері бойынша білім беру стандартында айқындалатын түйінді құзыреттерді меңгеруді білдіреді, оқу іс-әрекетінде және оқу іс-әрекетінен тыс тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін оқушылардың білімділік деңгейін көрсетеді. Қоршаған орта, бүкіл әлем арасында STEM сауаттылықты дамытуға және әлемді экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

Жаратылыстану-математика бағыты құрамына химия, биология, география бірлестігі, математика бірлестігі, физика, информатика, технология бірлестігі, дене шынықтыру бірлестігі кіреді.

№	Пәні	Педагог саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
1	Математика	11	3	4	1	0	3
2	Физика	6	1	1	2	2	0
3	Биология	4	0	2	1	1	0
4	Химия	3	2	0	1	0	0
5	Информатика	5	0	1	2	2	0
6	Технология	3	0	1	1	1	0
7	Денешынықтыру	5	0	5	0	0	0
8	АӘДТ	1	0	0	0	0	1
Барлығы/сапасы		38/75%	16%	37%	22%	13,5%	10,5%



Физика, информатика, технология пәні бірлестігінің мұғалімдері. Солдан оңға қарай 1-қатарда: Каирғазиев Д.Т. (зерханашы), Насимуллин Н.Е. (инженер-жабдықтаушы), Сабитова Р.Б., Ашемғалиева В.А., Айдынгалиев Ә.С., Закаев Б.Қ. (инженер жабдықтаушы). 2-қатарда: Кишиева В.Н., Бородосова Э.К., Шахаева Р.Т., Бекишев М.М., Ахмадиев А.С., Каримғалиева А.Н., Малкесова А.С., Мендибаева Г.Б.



Математика пәні бірлестігінің мұғалімдері: Содан оңға қатар 1-қатарда: Гиззатов Ж.З., Нұрмұхан Б.Н., Мынжасова Н.С., Тулешева А.С., Мугалимова Г.И., Казиханов С.М. 2-қатарда: Жанекенова Б.Ж., Мусажалиева Г.К., Шоньыраева М.Р., Амантаева Д.А.



*Химия, биология, география пәні бірлестігінің мұғалімдері: Үйсімбаева Ш.К.,
Темиралиева А.Ж., Кажғалиева Д.Б., Каратаева Ш.Т., Өтемісова А.Ө., Даулетбаева
Ж.М., Сериккалиева Р.Е.*



*Дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық даярлық пәні мұғалімдері.
Солдан оңға қарай: Ғатау Т.Қ., Атошев Қ.Е., Демеуов Р.И., Хасанов С.Т., Убишев Ы.К.*

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – елімізде Жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттауға және жоғары оқу орындарына түсу грантын иелену конкурсына қатысуға мүмкіндік беретін кешенді емтихан ретінде 2004 жылдан бастап енгізілген болатын. ҰБТ – Қазақстан Республикасында жоғары білім алуға ниет білдірген барлық мектеп



бітірушілеріне тең дәрежеде мүмкіндік берді, мемлекеттік білім гранттарының әділ бөлінуіне жол ашты.

ҰБТ нәтижелері бойынша мектеп оқушыларының мемлекеттік білім стандарты бағдарламаларын меңгеру деңгейін, пәндерді оқыту сапасын, ұстаздардың біліктілігін, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жүйесін бағалауға болады.



2004-2016 жылдары ҰБТ-ның жалпы балы 125 балды құрады. Бұл жылдары ҰБТ мектеп түлектерінің қорытынды аттестаттау емтихандары мен ЖОО-ға мемлекеттік грантқа қатысу конкурсының біріктірген шарасы ретінде өткізілді. «Алтын белгі» мен Үздік аттестат иегерлері ҰБТ нәтижесі бойынша анықталды.



2017 жылдан бастап ҰБТ жаңа форматқа көшіп, жалпы балы 140 балға дейін көтерілді. Сонымен қатар ЖОО-ға түсушілер бөлек тестілеу тапсыратын болып өзгертілді. ҰБТ форматындағы өзгерістер, емтиханның сапасын арттыруға және академиялық адалдық қағидаттарын жетілдіруге бағытталған жаңашылдықтар болып табылады.

Мектебіміз жоғары ҰБТ көрсеткіштерінің нәтижесінде республикалық рейтинг бойынша «Үздік 100 мектеп» қатарында келеді. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіші 100%-ды құрайды. Мемлекеттік грант иелену бойынша орташа көрсеткіш 85-90%.



Жаңа Қазақстанның ертені

«АЛТЫН БЕЛГІ» иегерлері

2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	0	3	2	2	8	2	5	10	4	4	11	5	8	11	7	2	14	13	6	8	10	7	6

149



Үздік аттестат иегерлері

2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
7	7	5	17	8	4	2	3	6	10	9	11	6	4	2	4	9	18	7	8	9	14	23	10

203



ҰБТ нәтижесі бойынша республикалық рейтингте «ҮЗДІК 100 МЕКТЕП» қатарында



ҰБТ тапсырушылар саны

Жыл	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Жалпы балл	76	72	73	62	48	43	44	57	62	50	53	50	53

ҰБТ тапсырушылар саны

Жыл	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Жалпы балл	62	77	64	66	72	69	77

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

www.11-mektep.edu.kz

АКТӨБЕ ҚИТАПХАНАСЫ



Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде жоғары нәтиже көрсеткен мектеп түлектері



140 балл
SAT елтіханы
нәтижесі бойынша
2020 жылы түлек
Марс Шынар
NAZARBAYEV UNIVERSITY

140 балл
SAT елтіханы
нәтижесі бойынша
2020 жылы түлек
Армандиес Әмірхан
NAZARBAYEV UNIVERSITY

140 балл
SAT елтіханы
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Бекқалиева Гүлшат
NAZARBAYEV UNIVERSITY

140 балл
SAT елтіханы
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Жұбандықова Әйгерім
NAZARBAYEV UNIVERSITY

140 балл
SAT елтіханы
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Қонар Әйгерім
NAZARBAYEV UNIVERSITY

131 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Серикова Балтұр
Абайат Қазыпұ

132 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2020 жылы түлек
Қусанова Данагүл
С.Асфендіров ағ. ҚазҰМУ

136 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2020 жылы түлек
Тлегенова Гүлнұра
С.Асфендіров ағ. ҚазҰМУ

135 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Ерболова Ақтүлім
Әл-Фараби ағ. ҚазҰ

32 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2021 жылы түлек
Жасұланов Дінмұхаммед
Astana IT University

130 балл
ҰБТ
нәтижесі бойынша
2022 жылы түлек
Климова Намиля
«Астана» медицина Университеті

www.11-mektep.edu.kz

АКТӨНДІРІЛГЕН НҮСХАТЫ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР

ЖОО түскен түлектер саны	 NAZARBAEV UNIVERSITY Назарбаев Университеті	 KAZAKH BRITISH UNIVERSITY Қазақстан-Британ техникалық Университеті	 ASTANA IT UNIVERSITY Астана IT Университеті	 INTERNATIONAL UNIVERSITY Халықаралық IT Университеті	 SÜLEYMAN DEMIREL UNIVERSITY Сүлеймен Демерел Университеті
2019-2020 о.ж	4	4	9	2	-
2020-2021 о.ж	5	3	6	1	-
2021-2022 о.ж	3	5	3	1	2
2022-2023 о.ж	-	6	2	3	1

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР

ЖОО түскен түлектер саны	 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	 Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ	 Абай атындағы ҚҰПУ	 С.Асфендияров ат. ҚҰМУ	 SATBAYEV UNIVERSITY Қ.Сәтбаев атындағы ҚҰТУ
2019-2020 о.ж	2	8		5	7
2020-2021 о.ж	10	12	6	1	1
2021-2022 о.ж	6	4	5	3	5
2022-2023 о.ж	11	12	4	-	1



ДАРЫНДЫ ТҮЛЕКТЕРІМІЗ ШЕТ ЕЛДЕРДЕ БІЛІМ АЛУДА



FLEX бағдарламасы - АҚШ-тың Мемлекеттік Департаментінің мәдени алмасу бағдарламасы. Бұл бағдарлама Қазақстан оқушыларына бір академиялық жылды АҚШ-тың жоғарғы мектебінде оқуға мүмкіндік береді.



2008-2009 оқу жылы
2009-2010 оқу жылы
2012-2013 оқу жылы
2013-2014 оқу жылы
2014-2015 оқу жылы
2016-2017 оқу жылы
2016-2017 оқу жылы

Қоктов Дармен
Рахметов Бақтияр
Қазмұханбетова Гүлнұз
Кеуденова Диана
Нұрбаева Гүлдана
Бақұова Айнар
Мұратова Камила

2018-2019 оқу жылы
2018-2019 оқу жылы
2019-2020 оқу жылы
2020-2021 оқу жылы
2020-2021 оқу жылы
2022-2023 оқу жылы

Маулет Ермахан
Рафаил Асқар
Құспанова Аружан
Темірхан Темірлан
Қадемова Айша
Ильяс Аружан

Джасмин Рухат
University of Twente
Нидерланды, Энксхед

Мурат Әлихан
Tech College München
Германия, Мюнхен

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Мариона Айсана
University of Cologne
Германия, Кельн

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул

Омарона Асель
University of Seoul
Оңтүстік Корея, Сеул



«Алтын белгі» иегерлері 2000-2024 жылдары

№	Мектеп түлегінің аты-жөні	Бітірген жылы
1.	Сейтақова Құралай Ғайсағалиқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2000 ж.
2.	Ғұсман Жадыра Жанболатқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2001 ж.
3.	Каримова Айнұр Аманғалиқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2001 ж.
4.	Таухасова Айнұр Хамидоллақызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2001 ж.
5.	Мусина Ғалияңұр Асқарқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2003 ж.
6.	Насамбаева Альбина Едігеқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2003 ж.
7.	Тапалова Әсел Айтқалиқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2004 ж.
8.	Тілеужанова Ақбота Ержанқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Аймақтану «Болашақ» бағдарламасының түлегі.	2004 ж.
9.	Жолимова Гүлдана Жаңабайқызы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Аймақтану	2005 ж.
10.	Кабышев Данияр Замирұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2005 ж.
11.	Қуанышев Таир Ғылымұлы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық технологиялар	2005 ж.
12.	Құлшар Айнұр Мәлікқызы М.Өтемісов атындағы БҚО мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті	2005 ж.
13.	Сапашева Индира Мәлікқызы	2005 ж.



	Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық технологиялар	
14.	Турманова Мендігүл Сатқанқызы Абай атындағы педагогикалық университеті Ағылшын тілі	2005 ж.
15.	Хайргалиева Айнұр Ермекқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық технологиялар	2005 ж.
16.	Қажыгерей Аяжан Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық технологиялар	2005 ж.
17.	Казиханова Мира Серікқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика	2006 ж.
18.	Мусағалиева Самал Қайырбекқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Юриспруденция	2006 ж.
19.	Бақытова Бибінұр Салауатқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биотехнология	2007 ж.
20.	Ермағамбетова Мәдина Рамазанқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Органикалық заттардың химиялық технологиясы	2007 ж.
21.	Жолымов Асхат Жаңабайұлы Қазақстан-Британ техникалық университеті	2007 ж.
22.	Кенжеғалиева Эльмира Аманжолқызы Алматы энергетика және байланыс университеті Электр энергетикасы	2007 ж.
23.	Лұқпанова Аякөз Қадыржанқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2007 ж.
24.	Ақболат Арайлым Болатбекқызы Алматы энергетика және байланыс университеті	2008 ж.
25.	Бижанова Қарылғаш Рухоллақызы Алматы энергетика және байланыс университеті	2008 ж.
26.	Кәрім Қасиет Ғабитұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2008 ж.
27.	Қосмағұлова Аида Аманғалиқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпараттық жүйелер	2008 ж.



28.	Казиханов Мирас Серікұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Ақпараттық жүйелер	2008 ж.
29.	Қырықбаев Еркебұлан Ғизатоллаұлы Қазақстан-Британ техникалық университеті	2008 ж.
30.	Молдабек Гаухар Мұратқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2008 ж.
31.	Нұрлан Серік Нұрланұлы Қазақстан-Британ техникалық университеті Мұнай-газ ісі	2008 ж.
32.	Жұмашев Алмас Ерболұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қаржы	2008 ж.
33.	Сұлтанова Гүлтұрсын Қайыржанқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	2008 ж.
34.	Баймұрат Сағидолла Мүтиғоллаұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Ұлыбритания, The London School of Economics and Political Science	2009 ж.
35.	Сартай Әйгерім Ерболатқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық технологиялар	2009 ж.
36.	Сапаров Әділхан Радимұлы Алматы жоғары әскери институты	2009 ж.
37.	Төлегенқызы Тұрсынзада Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2009 ж.
38.	Кушенова Меруерт Бақытқызы Назарбаев университеті	2010 ж.
39.	Ғалимова Гүлзира Талғатқызы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	2010 ж.
40.	Қаржауова Дилара Қайыржанқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ұлыбритания Queen Mary University of London	2010 ж.
41.	Мусина Айнар Исатайқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2010 ж.
42.	Абикенова Ботакөз Сагидуллаевна Санкт-Петербург қаласындағы Устинов атындағы БГТУ Мехатроника және физика	2011 ж.
43.	Амангелді Нұрхан Құрманғазыұлы	2011 ж.



	Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы	
44.	Газизова Назерке Асхатовна Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Экономика	2011 ж.
45.	Гайниева Айару Уразбаевна Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясы Стоматология	2011 ж.
46.	Ихсанова Мәлдір Азаматқызы Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникация	2011 ж.
47.	Құрманғали Ақылбек Серікқалиұлы Уфа мемлекеттік университеті Су құбырлары транспорты	2011 ж.
48.	Набиева Перизат Нурболатовна Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес	2011 ж.
49.	Орашев Адиег Бактыбаевич Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Менеджмент	2011 ж.
50.	Сағынбаева Әсем Ерболатқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Юриспруденция	2011 ж.
51.	Укасова Нұрсұлу Нұрлановна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Туризм	2011 ж.
52.	Ысқақ Оралбек Ереванұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих	2011 ж.
53.	Базарбаев Өркен Анарбекұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Менеджмент	2012 ж.
54.	Башаров Абай Анарбекұлы Назарбаев университеті Инженерия	2012 ж.
55.	Ешмұхан Есенғали Сисенғалиұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Радиотехника және телекоммуникация, электроника	2012 ж.
56.	Жолдиев Ерман Бауыржанұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Менеджмент	2012 ж.
57.	Нұфтуллина Назерке Ибрагимқызы Қазақ-Британ техникалық университеті Автоматтандыру және басқару	2012 ж.



58.	Абдіғалиева Адина Талғатқызы Назарбаев университеті, Ұлыбритания, University College London	2013 ж.
59.	Амангелді Динара Мақсатқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Менеджмент	2013 ж.
60.	Байболатова Аида Манасқызы Астана медицина университеті	2013 ж.
61.	Байғазиев Арман Романұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2013 ж.
62.	Жаненова Самал Саннқызы Астана медицина университеті «Болашақ» бағдарламасы Ұлыбритания UCL MSc Ophthalmology	2013 ж.
63.	Манапова Әйгерім Ақылбекқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2013 ж.
64.	Жолдығали Раушан Телманқызы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	2013 ж.
65.	Казмухамбетова Гүлназ Амангелдіқызы Назарбаев университеті Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2013 ж.
66.	Дүйсенбиева Айкөркем Еркиновна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникация	2014 ж.
67.	Сапаров Төрехан Радимұлы Назарбаев университеті	2014 ж.
68.	Есболатова Гауһар Ержановна Астана медицина университеті Жалпы медицина	2014 ж.
69.	Катенов Темирлан Сагидуллаевич Назарбаев университеті	2014 ж.
70.	Ислам Гүлжаһан Шаймердинқызы Назарбаев университеті	2014 ж.
71.	Қайырғалиев Ернияз Нұржанұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика	2014 ж.
72.	Койшыбаева Асель Махамбетовна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникация	2014 ж.
73.	Мамбетова Айжан Қайыржанқызы Назарбаев университеті	2014 ж.



74.	Мендибаева Жанар Сагинбековна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникация	2014 ж.
75.	Мухамбетова Сауле Маратовна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникация	2014 ж.
76.	Габдрахимова Бакытжамал Амирхановна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Мемлекеттік және жергілікті басқару	2014 ж.
77.	Дүйсенбиева Айару Еркиновна Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Автомат және басқару	2015 ж.
78.	Жугунисова Айдана Болатовна Назарбаев университеті	2015 ж.
79.	Қойшыбаева Орынгүл Нұрмұханқызы Астана медицина университеті Қоғамдық денсаулық сақтау	2015 ж.
80.	Білімжанов Асылхан Талғатұлы Алматы, Қазақ бас архитектуралық құрылыс академиясы	2015 ж.
81.	Тұрарова Ботагөз Қанатқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Биотехнология	2015 ж.
82.	Өтешев Қайржан Есенжанұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика	2015 ж.
83.	Сагидуллина Ақжаркын Ерлановна Қазақ-Британ техникалық университеті	2015 ж.
84.	Орынғалиева Ақжібек Ришатқызы М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Химия	2016 ж.
85.	Кубеев Айдын Аканович Алматы энергетика және байланыс университеті Радио, электроника, телекоммуникация	2016 ж.
86.	Абдрахманова Перизат Бейбітқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2017 ж.
87.	Абдулова Аружан Нурболатқызы КИМЭП Халықаралық қатынастар	2017 ж.
88.	Сейтқалиева Назерке Максұтовна Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті	2017 ж.
89.	Ташимова Мерейим Қайыржановна	2017 ж.



	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	
90.	Ермуханбетова Фатима Қайратқызы Семей медицина университеті Жалпы медицина	2017 ж.
91.	Мақсат Данагүл С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Жалпы медицина	2017 ж.
92.	Адилғалиев Амаль Бауржановна Ресей, Тюмень индустриалды университеті Құрылыс	2017 ж.
93.	Махамбетұлы Алишер Назарбаев университеті. Инженерия мектебі Құрылыс	2017 ж.
94.	Минаядарова Даяна Нурланқызы Оңтүстік Корея Солбридж университетін Қаржы	2017 ж.
95.	Серикова Аружан Маликовна Канада. Томпсон Риверс университеті Финанс және экономика	2017 ж.
96.	Төлеген Бекарыс Нұрбекұлы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Құрылыс	2017 ж.
97.	Тлекқабыл Нұрұл Асылбекұлы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Құрылыс	2017 ж.
98.	Темірболатова Динара Мұхитқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Стандарттау және сертификаттау	2017 ж.
99.	Умирбаева Аружан Арсеновна Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әлемдік экономика	2017 ж.
100.	Байниязов Бекарыс Бекқалиұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Электр энергетикасы	2018 ж.
101.	Батарғалиева Асель Шамратовна Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қоғамдық байланыс	2018 ж.
102.	Ермекқалиева Аңсаған Ермекқалиқызы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	2018 ж.



	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	
103.	Ерсанов Даулет Ерболатұлы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика	2018 ж.
104.	Мендигалиева Аяулым Женисовна С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Стоматология	2018 ж.
105.	Булатова Айару Серикқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Юриспуденция	2018 ж.
106.	Джумагулов Бекет Серикович Мәскеу мемлекеттік университеті (МГУ) Математика	2018 ж.
107.	Жаксылыкова Нұржайна Алтынбекқызы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті Мемлекеттік басқару	2018 ж.
108.	Қамидолла Ерасыл Умирзақұлы Алматы энергетика және байланыс университеті Автоматтандыру және басқару	2018 ж.
109.	Мендешова Аяжан Сакенқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық жүйелер	2018 ж.
110.	Муратов Дулат Батырбекович Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Электр энергетикасы	2018 ж.
111.	Нығметова Ақнұр Ергенқызы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті Экономика	2018 ж.
112.	Тұрсынбаева Айшат Медетқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Автоматтандыру және басқару	2018 ж.
113.	Жанақова Гауһар Сисеналықызы Халықаралық бизнес университеті Бизнес және Басқару	2019 ж.
114.	Адилова Айдана Утешовна Краковская Академия им. Фрыча Моджевского Халықаралық қатынастар	2019 ж.
115.	Бактығалиев Ахан Бекбулатұлы Қазақ-Британ техникалық университеті Мұнай-газ ісі	2019 ж.



116.	Кубиева Дильназ Болатовна Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Химия	2019 ж.
117.	Кусайнова Жанна Сайлауқызы FOUNDATION Назарбаев Университеті	2019 ж.
118.	Тоқжанова Айымжан Маратқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар	2019 ж.
119.	Әнуарбекова Лаура Мұратқызы «Нархоз» университеті Менеджмент	2020 ж.
120.	Ерсаинов Алишер Ерболатович С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Жалпы медицина	2020 ж.
121.	Тлегенова Гульнура Нұрымовна С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Жалпы медицина	2020 ж.
122.	Магаданов Бекдәулет Елемесұлы Astana IT University Ақпараттық жүйелер	2020 ж.
123.	Марс Шынар Асқарқызы Nazarbayev University Computer sciences	2020 ж.
124.	Мирас Гауһар Дарханқызы Astana IT University Ақпараттық жүйелер	2020 ж.
125.	Ұзақбай Гауһар Серікқызы Astana IT University Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	2020 ж.
126.	Хамитова Халида Кайрбайқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық жүйелер	2020 ж.
127.	Ахметкалиева Алия Нұржанқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих-География	2021 ж.
128.	Ниярова Назгуль Маликовна М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті Стоматология	2021 ж.



129.	Турганбайқызы Жанбота КИМЭП университеті Халықаралық қатынастар және дипломатия	2021 ж.
130.	Аманова Сабина Саясатовна Қазақстан-Британ техникалық университеті Ақпараттық жүйелер	2021 ж.
131.	Әжмағамбет Гүлназ Nazarbayev University Экономика	2021 ж.
132.	Бекқалиева Гүлшат Асылханқызы Nazarbayev University Foundation	2021 ж.
133.	Ғабиден Дилара Ғабиденқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Стандарттау, сертификаттау	2021 ж.
134.	Куспанова Аружан Закариевна Nazarbayev University Экономика	2021 ж.
135.	Серикова Балнұр Абзалқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Математика	2021 ж.
136.	Жұбандықова Әйгерім Саматқызы Nazarbayev University Құрылыс және экологиялық инженерия	2021 ж.
137.	Тілек Айнара Батырғалиқызы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті Педиатрия	2022 ж.
138.	Темирхан Мақпал Жанторекызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақ тілі мен әдебиеті	2022 ж.
139.	Маулетова Айнура Уралбековна М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Шетел тілі	2022 ж.
140.	Климова Найля Эрнстқызы Астана медицина университеті Жалпы медицина	2022 ж.
141.	Ғалымжанова Адия Асқарқызы Астана медицина университеті Жалпы медицина	2022 ж.



142.	Залмұқан Роза Тілкқызы С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Жалпы медицина	2022 ж.
143.	Кадемова Айша Русланқызы Onsekiz Mart Üniversitesi Түркия, Чанаккале	2022 ж.
144.	Төлегенова Жұлдызай Жарасқалиқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих	2023 ж.
145.	Төлегенова Камилла Қайратбекқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Химия	2023 ж.
146.	Амантаева Әсемгүл Талғатқызы Қазақстан-Британ техникалық университеті Автоматтандыру және басқару	2023 ж.
147.	Тлегенова Диляра Нурымовна Astana IT University IT менеджмент	2023 ж.
148.	Садуақас Гүлфайруз Қуандыққызы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Құқықтану	2023 ж.
149.	Ильяс Аружан Ерболқызы Назарбаев университеті	2023 ж.

Шәкірт жеңісі – ұстаз жемісі

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамда ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Дарынды балалармен жұмыс істеу дарындылықты айқындаудан басталады. Ол үшін алдымен бала бойындағы қабілеттілікті, бейімділікті тани білуіміз қажет. Осы бағытта мектеп педагогтері өз уақыттарын аямай, уақытпен санаспай түрлі бағытта жұмыстар ұйымдастырып келеді. «Дарын зергерлері» шығармашылық топ жұмысы – дарынды оқушылардың бойындағы қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға, ұштауға, бағдар беруге бағытталған шаралардың бірі. Аталмыш шығармашылық топ жұмысының міндеттері:

- Мектеп оқушылары арасынан табиғи қабілетті оқушыларды анықтау және сол оқушылардың арасынан дарынды оқушыларды шығару;



- Мектептің білім беру ортасында дарынды және қабілетті балалардың дамуына жағдай жасау;
- Дарынды балаларды дамыту және оларға қолдау көрсету. Білімдерін көрсету үшін әр түрлі пән олимпиадаларына, ғылыми жоба қорғау сайыстарына, интеллектуалды, шығармашылық сайыстарға қатыстыру.

Мектептегі дарынды балалармен жұмыс істеудің инновациялық бағыттары:



1. «Тиімді тьюторлық» жобасы. Мектепте тьюторлықты құрудың басты мақсаты – пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларға мектеп тұлғалары мен мектептегі жоғары сынып оқушыларының жеке жетекшілік ете отырып бағыт-бағдар беруі.

Тьютордың міндеттері:

- Жетекшілік ететін тобымен пәндік олимпиадаларға дайындық барысын жоспарлау;
- Жетекшілік ететін тобындағы оқушыларға

олимпиадаға дайындық жүргізу үшін қажетті ақпарат құралдарымен таныстыру;

- Оқушылардың теориялық білімдерін жетілдіру үшін олимпиада тапсырмаларын бірлесіп талдау.

2. «Зияткер» ғылыми қоғамы – зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және өз интеллектісін дамытуға талпынған оқушы жастардың ерікті шығармашылық бірлестігі. Оқушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін таныту және дамыту, ғылыми ізденудің әдістерін оқыту, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

Оқушылардың ғылыми қоғамының мақсаттары мен міндеттері:

* Оқушылардың жан-жақты дамуына, еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарауға өмірлік және азаматтық көзқарастарын қалыптастыруға, жоғары адамгершілік қасиеттер мен рухани мәдениетті дамытуға белсенді түрде көмектесу.

* Мектеп бітірушілердің нәтижелі түрде мамандық таңдауына және мамандық бағытына көмектесу болып табылады:

- мәжілістерде баяндамалар мен хабарламалар жасап тұруға;

- бір немесе бірнеше шығармашылық топтарда белсенді жұмыс істеуге, ғылыми сессия, конференция, экспедиция, жорықтарға қатысуға таңдап алған ғылыми саласы бойынша білімін өздігінен тереңдетуге, оқушылар арасында білімді насихаттауға қатысуға.

3. Пәндік олимпиада – ғылымның алғашқы баспалдағы. Білім бәсекесіне түскен, ғылым мен техниканың көз ілеспей дамыған заманында ғылымның терең сырына бала жастан бейімделу ел ертеңінің әлеуетті болуына даңғыл жол ашады. Пәндік олимпиадаға дайындық адам миының ең жоғарғы қабылдау



кезеңінде басталатындықтан, ол оқушылардың ойлау формасын дамытып қана қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, болашақ бағдарын айқындайтын ғылыми ізденіс. Осы бағытта **«Мектепшілік олимпиада резерві құрамын»** жасақтау жүйелі түрде жолға қойылған. 9-11 сынып оқушылары арасында резерв құрамына қабылдау үшін емтихан өткізіледі. Бір оқушы бір пәнді тандай алады. Өткізілген іріктеу нәтижесі бойынша негізгі он бір пән бойынша олимпиада резервінің құрамына оқушылар қабылданады. Қабылданған оқушылар арасында апта сайынша олимпиада өткізіліп, нәтижесі ілініп отырады. Бұл жоба оқушылардың бір пәнге тұрақтауына, жүйелі нәтижеге бағытталған дайындықтың жүруіне мүмкіндік береді, сонымен қатар:

** Оқушының бір пәнге тұрақталуына;*

** Оқушылар арасында бәсекелестіктің болуына;*

** Жүйелі дайындықтың жүруіне;*

** Оқушы мен жетекші арасында тығыз байланыстың орнауына;*

** Түзету жұмыстырының жүруіне алып келеді.*

4. «Intellectual capital» жобасы оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған. Аталмыш жоба тақырыбында үйірме жұмыстары да жүреді. 5-10 сынып оқушылары арасында зияткерлік тапсырмалары бойынша оқушылар іріктеліп шығады. Үздік шыққан оқушылар «Bilim High», «Білімділер додасы», «XXI ғасыр көшбасшысы» секілді түрлі сайыстарға жолдама алады.

5. «Дарын жұлдыздары» марапаттау шарасы аясында облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі түрлі білім бәсекелерінде жетістікке жеткен оқушылар марапатталып, қамқоршылық кеңес, мектеп түлектері тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Еліміздің өркендеуіне, өсіп-дамуына зор үлес қосатын, білімді, тәрбиелі де мәдениетті, бойларына құндылықтарды сіңірген, үлкенге сыйлы, кішіге қамқор ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі мектеп ұжымының алға қойған мақсаты.

Бұл орайда өткен тарихқа үңілсек, мектебіміз 2007-2008 жылы облыстық Білім жетілдіру институтының шешімі бойынша инновациялық мектептер арасында облыста алты ұстанымнан тұратын «Ашық мектеп» атты сайыста жеңімпаз атанды.

2008-2009 оқу жылының қорытындысымен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі ерекше жетістігі үшін мектепке «Ең үздік жаңашыл мектеп» атағы берілді.

2009-2010 оқу жылында 2 оқушы ең жоғары көрсеткіш – 125 балл жинап, мектебіміздің мерейін асқақтатты. Тауқасова Айнұр, Гусман Жадыра, Елеуов Мәлік сынды түлектеріміз Ресей, Армения, Украина елдерінде олимпиада жеңімпаздары атанса, Қазақстан Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары туысқан Түркияда, көршілес Ресейде азаматтық және әскери оқу орындарында оқыған Зайдуллин Орынбек, Төкестәев Ерқанат, Сейдахметов Аманбек, Сембаева Әсел, Наурызбаев Еркін, Қадыралиев Аңсарбек, Аяпова Әсел, Камилова Дана, Жукеев Артур, Русланұлы Айберген жаңашыл мектептің шетелден білім алған алғашқы шәкірттері болса, 2010 жылы мектеп түлегі Көшенова Меруерт Астана қаласындағы Назарбаев университетінің алғашқы студенттерінің бірі болу



дәрежесіне жетіп, осы жылғы түлек Жүсіпқали Иса Уфа мемлекеттік университетінің грант иегері атанды, ал аталған оқу орнына 2010-2011 оқу жылының түлектері – Құрманғали Ақылбек, Мұхамбетқали Мардан, Құмарғалиев Райымбек, Әмір Қанат оқу гранттарын жеңіп алды.

Кейінгі жылдары «Болашақ» бағдарламасы бойынша 11 түлек Америка Құрама Штаттарында, Ресей, Ұлыбритания, Чехия елдерінен білім алуларын жалғастырды.

Облыс әкімі Үкімет Реформасын қолдау мақсатында облыс экономикасын білікті мамандармен толықтыру үшін соңғы 8 жылда Асан Тайманов атындағы техникалық олимпиада өткізді.

Білікті шәкірттеріміз өз мектептерінің түлегі Асан Тайманов есімін құрмет тұта отырып, 2004-2007 жылдары берілген әр жылғы 10 гранттың 7-еуін жеңіп алса, 2007-2009 жылдары бар 10 грант түгел біздің мектеп шәкірттерінің үлесінде болды, соңғы 2009-2010 жылы қала бойынша берілген 7 гранттың жетеуі де мектеп еншісінде екенін мақтанышпен айтуға болады, ал 2010-2011 оқу жылында 5 оқушымыз жүлделі орындардан көрінді. 48 түлек техникалық олимпиаданың қорытындысымен Қазақ-Британ техникалық университетін және шетелдің жоғары оқу орындарын аяқтады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың нәтижесіне сәйкес **«Үздік олимпиадалық команда»** ретінде:

- ❖ 2018 жылы 1-орын,
- ❖ 2019 жылы 2-орын,
- ❖ 2020 жылы 3-орын,
- ❖ 2021 жылы 3-орын,
- ❖ 2022 жылы 3-орын,
- ❖ 2024 жылы 2-орын иеленсе, республика деңгейінде

«100 үздік олимпиадалық команда» рейтингісі бойынша алдыңғы қатарда келеді.

Мектеп ұжымы облысымызда білім саласындағы іргелі істердің ұйтқысы болып, республикалық, облыстық «Дарын» орталығымен, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетімен, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетімен, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжімен, БҚО «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен, «Өрлеу» кәсіби даму институтымен, Педагогикалық шеберлік орталығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Дарынды оқушыларға терең білім беруде университет оқытушылары дәріс беретін «Болашақ» бөлімі мектеп-лицей-интернатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру бағытындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агро-техникалық университетімен меморандум арқылы құрылған «Инженерлік-техникалық сынып» эксперименттік алаңында «Мобильді қосымшаларды әзірлеу» курстары 8-9 сынып оқушыларының IT сауаттылығын жаңа бағытта арттыра түсті. Аталмыш эксперименттік алаң аясында өткізілген «Трендтегі мамандықтар» облыстық байқауында осы сыныпта білім алған оқушылар 2-орынды жеңіп алды.



БҚО білім басқармасы және «Qazaqstan» РТРК» АҚ БҚОФ «Aqjaiyq» телеарнасы бірлесе өткізетін «Bilim High» облыстық интеллектуалдық телевизиялық жобасында 2022 жылы Рахметтуллин Қасымжоларт, Амангелді Даниял, Мереева Айзат, Дарханова Мадина («Сүмбіле» тобы) бірнеше кезендік іріктеуден өтіп, финалдық сайыста Дипломға ие болса, 2023 жылы Максот Райымбек, Сейілхан Ерасыл, Амангелді Асыл, Қанат Самал «Бас жүлдені» иеленіп, әрқайсысы 200 000 теңгеден жүлде қорын жеңіп алды (жетекшісі Абденова Ж.М.).



**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада
(математика-жаратылыстану бағыты)**

Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Нәтижесі	Мұғалімі
2011-2012	Хадрова Шынар	10	биология	III орын	Қанаев Е.Қ.
2014-2015	Уразов Амангелді	11	химия	III орын	Теміралиева А.Ж.
2015-2016	Асқаров Мерхан	11	физика	III орын	Шокпаров Ғ.Қ.
2019-2020	Пандемияға байланысты карантин болуына орай республикалық кезеңі өткен жоқ				
2020-2021	Климова Найля	10	биология	III орын	Жұбанова Б.Т.
2021-2022	Климова Найля	11	биология	III орын	Кажғалиева Д.Б.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада
(қоғамдық-гуманитарлық бағыты)**

Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Нәтижесі	Мұғалімі
2007-2008	Хамзина Жаңылсын	11	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Тілеужанова Ш.К.
2011-2012	Көшкінбаева Акерке	10	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Мыңбаев А.Ә.
2011-2012	Болатова Айдана	11	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Байжиенова А.О.
2011-2012	Файзолла Алпамыс	11	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Байжиенова А.О.
2011-2012	Абдығалиева Адина	10	орыс тілі мен әдебиеті	III орын	Ильжанова М.Х.



2011-2012	Қалиев Алихан	11	орыс тілі мен әдебиеті	III орын	Ильжанова М.Х.
2012-2013	Абдигалиева Адина	11	ағылшын тілі	II орын	Ишанғалиева А.М.
2012-2013	Ғазез Нәзік	11	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Мыңбаев А.Ә.
2012-2013	Мұханбетова Сәуле	10	құқық негіздері	II орын	Хамзина Э.Н.
2012-2013	Қойшыбаева Асель	10	құқық негіздері	I орын	Хамзина Э.Н.
2012-2013	Сарсенғалиева Асель	11	құқық негіздері	III орын	Хамзина Э.Н.
2013-2014	Жардемова Аяжан	10	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Ығылманова Ш.Р.
2014-2015	Жардемова Аяжан	11	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Ығылманова Ш.Р
2014-2015	Асқар Бағлан	10	ағылшын тілі	III орын	Бисенғалиева А.Н.
2014-2015	Кеуденова Диана	11	ағылшын тілі	III орын	Айтқалиева Д.Е.
2014-2015	Жалмұхан Жұлдыз	11	құқық негіздері	III орын	Әлмұқан А.С
2015-2016	Сапар Раушан	10	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Имашева Д.И.
2016-2017	Сапар Раушан	11	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Имашева Д. И.
2016-2017	Наукенова Айнұр	10	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Имашева Д.И.
2017-2018	Наукенова Айнұр	11	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Имашева Д.И.
2017-2018	Әлмембет Альмира	10	қазақ тілі мен әдебиеті	Грамо та	Тілеужанов Ш.
2017-2018	Игизғали Алишер	10	ағылшын тілі	Грамо та	Бисенғалиева А.Н.
2017-2018	Айташева Айым	10	құқық негіздері	Грамо та	Рахметов А.О.
2017-2018	Сапар Сабыржан	10	құқық негіздері	Грамо та	Рахметов А.О.



2018-2019	Нұрсейтова Қарлығаш	10	кұқық негіздері	II орын	Рахметов А.О.
2018-2019	Ерболова Ақгүлім	9	қазақ тілі мен әдебиеті	III орын	Байжиенова А.О.
2018-2019	Матова Амина	10	орыс тілі мен әдебиеті	III орын	Кадралина С.Х.
2019-2020	Карантин болуына байланысты республикалық кезеңі өткен жоқ				
2020-2021	Ерболова Ақгүлім	11	қазақ тілі мен әдебиеті	I орын	Байжиенова А.О.
2020-2021	Бекқалиева Гүлшат	11	ағылшын тілі	II орын	Бисенғалиева А.Н.
2020-2021	Темирхан Мақпал	10	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Имашева Д.И.
2021-2022	Абхиев Асан	9	өзін-өзі тану	I орын	Кадырова Н.М.
2021-2022	Темирхан Мақпал	11	қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Имашева Д.И.
2021-2022	Мурзағали Аружан	10	Қазақстан тарихы	III орын	Батырғалиев М.Х.
2022-2023	Сансызбаева Ұлжан	10	кұқық негіздері	II орын	Рахметов А.О.
2022-2023	Айкөргенова Мадина	10	орыс тілі мен әдебиеті	III орын	Курмашева М.З.
2022-2023	Мурзағали Аружан	11	Қазақстан тарихы	III орын	Батырғалиев М.Х.
2023-2024	Сансызбаева Ұлжан	11	кұқық негіздері	III орын	Рахметов А.О.
2023-2024	Исатай Дина	10	Қазақстан тарихы	III орын	Әлмұхан А.С.
2023-2024	Зулхожина Аружан	11	Қазақстан тарихы	III орын	Әлмұхан А.С.



**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық
ғылыми жобалар байқауы**

Уақыты	Мұғалімі	Пәні	Нәтижесі	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
2007-2008	Тапалова М.Ж.	биология	III орын	Байғазиева Эльнара	11
2009-2010	Шонбаев Ж.М.	Информатика	III орын	Өмірбаев Ержан	10
2010-2011	Шонбаев Ж.М.	Информатика	III орын	Өмірбаев Ержан Сүлейменов Жарас	11
2013-2014	Атош Г.С.	Қазақ тілі мен әдебиеті	II орын	Бекжан Еркежан	11
2014-2015	Мусағалиева Г.Қ	Математика	II орын	Жугунисова Айдана	11
2017-2018	Лұқпанов Х. Қ.	Физика	III орын	Сариев Мирас	11
2021-2022	Опиев Д.Ж.	Қазақстан тарихы	II орын	Жүсіп Ақжол	11
2021-2022	Әлмұқан А.С.	Құқық негіздері	III орын	Аманғалиева Аружан	9
2022-2023	Әлмұқан А.С.	Қазақстан тарихы	II орын	Зұлхожина Аружан	10
2022-2023	Әлмұқан А.С.	Қазақстан тарихы	II орын	Серік Асылжан	10
2022-2023	Әлмұқан А.С.	Қазақстан тарихы	III орын	Мурзағали Аружан	11
2023-2024	Әлмұқан А.С.	Қазақстан тарихы	II орын	Сагидоллаева Тұрсыннай	9
2023-2024	Имашева Д.И.	Қазақ әдебиеті	Грамота	Аманқос Жібек	11



Конкурстар, сайыстар, байқаулар

Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Байқаудың атауы	Нәтижесі	Жетекшісі	Дегені
2006-2007	Сапаров Адильхан	9	«Ғылым әлемін ашамыз» III халықаралық конференция	II орын	Лұқпанов Х.Қ.	халықаралық
2009-2010	Ысқақ Оралбек	10	Республикалық Мұқағали оқулары	Бас жүлде	Төкестай К.К.	республикалық
	Губайдуллина Дана	10	Халықаралық «Русский медвеженос» олимпиадасы	I орын	Сүлейменова Г.Б.	халықаралық
	Хайруллина Әлия	10	Халықаралық «Русский медвеженос» олимпиадасы	I орын	Сүлейменова Г.Б.	халықаралық
2010-2011	Сағымбаева Әсем	11	Әл-Фараби атындағы республикалық олимпиада (Қазақ тілі мен әдебиеті)	I орын	Төкестай К.К.	республикалық
2010-2011	Ысқақ Оралбек	11	XIII халықаралық Шабьғт шығармашылық жастар фестивалі дипломанты	Диплом арайы жүлде	Төкестай К.К.	республикалық
2010-2011	Болатова Айлана		«Мұқағали оқулары – 2011» республикалық сайысы	III орын	Шұхан Н.Е.	республикалық
2012-2013	Катенов Темірлан	10	Халықаралық «Компьютерная физика» турнирі	II орын	Лұқпанов Х.Қ.	халықаралық
2012-2013	Мұңалбай Айгерім	10	Жалпы білім беретін мектептің 7-11 сынып оқушыларының «Жарқын болашақ» V республикалық KATEV қазақ тілі олимпиадасы	II орын	Атош Г.С.	республикалық
2013-2014	Сатыбалдиев М. Уразов А.	11 10	Оқушылардың III республикалық Астрономиялық турнирі	II дәрежелі Диплом	Лұқпанов Х.Қ.	республикалық
2013-2014	Арыстанбай Рахметолла	11	Ғарыштық зерттеулер бойынша «Ғылым әлемін ашамыз» атты X халықаралық ғылыми жобалар байқауы	Грамота	Лұқпанов К.Қ.	халықаралық



2013-2014	Камиева Илдирә	10	«Мұқағали оқулары - 2014» республикалық сайысы	Арнайы жүлде	Шхан Н.Е.	республикалық
2014-2015	Айдынгалиева Назерке	9а сн	«Жүрегіңнің түбіне терең бойла» «Өзін-өзі тану» пәні бойынша Республикалық олимпиада	II орын	Калырова Н.М	республикалық
2014-2015	Бөкенбай Ерасыл	9	«AI-Farabi university-apart city»жобасы аясындағы Республикалық «Әл-Фараби мұрасы» байқауында Үздік шығарма, эссе, фото, аудио, видеоматериал, графикалық сурет жеңімпазы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ұйымдастырылған Республикалық «Ұлы Жеңіске тағзым» байқауы	II дәрежелі Диплом III дәрежелі Диплом	Имашева Д.И.	республикалық
2014-2015	Уразов Амангелді	11б сн	Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша VII Президенттік олимпиада	III дәрежелі Диплом	Қанаев Е.Қ Мусағалиева Г.Қ Казиханова Э.Б Шокпаров Ғ.Қ Темірәлиева А.Ж	республикалық
2014-2015	Дүйсенова Асем	11б сн	Оңтүстік Кореяда өткен Халықаралық «Жас ғалым» байқауы	I орын Диплом	Тойшыбаева Г.Е	халықаралық
2014-2015	Уразов Нұржан Салпыгереев Ернұяз	11 11	Ресей қаласында өткен Халықаралық XXII В.И.Вернадский атындағы ғылыми жұмыс	I дәрежелі Диплом	Шокпаров Ғ.Қ	халықаралық
2014-2015	БағдатоваТомирис	11	Ресей қаласында өткен Халықаралық XXII В.И.Вернадский атындағы ғылыми жұмыс	I дәрежелі Диплом	Темірәлиева А.Ж	халықаралық



2014-2015	Аманов Әділет Тұрсынғалиев Арман	11 11	Королев қаласында (Ресей) өткен Халықаралық «АДАМ-ЖЕР-ҒАРЫШ» атты қоршаған ортаны қорғау проблемалары бойынша ғылыми- зерттеу проектісінің жалпыресейлік олимпиадасы	III дәрежелі Диплом	Тапалова М.Ж	халықаралық
2015-2016	Сапар Раушан	10	Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадасы	I Дәрежелі Диплом	Имашева Д.И.	республикалық
2015-2016	Асхатқызы Перизат	9	XVI Республикалық Абай оқуларында «Көңілім әнді ұғалы» бөлімі	III Дәрежелі Диплом	Ильжанова Х.Е.	республикалық
2015-2016	Жубаналиев Мирас	11	Оңтүстік Кореяның Дәлжон қаласында өткен «Жас ғалым» II халықаралық ғылыми жобалар сайысы	I Дәрежелі Диплом	Тапалова М.Ж.	халықаралық
2015-2016	Тлеккабыл Нұрұл	10	«Адам-Жер-Ғарыш» атты XVII Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу жобасы	III Дәрежелі Диплом	Лұқпанов Х.Қ.	халықаралық
2015-2016	Телеген Бекарыс	10	«Адам-Жер-Ғарыш» атты XVII Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу жобасы	III Дәрежелі Диплом	Лұқпанов Х.Қ.	халықаралық
2015-2016	Абдрешев Батырхан	11	«Адам-Жер-Ғарыш» атты XVII Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу жобасы	II Дәрежелі Диплом	Шонбаев Ж.М.	халықаралық
2016-2017	Задагереева Бекзада	10	Республикалық ғарыштық физика мен астрономиядан оқушылардың ғылыми жобасы	II дәрежелі Диплом	Лұқпанов Х.Қ.	республикалық
2016-2017	Марс Шынар Муратов Исабек Задагереева Бекзада	8 9 10	Астрофизиканың заманауи мәселелері мен астрономиядан оқушылардың Республикалық турнирі	I дәрежелі Диплом	Лұқпанов Х.Қ. Шоқпаров Ғ.Қ. Охас Н.Б.	республикалық



2016-2017	Есенгелдина Мерей	6	«Дала дарыны» республикалық балалар байқауының «Бейнелеу өнері» номинациясы	III дәрежелі Диплом	Шахаева Р.Т.	республикалық
2016-2017	Нұржігітқызы Дана	9	Республикалық "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқушылар арасындағы олимпиада	I дәрежелі Диплом	Туашева К.А.	республикалық
27-30.04.2017	Сапар Раушан	11a	Қаңлпа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиада	II дәрежелі Диплом №I-002	Имашева Д.И.	Республикалық
27-30.04.2017	Науқенова Айнуір	10a	Қаңлпа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиада	II дәрежелі Диплом №I-009	Имашева Д.И.	Республикалық
2016 ж Ақтөбе қ	Джахиrowa Назира	5	Жас жеткіншектер арасында өткен I Халықаралық фестиваль-байқауында "10-13 жас аралығында көркемсурет" номинациясы	I дәрежелі Диплом	Шахаева Р.Т.	Халықаралық
17-20.02.2017	Мұхамбетов Темірлан Мерғенова Мөлдір Исғалиева Дильназ	7	3-11 сыныптарға арналған «Золотое руно» Халықаралық интеллектуалды конкурсы Такырыбы: «Ресейдегі ағартушылық дәуір» тарих пәні бойынша	III дәрежелі Диплом Сертификат	Шманова Н.О.	Халықаралық
2016-2017	Ерсанов Дәулет Залмұханов Алибек Сахтаров Дәуірбек Мұратов Дулат Сыдинов Расул Амангельдиева Макпал		III Халықаралық «Roboland 2017» роботтар құрастыру фестивалі Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы командаласы	II дәрежелі Диплом	Шонбаев Ж.М.	Халықаралық
2016-2017	Ерсанов Дәулет Залмұханов Алибек Сахтаров Дәуірбек Мұратов Дулат	10	The team of Oral city, the West – Kazakhstan region 2-nd prize «Roboland 2017» III-rd International Festival of Robotics TEAM AWARD	DIPLOMA Awarded I дәрежелі Диплом	Шонбаев Ж.М.	Халықаралық



Тайдықорға н к.	Бүләтөв Айару	10	III Халықаралық «Roboland 2017» роботтар құрастыру фестивалі Жалпы білім беретін оқу орындары оқушылары арасында өтетін республикалық Мұқағали оқуларында	II орын	Байжієнова А.О.	республикалық
2017-2018	Абугалиева Азиза	8	Химия пәнінен жаратылыстану- математика бағытындағы пәндер бойынша I республикалық жасөспірімдер олимпиадасы	Грамота	Темиралиева А.Ж.	республикалық
2017-2018	Сахтаров Даурбек	10	«Roboland» халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі Gladiator v-kx2	II орын	Әбукалієв Ә.М.	халықаралық
2017-2018	Залмұханов Әлібек	11	"KazRobotics-2017" халықаралық робо-фестивалі шеңберінде өткен "KazRoboProject-2017" ғылыми- техникалық жобалардың республикалық байқауы "KazRobotics-2017" халықаралық робо-фестивалі	III дәрежелі Диплом Сертификат	Шонбаєв Ж.М.	республикалық
2017-2018	Мұратов Дулат	11	"KazRobotics-2017" халықаралық робо-фестивалі шеңберінде өткен "KazRoboProject-2017" ғылыми- техникалық жобалардың республикалық байқауы "KazRobotics-2017" халықаралық робо-фестивалі	III дәрежелі Диплом Сертификат	Шонбаєв Ж.М.	республикалық
2017-2018	Тұрсынбаєва Айшат	11	Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден X Президенттік олимпиадасы	II дәрежелі Диплом	Шоньараєва М.Р. Лұқпанов X.Қ. Канаєв Е.Қ. Казиханова Ә.Б.	республикалық



2017-2018	Тапанао Айнұр	8	Биология пәнінен жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша І республикалық жасөспірімдер олимпиадасы	ІІІ орын	Хабдолла А.Т.	республикалық
2017-2018	Абугалиева Азиза	8	Химия пәнінен жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша І республикалық жасөспірімдер олимпиадасы	Грамота	Темиралиева А.Ж.	республикалық
2017-2018	Ғаззова Назерке	11	Қаңипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы	ІІ орын	Имашева Д.И.	республикалық
2017-2018	Бірлесова Балауса	11	Қаңипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы	ІІІ орын	Имашева Д.И.	республикалық
2017-2018	Сағатова Айдана		Қаңипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы	Диплом	Имашева Д.И.	республикалық
2017-2018	Науқенова Айнұр		Қаңипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы	ІІІ орын	Имашева Д.И.	республикалық
2017-2018	Әлмембет Альмира		Қаңипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы	ІІІ орын	Тлеужанова Ш.К.	республикалық
2018-2019	Ерболова Ақтүлім	9а	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай өткізілген "Тәуелсіздік - жыр, әнім" республикалық шығармашылық фестивалі аясындағы "Таза, мінсіз асыл сөз" ішпендік өнер байқауы	Бас жүлде Диплом	Байжігітенова А.О.	республикалық
2018-2019	Ғалымжан Елжан	11а	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай өткізілген "Тәуелсіздік - жыр, әнім" республикалық шығармашылық	І орын Диплом	Байжігітенова А.О.	республикалық



Астана қ.			фестиваль аясындағы "Тәуелсіздік тартуы" бала акындардың мұшайрасы				
		10	Республикадағы орта білім беру мекемелері оқушыларының және арнаулы білім беретін колледж білім алушыларының қатысуымен өткізілген республикалық "Ғылым көкжиегі-2019" ғылыми жобалар байқауы	II дәрежелі Диплом	Ибрагимов А.Ж.		республикалық
15-16.03.2019 Талдықорған қ.	Әлмембет Альмира	11	Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен республикалық Мұқағали оқулары	Арнайы жүлде	Байжігітенова А.О.		республикалық
2019-2020	Ерболова Ақтүлім	9	II Республикалық "Қадыр оқулары - 2019" байқауында "Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін..." бағамы	Бас жүлде	Байжігітенова А.О.		республикалық
26-28.08.2019 ж. Нұр-сұлтан қ.	Ерболова Ақтүлім	10	Білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында өткен XX республикалық Абай оқулары	II орын	Байжігітенова А.О.		Республикалық
2019-2020	Аманжол Жібек Рахметтуллин Қасымжоларт Қайыргалиева Нұрлы	7 8 9	"Өзін-өзі тану" пәні бойынша республикалық олимпиада	III дәрежелі Диплом Сертификат	Мағзұмова З.Т., Калырова Н.М., Ильясова Ж.Ж.		республикалық
2019-2020	Жаксыбай Айсана	3	2-4 сынып оқушылары арасында "Бастау" ХІІІ республикалық математикалық онлайн-турнирі	II дәрежелі Диплом	Абылрахманова Л.Т.		республикалық



2019-2020	Мұхит Нұржігіт	3	2-4 сынып оқушылары арасында "Бастау" ХШ республикалық математикалық онлайн-турнирі	III дәрежелі Диплом	Суханова Г.Р.	республикалық
2019-2020	Темірханов Ералы	3	2-4 сынып оқушылары арасында "Бастау" ХШ республикалық математикалық онлайн-турнирі	III дәрежелі Диплом	Габбасова У.К.	республикалық
2020-2021	Жүсіп Асқол	10	III республикалық "Қаңар оқулары-2020" байқауында "Сөзім барда - езім бар" номинациясы бойынша	Бас жүлде	Атош Г.С.	республикалық
2020-2021	Серік Асылжан	8	"Менің Отаным - менің бастамам" республикалық шығармашылық жобалар байқауының "Өз жылуыңмен бөліс" номинациясы	III дәрежелі Диплом	Әлмұқан А.С.	республикалық
2020-2021	Диниш Сурайя	6	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасы	I дәрежелі Диплом	Ахметкалиева Светлана Жуковна	республикалық
2020-2021	Тлесова Алия	6	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасы	II дәрежелі Диплом	Әлмұқан Асқар Сатыбайұлы	республикалық
2020-2021	Мұрат Айару	5	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасы	III дәрежелі Диплом	Жанадильова Анаргүл Амангелдібаевна	республикалық
2020-2021	Бекниш Аружан	10	Үстел теннисінен Қазақстан Республикасының чемпионаты БҚО әйелдер командасы құрамы	II дәрежелі Диплом	Убишев Ибрай Қуанышбаевич	республикалық
2020-2021	Бекниш Аружан	10	Алматы қаласында өткен Үстел теннисінен 2006 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында батысқазақстандық спортшылар кыздер арасында жекелей ойында Шығармашыл оқушылары	III орын	Убишев Ибрай Қуанышбаевич	республикалық
2021-2022	Темір Нұрдана	11	арасындағы "Ақберек" VІІІ республикалық өнер байқауының	II дәрежелі Диплом Сертификат	Атош Г.С.	республикалық



	жүлдегері "Ақындар айтысы" номинациясы бойынша					
2021-2022	Ескалиева Дольназ	10	Шығармашыл оқушылар арасындағы "Ақберен" VІІІ республикалық өнер байқауы	Грамота Сертификат	Ахметкашева С.Ж.	республикалық
2021-2022	Диниш Марьям	5	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасы	I орын Диплом Сертификат	Кадралина С.Х.	республикалық
2021-2022	Сариев Еділге	11	"Мамандықтар әлемін ашамыз" республикалық форумның "Осындай мамандық бар" номинациясы бойынша	II орын	Искакова А.О.	республикалық
2021-2022	Сариев Еділге	11	Халықаралық "Әл-Фараби -2022" олимпиадасы	III дәрежелі Диплом	Ахмадиев А.С.	республикалық
2022-2023	Шәкірат Әли	10	Мамандандырылған білім беру ұйымдарын 10-11 сыныптар арасында өткен "Қазақстан Білім Олимпиадасының" математика пәні	III дәрежелі Диплом	Казиханов Серік Мендыбаевич	республикалық
2022-2023	Ғылым Еділхан	10	Мамандандырылған білім беру ұйымдарын 10-11 сыныптар арасында өткен "Қазақстан Білім Олимпиадасының" физика пәні	III дәрежелі Диплом	Кинешева Венера Нурлановна	республикалық
2022-2023	Амангелді Даниял	11	Мамандандырылған білім беру ұйымдарын 10-11 сыныптар арасында өткен "Қазақстан Білім Олимпиадасының" физика пәні	III дәрежелі Диплом	Кинешева Венера Нурлановна	республикалық
2022-2023	Дженисов Айбар	10	Ұйымдарын 10-11 сыныптар арасында өткен "Қазақстан Білім Олимпиадасының" информатика пәні	III дәрежелі Диплом	Құлабаева Гульдана Қашырбековна	республикалық



2022-2023	Нағмова Махабат	10	Мамандандырылған білім беру ұйымдардың 10-11 сыныптар арасында өткен "Қазақстан Білім Олимпиадасының" химия пәні	III дәрежелі Диплом	Серикалиева Р.Е.	республикалық
2022-2023	Максот Инабат	7	2-7 сынып оқушыларының "Зерде" зерттеу жобалары	III дәрежелі Диплом	Әлмұқан А.С.	Республикалық
2022-2023	Мұрат Раушан	5	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиада	III дәрежелі Диплом	Шоңыраева М.Р.	республикалық
2022-2023	Баптабаева Аружан		Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған "Мен - репортерім" республикалық байқауы	III дәрежелі Диплом	Шамарова Г.Е.	республикалық
2022-2023	Максот Инабат	7	2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының ХVIII республикалық "Зерде" конкурсы	III дәрежелі Диплом	Әлмұқан А.С.	республикалық
2022-2023	Бекіш Аружан	11	ҚР Чемпионаты	III орын		республикалық
2022-2023	Хайырлыева Альмира	11	"Қазақстандағы балалар жылы: балалар құқығын қорғау саласындағы өзекті мәселелер, басты түйіндіктер мен мүмкіндіктер" халықаралық конференциясы	Диплом		республикалық
2022-2023	Сансызбай Алихан	5	Математика пәнінен 5-6 сыныпқа арналған "Алтын сақа" олимпиадасының республикалық кезеңі	III дәрежелі Диплом	Шоңыраева М.Р.	республикалық
2022-2023	Мұрат Раушан	5	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушылары	III дәрежелі Диплом	Шоңыраева М.Р.	республикалық



			арасындағы республикалық олимпиада				
2022-2023	Әбіш Жәмила	9	Жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары арасында XXIV республикалық Абай оқулары	III дәрежелі Диплом	Байжігісова А.О.	республикалық	
2022-2023	Салауатов Әнуар Қусан Мансур	10	Қарағанды қаласында өткен VII халықаралық бағдарламалу және инновациялық технологиялар фестиваліне Saken Mektebi ASTROBOY роботгеометрия (Level 2) байқауында бақ сынаған 12 команда ішінде ең жоғары 836 ұпай жинады	I дәрежелі Диплом	Махимов Ә.М.	халықаралық	
2022-2023	Мырзахметов Айдос	11	Халықаралық "Әл-Фараби - 2023" олимпиадасы	III дәрежелі Диплом	Қазиханов С.М.	республикалық	
2022-2023	Жанболатова Инабат	11	Халықаралық "Әл-Фараби - 2023" олимпиадасы	III дәрежелі Диплом	Айтқалиева Д.Е.	республикалық	
2023-2024	Нығметжан Нұралы	9	Қ.И.Сәтбаев атындағы республикалық олимпиадасы	сертификат	Серикқалиева Р.Е.		
2023-2024	Мәлік Эленора	9	"Балалар әлемі" жобасы аясында Республикалық балалар оқулары байқауы	Алғыс хат	Байжігісова А.О.		
2023-2024	Махматова Фарид	7	XIX "Зерле" республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының жаратылыстану-математикалық бағыты	II дәрежелі Диплом	Жанекенова Б.Ж.		



Оқушылардың білім сайысында жоғары нәтиже көрсетуі мұғалімге тікелей байланысты. Педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін дамыту жолында ғылыми-әдістемелік орталық жұмыс жасайды.

Ғылыми-әдістемелік орталық

Мектеп-лицей-интернатының бүкіл әдістемелік жұмысының негізі ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады.

Мектеп-лицей-интернаттың әдістемелік тақырыбы: «Нәтижеге бағытталған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру».

Мектеп-лицейдегі ғылыми-әдістемелік қызметтің мақсаты: педагогтерге оқушыларды құндылықтарға негізделген құзыреттілікке бағыттап, оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда, кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Мектеп-лицейдегі ғылыми-әдістемелік жұмыстардың негізгі міндеттері:

- мектептің педагогикалық ұжымы іс-әрекетінің жаңашылдық бағыттылығын қалыптастыру;
- мұғалімдердің теориялық және педагогикалық-психологиялық даярлық деңгейін көтеру;
- оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденіске тарту;
- мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету;
- өз білімін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыру жолдарын анықтау;
- педагог қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау, бағалауда көмек көрсету;
- озық іс-тәжірибелерді облыстық, республикалық деңгейде тарату;
- мұғалімдер мен оқушыларды ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу.

Күтілетін нәтижелер:

Кәсіби құзыретті педагогтер арқылы жоғары сапаға қол жеткізу;

Білім беру ортасының қоғамның жоғары сұранысына бейімделуі.

Білім мен тәрбие құндылықтарын жоғары бағалайтын жаңашыл педагогтердің кәсіби білімдерін дамыта отырып, өзара тәжірибе алмасып, дамуына жағдай жасауда мектепте «FLAME» кәсіби қоғамдастығы «Өзін лаула, өзгені жандыр» ұранымен жұмыс жасайды. Қоғамдастық аясында мұғалімнің кәсіби мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар, «сабақты зерттеу» жұмыстарын үйлесімді әрі тиімді ұйымдастыруда «Lesson study» (жетекшісі



Ш.Уйсимбаева), педагог-шебер санатындағы мұғалімдердің шығармашылық педагогикалық іс-әрекетімен, тәжірибесімен таныстыру арқылы өзге педагогтер-дің кәсіби жетілуіне көмектесуде «Pedagogical skills» (жетекшісі Э.Казиханова), оқушылардың оқуын жақсарту үшін оқытудағы іс-әрекетті зерттеуді ұйымдастыруда «Action Research» (жетекшісі А.Тулешева), оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіру, жаңа педагогикалық технологияларды меңгертуде «Ізденіс» (жетекшісі Ж.Даулетбаева), оқушыларды пәндік олимпиада мен ғылыми зерттеуге дайындау жолдары мен іздену әдістерін жетілдіруде «Дарын зергерлері» (жетекшісі А.Мынжасова), ағылшын тілінен тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы ұтымды әдіс-тәсілдерді қолданып үйретуде «Effortless English» (жетекшісі М.Джуламанова) шығармашылық топтары педагогтерге кәсіби қолдау көрсетіп, дамыту шараларын ұйымдастыруда. Педагогтердің шеберлігін шындау, кәсіби тәжірибе алмасуы үшін «Педагогикалық шеберлік алаңы», «Киберпедагог клубы», «Шабыт. Тәжірибе. Идея», «Тең-теңімен», «Біз біргеміз», «Digital Life», «Тиімді тьюторлық», «Intellectual capital», «Mentoring», «EDUMETHCARE» жобалары мұғалімдердің ақпараттық-сандық, тілдік, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруда өз септігін тигізуде.

2023-2024 оқу жылында

Барлық педагогтер саны	Пән мұғалімдері	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарамшы	Педагог-модератор	Магистр
125	72	12	34	16	12	15

Мектеп ұстаздары авторлық бағдарламалар жасап, өздерінің іс-тәжірибелерін облыс, республика көлемінде таратуда. Соңғы үш жылда 4 іс-тәжірибе республика көлемінде, 58 педагогтің іс-тәжірибесі облыс көлемінде таратылса, 64 мұғалімнің мақаласы облыстық, республикалық басылым беттерінде жарық көрді.

Орталықтың басты ұстанымы – білім беру процесінің әрбір қатысушысына өзінің табыс саласын анықтауға және өзінің жеке әлеуетін іске асыруға, білім беру қажеттіліктерін, үміттерін және сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік беру. Білім берудегі инновациялар қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес, мұғалімдердің инновациялық қызметіне жоғары талаптар қояды. Мектеп педагогтерімен ұйымдастырылатын әдістемелік қызмет инновациялық үдерістерді игеріп алудың мәні, заманауи білім беруді жаңғыртудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл – кәсіби табыстылықтың кепілі, мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі ұтқырлық пен тиімділікке алып келетін



жұмыс нәтижесі. Оған дәлел – мектебіміздің шығармашыл ұстаздары – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мыңбаев Аянбек Әділгерейұлы, математика пәні мұғалімдері Казиханов Серик Мендыбаевич, Мусағалиева Гулмирам Куанышовна, химия пәні мұғалімі Казиханова Эльмира Бейсембаевна республикалық деңгейде, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Байжиенова Агерке Орыновна, Имашева Динара Иманбаевна, тарих пәні мұғалімдері Опиев Дархан Жайшылыкович, Әлмұқан Асқар Сатыбайұлы облыстық деңгейде «Үздік педагог» конкурсының әр жылдағы жеңімпаздары және «Үздік педагог» атағының иегерлері атануы.

Мектеп беделі ұстазымен абыройлы. Облыстық, республикалық сайыстарда есімдері аталып, жүлделі орындардан көрініп жүрген ұстаздарымыз жетерлік. Атап айтар болсақ, математика пәні мұғалімі Г.Мусағалиева мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Байжиенова – Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының жүлдегерлері.

Өткен оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Имашева Динара Иманбаевна республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсында II орын, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шманова Нуржамал Ораловна облыстық «Пушкин оқулары» байқауында III орын, облыстық «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауында химия, биология пәні мұғалімі Хайрекеева Гульнафиса Канатовна II орын, тарих пәні мұғалімі Опиев Дархан Жайшылыкович III орын, Имашева Динара Иманбаевна, Курмашева Майра Зербиевна, Айткалиева Динара Ермекқызы, Алышев Бауыржан Сағынулы қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдерінің арасында өткен облыстық «The Millennial Teacher» шығармашылық байқауында II орын, Өзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Мәңгілік махаббат жыршысы» байқауының «Өмір өрнектері» бөлімі бойынша көркем еңбек пәні мұғалімі Бекишев Мереке Мендигалиевич, «Ерлік пен махаббат» бөлімі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Молдағалиева Ұлбосын Жексембайқызы II орын, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мусеева Ганмира Гусмановна «Мой Know how в обучении» облыстық байқауында II орын, математика пәні мұғалімдері Амантаева Динара Амантаевна, Мынжасова Налия Сулейменовна, Нұрмұхан Балауса Нұржанқызы, Тауас Ернар Ізбасарұлы облыстық «Математикалық регата» турнирінде II орын, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, тәлім алушы Таскенова Айымгүл Оралқызы мен тәлімгері Байжиенова Агерке Орыновна «Тәлімгерден талап – жас маманға қанат» облыстық байқауында III орын, «Үздік маман» қалалық байқауында тарих пәні мұғалімі Әлмұқан Асқар Сатыбайұлы «Үздік мұғалім» аталымы бойынша III орын, дене шынықтыру пәні мұғалімі Ғатау Тимур Қайратұлы үстел теннисінен Орал қаласының ашық «D» лигасында III орын жүлдегерлері атанды. Облыстық «Сапалы білім сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі байқауында химия пәні мұғалімі Сериккалиева Рима Ержановна мен математика пәні мұғалімі Мынжасова Налия Сулейменовна II орын, ағылшын тілі пәні мұғалімі Утепова Эльмира Галимовна мен физика пәні мұғалімі Бородосова Эльвира Копболсыновна III орын, облыстық «Педагогикалық идеялар фестивалі»



конкурсында география пәні мұғалімі Уйсимбаева Шугыла Кузембаевна ІІ орын жүлдегерлері атанды.

2023-2024 оқу жылы облыстық «Сапалы білім сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі байқауында химия пәні мұғалімі Сериккалиева Рима Ержановна мен математика пәні мұғалімі Мынжасова Налия Сулейменовна ІІ орын, ағылшын тілі пәні мұғалімі Утепова Эльмира Галимовна мен физика пәні мұғалімі Бородосова Эльвира Копболсыновна ІІІ орыноблыстық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсында география пәні мұғалімі Уйсимбаева Шугыла Кузембаевна жүлделі ІІ орын жүлдегерлері атанды.

Облыстық химия пәні мұғалімдеріне арналған облыстық «GHEMICAL REGATTA – 2024» байқауында химия пәні мұғалімдері Казиханова Эльмира Бейсембаевна мен Сериккалиева Рима Ержановна І орын, облыстық физика пәні мұғалімдерінің «Квант» интеллектуалды байқауында мектебіміздің физика пәні мұғалімдерінің командасы – Каримғалиева Анаргүль Нурпеисовна, Малкесова Айман Салауатовна, Бородосова Эльвира Көпболсыновна, Мендыбаева Гаухар Бериковна І орын, облыстық математика, физика, информатика пәндері бойынша шығармашылық байқауда информатика пәні мұғалімі Кудабасева Г.Қ І орын жеңімпаздары атанса, облыстық математика, физика, информатика пәндері бойынша шығармашылық байқауда физика пәні мұғалімі Каримғалиева А.Н. ІІІ орын, математика пәні мұғалімі Тулешева А.С. «Үздік математик» номинациясын иеленді. Облыстық «The Millennial Teacher» конкурсында мектебіміздің мұғалімдер командасы – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кадралина Сара Кайреденовна, ағылшын тілі пәні мұғалімі Джуламанова Мерует Сериковна, тарих пәні мұғалімі Рахметов Амантай Орынғалиевич, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Молдағалиева Ұлбосын Жексембайқызы ІІІ орын иеленді.

Бірнеше жыл қатарынан математика пәні мұғалімі Мусағалиева Гүлмирам Қуанышовна Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің оқулық-тарға, оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жасау комиссиясының мүшесі, информатика пәні мұғалімі Ахмадиев Арман Сансызбаевич, химия пәні мұғалімі Казиханова Эльмира Бейсембаевна, тарих пәні мұғалімі Алышев Бауыржан Сағынұлы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі және Ұлттық тестілеу орталығының Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптама жүргізу тобы мүшесі болып табылады.

Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын жаққан, ерен еңбегімен құрметке бөленіп жүрген ұстаздар қауымы мемлекеттік, салалық наградалармен марапатталуда. Атап айтар болсақ, Казиханов Серик Мендыбаевич «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағының, Байжиенова Агерке Орыновна ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің, Мыңбаев Аянбек Әділгерейұлы, Хамзина Аяғоз Орынбаевна, Бисенғалиева Акжан Насимоллиевна, Байжиенова Агерке Орыновна «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің, Казиханов Серик Мендыбаевич, Шоңыраева Маншук Рамазановна, Каратаева Шынар Турсынғалиевна, Мусағалиева Гүлмирам Қуанышқызы, Казиханова Эльмира Бейсенбаевна «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, Шоңыраева Маншук



Рамазановна, Бисенғалиева Ақжан Насимоллиевна «Еңбек ардагері» медалінің, Суханова Гульшат Рахимовна, Гиззатов Жаксымбет Зинкеевич «Батыс Қазақстан облысының білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегерлері.

Ұжымның абыройлы еңбегінің нәтижесінде 2020, 2021, 2022, 2024 жылдары мектебіміз оқушылардың республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде «Үздік команда» аталымын иеленді. Батыс Қазақстан облысының білім басқарқармасының Білім беруді дамыту орталығы ұйымдастырған «Батыс INNOVATIONS» жобасы аясында мектебіміз «Үздік тьютор мектеп – 2020» атанды. 2023 жылы мектебіміз «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған байқауда «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» атанса, қала күніне орай ұйымдастырылған қалалық «Жасыл қала» байқауында «Үздік білім беру ұйымы» аталымымен марапатталды.

Мектебіміздің оқушылары да жыл сайын халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған түрлі байқау, олимпиадалардың жеңімпаз-дары атанып жүр. 2023 жылғы республикалық олимпиадада 3 оқушы жеңімпаз болып, республика бойынша 100 үздік мектептің 31-орнынан көрініп отыр.

Мектеп түлектері жыл сайын мемлекеттік, халықаралық ЖОО грант иегері атануда. ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп соңғы 10 жылдан астам уақыт бойы республика бойынша алдыңғы орында тұр.

Шәкірт білімінің тереңдігі – заман талабы. Осы жауапкершілікті сезінген мектеп ұжымы облысымызда білім саласындағы іргелі істердің ұйтқысы болып, республикалық, облыстық «Дарын» орталықтарымен, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетімен, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжімен, «Өрлеу» кәсіби даму институтымен, Педагогикалық шеберлік орталығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Дарынды оқушыларға терең білім беруде университет оқытушылары дәріс беретін «Болашақ» бөлімі мектеп-лицей-интернатының құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушыларға кәсіби бағдар беру бағытында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен тығыз байланыста жұмыс істеп, меморандум арқылы құрылған «Инженерлік-техникалық сынып» эксперименттік алаңында «Мобильді қосымшаларды әзірлеу» курстары 9-сынып оқушыларының IT сауаттылығын жаңа бағытта арттыра түсті. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен істейді.

Қазіргі уақытта «Болашақ» бөлімінде 9 мұғалім дәріс береді. Олар – мектебіміздің тәжірибелі ұстаздары мен жоғары оқу орындарының мамандары.

№	Аты-жөні	Пән атаулары	Жұмыс орны	Ғылыми атағы/біліктілік санаты
---	----------	--------------	------------	--------------------------------



1	Мүтиев Зинолла Жаксылыкович	Қазақ тілі мен әдебиеті	БҚУ	Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
2	Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	БҚУ	Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
3	Утаубаева Алма Уахитовна	Биология	БҚУ	Биология ғылымдарының кандидаты, доцент
4	Гумаров Мағауия Хамитқалиұлы	Биохимия	БҚАТУ	Биология ғылымдарының кандидаты, доцент
5	Бапиев Идеят Мэлсович	Физика	БҚУ	Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
6	Абилхаиров Кинжигалей Хайруллович	Химия	БҚУ	Техника ғы- лымдарының кандидаты, доцент
7	Аманбаев Аскар Сайынович	Тарих	БҚУ	Тарих ғы- лымдарының кандидаты, педагог-сарапшы
8	Жанкенова Балғаным Жардемвна	Математика	С.Сейфулл ин ат. №11 ДБАМОМ ЛИ	Педагог- зерттеуші
9	Бекенова Анаргүл Сагиндиковна	Мобильді қосымшаларды әзірлеу	БҚАТУ	Техника ғы- лымдарының магистрі

Еліміздің өркендеуіне, өсіп-дамуына зор үлес қосатын, білімді, тәрбиелі де мәдениетті, бойларына құндылықтарды сіңірген, үлкенге сыйлы, кішіге қамқор ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі мектеп ұжымының алға қойған мақсаты.

Ұлттық құндылық – тәрбиенің негізі

Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлеу процесі – отбасы, мектеп пен жұртшылықтың бірлесіп атқаратын ортақ мақсаты. Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы: «XXI ғасырдағы



шәкірттердің білім алуын, ізденісін, тәрбиесін әлемдік өркениет талабына сай ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру».

2023-2024 оқу жылында тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша



мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен кешенді жоспар негіздемесімен жасалды. Мектебіміздің барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтарды дәріптеу басты мақсат етіп алынды.

Мектеп-лицейдің тәрбие бөлімінде: 2 тәрбие орынбасары, 15 куратор, 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 педагог-ұйымдастырушы, 1 интернат меңгерушісі, 12 тәрбиеші қызмет етеді.



Суретте (жоғарыда солдан оңға қарай) Төлеген Б.С., Кадралина С.Х., Жайманова М.Ж., Шамарова Г.Е., Мухамбеткалиева Т.С., Мурзабаева А.С., Курмашева К.А., Галымжанова А.А., Сұңғатова А.А., Нариман А.Е. (төменде солдан оңға қарай) Исакова А.О., Рахметова Ж.Ж., Максұтова Д.А., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Суханова Г.Р., мектеп директоры Хамзина А.О., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тастемирова А.Т., Мамбетова Ж.Т., Сағынгалиева А.Е., Исказиева К.А.

Оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, бәсекелестікке бейімдеу мақсатында түрлі үйірмелер жұмыс жасап келеді. Үйірме жетекшілері мен оқушылары роботехника, үстел



теннисі, дебат, шахмат, баскетбол, футбол, т.б. үйірмелерінен халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық турнир-байқаулардың жеңімпазы атануда.

Оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, бәсекелестікке бейімдеу мақсатында түрлі үйірмелер жұмыс жасап келеді. Үйірме жетекшілері мен оқушылары роботехника, үстел теннисі, дебат, шахмат, баскетбол, футбол, т.б. үйірмелерінен халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық турнир-байқаулардың жеңімпазы атануда.

«**ROBOLAND – 2022**» ең ауқымды VII халықаралық бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінде (12 команда ішінен 836 ұпай жинап алып) бас жүлдені Салауат Әнуар мен Құсан Мансур жеңіп алды. «Роботехникасы» үйірмесінің жетекшілері Максот Марс, Махимов Әділхан.





«Жебе» дебат клубының ағылшын, орыс, қазақ лигаларында 70-ке жуық оқушылар дебат форматтарын еркін меңгеруде. Дебат үйірмесі оқушылары – республикалық, облыстық, қалалық турнир жеңімпаздары. Айнара Галимова облыстық «Үздік спикер» номинациясын 3 дүркін иеленді.



2012 жылдан бері Сапаров Ерсайын Қадырұлының бастауымен өтетін дәстүрлі шара – «Көктем вальсі» кейін би түрлерінің көбеюіне байланысты «Көктем балы» болып өзгертілді. Шараның негізгі мақсаты – оқушыларды классикалық би өнеріне баулу, эстетикалық құндылықтар қалыптастыру. Оқушыларды би өнерінің қыр-сырына баулып жүрген өнер мектебінің ұстаздары: Құсайнова З.Х, Тлеугалиев А., Журалиева А., Қадырбекова Қ.



«Көктем вальсі – 2018»



*Е.Сапаров, А.Хамзина би ханзадасы мен
ханшайымымен бірге. 2022 жыл*



«Көктем балы – 2022»



Оқушы бойында әртістік қабілеттерін дамытуды және шыңдауды мақсат еткен «Сахналық өнер» үйірмесі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері А.О.Таскенованың, А.О.Искакованың жетекшілігімен жұмыс жасайды. Театр үйірмесі түрлі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, өз шеберліктерін де танытты.

Өзара достықты қалыптастыру мақсатында Облыстық сөйлеу және есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеппен ынтымақтастықта «Жүректен жүрекке» үйірмесі арқылы бірлескен қойылымдар да қойылды.

Мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылып, жұмысын жүргізеді. Орталықтың басты мақсаты – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту.





«Ақжібек» қыздар клубы мүшелерінің аналармен кездесуі



2023-2024 оқу жылы Қамқоршылық кеңес төрағасы – Умашев Есей Жолдығалиұлының ұйымдастыруымен өткен «Екінші мүмкіндік» атты әкелер форумынан.



*«Азамат» ұлдар клубының ұйымдастыруымен мектеп түлектері
Бауыржан Нұрланұлы мен Сұлтанияров Құдайбергенмен кездесуі*



«Аналар форумы» шарасынан естелік



*Астана қаласынан келген Сәкен рөлін сомдаушы белгілі актер, әнші,
драматург және сәкентанушы Жүнісов Қанат Құрмашұлымен
кездесу сәтінен.*



әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

«Жас Ұланға» мүшелікке қабылдауды 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында өткізу дәстүрге айналды.



Галимова Айнара



Шайдуллин Нұрислам

*2023-2024 оқу жылындағы Мектеп
Президенті мен Ұланбасы.*





«Дарын» қосымша білім орталығында өткен «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымдары арасындағы «Үздік мектеп Президенті» облыстық сырттай байқауға «Мектеп Парламенті» ұйымының Президенті А.Галимова қатысып, жүлделі ІІ орынға ие болды.

Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен дөңгелек үстел, сынып сағаты, баяндама, әңгіме, концерттік бағдарлама түрінде шаралар өткізу дәстүрге айналды.

Жыл сайын мектебімізге жаңадан қабылданған шәкірттер оқушылар алдында дәстүрлі түрде Сәкен мектебінің Антын қабылдайды және Сәкен Сейфуллиннің ескерткішіне гүл шоғын қойып, ақын рухына тағзым етеді.

Оқушы бойына отансүйгіштік, патриоттық, жан-жақты тәрбие беру мақсатында әр аптаның дүйсенбісі күні І-сабақ – тәрбие сағаттары мемлекетіміздің Гимнін айтумен басталады.

Дәстүрлі түрде жыл сайын жан-жақты білімімен көзге түскен, озат оқушыларды қолдау мақсатында «Жұлдыздар шеруі», «Сәлем саған, мектебім!», «Рахмет саған, мектебім!» атты іс-шаралары өткізілсе, ал 2010-2011 оқу жылынан бастап оқушылардың эстетикалық танымын дамыту мақсатында «Көктем вальсі» кеші ұйымдастырылып келеді.

2024 жылы мектептің 100 жылдық мерейтойына орай алғаш рет ата-аналар «Сәкен оқулары» байқауына аса белсенділікпен қатысты.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, саналы, ел болашағы болатын зияткер ұл-қыз тәрбиелеу – тәрбие бөлімінің басты мұддесі.



Мектептің Қамқоршылық кеңесі мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасайды, кеңестің төрағасы – Умашев Есей Жолдығалиұлы.

Қамқоршылық кеңес отбасы жағдайы төмен оқушыларға үнемі көмектесіп, жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастырып отырады.

Қамқоршылық кеңес ұйымшылдықпен мектептегі оқушылардың түрлі байқау жарыстарына баруын, байқауларды өткізуді демеушілік жасау арқылы қолдап отырады.

Сонымен қатар мектептің тыныс-тіршілігімен, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуімен үнемі байланыста болып, алқалы орган ретінде оқушылардың білім сапасы, мектептің материалдық базасының жағдайы, бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ақпараттармен танысып, мектептің басқарушылық қызметінде бірге атсалысып келеді.



Өнер мектебінің кешегісі мен бүгіні

Орал қаласы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты құрамындағы өнер мектебі 1993 жылы 27 жыл мектепке басшылық еткен, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі» үшін медалі, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, педагогика саласының ардагері Ерсайын Қадырұлы Сапаровтың тікелей бастамасымен мектеп жанынан көркемсурет класы болып ашылып, 1999 жылы «Өнер мектебі» болып аталып, мектептің құрамына енгізілді.

Жалпы орта білім беретін мектептердің жанынан осындай өнер мектебінің ашылуы республика бойынша тек қана біздің мектепте арнайы лицензия бойынша енгізіліп отырғанын әрдайым мақтанышпен айтамыз.

2023 жылы өнер мектебі 30 жылдық мерейтойын атап өтті.



А.Бердіғалиев, З.Утепкалиева, Р.Иманғалиева, М.Хаирова, С.Кабиева, Л.Габдилова, Қ.Оразов. Отырағандар: С.Исмағұлова, А.Хасанов, Г.Еркинғалиева, С.Жумашева.
2000 жыл

Өнер мектебінің меңгерушісі жұмысын 1993-1994 жылдары Шаймардан Рамазанұлы Шоңыраев, 1994-2000 жылдары Арон Сафиуллаұлы Хасанов, 2000-2017 жылдары Мереке Есетқызы Хаирова атқарды. 2017 жылдан бастап өнер мектебін Кусайнова Зауреш Қайдарқызы басқарып келеді.

Осы жылдар ішінде Батыс Қазақстан облысының түкпір-түкпірінен келген талантты оқушылар ұлттық өнердің қыры мен сырына баулитын шаңырақ аясында өз қалаулары бойынша домбыра, қобыз, фортепиано, баян, прима-



домбыра сияқты аспаптардың сиқырлы сазын меңгере отыра, хореография, көркемсурет кластары бойынша әсемдікке, эстетикалық талғамға үйренуде. Өнердің бірнеше толқын өкілдері ұядан қияға самғады.

Оқушыларды өнерге бағыттап, шығармашылық қабілеттерін дамытып, бойындағы ізгілік, инабаттылық, әсемдік сезімін оятып, көркемдік талғамын тәрбиелеу, қазақтың ежелгі ұлттық аспаптарын, қолөнерін насихаттау арқылы еңбекқорлық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, жан-жақты, бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеуде әр жылдары тынымсыз еңбек атқарған ұстаздардың еңбегі орасан зор.

Солардың ішінде әр жылдары сабақ берген оқытушыларды атап өтуге болады: бейнелеу өнерінен Ш.Шоңыраев, М.Сүлейменов, М.Мұқашев, Ф.Самарханова, А.Киматова, домбыра аспабынан С.Хасанов, Х.Молдағалиев, М.Тұяқов, А.Бердіғалиев, Г.Неғметова, С.Жумашева, Г.Хамсина, Г.Атабаева, А.Кенжеғалиев, фортепиано аспабынан С.Исмағұлова, Р.Иманғалиева, Н.Свешникова, Н.Швабенланд, хор сабағынан Қ.Қуанғалиева, П.Кужахметова, қобыз аспабынан Н.Абдрахманова, С.Кабиева, А.Бисалиева, Қ.Кадралиева, А.Ахметова, дәстүрлі әннен Ж.Амиргалиева, баян аспабынан Т.Алимбаев, С.Қошқарбаев, Д.Байтлеуов, А.Андирова, би өнерінен Л.Габдилова, С.Имашева, А.Нұрғазиева, А.Тасболатова, Г.Батырғалиева.

Қазіргі таңда осы бағыттағы жұмыстарды өнер мектебінің ұстаздар ұжымы абыроймен жалғастырып келеді. Барлығы жоғары білімді. Ұстаздар құрамы – Алматы қаласы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының, Астана қаласы Ұлттық өнер академиясының, Алматы қыздар педагогикалық университетінің, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті музыкалық, хореография, көркемсурет факультеттерінің түлектері.



Өнер мектебінің ұжымы, 2023 жыл



Мектеп құрамында үш бөлім бар: аспаптар класы (халық аспаптары, фортепиано, терме), хореография, көркемсурет. Барлық мамандықтар бойынша сабақтар Мемлекеттік стандартқа сай өткізіліп, оқу мерзімі аяқталғанда оқушылар мемлекеттік емтихан тапсырып, дипломдық жұмыстарын қорғап, белгіленген үлгідегі куәлік алып шығады. Куәлік негізінде арнайы оқу орындарында білімдерін жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Хореография класында сабақтар қазақ биі, классикалық би, халық биі, балдық би, қазіргі заманғы би, тарихи-тұрмыстық би, ритмика тарамдары бойынша жүргізіледі.

Мектебімізде хореография класы бойынша «Сымбат», «Жайдарман», «Ай-Наз», «Ай-Жұлдыз», «Дарын» жас ерекшелігіне байланысты бишілер тобы жұмыс істейді. Бөлім оқушылары – бірнеше дүркін облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздары. Осындай жетістіктерге оқушыларды жетелеп жүрген хореография бөлімінің ұстаздары Айзада Жұмагелдықызы Журалиева, педагогика ғылымдарының магистрі Аслан Сержанұлы Тлеуғалиевтің еңбегі зор.

Көркемсурет класы бойынша негізгі пәндер – живопись, сурет, композиция, мүсін, сәндік қолданбалы өнер және өнер тарихы өтеді. Көркемсурет бөлімінде ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, өнер мектебінің негізін қалаушылардың бірі, суретші Оразов Қанат Орынтайұлы және қолданбалы колөнердің майталманы Негметов Жәдігер Меңдақұлы сабақ беріп, шәкірттерін түрлі деңгейдегі байқау-көрмелерге қатынастырып, шығармашылықтарын шыңдауда.

Аспаптар класы бөлімнің жұмыстары республикамыздағы қалыптасқан үш кезеңді баспалдақтан тұратын музыкалық білім беру жүйесі аясында құрылған: балалар музыкалық мектебі, колледж, консерватория.

Жалпы алсақ, аспаптар бөлімінің сабақтары екі бағытта жүреді:

Біріншісі – жалпылама, кең көлемде қазақ халқының ұлттық дәстүріндегі өнер түрлерін қамтитын музыка жанрларына тәрбиелеу және баланың қалауынша белгілі бір музыка аспабын оқытып, меңгерту болса, *екіншісі* – тереңдетілген, яғни, болашақ музыка колледжінің оқушыларын, лауреаттарды, мықты кәсіби музыканттарды тәрбиелеу. Осы үрдіс – біздің басты жаңашылдығымыз.

2007-2008 оқу жылы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасынан *тереңдетілген өнер бағытындағы 5-сыныпқа эксперимент ретінде* Батыс Қазақстан облысының аудандарынан талантты оқушылар арнайы емтихан қорытындысымен 25 оқушы қабылданды.

Нәтижесінде осы сынып оқушылары негізгі аспаптарымен қатар фортепиано аспабын да меңгеріп, әрі хор, әрі оркестр құрамында жетістіктерге қол жеткізді.

Осындай қорытындыларға сүйене отыра, алған бағытымыз дұрыс деп тереңдетілген өнер бағытындағы сыныпқа тағы 2009-2010 оқу жылы – 16 оқушы, 2012-2013 оқу жылы – 25 оқушы, 2017-2018 оқу жылы – 25 оқушы, 2019-2022 оқу жылы – 25 оқушы, 2021-2022 оқу жылы – 27 оқушы, 2023-2024 оқу



жылы 25 оқушы қабылданды. Ендігіде мектеп Жарғысында көрсетілгендей, өнер мектебін бітірген жылы тағы бір сынып қабылданады.

Осы тереңдетілген бағытта оқитынын оқушылар түрлі жоғары дәрежедегі байқаулардан жүлделі орындар алып, мектептің атын шығарып дәлелдеп, өнер мектебін, сонымен қатар жалпы мектептің 9-сыныбын бірге аяқтап, көбісі ары қарай арнайы оқу орындарына түсіп, оқуларын жалғастыруда.

Өнер мектебінің оқушылары жылдан-жылға кәсіби орындаушылық шеберліктерін шындап, түрлі жоғары дәрежедегі облыстық, республикалық, халықаралық (Италия, Чехия, Болгария, Ресей Федерациясы) өнер байқауларынан, көрмелерден жүлделі орындар алып, мектептің атын асқақтатып келеді. Соңғы үш жылды алсақ:

Өнер мектебі оқушыларының жетістіктері

	2020-2021 оқу жылы	2021- 2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Облыстық деңгей	18	14	27
Бас жүлде	5	2	3
I орын	5	4	10
II орын	5	5	12
III орын	3	3	2
Республикалық деңгей	43	34	21
Бас жүлде	19	14	10
I орын	17	12	7
II орын	6	4	2
III орын	1	4	2
Халықаралық деңгей	11	18	14
Бас жүлде	4	8	5
I орын	2	6	6
II орын	3	2	3
III орын	2	2	2

Өнер мектебінің халық аспаптар оркестрі ҚР мәдениет министрлігі арнайы комиссиясының шешімі бойынша 2010 жылы «Үлгілі өнер ұжымы» деген атаққа ие болып, жыл сайын Орал қаласының кәсіби сахналарында – Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры, Ғ.Кұрманғалиев атындағы облыстық филармония концерттік залында, Оқушылар сарайында есептік концерттерін беріп, 3 жыл сайын атағын қорғап келеді.

Осындай нәтижеге жеткізіп, оқушыларға жеке тұлға ретінде қарап, бойындағы қабілеттерін шындап, кәсіпқой шеберліктерін қалыптастыруға білімдерін аямай, еңбек етіп жүрген өз мамандықтарын жетік меңгерген,



шәкірттері өнер байқауларының биік шыңдарынан көрініп жүрген ұстаздарды аса құрметпен атап өтуге болады.



Хаирова Мереке Есетовна – қобыз класының оқытушысы, республикалық, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты – «Алтынай», «Арай» қобызшылар ансамбльдерінің жетекшісі;

Еркингалиева Гүлнара Казбековна – өнер мектебі ашылғалы еңбек етіп келе жатқан теориялық пәндердің оқытушысы, республикалық музыкалық олимпиадаларға дарынды оқушыларды дайындап, жүлделі орындарға қол жеткіздіріп жүрген тәжірибелі ұстаз;

Кусайнова Зауреш Кайдаровна – оркестр класының оқытушысы, республикалық, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін Бас жүлде иегерлері – Үлгілі «Атамұра» оркестрінің жетекшісі;

Ахметгалиева Айжан Абдуллаевна – хор класының оқытушысы, облыстық, республикалық өнер байқауларының жеңімпазы – хор ұжымының жетекшісі;

Садомскова Лариса Анатольевна – фортепиано класының оқытушысы, концертмейстер;

Утепкалиева Зухра Келисовна – домбыра класының оқытушысы, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы – «Жігер» домбырашылар ансамблінің жетекшісі;

Қабдрахманова Аяулы Нұрлығайынқызы – домра-прима аспабының оқытушысы, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты – «Ивушка» орыс халық аспаптары ансамблінің жетекшісі;



Көптеген өнер додаларының жеңімпаздарын, лауреаттарын дайындап жүрген тәжірибелі ұстаздарымыз – бас-домбыра класының оқытушысы **Құсайнов Асқар Ануарұлы**, домбыра класының оқытушылары **Жақыбалиев Серік Рақымұлы**, **Садыхова Нұргүл Толқынбекқызы**, **Каратаев Ерлан Мәлікұлы**. Шәкірт жүрегіне жол таба білген, өнер мектебі жетістіктеріне өз үлестерін қосып жүрген жас мамандар – қобыз класының оқытушысы **Қабдол Елік Нұржанқызы**, домбыра класының оқытушысы **Суинғалиев Әлихан Ізбасарұлы**, концертмейстер **Дьячкова Светлана Владимировна**.

2010-2011 оқу жылында алғашқы рет енгізілген «Көктем вальсі» атты мәдени іс-шара мектептің жоғарғы сынып оқушыларының көңілінен шығып, үлкен әсер қалдырды, өйткені бұл шара жастарды би арқылы әсемдікке, әдептілікке, өзін-өзі ортада ұстауға, мәдениеттілікке, биік қарым-қатынасқа баулиды. Биылғы оқу жылында аталған шара 13-ші рет өткізілді. Онда 65 жұп биге қатысты.

Осы жылдар ішінде 650 оқушы өнер мектебін бітіріп, куәлік алды. Жылдан-жылға мектепті үздік бітірген оқушылар саны көбейіп, өз мамандықтарын жалғастырып, музыкалық колледж, консерватория, музыка академиясы, басқа да жоғары оқу орындарының музыка, көркемсурет, хореография факультетіне түсушілердің саны артып келеді.



Келешекте Қазақстанның қарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат болғандықтан оқу-тәрбие үрдісін жаңартып, білім сапасын арттыру – ұстаздың басты мақсаты және міндеті.

Аспапта ойнау, хореография, көркемсурет – эстетикалық тәрбиенің негізі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылығы мен біліктілігін және ойлау



кабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндігін туғызады. Бала бойындағы сұлулыққа деген құштарлығын жетілдіріп, адамгершілік, рухани дамуын қалыптастырып, ұлттық және азаматтық құндылықтармен байытады.

Халық даналығымен, халық өнерімен жастайынан сусындаған бала бойында адамгершіліктің жоғары қасиеттері, өмір туралы белгілі бір дүниетанымдық көзқарасы жоғары болады. Міне, осылайша бала бойындағы сұлулыққа деген құштарлығын жетілдіріп, адамгершілік, рухани дамуын қалыптастырып, ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтармен байытуда атсалыса жұмыс істеп жүрген өнер мектебі ұжымының жұмысы жоғары бағаланып, ұжым 2010 жылы «*Лучшие люди Казахстана*» энциклопедиясына енді.

Мектеп интернаты

Интернатта оқып жүр


Талай қазақ баласы –

Жаңа өспірім, көкөрім,

Бейне қолдың саласы.

Абай Құнанбайұлы.

Бүгінгі ұрпақ – еліміздің ертеңі. Оқушыларды білімді де тәрбиелі, салауатты өмір салтын саналы түрде ұстанатындай етіп тәрбиелеу – басты мақсатымыз. Тәрбиешілердің негізгі міндеті – балаларды үлкендерді құрметтеуге, бір-бірін сыйлауға, Отанға деген сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.





Мектеп-лицей-интернаттың 250 оқушыға арналған типтік жобадғы интернаты бар. Сапалы білім алуға, қолайлы өмір сүруге барлық жағдайлар жасалған. Әр бөлмеде жаңа жиһаздар бар. Оқу залы, мәжіліс залы, демалыс, ойын бөлмелері бар. Демалыс бөлмесінде оқушылар теледидар тамашалай алады. Компьютерлер қойылған холл бар. Интернат оқушыларының тегін интернетке қолжетімділігі қамтамасыз етілген.



*Интернат меңгерушісі К.К.Карасаева ортада, тәрбиешілері. (солдан оңға қарай)
Н.М.Кадырова, А.У.Ахташева, Н.А.Кузенбаева, Г.Қ.Хайрушева, Н.С.Абировна,
Н.Ж.Рахметова, А.С.Мурзабаева, А.Т.Шакаева, А.Қ.Мусағалиева, З.Ж.Есполаева,
Ж.Б.Жоламанова, А.Л.Ихсанова, Р.Б.Нассибуллина.*

Интернаттың тәрбие жұмысы оқу үрдісімен ұштасып, жалпы мектеп-лицей-интернатымыздың оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Интернат оқушыларының аудандар бойынша мәліметі 2021-2024 оқу жылдары

№	Ауданы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Бәйтерек	31	31	29
2	Бөрлі	12	11	7
3	Сырым	20	21	23
4	Казталов	25	33	38
5	Теректі	38	49	50
6	Қаратөбе	29	31	25
7	Бөкей Орда	8	13	14
8	Жаңақала	15	20	17
9	Ақжайық	14	19	19
10	Тасқала	3	4	7
11	Шыңғырлау	5	5	3
12	Атырау облысы	1	-	-
13	Жәнібек	-	2	4
14	Орал	12	10	11



Дәрігерлік бөлім

Мектебіміздің жанындағы интернаттың бірінші қабатында балаларға медициналық қызмет көрсететін емдеу-сауықтыру кешені орналасқан. Дәрігерлік қабылдау бөлмесі, егу бөлмесі, изолятор бар. Оқушылардың денсаулығы үнемі дәрігердің бақылауында. Дәрігер оқушыларға аурулардан қалай сақтану керектігі туралы кеңес береді. Медициналық қызметкерлер мен оқушылар арасында кездесулер өтіп тұрады.



Дәрігерлік қызмет көрсететін емдеу-сауықтыру кешенінің міндеттері:

1. Балаларды интернатқа қабылдау кезінде дәрігерлік тексеруден өткізу.
2. Жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпелер. Санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізу. Мектептегі

тазалықты бақылау. Құжаттармен жұмыс;

3. Алғашқы медициналық көмек көрсету, қажет кезде «Жедел медициналық жәрдем» мамандарын шақырып, ауруханаға оқушыны жеткізу. Сырқаттанған балаларға дәрі тарату және оны қабылдауын қадағалау;

4. Диспансерлік есепке алу және есептегі балаларды бақылау, сауықтыру.

Созылмалы ауруы бар балалар диспансерлік есепте тұрады және профилактикалық тексерілу мақсатында үнемі дәрігерге қаралады.



Мектеп-лицей-интернаттың асханасы

Асхана талаптарға сай барлық жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. 150 орындық асханада интернат оқушылары 5 мезгіл тамақтанады. Бекітілген ас мәзіріне сәйкес тамақ дайындалады. Арнайы Бракераж комиссиясының мүшелері, диетбике асхана жұмысын жүйелі түрде тексереді. Диетбике үнемі балаларға тамақтың ас мәзіріне, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес дайындалуын қадағалайды.





Мектеп кітапханасы

Мектеп кітапханасы – оқу-тәрбие процесінде өзіндік үлес қосатын құзырлы орынның бірі. Мектеп кітапханасы Білім және ғылым министрлігінің кітапхана ісі жөніндегі бұйрықтары мен ережелерін басшылыққа ала отырып, оқырмандарға қызмет көрсетеді. Кітапхана тарихы мектеп тарихымен бірге жасап келеді. 100 жылдық мектеп тарихы болса, мектеп кітапханасының да 100 жылдық тарихы бар. Осы мектеп кітапханасында Досболаева Ағиба Досболайқызы 25 жыл жұмыс жасады. Біздің мектеп кітапханасында оқушылар мен мұғалімдердің дайындалуына толық мүмкіндік қарастырылған. Кітапханада 22 адамға арналған оқу орны және абонемент бөлімі, кітап сақталатын орын бар. Кітапхана 2009 жылдан бері «Кітапхана ісі» бағдарламасымен жұмыстанып келеді, әдеби кітаптар электронды каталогқа салынуда.

Кітапханада 2 жоғары білімді маман жұмыс жасайды.

Кітапхана меңгерушісі – Мурзашева Аққойқын Елеуқызы.

Кітапханашы – Утепова Дариға Сағидоллақызы.

Кітап қоры 70 мыңның үстінде бүгінгі таңда. Оның ішінде оқулық 40000 дана. Кітап қоры облыстық білім бөлімі арқылы толықтырылып отырады.

Кітапханада 32 дана мерзімді басылымдардың көзі бар. Оның ішінде 7 данасы – ресейлік басылымдар. Тақырыптық, алфавиттік, жүйелік каталогтар үнемі толықтырылып отырады. Жылма-жыл 23 сәуір – Кітап мерекесіне орай «Оқырман бенефисі» ұйымдастырылып, «Жылдың ең үздік оқырмандары» анықталып, марапатталады. Кітапханада әрбір оқу жылы аяғында оқырман бетшелері сарапталынып, оқырмандар қызығушылығы анықталады. «Сәкен – тарих төрінде», «Туған өлке – тұнған шежіре», «Өлке ақын-жазушылары», «Менің елім – Қазақстан» «Ертегілер әлемінде», «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Ұлт тірегі – тіл» атты тұрақты көрмелермен қатар «мерейтой иелері» – өлке ақын-жазушылары мен батырларының өмірін насихаттауда жасакталады. Оқу залында әр түрлі ғылым-білім саласына арналған энциклопедиялар, анықтамалық әдебиеттер, сөздіктер – оқушылардың сабаққа әзірленуіне бірден-бір таптырмас құрал.

2014 жылдан бастап сол жылдары мектеп басшысы болған Е.Қ.Сапаровтың қолдауымен жас ұрпақты көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу, оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Дарынды мектеп оқушысы оқуға міндетті 100 кітап» жобасы қолға алынып, жалғасын табуда. Ол жобада тек қазақ классиктерінің ғана емес, орыс, шетел классиктерінің де шығармалары бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес 2022 жылы Оқу-ағарту министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Осы жоба аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге асуда.

Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады.

Кітапханада 2020 жылдан бастап 2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының мектеп кітапханаларын дамытудың «Жол картасы» аясында



оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру бағытындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын бастады. Аталған жоба негізінен 9 тараудан тұрады: «Еркін оқу кеңістігі» тарауы бойынша «Әжемнің ертегілері» 4-сынып оқушыларымен үзілісте ертегі оқу. Оқыған ертегілері бойынша оқушылар сурет салып, қойылымдар қою. «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы бойынша аптаның бейсенбі, жұма күндері тәрбие сағаттарында сынып болып 20 минут кітап оқып, әр екі апта сайын эссе жазу қолға алынды. «Кітаппен өткен





демалыс күндері қызықты» қашықтан кітап оқу акциясына оқушылар каникул кезінде оқыған кітаптарынан бейнеролик жасап, әлеуметтік желіге жарияланды. «Оқы және өзгеге сыйла» букросинг оқу залында сөрелер жасақталып, оқырман өзінің үй кітапханасындағы өзі оқыған кітаптарын алмастырып отырады. Соның бірі – «Өзің оқып, өзгеге ұсын» атты жоба бойынша мұғалімдер арасында READx өткізіліп отырады. Бірлестік бойынша тоқсанына бір рет бір мұғалімнен қатысып, өздері оқыған кітаптарын әңгімелеп, көпшілікке оқуға ұсынады.

«Бір отбасы – бір кітап» жобасы бойынша аптаның әр сенбісі күні кесте бойынша сынып оқушылары ата-аналарымен отбасы болып оқыған кітаптарынан слайд жасап, әңгімелеп, басқа отбасыларға ұсынды.

«Өжемнің ертегісі» атты бастауыш сыныптар арасында 20 минуттық үзілісте ертегі оқылып, екі жұмада бір әр ертегіден түсінгендерін дәптерге жазып отырды.



Оқу залында «Электронды кітапхана» стенд жасақталып, онда «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша оқылатын кітаптар қойылады.

«Кітап оқу-сән» атты конференция өткізіліп, ата-ананың кітап оқудағы бала алдындағы рөлі туралы кеңес беріліп, сұрақтарына жауап алынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасылық оқу» тарауы бойынша ата-аналар мен оқушылардың қатысумен «Зияткерлік күні» квест ойыны өтіп тұрады. Квест ойынына әр сыныптан екі ата-ана, екі оқушыдан қатысып, үш команда құрылды. Әр команда өздеріне ат қойып, әр кабинеттерге барып жасырынған тапсырмаларды тауып орындады. Ең соңында оқу залына келіп, мозайка құрастырып, шараның мақсатын анықтады.

«Менің үй кітапханамдағы кітаптарым» атты шараға оқушылар өз үй кітапханаларындағы кітаптардан шағын шолу жасайды. «Бір отбасы – бір кітап» акциясы бойынша әрбір отбасы өздері отбасы болып оқыған кітаптары туралы әңгімелеп, ұнаған кітаптарын көпшілікке ұсынады. Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «Әдеби Ақжайық» жобасы бойынша жас ұрпақты өз өлкесінен шыққан ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын біліп жүруге тәрбиелеуді мақсат етеді



IV бөлім

Ұстаз еңбегі- ұлы еңбек





XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Заман талабына сай бәсекеге қабылетті, ұлттық құндылықтың туын биік ұстайтын жас ұрпақты тәрбиелеу маңызды міндет. Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны бөлек. Иә, адами капиталдың көрсеткіші – білімде. Демек, күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыс істеуін талап етеді. Мектептің қол жеткен жетістіктері мектептің тәжірибелі ұстаздарының орасан зор еңбегінің жемісті нәтижелері екені белгілі. Мектептің білім берудегі басты тұлғасы ұстаздар болса, дарындыларға даңғыл жол ашқан XXI ғасыр мектебінің іргетасын қаласып, білім сапасын өмір талабына сәйкестендіріп, кейінгі жас мұғалімдерге үлгі бола білген ұстаздардың еңбегі ерен.

Осындай беделі мен міндетін толық түсінген педагогикалық ұжым өз жұмыстарымен, іс-тәжірибелерімен, өнегелі тағылымымен көпке танымал бола бермек. Ерен еңбек еткен Рашева Мараш, Хайрушева Разия, Сапарова Зәуреш, Тухватуллина Надия, Айтиалиев Ғаділше, Супалиева Жұмабике, Тлепова Роза, Есқазиева Айғаным, Идиятова Роза, Качурин Вячеслав, Рахметоллин Рахимолла, Айтиалиева Лиза, Негметова Үміт, Ізмағамбетова Марфуға, Каримова Гүлбаршын, Қанатова Гүлжиян, Тұяшева Какима, Мұхамбеткалиев Махамбет, Танасова Светлана, Төкестай Көшербай, Байғазиев Роман, Сейтақова Тамара, Тілеужанова Шара, Ильжанова Майра, Алиева Зукен, Гимадиева Күләш, Сарқұлова Зағипа, Тлеубаева Сания, Қанаев Ерболат, Лұқпанов Хадыржан, Тапалова Меңсұлу, Ақболатова Күлан, Жылқайдарова Алма, Сулейменова Гүлсайран, Садықова Балсұлу, Төлеуова Асылай, Есенгубекова Жанар, Аманғалиева Салтанат, Ильжанова Майра, Хасанова Нұрбике, Тұяшева Какима, Тлепова Светлана, Қажжанов Бауыржан, Абдрахманова Ләззат,





Ишанова Меруерт, Ильжанова Халила, Габбасова Ұлдай, Бекішева Нұрсәуле, Галимова Гүлназ, Ығылманов Мұхтар, Қаресова Тәслима, Ишанғалиева Айна, Бисенғалиева Ақжан, Шоңыраева Маншук т.б. мектептің оқу-тәрбие жұмысын алға бастырар басты тұлғалар болды.

2024 жылы мектеп түлектерінің қолдауымен шәкірт жүрегіне жол тауып, ерен еңбегімен мәңгі есте қалған физика пәнінің ардагер ұстазы Лұқпанов Хадыржанды құрметтеу мақсатында физика кабинетінде «Қалдырған ізін мәңгілік» атты Хадыржан Лұқпанов бұрышы ашылды. Облыстық мектептер арасында «Хадыржан Лұқпанов атындағы физика олимпиадасы» өткізілді.

Кезінде өз мектебімізден терең білім алған оқушыларымыз Бекішев Мереке, Ахмадиев Арман, Исмагулова Жанар, Оразов Қанат, Тлепов Амангелді, Шоңбаев Жеңіс, Опиев Дархан, Ығылманова Шынар, Алышев Бауыржан, Умаров Мырзабек, Уразалина Мейрамгүл, Кудабасева Гульдана жоғары оқу орнын бітіріп келіп, өзі оқыған мектебінде ұстаздық жолын бастап, білім беру ұйымдарында қызмет етуде. Бұл да мектеп үшін үлкен бедел, түлектердің өз мектебіне деген құрметі деп түсінеміз. Ал мектептің ұзақ жылғы шежіреге бай тарихы дарынды да қабілетті шәкірттерді азаматтыққа тәрбиелеудің негізгі тақырыптарының бірі болып өз жалғасын таба берері сөзсіз. Болашақ шәкірттер мен ұстаздар да осы дәстүрді жалғастыру жолында ізденетіндеріне сенім мол.

Тәуелсіз елдің ұлағатты ұстаздары

Еліміздің өркендеуіне, өсіп-дамуына зор үлес қосатын, білімді, тәрбиелі де мәдениетті, үлкенге сыйлы, кішіге қамқор ұрпақ тәрбиелеу – мектеп ұжымының алға қойған мақсаты.

Ұжымның әр мүшесі – жеке тұлға – ҰСТАЗ!

«Өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялай білген» ұстаздардың ұрпақ тәрбиесі мен алдына келген әр шәкіртінің білімге құштарлығын оята білген еңбектері ерен, өлшеусіз.



Абдырахманова Ләззат Тұраровна 1992-2022 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауып сынып мұғалімі қызметін атқарып келді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. 2007-2020 жылдар аралығында директордың бастауып сыныптар бойынша орынбасары қызметін қоса атқарды. 2020 жылы 2-4 сынып оқушылары арасында өткен «Бастау» XIII республикалық математикалық турнирінде командалық сынақ бойынша оқушылары III орын, жеке сайыста Жақсыбай Айсана II орын жүлдегері атанды.

Мұғалім «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Білім және ғылым министрінің, республикалық «Дарын»



ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ишанова Мерует Тлеповна 1998-2019 жылдар аралығында осы білім ұйымында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі. VIII облыстық «Intel-junior-2011» интеллектуалдық олимпиадада оқушылары Абуева Ж., Фазылова Д., Габдуллин С., Мұқанов Ф. командалық II орын, математика пәні бойынша облыстық «Intel-Iogic» интеллектуалдық турнирінен оқушысы Серік Данияр 3-сыныпта III орын (2011ж.), 4-сыныпта II орын (2012ж.), X облыстық «Intel-Iogic-2013» интеллектуалдық олимпиадада оқушылары Ұзақбай Г., Хамидолла Ә. командалық I орын жеңімпаздары.



Мұғалім «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен, Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Суханова Гүлшат Рахимовна 1993 жылдан Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында жұмыс жасайды. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Орал педагогикалық институтының педагогика ғылымдарының докторы Абузаров Разак Абдрахманович, педагогикалық ғылымдарының кандидаты Даменова Люзия Кадимовналардың басшылығымен қазақ тілінде оқытыла-тын бастауыш сыныптарда орыс тілін оқытуды енгізу экспериментін жүргізуші. KEAQ Холдинг «Кәсіпқор» мен Орал педагогикалық колледжімен бірлесе «0105000 Бастауыш білім» Республикалық типтік оқу жоспарын құрастырушы. Жаңа буын оқулықтарының сарапшысы.

Мұғалім Білім және ғылым министрінің, республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, «Батыс Қазақстан облысының білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, БҚО әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Габбасова Ұлдай Каресовна 1996-2020 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарды. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі.



Оқушылары Есенгельдина М. облыстық «Intel-junior-2015» бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық олимпиадасында «Гуманитарлық ғылымдар» туры бойынша I орын, (2016ж.) облыстық «Intel-junior-2016» бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық олимпиадасының «Нақты ғылымдар» туры бойынша I орын, «Жаратылыстану ғылымдары» туры II орын, Адаханова Алуа «Эрудиттер» туры бойынша II орын иеленді. Облыстық «Ең үздік әзірленген флипчарт-сабақтар» байқауының II орын жүлдегері.



Мұғалім «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Білім және ғылым министрінің, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Кажанов Бауржан Галимжанович 1997-2020 жылдар аралығында осы білім ұйымында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. Педагог-сарапшы санатындағы бастауыш сынып мұғалімі.

XII облыстық «Intel-junior-2015» интеллектуалдық олимпиадасында оқушысы Исатай Д. III орын, XV облыстық «Intel-junior-2018» интеллектуалдық олимпиадасында оқушысы Нұрғали С. III орын жүлдегерлері. Батыс Қазақстан облысының білім департаменті Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мүтенова Роза Хайрошқызы 1996-2019 жылдар аралығында осы білім ұйымында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. Педагог-сарапшы санатындағы бастауыш сынып мұғалімі. Мұғалімнің оқушысы Мулдаш Рашидиктемуджин XII облыстық «Intel-junior-2015» интеллектуалдық олимпиадасының «Гуманитарлық ғылымдар» және «Жаратылыстану ғылымдары» туры бойынша III орын жүлдегері.

Батыс Қазақстан облысының білім департаментінің Құрмет грамотасымен марапатталды (2007ж.).



Бекишева Нурсауле Катиховна 1992-2021 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келді. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі.

Оқушылары Сейдазымов А. (2016 ж.) VII облыстық «Intel-logic-2016» олимпиадасы логи-кондар, логикалық есептер, софизмдер шешу интеллектуалдық турнирінен III орын (2017ж.), XIV облыстық «Intel-junior-2017»



олимпиадасында «Нақты ғылымдар» туры бойынша II орын жүлдегері. Мұғалім Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Галимова Гульназ Имановна 1994-2021 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келді. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі.

Оқушылары Мырзахметов А. (2016ж.) Облыстық XIII «Intel-junior-2016» интеллектуалдық сайысында «Жара-тылыстану ғылымдары» туры бойынша III орын, Алмасұлы Ы. (2017ж.) XIV «Intel junior-2017» интеллектуалдық сайысында «Гуманитарлық ғылымдар»

туры бойынша I орын иеленді.

Мұғалім Білім және ғылым министрілігінің, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен марапатталды.

Койшыбаева Молдир Утемисовна 2011-2022 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келді.

Оқушысы Нұрғали С. – XV Облыстық «Intel-junior-2018» бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиадада II орын иегері. Мұғалім – «Жыл сынып жетекшісі» облыстық конкурсының II орын жүлдегері. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Минбаева Арайлым Аяйбекқызы 2013-2022 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келді. Педагог-зерттеуші санатындағы бастауыш сынып мұғалімі.

Оқушылары Есенгельдина М. XXI облыстық «Inter-junior-2015» олимпиадасында II орын, Хайретден Е., Ғарифолла А. XXI облыстық «Inter-junior-2018» олимпиадасының диплом иегерлері. Облыстық сараптамалық кеңесте мақұлданған 2-сыныпқа арналған «Сын тұрғысынан ойлауға негізделген деңгейлік тапсырмалар» әдістемелік құралының авторы.



Мұғалім Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Зайнуллина Есенгуль Фазыловна 2017-2019 жылдар аралығында осы білім ұйымында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. Педагог-сарапшы санатындағы бастауыш сынып мұғалімі. «ПОНИ» халықаралық турнирінде оқушысы Диас М. – I орын жеңімпазы (2014 ж.). Қашықтық олимпиадасында математика бағыты бойынша оқушылары Абдрахманова Алуа, Даулетов Асланбек, Марат Нұрәділ, Орынбасаров Медет, Сахым Даниал – I орын жеңімпаздары.

Мынбаев Аянбек Әділгерейұлы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2017-2024 жылдар аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келді. Біліктілік санаты-педагог-шебер.



Ұстаздың оқушылары – облыстық, республикалық олимпиада, байқаулардың, түрлі оқулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім – Республикалық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы, «Үздік педагог» атағының иегері. «Абайтану» бағдарламасының авторы.

«ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, ҚР БҒМ «Дарын» РҒПО Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен марапатталды.



Шхан Нұрлан Елемесұлы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2004 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Педагог-зерттеуші санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Мұғалімнің шәкірттері – облыстық олимпиада, республикалық байқау-жарыстардың, әдеби оқулардың жүлдегерлері.

Н.Шхан – 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті пәнін тереңдетіп оқыту» бағдарламасының, жеке тұлғаны қалыптастырудағы «Тағылымтану» бағдарламасының авторы.

«Дарындылық және дарынды балаларға арналған білім берудің ерекшеліктері: ізденіс, шығармашылық жылдар және болашақ» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының «Құндылықтарға негізделген тәрбие беру үдерісі» секциясында «Абайдың «Толық адам» туралы философиялық концепциясы» тақырыбында, «Профессор Қ.Ж.Мырзағалиевтің педагогикалық мұрасы және заманауи білім беру жүйесі (қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңартылған мазмұны)» атты дәстүрлі YII облыстық оқу-әдістемелік



семинарында «Оқу мен оқытудағы дағдылар мен ұстаным» тақырыбында баяндама жасады.

Мұғалім Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Байжиенова Агерке Орыновна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық маман-дандырылған мектеп-лицей-интернатында 1996 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. Бастауыш, негізгі және жалпы білім беру ұйымдары арасындағы облыстық «Үздік педагог» байқауының жеңімпазы, «Үздік педагог» атағының иегері. Ұстаздың шәкірттері – облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардың бірнеше дүркін жеңімпаздары, байқау-жарыстардың, әдеби оқулардың бас жүлде иегерлері.



Мұғалім – облыстық, республикалық кәсіби байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегері. Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсында «Қадыртану» элективті курс бағдарламасымен III орын, «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының облыстық кезеңінде II орын, облыстық «Тәлімгерден талап – жас маманға қанат» облыстық байқауында III орын иегері. Мұғалім ғылыми-практикалық конференцияларда өз зерттеулерімен, облыстық, республикалық семинарларда, «Өрлеу» БАҰО тыңдаушылары алдында үнемі өз тәжірибесімен бөлісуде.

ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Білім және ғылым министрінің, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, Батыс Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Атош Гүлнар Садыққызы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2011 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. Көп жылдар бойы мектептің кәсіподақ ұйымын басқарды. Ұстаздың оқушылары – облыстық, республикалық олимпиада, байқау-лардың, түрлі оқулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаз-дары мен жүлдегерлері.

Мұғалім – 7-сыныпқа арналған «Диктанттар жинағы» көмекші құралының, 7-сыныпқа арналған жаңа оқу мазмұны бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқытатын теориялық және практикалық оқыту» бағдарламасының



авторы. Облыстық «Лингвист» Озат тәжірибе алмасу мектебі тыңдаушыларына «Кітап көп оқитын адам мың өмірді көреді», «Ғылыми жобаға дарындылық – даналығымен даралану» тақырыптарында тәжірибесімен бөлісті.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысы әкімінің, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен, «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Имашева Динара Иманбаевна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық маман-дандырылған мектеп-лицей-интернатында 2000 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. Мұғалімнің оқушылары – облыстық, республикалық олимпиада, байқаулардың, түрлі оқулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.



Мұғалім – облыстық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы және «Үздік педагог» атағының иегері. «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының II орын жүлдегері, облыстық «The Millennial Teacher» шығармашылық байқауының қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдері командасы құрамында болып II орын иеленді.

Д.Имашева – «Дарын» РҒПО, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттарымен марапатталды.



Ахметкалиева Светлана Жуковна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2018 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Мұғалімнің оқушылары – облыстық олимпиада, ғылыми жобалардың, республикалық байқаулардың, түрлі оқулардың жүлдегерлері. Қазақ әдебиеті пәнінен республикалық «Педстарт» қашықтық олимпиадасының I орын жеңімпазы. Мұғалім республикалық, облыстық семинарлар мен конференцияларда үнемі өз тәжірибесімен бөліседі.

«Қазақ тілі пәнін 7-8 сыныптарда тереңдетіп оқыту», «Қазақ әдебиеті пәнін 8-сыныпқа тереңдетіп оқыту» бағдарламаларының авторы.

«Дарын» РҒПО Құрмет грамотасымен, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасы Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облыстық білім беруді дамыту орталығы Құрмет грамотасымен марапатталды.



Шманова Нуржамал Ораловна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 1996 жылдан бері орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. Көп жылдар бойы мектептің кәсіподақ ұйымын басқарды. Мұғалімнің оқушылары – облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардың, интеллектуалдық, мәнерлеп оқу сайыстарының жүлдегерлері мен жеңімпаздары.



Мұғалім – 9-сыныпқа арналған «Грамотность чтения» курсы бағдарламасының авторы. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткізілген облыстық «Пушкин оқулары» байқауының III орын жүлдегері.

«Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Дарын» РҒПО Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Ибрагимова Акмарал Жарасовна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2013 жылдан бері орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер.

Мұғалімнің оқушылары – халықаралық, республикалық, облыстық пәндік олимпиада, ғылыми жоба конкурстарының, интеллектуалдық лингвистикалық турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім 10-сыныпқа арналған «Ораторское искусство и деловое общение» курсы бағдарламасының авторы. ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мусеева Ганмира Гусмановна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 1996 жылдан бері орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Мұғалімнің оқушылары – халықаралық байқаулар, қашықтық олимпиадалары, республикалық, облыстық пәндік олимпиада, ғылыми жоба конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім – республикалық «Педстарт» олимпиадасының I орын





жеңімпазы. Іс-тәжірибесі республикалық басылым беттерінде жарияланған. Мұғалім «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Курмашева Майра Зербиевна Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2016 жылдан бері орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-сарапшы.

Мұғалімнің оқушылары – халықаралық өлеңдер оқу байқауының, облыстық олимпиадалардың жеңімпаздары, республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері.

Мұғалім – қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдерінің арасында өткен облыстық «The Millennial Teacher» шығармашылық байқауының II орын иегері.

Жоғары сыныптарға арналған «Теория написания эссе» курсы бағдарламасының авторы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кадралина Сара Кайреденовна – Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық маман-дандырылған мектеп-лицей-интернатында 2016 жылдан бері орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-сарапшы. Мұғалімнің оқушылары – бірнеше дүркін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық, облыстық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегері.



Мұғалім ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.



Бисенғалиева Акжан Насимоллиевна – мектеп түлегі, 1999 жылдан бері ағылшын тілі пәні мұғалімі және үштілділік бойынша директордың орынбасары қызметін атқарды. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Ұстаздың оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық сайыстар мен олимпиадаларда үздік танылып, жүлделі орындарды иеленді. Мұғалім – «Ready for IELTS» элективті курс бағдарламасы мен «Жаңа формат бойынша емтиханға дайындалу тапсырмалары» көмекші құралының авторы. Облыстық эссе жазу



сайысында Бас жүлде, «Дүниежүзілік оқушылар кубогы» ағылшын тілі пәні бойынша халықаралық интеллектуалдық сайыстың республикалық кезеңінің Сертификат иегері (Астана қаласы), ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің облыстық олимпиадасының III орын жүлдегері. Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында жұмысы үздік танылды. Мұғалім ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің, Облыстық кәсіподақ ұйымының Алғыс хаттарымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Дарын» РҒПО Алғыс хаты, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

Айткалиева Динара Ермекқызы – педагог-зерттеуші санатындағы ағылшын тілі пәні мұғалімі. Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылға мектеп-лицей-интернатында 2012 жылдан бері ағылшын тілі пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Мұғалімнің шәкірттері – облыстық олимпиада, республикалық, халықаралық байқау-жарыстардың, конкурстардың жүлдегерлері.

Д.Айткалиева – ағылшын тілі пәнінен «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасының III орын (2019ж., 2024ж.), облыстық «Inspiring Teachers» ағылшын тілі пәні мұғалімдері байқауының II орын (2021ж.), қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдерінің арасында өткен облыстық «The Millennial teacher» шығармашылық байқауының II орын (2023ж.), «Шығармашыл педагог – 2023» III республикалық олимпиадасының II орын жүлдегері. 6-сыныпқа арналған «Шет тілі пәнінен инварианттық бөлімдегі мамандандырылған компонент» (2019 ж.), 7-сыныпқа арналған «Шет тілі пәнінен инварианттық бөлімдегі мамандандырылған компонент» (2019 ж.), 9-сыныпқа арналған «Let's talk in English» ағылшын тілі пәні бойынша элективті курс (2021ж.), 10-сыныпқа арналған ағылшын тілі пәні бойынша таңдау курс бағдар-ламаларының (2021 ж.) авторы.

ҚР Білім және ғылым министрлігі, «Дарын» РҒПО Алғыс хатымен (2021 ж.), Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығының (2021 ж.), Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Алғыс хаттарымен (2022 ж.) марапатталды.





Базарбаева Аягöz Шакиратовна – педагог-зерттеуші санатындағы ағылшын тілі пәні мұғалімі. Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2018 жылдан бері ағылшын тілі пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Мұғалімнің оқушылары – облыстық олимпиада, республикалық, халықаралық байқау-жарыстардың, конкурстардың жүлдегерлері. Республикалық «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасының I орын (2019 ж., 2024 ж.), «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауға қатысқаны үшін Алғыс хат (2019 жыл), «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Халықаралық ағылшын тілі пәнінен ұстаздар арасындағы онлайн олимпиадасының I орын (2022), «Шығармашыл Педагог – 2023» III республикалық олимпиаданың II орын, «НIO» республикалық олимпиадасының I орын (2023), Республикалық «Үздік педагогикалық идея» байқауы «English for life» тақырыбы бойынша авторлық бағдарлама аталымының I орын (2023 ж.) иегері.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен (2022) марапатталды.

Уразалина Мейрамгүл Ерғалиқызы – мектеп түлегі, педагог-зерттеуші санатындағы ағылшын тілі пәні мұғалімі. Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2010 жылдан бері ағылшын тілі пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Мұғалімнің шәкірттері – облыстық олимпиада, республикалық, халықаралық байқау-жарыстардың, конкурстардың жүлдегерлері.

Мұғалім – ҚР Оқу ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Педстарт» байқауының II орын (2019 ж., 2024 ж.), Республикалық «Үздік педагогикалық идея» байқауының I орын (2023 ж.), Республикалық қашықтық «КИО» олимпиадасының II орын (2019 ж.), «Шығармашыл педагог – 2023» III республикалық олимпиаданың II орын иегері.

Республикалық «Үздік педагогикалық идея» байқауында «English for life» тақырыбы бойынша авторлық бағдарламасы республика көлемінде таратылды (2023 ж.), 8-сыныпқа арналған «Шет тілі пәнінен инварианттық бөлімдегі мамандандырылған компонент» бағдарламасының авторы (2019 ж.).

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен (2022 ж.), «Өрлеу» БАҰО АО Алғыс хатымен (2022 ж.) марапатталды.





Батыргалиев Мурадym Халелович Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатыда 2012 жылдан бері тарих пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Мұғалімнің оқушылары – Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық, облыстық олимпиадалардың, түрлі жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегері.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы-ның, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Алғысымен, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды.



Әлмұқан Асқар Сатыбайұлы Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2014 жылдан бері тарих пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер.

Мұғалімнің оқушылары – облыстық, республикалық Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының, шығармашылық жобалар байқауларының, жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпаздары мен жүлдегері. Облыстық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы және «Үздік педагог» атағының иегері, республикалық кезеңнің қатысушысы. Мұғалім 10-сыныпқа арналған «Көшпелілердің материалдық мәдениеті» қолданбалы курсы, 9-сыныпқа арналған «Алаштану» элективті курс бағдарламаларының авторы. «Жаһанша Досмұхамедов және алаш ұлттық идеясы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, «Бола-шақ пен бостандық жолында» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында баяндама жасап, тың зерттеулерімен бөлісті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғысымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Алғыс хаттарымен, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Алышев Бауыржан Сағынулы – мектеп түлегі, Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2013 жылдан бері тарих пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Мұғалімнің оқушылары – Жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиадалардың жүлдегерлері, жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурстарының жеңімпаз-дары мен жүлдегерлері. IV облыстық пән мұғалімдері олимпиадасының, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдерінің арасында өткен облыстық «The Millennial Teacher» шығармашылық байқауының II орын жүлдегері. Мұғалім «9-сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақстан тарихы» пәнін тереңдетіп оқыту» бағдарламасының, 11-сыныпқа арналған «Халықаралық қатынастар тарихы» атты дүниежүзі тарихынан таңдау курсы бағдарламасының авторы. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест тапсырмаларының сарапшысы. Негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен арнайы жұмыс тобы құрамында оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысының қатысушысы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Рахметов Амантай Орынгалиевич Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2016 жылдан бері құқық, тарих пәндерінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. 2016-2019 жылдар аралығында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Мұғалімнің оқушылары – облыстық, республикалық кезеңдерінің құқық пәнінен Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадасының, жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

Мұғалім ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысы әкімінің, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасы әдістемелік кабинетінің Алғыс хаттарымен марапатталды.



Опиев Дархан Жайшылыкович – мектеп түлегі, Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2006-2009 жылдар аралығында, кейін 2012 жылдан бері тарих пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Мұғалімнің оқушылары – облыстық, республикалық Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурстарының, жас тарихшылардың интеллектуалдық конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегері.

Мұғалім Облыстық «Үздік педагог – 2023» байқауының жеңімпазы және «Үздік педагог» атағының иегері, республикалық кезеңнің қатысушысы. «10-сыныпқа арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы Қазақстан тарихы пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасы», «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы» элективті курс бағдарламасының авторы. «Уәлитхан Танашев және Алашорда» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, «Әлихан Бөкейхан: Алаш мұраты және тәуелсіздік құндылығы» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясында баяндама жасап, жұмыстары конференция жинақтарына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғысымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Гиззатов Жаксымбет Зинекеевич Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 2015 жылдан жұмыс жасап келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Оқушылары – республикалық, облыстық деңгейде ұйымдастырылатын пәндік олимпиада, интеллектуалдық байқау-жарыстардың жеңімпаз, жүлдегерлері.

Мұғалім – педагогикалық іс-тәжірибесімен бөлісуде облыстық деңгейде ашық сабақтар, шеберлік сыныптар өткізіп, семинар, конференциялардың қатысушысы, кәсіби байқаулар мен олимпиадалар жүлдегері. II облыстық шығармашылық байқауының II орын, облыстық «Математикалық регата» турнирінде командалық есепте III орын жүлдегері. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің «Дарын» қосымша білім орталығында олимпиада резерві мектебі оқушыларына дәріс береді. Облыс көлемінде таратылған 7-8 сынып оқушыларына арналған «Олимпиадалық резерв мектебінің математика пәні» үлгілік оқу бағдарламасының авторы. «Батыс Қазақстан облысының білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



Казаханов Серик Мендыбаевич Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандан-дырылған мектеп-лицей-интернатында 1991 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. Оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық олимпиада, сайыстарда үздік танылып, жүлделі орындардың иегерлері атанып жүр.

Облыс көлемінде таратылған «10-11 сыныптағы оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау» тақырыбындағы курс бағдарламасының авторы. Батыс

Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығында шығармашылық топ мүшесі, «Дарын» РҒПО БҚО филиалында облыстық «Пифагор» математикалық клубының оқушыларына сабақтар берді, облыстық «Зерде» озат тәжірибе алмасу мектебінде және «Өрлеу» БАҰО БҚО филиалында курс тыңдаушыларына тәжірибесімен бөлісіп, үнемі дәрістер оқиды. «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығында оқулық және оқу-әдістемелік кешендерін сараптамадан өткізу бойынша комиссия құрамында сарапшы. «Алтын кілт» олимпиадасының жеңімпазы, аймақтық математика пәні мұғалімдері арасында оздырылып жүрген «Математикалық регата» байқауларының жүлдегері, республикалық «Үздік педагог – 2014» атағының иегері атанды. «Лучшие люди в образовании» халықаралық энциклопедиясына енді. ҚР «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағының, ҚР БжҒМ «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері және ҚР Білім және ғылым министрлігінің, БҚО білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, Батыс Қазақстан облысының әдістемелік кабинеттің, «Өрлеу» БАҰО БҚО филиалының, «Дарын» РҒПО БҚО филиалының, НЗМ дербес білім беру ұйымының ПШО-ның Алғыс хаттарымен марапатталды.



Мусағалиева Гулмирам Куанышовна дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында 1993 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.

Оқушылары – республикалық ғылыми жоба жеңімпаздары, Президенттік олимпиада, республикалық пәндік олимпиадалардың қатысушылары, жаратылыстану-математика бағыты бойынша жас жеткіншектер олимпиадасы, облыстық пәндік олимпиадалар, әр түрлі математикалық сайыстардың жеңімпаздары.





«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының БҚО филиалында облыстық «Пифагор» математикалық клубы оқушыларын оқытып, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының білім беруді дамыту орталығында «Зерде» озат тәжірибе алмасу мектебінде және «Өрлеу» БАҰО БҚО филиалында әріптестерімен өз тәжірибесімен бөлісіп, дәрістер оқыды. БҚО БББ оқу-әдістемелік кабинетіндегі математика пәні бойынша шығармашылық топтың тұрақты мүшесі, облыстық «Озат тәжірибелі педагогтер» қауымдастығының төрайымы. «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығында «Оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік



кұралдарға сараптама жасау және сынақтан өткізу нәтижелерін қарастыру» жөніндегі пәндік комиссия мүшесі, сарапшы. Облыс көлемінде көптеген әдістемелік жинақтары, математика пәніне арналған әр түрлі бағдарламалары таратылған. Республикалық «Үздік педагог-2019» атағының иегері, республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының жеңімпазы, аймақтық математика пәні мұғалімдерінің «Математикалық регата» байқауларының жүлдегері. Есімі «Лучшие люди в образовании» халықаралық энциклопедиясына енді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің, республикалық «Өрлеу» БАҰО, БҚО білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, БҚО білім басқармасы әдістемелік кабинеттің, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының БҚО филиалының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Темиралиева Аяжан Джигеровна 1998 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында химия пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер.

Оқушылары – облыстық, республикалық химиялық турнирлер мен олимпиадалардың жүлдегерлері. Облыс көлемінде таратылған «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес тереңдетіп оқытатын 8-сыныптың химия курсына арналған авторлық бағдарлама» әдістемелік көмекші құралдың, «10-сыныпқа арналған химия пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасының» авторы.



Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, Батыс Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Казиханова Эльмира Бейсембаевна 2009 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында химия пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-шебер. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері. Оқушылары облыстық олимпиада, турнирлердің жүлдегерлері. Республикалық «2022 жылдың үздік педагогі» атағының иегері. Облыстық, республикалық кәсіби байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегері. Облыстық деңгейде ашық сабақтар, дәрістер беріп, шеберлік сыныптар өткізіп, түрлі семинар, конференциялардың қатысушысы. Мектептегі «Pedagogical skills» шығарма-шылық тобының жетекшісі. Республика көлемінде таратылған «Органикалық химия курсын модульдеп оқыту» әдістемелік кешендік құралы, «Қиындық деңгейі жоғары есептерді шығару», «СТЕМ химия сабағында» мұғалімге көмекші құралы, 9-сынып оқушыларына арналған «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру жолдары», 7-8 сынып оқушыларына арналған «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру жолдары» курс бағдарламаларының, облыстық деңгейдегі «Қиындық деңгейі жоғары есептерді шығару», 9-сынып оқушыларына арналған «Химия пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» курс бағдарламаларының, «Органикалық химия курсын модульдеп оқыту» әдістемелік кешенді құралының авторы.

Республикалық, облыстық шығарма-шылық, сараптамалық топ және апелляциялық комиссия мүшесі. Батыс Қазақстан облысы әкімінің, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Сериккалиева Рима Ержановна 2020 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында химия пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-сарапшы.

Химия пәнін ағылшын тілінде оқыту тәжірибесімен жұмыс жасауда. Оқушылары – республикалық, облыстық олимпиада, турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

IV облыстық пән мұғалімдері олимпиадасында III орын иегері. Облыс көлемінде таратылған «10-сыныпта





химия пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасы», «Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру жолдары», «Химия пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары» тақырыбындағы курс бағдарламаларының авторы.

«Дарын» РҒПО Алғыс хатымен, БҚО білім басқармасының Құрмет грамотасымен, БҚО білім басқармасының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің Алғыс хатымен марапатталды.



Кажгалиева Динар Букусовна 2013 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында биология пәні мұғалімі және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп келеді.

Биология пәні мұғалімі ретінде біліктілік санаты – педагог-сарапшы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде I санат. Оқушылары – әр түрлі республикалық, облыстық олимпиада, байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының expertтік кеңесімен бекітілген «Ғылым әлемі» элективті курс бағдарламасының авторы.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Алғыс хатымен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Педагогикалық инноватика» халықаралық жобалық оқу лабораториясының Алғыс хатымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Темиргалиев Малик Жылкыбаевич 2013 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында география пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Оқушылары – түрлі байқауларда, пәндік олимпиадаларда жүлделі орын иегерлері.

Мұғалім облыс көлемінде таратылған ««Қазақстанның жер бедері, геологиялық құрылысы және пайдалы қазбалар» таратуы бойынша құзыреттілікке бағытталған деңгейлік тапсырмалар» әдістемелік құралының авторы.

«DIDAKTIKA» республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналында «География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығы болашақтағы жеке табыстың негізі ретінде» тақырыбындағы баяндамасы басылып шықты.

Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.





Уйсимбаева Шугыла Күзембаевна 2017 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында география пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-сарапшы. Ұстаздың оқушылары бірнеше географиялық байқауларда, пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленуде.



Мұғалім облыстық «Педагогикалық идеялар» фестивалінде II орынды иеленді. «Nathional Geographic» ғылыми семинарында, облыстық «Жас ұстаздар слетінде» «Олимпиада шыңы» тақырыбында жас ұстаздармен, Республикалық БАҰО Түркістан облысы мен Шымкент қаласында өткен «Педагогикалық шерулер» семинарында «География пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» тақырыбында, «Өрлеу» БАҰО тыңдаушыларына «Іс-тәжірибедегі Lesson-Study», «География пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», БҚО білім басқармасының дамыту орталығының облыстық семинарында «География пәнінен ББЖМ тапсырмалар дайындау жолдары» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті. 10-11 сыныптарға арналған «Туған өлкем» элективті курсының, 9-сыныптарға арналған «Экономика және елтану» таңдау курсының, 8-сыныптарға арналған «География пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» курсы бағдарламаларының авторы.

БҚО білім басқармасының Құрмет грамотасымен, БҚО білім басқармасының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің, «Өрлеу» БАҰО АҚ БҚО бойынша кәсіби даму институтының Алғыс хаттарымен марапатталды.



Бекишев Мереке Мендигалиевич – мектеп түлегі. 1993 жылдан Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында жұмыс жасайды. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Біліктілік санаты – педагог-модератор.

Оқушылары облыстық, республикалық шығармашылық байқаулардың жүлдегерлері. «Дизайн негіздерін көркем еңбек сабағында қолдану» атты бағдарламаның авторы. Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Мәңгілік махаббат жыршысы» облыстық кәсіби байқауында «Өмір өрнектері» бөлімі бойынша II орын. Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Шахаева Райгуль Турсуновна 1993 жылдан Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында жұмыс жасайды. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Оқушылары – облыстық, республикалық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалімнің шығармашылық жұмыстары республикалық басылым беттерінде, сайттарда жарияланды. Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Ахмедиев Арман Сансызбаевич – мектеп түлегі. 1995 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында математика, информатика пәні мұғалімі, 2010 жылдан бері директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп келеді.

Информатика пәні мұғалімі ретінде біліктілік санаты – педагог-зерттеуші және I санатты директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары. Мұғалімнің шәкірттері – облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегерлері. Мұғалім информатика пәні бойынша «Шығармашыл педагог – 2023» III Республикалық олимпиадасының I орын жеңімпазы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және Ұлттық тестілеу орталығында Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері (Информатика) бойынша тест тапсырмаларының екінші сараптамасы және түзету жұмыстары, Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері (Информатика) бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу жұмыстарының сарапшысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының БҚО ұйымының» Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және Ұлттық тестілеу орталығының, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Ильжанова Халила Ермековна 2002-2023 жылдар аралығында Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында музыка пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Оқушылары – облыстық, республикалық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. «Ән-күй пәнінен 1-6 сыныптар тақырыптары





бойынша тыңдалатын шығармалардың фонотекасы» атты әдістемелік құралдың авторы. Облыстық шығармашылық топ, эксперттік кеңес мүшесі болды. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Атошев Қажмұқан Есенұлы 2007 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Ұстаздың оқушылары – көптеген спорттық жарыстар мен турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында облыстық «Достық» спартакиадасына қатысып, командалық есепте ІІ орын иеленді. Мұғалімнің «Екі қолмен жоғарыдан және төменнен допты қабылдап-беру» тақырыбындағы жұмысы «Мектептегі дене шынықтыру» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында жарық көрді. Осы тақырыпта «Өрлеу» БАҰО тыңдаушылары алдында өз тәжірибесімен бөлісті. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Батыс Қазақстан облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сағутдинов Рафи́х Сады́хович 2006 жылдан бері Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Ұстаздың оқушылары – бірнеше спорттық жарыстар мен турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім баскетболдан «Алтын доп» облыстық турнирінде «Үздік жаттықтырушы», БҚО білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ мүшелерінің «Денсаулық» спартакиадасында облыстық мамандандырылған мектептер арасында волейболдан «Үздік ойыншы» атанды. Облыстық педагог қызметкерлердің қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жүргізу үшін сараптама тобының мүшесі.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.





Хасанов Сунгат Темирбулатович 2001 жылдың қыркүйек айынан бастап Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Ұстаздың оқушылары – бірнеше спорттық жарыстар мен турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мұғалім – «Ең үздік дене шынықтыру мұғалімі» атты II республикалық байқаудың облыстық кезеңінің II орын жүлдегері.

Баскетболдан қалалық спартакиадада «Үздік бапкер» номинациясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында облыстық «Достық» спартакиадасында командалық есепте II орын иеленді. Облыстық «Жайық ұстазы» ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылымда мұғалімнің «Мектепте таңғы жаттығу жасаймыз» атты мақаласы жарық көрді. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Кадырова Нургуль Муратовна 2006 жылдан Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында жұмыс жасайды. Педагог-психолог. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Оқушылары – өзін-өзі тану пәні бойынша облыстық олимпиада жеңімпаздары, республикалық олимпиада жүлдегерлері. Психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыс-тары бойынша облыстық, республикалық семинар, конференцияларында спикер, коуч.



V бөлім

**Естелік
сыр шертер
өткен күннен...**

*Есімде, бәрі де есімде,
Өмірдің керуен көшінде.
Қызықты балалық шағымыз,
Тарихтың жазылды төсінде.*





БІР ҰЯДАН ҰШҚАНДАР

(Қаладағы қазақ орта мектебінің 40 жылдығы қарсаңында)



Қаладағы қазақ орта мектебінің жұмыс істей бастауы облыстың мәдени өміріндегі үлкен саяси оқиға болды. Оқу іздеген жасөспірім Оралдың тұс-тұсынан ағыла бастады. Ол кезде Орал губерниясына қарайтын Гурьев, Елек, Темір, Адай уездерінен де көптеген тілектер түсіп жататын. Жол қатынасы әлі шешілмеген сонау жиырмасыншы жылдарда почта да, жолаушы да көлікпен қатынайтын.

Азамат соғысы жылдарындағы жарақаттарды қалпына келтіру кезінде кездескен қиындықтарға қарамастан коммунизмнің болашақ құрылысшыларын әзірлеу, оларды оқыту жөніндегі Коммунистік партияның осы «әкелік» қамқорлығы зая кеткен жоқ. Себебі бұл мектепті бітірген шәкірттердің бәрі де коммунистік құрылыстың алуан саласында өмірден өз орнын таба білді.

«Балапан ұяда бір өскенмен, ұшарда әр жаққа самғайды» деп халық айтқандай, шәкірттер бір мектепте, бір коллективте тәрбиеленгенмен, көмелетіп аттестат алып, мамандық таңдағанда ғылымның сан саласын қуып кетеді. Біздің мектепті бітіргендерді санай бастасақ, ғылым мен өнердің, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының саласында олар игермеген мамандық жоқ.

Мектепті бітіргендер туралы сөз болғанда, ең алдымен жерлесіміз, осы мектептің бұрынғы шәкірті, әрі мұғалімі, физика-математика ғылымының докторы Асан Тайманов жөнінде айтуымыз керек. Чапаев аудандық Қызылжар ауылында туып, біздің мектепті отызыншы жылдардың басында бітірген ол өзін ғылымға түгелдей арнады. Соғыстан кейін Асан Тайманов Иванова қаласындағы энергетика және тоқыма институтында оқытушылық жұмыс істей жүріп, ғылыми жұмыспен шұғылданады. Өзінің докторлық диссертациясында математика ғылымының жүздеген жылдар бойы шешілмей келе жатқан өмірлік маңызы бар проблемасын шешіп берді. 1962 жылғы Қазақ ССР Ғылым академиясының сайлауында ол академик болып бірауыздан сайланды.

Өмірге жолдаманы біздің мектептен алған белгілі адамдар туралы әңгіме қозғағанда Рахым Байғалиев жөнінде айтпай кетуге болмайды. 1931 жылы жеті жылдықты бітірген ол Москвадағы тау-кен институтының әзірлеу курсына түсіп, кейін оны үздік бағамен бітірді. Техникалық ғылымның кандидаты атағын алған ол да біздің мектептің заңды мақтанышы. Партия ауыр өнеркәсіпті өркендетуді қолға алған жылдары инженер болып істеген Рахым Байғалиев көбіне-көп осы саланың ұйымдастыру жұмысының басында жүрді. Біздің мектептің ұшырған түлегі қазір Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болып істейді.

Өз шәкірттерінің коммунизм құрылысының алуан саласындағы жемісті еңбектері үшін мектеп коллективінің қалай мақтануына да сыяды.



Жетіжылдықты отызыншы жылдары бітірген, кейін Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясында оқыған және сонда ғылым кандидаты атағы үшін диссертация қорғаған Кенжеш Иманғалиевпен де мектеп күні бүгінге дейін байланыс жасап тұрады. Ол – қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті. Оның лабораториясынан бидайдың «акмолинка» деп аталатын жаңа сорты өсірілді. Қазір ол жоғары өнімді товарлы астық деп танылып, республикада жоғары баға алып отыр. Сол сияқты, Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-секретары, республиканың егіншілік саласындағы жетекші ғалымы Аймақ Жанғалиев жолдасты да айтып өткен жөн.

Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының кафедра меңгерушісі, ғылым кандидаты Ғабдолла Ғұбайдуллин, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің деканы, доцент Тауман Аамандосов, педагогика ғылымының кандидаты Қартпай Біржанов, философия ғылымының кандидаты Ақназаров, Орал пединститутының доценті Зейнолла Аманғалиев және басқа ондаған ғалымдар Қазақстанның жоғары оқу орындарында көп жылдардан бері жемісті еңбек етіп жүр.

Бұл мектепті бітірген шәкірттердің мамандық тандауына өмірден өз орнын таба білуіне ұстаздары әрдайым көмектесіп, олардың болашағына жөн сілтеп отырады. Бұл дағды қырық жылдан бері үзілмей келеді. «Кім болғың келеді?» деген мамандық таңдау кештері әлі өткізіліп тұрады. Өндірістік мамандықпен он бір жылдық мектеп бітірген елу балаға арналған кешке олардың ата-аналары да қатысты. Қоғамдық жұмысқа белсенді қатысатындары гуманитарлық факультеттерге түсіп, кейін партия, совет органдарының басшы жұмысында істеп кетті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Рахым Байғалиевті айтпағанда, бұл салада да біздің мектепті бітіргендердің үлес салмағы едәуір.

Ең алдымен Құрман Дидаровты айтуға тура келеді. Көп уақыт өз облысымызда басшы жұмыста, кейін республика ауыл шаруашылық министрінің орынбасары болып істеген ол – қазір ғылым кандидаты. Целиноград өлкелік ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармасы бастығының орынбасары.

Қырық жыл ішінде мектеп қабырғасынан қанша ұрпақ қанат қағып шықпады дейсіз! Айта берсе, мектеп түлектері республикамыздың әр селосынан, әр ауылынан табыла береді. Мысалы, Уақыт Мақанов Алматының ядролық институтының бас инженері, М.Тайыров республика балық өнеркәсібі бас басқармасы бастығының бірінші орынбасары. Д.Аманғалиев Балқаш каналындағы балық институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі директоры, Сұлу Есенова Қазақтың мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері болып істейді.

Олардың бір тобы Ақтөбе, Гурьев және өз облысымызда да бар. Орал облыстық кинофикация басқармасының бастығы Ғарипа Рахметова (онжылдықты үшінші бітірушілердің бірі), облысымыздағы ірі мал шаруашылықты аудан – Казталовка өндіріс басқармасының бастығы Мақсөт Ысқақов, Чапаев өндіріс басқармасы бастығының орынбасары Мырзахмет



Тәжімұқанов (онжылдықты бірінші бітірушілер), Ақтөбе облысындағы Шалқар өндіріс басқармасының бас инженері, өлкелік партия комитетінің мүшесі Фарит Қалиев жолдастардың есімін атағанда, кәрі еменнің тармақтанып жатқан сансыз бұтағындай мектеп өрендеріне қалай қуанбасқа!

Жасөспірімдерді советтік патриотизм, отансүйгіш рухында тәрбиелеудегі жұмысы да бір төбе. Ұлы Отан соғысы жылдарында неміске қарсы күресте ерлік көрсеткен мектеп түлектерін де еске алмасқа болмайды. Он жылдықты бітірген бойда өзі сұранып, майданға аттанған Мырзағалиев жөнінде жылы лебізді күні бүгінге дейін естуге болады. Жас патриот 1939 жылы Шымкент қаласында өткізілген шахматшылардың республикалық жарысында екі спорт мастерін (бірі Қарағанды инженері, екіншісі Өскемен мырыш заводынан) жеңіп, республикалық бірінші орынды жеңіп алды. Республика чемпионы немістерге қарсы ұрыста бір өзі мыңдаған дұшпанға қарсы тұрып, белдесіп, ерлерше қаза тапты. Оның майдандағы патриоттық ерліктері жөнінде мектепте жыл сайын естелік кеш өткізіледі.

Мектепті бітіргендердің ішінен Совет Армиясының тамаша командирлері, жауынгерлер өсіп жетілді. Олар жауынгерлік қабілеттерін соғыста көрсете білді. Гвардия полковнигі Айдынғали Әубекеров, медицина майоры, дәрігер Ғұсман Қазмағамбетов, Қиыр Шығыстағы капитан Ғабдылқайыр Шілмұқанбетов, майор Нұрпейіс Тұрмұханбетов және басқалары. Ұлы Отан соғысы жылдарында елді жаудан қорғап, азаматтық борыштарын адал атқарды.

Қазақтың советтік искусствосының тарихына да мектеп түлектері алтын беттер қосты. СССР Халық артисткасы Роза Жаманова Орал музыка училищесінде оқыған жылдарында онжылдық жалпы білімді №11 қазақ орта мектебінен алды. Оның эстетикалық талғамының, орындаушылық қабілетінің жетілуіне мектептің белгілі дәрежеде ықпалы болғандығында дау жоқ. Сол сияқты, осы мектепті бітіріп шыққандардың ішінде Алматыдағы жастар театрының артисі Аққағаз Мамбетова, Алматы консерваториясының оқытушысы, музыка зерттеушісі Ғапура Бисенова, Қазақтың Ленин орденді Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының үрмелі оркестрінің виолончельшісі Сапиолла Жакеевтерді де мақтаныш ете аламыз.

№11 орта мектепті бітірушілердің арасында медицина мен педагогика мамандығын меңгерушілер бөрінен де көп. Бұл жөнінде Қазақстандағы физкультура институтының ректоры, педагогика ғылымының кандидаты Қамза Мұқамбетжановты алдымен атау қажет. Ол мектепте 1927-1931 жылдары оқыды, жетіжылдықты бітірді. Ата-анасынан жастай жетім қалған Қамза балалар үйінде тәрбиеленеді. Біздің мектепке келгенде ол бірауыз қазақша білмейтін-ді. «Киршколға (қазақ мектебін ол кезде осылай деп атайтын) келгендегі мақсатым», - дейді ол: «ана тілімді үйрену, білімді де сол тілде алу». Қамза – қазақ даласының алыбы, даңқты Қажымұқаннан кейінгі профессионал спортшысы, физкультура саласын зерттеген ғалым.

Қазақша күрестің республикалық чемпионы, қараторы, жұқалтақ жігітті білмейтіндер аз. Ол күрестің классикалық түрінен одақтық және дүниежүзілік



сайыстарға түсіп, талай жүлдені жеңіп алып жүр. Орта мектепті 1951 жылы бітірген Өтешев Ұлғат қазір спорт мастері, Павлодарда сабақ береді.

Республикаға еңбегі сіңген дәрігер Күбірә Тәржіманова, Алматы жоғары партия мектебінің оқытушысы Тұрсын Қайыралиева, Орал пединститутының оқытушысы Темур Аймұханбетов, Зеленов аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Шияп Қабашев, облыстық байланыс басқармасының инженері Әмина Сатқанова, көптеңгі мұғалім Мәрзия Дәрменова өз ісін сүйіп атқарғандықтан халық құрметіне бөленіп отыр. Халық ағарту саласында ұзақ жыл мінсіз қызмет етіп жүрген Шоқан Қаржауовпен мектеп күні бүгінге дейін байланысын үзген жоқ. Ол қазір Батыс Қазақстан өлкелік атқару комитеті жанындағы халық ағарту және мәдениет тобының меңгерушісі болып істейді.

Қырық жыл. Аз уақыт емес. Алтын ұядан жыл сайын 40-50 жас түлек өмірге жолдама алып, жүрегін қалауымен қалаған қаласы мен оқу орнына кетіп жатады. Олар еліміздің түкпірінде, шаруашылықтың алуан саласында істеп жүр. Бір мақалада олардың бәрін қамтып шығу мүмкін емес. Өздерін алақанына салып тәрбиелеген алтын бесігі – мектеп өзінің қырық жылдық юбилейі қарсаңында бәріне де коммунизм құрылысшыларының алдыңғы сапында болуды, жемісті еңбек студі тілейді.

Сонымен бірге мектеп коллективі осы даңқты күн қарсаңында өз түлектерінен естелік-пікірлер күтуі де заңды.

Жалел Самарханов,

*Оралдың Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ
орта мектебінің директоры,*

*Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі.
16.IX.1964*

МЕКТЕБІМ – АЛТЫН ҰЯМ...



Мен бұл мектепте 1930-1934 жылдары оқып, тәрбиелендім. Ол кезде ауылдарда оқу дегеннің өзі қат болатын. Ауылда дұрыс оқу болмай, 1930 жылы әкем Сисен мені оқыту мақсатымен қаладағы №4 (қазіргі №11 мектеп) оқуға әкеліп түсірді. Ол кездегі мектеп үйі қазіргі Некрасов пен Почиталин көшесінің қиылысындағы қызыл тастан салынған ғимаратта еді. Мектепте қала балалары сирек болды. Ол кезде оқуға әр ауданнан, атап айтсақ, Жаңақала, Тайпак, Жымпиты, Казталовка аудандарынан келіп оқыды.

Сол жылдары мектеп директоры Қоспанов, орыс тілінен Қаратаев, тарихтан Айшуақов, географиядан Левшин сынды ұстаздар сабақ берді.

Интернат жағдайы жақсы еді, тамақтан тарлық көргеніміз жоқ. Үш мезгіл тамақ берді, киім, іш киім дегеннің бәрімен қамтамасыз етті. Сабақ қазіргідей оқытылды, тек бір өзгешілігі қазіргідей жабдықталу болған жоқ. Мектептің өз ішінде клубы болды. Апта сайын ойын ұйымдастырамыз, спектакль қоямыз.



Соның біреуінде өзім ойнадым. Кейде қалғаны белбеумен соғып ойнайтынбыз. Жиналысымыз да клубта өтетін. Ол кезде қазіргідей былғары доп деген жоқ, мал жүнінен доп жасап ойнайтынбыз. Ал қыс кезінде коньки дегенді қаланың өзінен іздеп жүріп әзер табатынбыз. Шындығында, қазіргідей мұз айдыны болмайтын, көшеге тебетінбіз. Жаз айларында Жайыққа баратынбыз...

Мектеп бойымызға жылылық, ізгілік ұялатты. Мектепте оқып қана қойғанымыз жоқ, мектептен дос таптық, алтын ұя – мектеп арқасында сауатымызды ашып, өмір жолын көріп, оқу керектігін түсіндік.

Гұсман Қазмағамбетов,

мектептің 1934 жылғы алғашқы түлегі

МЕКТЕБІМ – ӨМІР ЖОЛЫМНЫҢ СОҚПАҒЫ

Менің 5 жыл ғұмырым осы мектепте өтті. Букин Браш, Қазиев Шернияздан, Әбілов Ғазез, Өребаев Б., Асанов Ғ., Айтбаев Ж., Бейбітов, Ізкулов Ықсан т.б. оқытушы-ұстаздардан дәріс алып, 1936-1937 оқу жылында Орал қаласындағы №4 қазақ орта мектебінің 10-класын аяқтадым. Сол кезде ағарту жолында көп жылдары еңбектері сіңген, есептен сабақ берген Ы.Букин, қазақ тілі мен әдебиеттен Ғ. Әбілов. Кейін «халық жауы» деп ұсталып, атылып кеткен.

Мектепті жеті оқушы: Тажмұқанов Мырзақмет, Темірғазиев Сәлім, Шайқиев Әди, Нұрпейсов Жұбандық, Демжанов Мағиын, Тұрмұқамбетов Нұрпейс, Шотпанов Танабай (қазіргі №11 үлгілі қазақ орта мектебінің С.Сейфуллин атындағы) 10-класын, Орал облысы бойынша, алғашқы түлегі болып бітірдік.

Мектеп директоры – С.Акмұрзин. Дәріс берген ұстаздар И.Левшин, А.Низамиддинов, Қаратаевтар (әкелі-балалы), Қадыров, Жумин Ықсан т.б.

Қандай ма адам болмасын болашақ өмірдің өзіне деген жақсы жақтарын қалайды. Соған қол жеткізіп, соның беделін, жақсылық рақатын көруді армандайды. Біздердің де жастай армандағанымыз ұстаз болу еді. Сол бойынша, тобымызды тоздырмай, 7 түлек Орал педагогикалық институтына түстік. Бұл 1937-1938 оқу жылы болатын. Институт ректоры (ол уақытта директор) Иван Куприянович Лукьянц. Профессор А.Бойко, Пиманов, В.Васильев, Н.Темірбеков, Н.Темірбекова, Н.Лапотухина, т.б. көптеген ұстаздардың лекцияларын тындап, болашақтың ақиқат, тура жолында болдық. Кешегі ауыртпалық жылдарда жетеуіміз де майданда болып, жетеуіміз де елге аман оралдық. Тыныштық қоғамда өзінің ұстаздығын жалғастырғандарымыз: Ө.Шайхиев, М.Демжанов, Ж.Нұрпейсов, Т.Шотпанов.

Менің қазіргі ойым өмірден өткен ұстаздарыммен бірге өскен, оқыған әріптестерімнің аттары қағаз бетіне жазылып, тарихта қалса екен деп аты-жөндерін толық жазып отырмын.

Сәлім Темірғазиев,

мектептің 1937 жылы алғашқы онжылдық түлектерінің бірі





ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ...



1915 жылдан бері азаматтық «Тар жол, тайғақ кешу» кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан Жәлел Самарқанұлының өмір жолы – жастарға өнеге. Ол қазіргі Сырым ауданының Қособа ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келді.

1925 жылы алғаш рет мектеп табалдырығынан аттаған Жәкең, 1939 жылы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін ойдағыдай бітіріп, Орда орта мектебіне жолдама алады.

1939 жылдың 1 қыркүйегінен басталған Ж.Самарқановтың ұстаздық, тәлімгерлік өмір жолы – өнеге. Ал осы мерзімнің ішіндегі үш жылға созылған сұрапыл кезең бір басқа... Соғыс басталған кезде Жәкең Ленинград қаласындағы бір жылдық саяси-әскери командалық курсын бітірген-ді.

Неміс басқыншыларына қарсы соғыста Жәлел Самарқанұлы атқыштар взводының, ротасының командирі, батальон командирінің орынбасары, кейіннен әйгілі саяси соғыс айыпкер ротасының командирі қызметін атқарды. Осы кезеңде ол төрт рет (екі рет жеңіл және ауыр) жарақат алды. Ленинград қаласының қоршауын бұзып-жарып өту кезінде өте ауыр жарақаттанып, госпитальда емделгеннен кейін, қайтіп ұрысқа жарамсыз болғандықтан, туған жеріне оралып, сүйікті білім беру майданына араласты.

Жәлел Самарқанұлы халық ағарту ісінің қай саласында қызмет атқарса да, өте жақсы нәтижеге жете білді. Соның куәсі болып, оның атқарған жауапты қызметтері – облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Орал педагогика училищесінің директоры, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры және т.б.

Ал Жәкеңнің Оралдағы №11 қазақ орта мектеп-интернатында атқарған директорлық қызметінің орны бір бөлек. Он сегіз жылға созылған осы жұмыста ол өзінің асқан ұстаздық талантының биігінен көріне білді.

Осы мақаланың авторы 1961 жылы Оралдағы мектеп-интернатқа оқуға келгеннен бастап бүгінгі күнге дейін Жәкеңді өзінің ұлы ұстазы ретінде пір тұтады.

Мектеп қабырғасындағы кезеңді еске түсірсек, Қаратөбе ауданындағы Соналы жетіжылдық мектебін үздік бітіріп келген шәкіртке бұл білімнің қара шаңырағы жұмақ сияқты болып көрінді. Оған себеп те бар еді. Біріншіден, мектептің ішкі және сыртқы бейне көрінісі, екіншіден, өте жақсы жабдықталған оқу кабинеттері, үшіншіден, әрбір пәнді беруге қойылған жоғарғы ғылыми-әдістемелік талап. Осы сияқты басқа да талаптарды жүзеге асырудағы басты рөл атқаратын білікті ұстаздар қауымы еді ғой. Олардың біз үшін қайсыбір осалы жоқ еді.

Солай болуы да тиіс қой....



Жалпы, мен үшін ұстаздардың ішінде математика пәнінен сабақ берген Жәлел Самарқанұлының өзіндік өрнегі ерекше еді. Ұстаз сабақты түсіндіргенде өзінің барлық күш-жігерін аямай жұмсайтын.

Бұл кезде ол мектеп басшысының қызметін ойынан мүлдем шығарып тастайтын сияқты. Қазір өзіміз ұстаз болған кездегі көзбен қарағанда, Жәлел Самарқанов тек қана математикадан білім беріп қоймай, шәкірттерінің өз беттерімен білімдерін жетілдіруіне өте көп көңіл бөлді, ал талантты оқушылармен жұмыс жасауы бір басқа. Осы өркенді жұмыс белгісіндей Жәкеннің шәкірттері кезінде қалалық, облыстық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері атанды.

Сонымен бірге Жәлел Самарқанұлы қоғамдық жұмыстарға да атсалыса білді, қалалық кеңестің сегіз дүркін депутаты, бейбітшілік комитеті облыстық бөлімшесінің жауапты хатшысы, қайсыбірін атайын...

1964 жылы республиканың еңбек сіңірген мұғалімі атағын алған ұстазымның менің математик ретінде қалыптасуыма сіңірген еңбегі өте зор. Оның Қапсыық Хабдулқалықов екеуімізбен қаншама сан күрделі, стандартты емес есептерді шығаруды жүктеді десеңізші. Шынын айтсам, менің және басқа да түлектердің А.Байарыстанова, А.Молдағалиева, Ж.Камкиева, Б.Молдағалиев және т.б. бүгінгі таңдағы жеткен ғылыми-педагогикалық жетістіктері Жәкен қамқорлығының нәтижесі деп білемін.

Сол кездегі мектепте жүргізілген сан қырлы жұмыстардың ортасында директоромен бірге көптеген талантты ұстаздар еңбек етті. Олардың есімдерін мектептің 75 жылдық торқалы тойында атап өту – бір тағзым. Оқу ісін басқарған Күләнда Қабашева, Галина Байбурина, Ғұмар Мәжитов сынды дарын иелері. Бізге класс жетекші болған тарих пәнінің мұғалімі, білгір маман Сәруар Әлиева, ағылшын пәнінен дәріс берген, шәкірттеріне қатаң талап қоя білетін Любовь Фейшбейн, өндіріс мамандықтарына қолымызды жеткізген Юрий Ермаков секілді ұстаздардың есімдері еске орала береді.

Менің өз басымның ұстаз болып қалыптасуыма, әсіресе, шығармашылық еңбекпен шұғылдануыма септігін тигізген ұстаздарым Панна Михайловна Генке мен Галина Галиповна Ажымуратовалардың орны ерекше.

Панна апамыз (әжеміз деуге де болады) орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бергенде өте қызығатын едік.

Ол кісі ауылдан «бір ауыз» орысша білмей келген шәкірттерін қайтсе де білдіруге, ынталандыруға тырысты. Уақытын аямады және ол нәтижелерін де берді.

Сол кісімен үзіңгілесе жұмыс жасаған қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Галина Гапаровна апамыз да осалдардың бірі емес еді. Оның жаздырған мазмұндамалары мен шығармалары оқушыларын өмір ізденістеріне терең бойлата білді. Төл тілімізге, әдебиетімізге деген сауаттылықты, сүйіспеншілікті алғашқы орынға қойды.

Ұстаз ретінде тағы бір дарын иесі биология пәнінің мұғалімі Зейнеп Иманғалиеваның есімін атап өткен жөн.



Өмір өткелдері, сағаттың тілі жүрісінен тәуелсіз өтіп жатыр. Біздің де білім, тәлім-тәрбие алып, қара шаңырақтан өмірге жолдама алғанымызға отыз бес жылдай өтіпті. Шәкірттер ойынан республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Жәкеңе айтарымыз – мәңгі жадымыздасыз!

Енді мектебіміздің бүгінгі халі қандай десек, мына бір шынайы қызығушылық, мақтаныш сезім кеуде кернейді.

Мектеп өте сәнді. Жастарға білім, тәрбие беріп жатқан өнегелі ұстаздардың есімдерін мақтаныш тұтуға болады. Олар Ғаделше Айталиев, Айғаным Есқазиева, Жумабике Супалиева, Роза Тілепова, Қадыр Лұқпанова, Серік Қазиханов және т.б. азаматтар. Жастарға IBM-дей ғасыр арғымағын нокталауға мүмкіндік жасап жүрген Петр Лежников пен Арман Ахмадиев. Ал ұстаздық қызметімен бірге ғылыми жұмысты ұштастырушы – Мүтиев Зейнолла. Фариза Оңғарсынова апасының терең ойлы поэзиясын ел жұртына ғылыми дәлдікпен танытып келеді.

Абай атамыз:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - дегендей, жетпіс бес жылдық мерейтойын тойлағалы отырған Оралдағы Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп-лицейінің өзі де рас, ісі де рас.

Осындай жақсылық нышандарды өрісті дамытып отырған озат басшы Ерсайын Қадырұлы Сапаров сынды азаматты Батыс Қазақстан облысы орынды мақтаныш тұтады.

Жәлел Хамкиев,

*Сырым, мектептің 1965 жылғы түлегі,
педагогика ғылымдарының кандидаты*

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК



Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп-интернат-лицейінің 75 жылдық тарихында облысымыздың түкпір-түкпіріндегі ауыл балаларын оқытып, сапалы білім, азаматтық саналы тәрбие берген, уақытымен санаспай еңбек еткен ұстаздар мен мектеп басшылары көптеп кездеседі. Мектеп басшысы дегенде айтарымыз, әр жылдарда мектеп өміріне басшылық беріп, білім кемесін алға қойған мақсаты мен бағытынан жаңылтпай, көрегендікпен бастай білген, №11 мектепте қажырлы еңбек атқарып, артына өшпестей із қалдырған директорлардың есімдері мектеп тарихында сақталып, мұражайда орын алған. Бұның өзі – мектептің қазіргі педагогикалық ұжымының аға ұрпақ өкілдеріне деген құрметі мен ілтипаты. Осындай елеулі еңбек атқарып, кейінгі буынның есінде сақталған директорларымыздың бірі – Самарқанов Жәлел Самарқанұлы. Ол кісінің №11 мектепте 19 жыл директор болғаны, ұстаздық және басқарушылық өнегелі істерін, жаңа мектептің іргетасын қалауға қозғау болған жұмыстарын 75



жылдық торқалы той қарсаңында тағы бір әңгімелеуді, көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдік.

Самарқанов Жәлел Самарқанұлы 1939 жылы институтты бітіргесін әскер қатарына шақырылады да, Карелофинск шекарасында жауынгерлік борышын атқарды. Көп кешікпей жоғары білімі бар жауынгерлерді Ленинград училищесіне 1 жылдық саяси жетекшілер даярлайтын бөліміне оқуға жібереді, емтихан тапсырып жатқанда, Ұлы Отан соғысы басталып кетуіне байланысты қоршауда қалады. Содан 1943 жылға дейін «Өмір жолы» аталған атақты әскери шепте Нева мен Ладогадағы жолды қорғауға қатысқан. Айлап мұз үстінде жатып жол қорғап, өмір үшін күрескен шайқаста ауыр жарақат алады. Әуелі Вологода қаласында, кейін Архангельск қаласындағы госпитальда емделіп, саулығы соғысқа қайта қатысуға жарамауына байланысты 1944 жылы елге оралған.

Денсаулығының жағдайына қарай әр түрлі қызмет атқарып, 1945 жылы өз мамандығы бойынша Облыстық халық ағарту бөлімінде мектеп инспекторы жұмысына ауысады да, 1949 жылы №11 қазақ мектебіне директор болып тағайындалады. 1950 жылдың аяғында қайта облыстық оқу бөліміне қызметке ауыстырылады. 1954-1958 жылдары Орал педагогикалық училищесіне директор, 1958-1960 жылдары Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры болған.

Ал 1960 жылдың қазан айында Жәлел Самарқанұлы 11-мектепті қайта біріктіріп, бір жерден оқытып, тәрбиелеуді үнемі ойлап, соны іске асыру жолында үлкен қызметтер атқарған екен. Оған қол ұшын беріп, қиындықты түсінген, қазақ мектебіне деген ерекше қамқорлық жасаған адам – сол кездегі облыс хатшысы Мұстахим Біләлұлы Ықсанов болғанын айтады және оған дейін талай адамның алдына барғанымен ұсыныс-тілек аяқсыз қалып отырыпты. Жаңа мектеп үйіне қол жеткенге дейін де қол қусырып отырмай қолдан жағылатын мектеп үйін (Фурманов көшесінің бойында) орталық жылу жүйесіне қосуға көп жұмыстар атқарған. Ол кезде оның бәрі бір ауыз сөзбен шешілмейді, талай жерге барып сұрайды және Жәлел Самарқанұлының қалалық кеңестің депутаты болған 20 жылдық еңбегі, қоғамдық жұмысының да пайдасы тиген. Келесі бір естен кетпес, мектеп педагогикалық ұжымына қуаныш сыйлаған жақсылық – 1964 жылы мектепке Сәкен Сейфуллиннің есімін беру мәселесі болды. Осыған қозғау жасап, бастама көтерген, тиісті орындарға 2-3 дүркін сұрау салып, өтініштер жазудың арқасында.

Соғыстан кейін №11 қазақ мектебінің директоры болып тағайындалып, 1977 жылдың қыркүйек айына дейін осы мектептің білімі мен тәрбие жұмысының алға басуына, облыстағы алдыңғы мектептердің қатарында болуына үлкен басшылық берген. Сол жылдарда мектеп қалалық оқу бөлімінің жетекшілігіне қараған және оқитын мектеп үйі мен интернат төрт жерде бөлек-бөлек орналасқан болатын. Мұғалім, тәрбиешілердің арасы алшақ орналасқан, төртке бөлінген бөлімшелер арасында қызмет атқаруының қиындығы, балалардың қатынап оқуында кездесетін қиыншылықтарды көре жүріп, Жәлел Самарқанұлы мектеп пен интернатты бір шанырақ астына біріктіріп, бір жерден оқытып, тәрбиелеуді үнемі ойлап, соны жүзеге асыру жолында еңбектеніп,



халқымыздың біртуар перзенті Сәкен Сейфуллин есімінің мектепке берілуіне де өзіндік үлес қосуы үлкен абырой еді.

Көптен күткен іс – жаңа мектеп үйін беруге шешім қабылданып, 1973 оқу жылында құрылыс басталып, төрт жерге бөлінген мектеп бөлімшесінің бір шаңырақ астында өмір сүргеніне де 25 жыл уақыт болыпты.

Жәлел Самарқанұлы өзі мектеп басқарған жылдарында 1280 оқушы мектеп бітіріп, оның 1119 жоғары арнаулы оқу орнына түсіп, қазір республикамыздың беделді азаматы мен азаматшылары болғанын да мақтан тұтады. Ол кісі тек мектеп басқарған директор ғана емес, 1953-1972 жылдар аралығында қалалық және облыстық партия комитетінің делегаты, қалалық Кеңестің депутаты, он жыл бойы облыстық оқу бөлімінің коллегия мүшесі, «Бейбітшілік қорғау» ұйымының жауапты хатшысы болған, үш дүркін республикалық мұғалімдер съезіне делегат болып қатысқан. Облысымыздың білім саласын көтерудегі еңбегі елеусіз қалмай, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталып, «Қазақ ССР Білім беру ісінің үздігі», «Еңбек сіңірген мұғалім», «Дүниежүзі балаларды қорғау» т.б. құрметті атақтарды алған. 1977 жылдан кейін де оқу-ағарту орындарында қызмет атқарып, 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығынан кейін құрметті демалысқа шыққан.

Жәлел Самарқанұлы – облысымызға белгілі азамат аға, өзі оқытып, тәрбиелеген мектеп түлектеріне қымбатты ұстаз.

А.Есказиева,

*С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ЖАҢЫ ЖАЙСАҢ ҰСТАЗ

Біздің мектепте оқушыларға сапалы білім беріп, қажырлылықпен, шығармашылықпен жемісті еңбек етіп келе жатқан ұстаздар көптен саналады. Солардың бірі – Ғимадиева Күләш Ғимадиқызы.

Мектепте ұзақ жылдар биология пәнінен сабақ беріп келеді. Мұғалім қызметінің басты міндеті – оқу бағдарламасы талаптарын орындауға, оқушыларды өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету. Бұл міндеттерді шешуде оқытудың белсенді тәсілдерін қолданып, оқушылардың сабаққа ынтасын арттыруда, материалдың мазмұнынан басты мәселелерді айқындау, практикалық-лабораториялық жұмыстар мен зерттеу тәжірибелерін орындау, талдау, салыстыру, жинақтап қорытынды жасауды ұжымды пайдалануда.

Мектептегі биология кабинетінің талапқа сай жабдықталуына көп еңбек сіңірді. Кабинет жабдықтауға оқушыларды кеңінен қатыстырды. Кабинетке қажетті көрнекіліктер жасауда, гербарийлер жинақтауда, гүл өсіруде оқушылар көмегіне сүйенеді.

1993-1994 оқу жылында химия-биология бағытын бітірген лицей сыныбына сынып жетекшісі болды. Олар өздері қалаған бағыты бойынша әрі жетекші, әрі пән иесі ретінде анасындай болған ұстаздан көп тәлім-тәрбие алғаны мектеп ұжымына белгілі.



Күләш Ғимадиқызының құлаққа жағымды майда қоңыр дауыспен айтқан ақыл-кеңесі – тек шәкірттерге ғана емес, мектептің өзінен кейінгі жас ұстаздарына да үлгі-өнеге.

Мектептегі әдіс бірлестігіне жетекшілік етіп, өзінен кейінгі жас ұстаздарға пәнді оқыту тәжірибесін үйретіп, әріптестерімен бөлісуден жалықпайды. Сөзіміз дәйекті болу үшін мұғалімдердің семинар кезінде көпшілікке көрсеткен сабағын көргеніме тоқталмақпын.

Күләш Ғимадиқызы жетілдірген жаңа бағдарламаға сәйкес 8-класта «Витаминдер» тақырыбы бойынша өткізген сабағында шығармашылықпен ізденіп, көрнекі құралдарды шебер қолданатынына көз жеткіздік. Мұғалім ең алдымен оқушылардың сабаққа белсене қатысуын, ынтасын арттыру үшін теориялық мәселелерді түсіндіруде оқулық көлемімен шектелмеу керек деп санайды екен.

Кіріспе әңгімесінде витаминдерге түсініктеме беріп, оның организмге өсімдік және жануар текті тағамдардан келетініне тоқталды. Витаминнің 30 шақты түрін әрбір оқушыға хабарлама түрінде айтқызды және толық мәлімет алды.

Сабақ соңында мұғалім қорытындылап, азық-түліктің құрамында витамин қандай жағдайда сақталатыны туралы сапалық реакция тәжірибесін жасап көрсетті. Қорытындыда қай тағамда витамин мөлшері азаяды, қайсысында сақталуы анықталды. Мұнан оқушылардың материалды игергені толық аңғарылды.

Оқушылардың білімін сабақ соңында үйде жасап келген көрнекіліктеріне, жинақтаған материалдарына, білуіне, көпшілікке жеткізе білуіне, икемділіктеріне мән бере отырып бағалады.

Әлбетте, К.Ғимадиқызы сияқты тәжірибелі мұғалімдердің сабағында мақсатсыз артық сөз, қажетсіз қимыл, бос қалатын уақыт, есепсіз ескертулер болмайды. Оның бәрін бір мақалаға түсіру мүмкін емес. Бірақ бір сабақты мысалға алу арқылы барлық сабақтың да осындай жоғарғы дәрежеде өтетінін түсіну қиын емес деп ойлаймын. Күләш Ғимадиқызы – өзінен кейінгі жастарға үлгі тұтар ана, көргені мен түйгені мол, бергені мен берері мол жайсаң жанды ұстаз.

Есқазиева Айғаным Аманжанқызы,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

ӘРІШТЕС ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ



Александр Иванович Корольков екеуіміз 1969 жылы кездестік. Ол кезде Чапаев ауданы, Первомай совхозы еді. Бірінші кездескеннен әңгімеміз жарасып, өнер туралы сыр шерттік. Ол мәдениет үйінің директоры, мен комсомол секретары едім. Одан кейін сол совхоздың Бітік орта мектебінде бірге жұмыс жасадық. Ол ән сабағын жүргізді. Мен әскери дайындау пәнін жүргіздім.



1990 жылы Ерсайын Қадырұлы маған балаларға ән сабағын жүргізетін мұғалім тапшы деген еді. Мен Александрды шақырдым. Сөйтіп біз 11-мектепте жұмысымызды бірге жалғастырдық. Ол кісінің педагогикалық білімі болмаса да, анадан ұстаз болып туған адам еді. Балаларды жақсы көрді. Өзі баян мен трубада ойнайтын. Қазақ әндерін орындайды. Баянды өз бетімен меңгерген адам. Оқушылары «Сашка ақа, «пение» болады ма?» - деп артынан қуып жүретін. Мектепте хор үйірмесін басқарды, жеке дауыс пен топтасып әр дауыста ән салу шеберліктерін шыңдады. Тек оқушылар емес, сонымен қатар мұғалімдердің көркемөнерпаздар үйірмесіне де жетекшілік етті. Оған куә – біздің ұжым үнемі қалалық байқауларда бірінші орынды жеңіп алуы. Сондай байқаудан кейін Саша: «Ерсайын Қадырович, біз орыстарды қатырдық қой, ә», - дейді. Ерсайын оған: «Әй, Сәке, өзің орыс емессің бе?» - десе, ол: «мен мектеп үшін бірінші орынды иеленетінмін».

Адамгершілігі мол, көмегін беруге әзір тұратын адам. Достыққа да адал. Сондай адаммен дос болдым, жұмыстас болдым. Үнемі екеуіміз бірге ән салдық. Ән сабағына мені шақырып екеуіміз ән орындаймыз. Міне, балалар, әнді осылай орындау керек деп үйрететін. Өттеген-ай, өмірден ерте өтіп кетті ғой! Өмірімде осындай қазақты сүйген, қазақтың өнерін сүйген орыс азаматын көргенім жоқ.

Рақым Рахметуллин,
зейнеткер ұстаз

ҰСТАЗДАР ТУРАЛЫ БІРЕР ОЙ...



1964 жылы бізге музыка пәнінің мұғалімі болып жүрген кезде Алматы консерваториясының жоғарғы курс студенті, атақты күйші шешеміз Дина Нұрпейісованың бейнесін экранда бейнелеген арқалы күйші Бақыт Қарабалина келді. Келе сала домбыра үйірмесін басқарып, мектебіміздің оркестрі шекті аспаптар арасынан облыс бойынша бірінші орын алуына көп еңбек еткен еді апайымыз. Прима (мандолина) аспабында ойнайтын, маған сәл қателесіп кетсем «неге?» деп сұқ саусағымен сұс көрсеткен кездері әлі есімде. Алғашқы рет нотамен таныстырған да осы Бақыт апай еді. «Сары бала» дейтұғын маған, «Сары бала, сен мектеп бітіргеннен кейін Алматының консерваториясына кел, мықты музыкант қылып шығарам» дегеніне құлақ аспағаным әлі күнге дейін өкінем. Бірде қазақ драма театрының бір қойылымында кездесіп қалып, менің медицина институтына оқуға түскенімді естіп: «жақсы маман болуыңа тілектеспін, бірақ өнер сені әлі талай нақажет», - деп еді-ау. Марқұмның сол сөзінің мәнісін осы күндері түсініп, «нақажет» дегенінің сырын енді ұққандаймын.

Сәскебай Сабырғалиев ағайымыз мамандығы математик болса да, скрипкасы қолынан түспей, сабақтан кейін үйіне бармай біздің аразамызда жүретін. Скрипканы жанындай жақсы көретіндігі сондай – тартып көрмек



болып шикылдатып отырғанымды көріп, «бұл – құдіретті аспап, қорлама» деп қолымнан жұлып алған.

Мықты баянист, әнші, Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Николаевич Культюшновтың орны бәрінен бөлек болушы еді. Қазақ тіліне судай, жүрген жерін күлкіге кенелтіп жүретін ақкөңіл, ғажайып адам болатын, марқұм. Осы пансионның балаларының талай конкурстардан ән-биден жүлделі орын алуына себепші болған өнерлі де өнегелі ұстаз еді. Қаланың балалары бізді өгейсініп, бөтенсініп, кейде бірнешеуі бірігіп ұл, қыз екеніне қарамай ұрып кететін кездері болғанда қатты ренжіп, физкультура пәнінің мұғалімі екеуі (аты-жөні ұмыттым) бізді қорғап, қоршап жүруші еді.

Соғыстың біткеніне 15-20 жыл шамасы өткеніне байланысты болар, тұрмысымыз онша жақсы болмаған, бір бөлмеде 20 шақты бала бір төсекте екеу-екеуден жататынбыз. Ауылдық жерлерде монша болмауына байланысты гигиеналық күтім жағдайымыз тым нашар болатын ол кезде, сабаққа кеткенде төсегімізге дастарқан тастаған кездері де болған. Бірақ аш-жалаңаш болдық деп айта алмаймын, тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін болатын. Әсіресе есте қалғаны мұғалімдердің, тәрбиешілердің біздерге деген мейірімі еді. Ата-анамыздай қорғап, қоршап жүруші еді, айналайындар. Қазір ұстаздарымыздың көпшілігі ортамызда жоқ, бірақ айтқан сөздері, берген тәрбиесі бәріміздің есімізде қалары сөзсіз.

Оралбай Сату,
мектептің 1965 жылғы түлегі

СЫР МЕН ЖЫРЫ КЕЛІСКЕН МЕКТЕБІМ

Өзіңмен қатарлас, бір қазаннан тамақ ішіп, бір үйде бірге тұрған, танды бірге атырып, күнді бірге батырған, қызықты өмір сүрген жора-жолдас, кластастар туралы әңгімелеудің өзі бір ғанибет қой! Сыйластығың жарасып, достығың дараланып тұрса, ондай адамдар ойыңнан шықпақ емес, кес-кестеп көкейіңде жүреді, әсіресе өмірден ерте кеткен кластастар мәңгі есте қалады. Қатарымыз жыл санап сиреген сайын балалық шынайы достық, бауырмалдық сияқты сезімдер тың күшке ие бола бастайды екен. Сонау бала кезден тізбектеліп қатар келе жатырмыз. Есте қалғандар ескірмейді екен. Шынында, адамның жады жас кезіндегіні өте жақсы сақтайтынына куә болып отырмын.

Бүкіл Алаштың Қадыры «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деп айтқандай, осы шағын естелікті жазу барысында бүкіл дүниетанымымды бір бағытқа, жақсылық бағытына ұстауға тырыстым. Бәрін бір жанұяның адамындай көріп, тәлім-тәрбие берген тәрбиешілерді, білім берген ұлағатты ұстаздарды естен шығару мүмкін емес.

Өмірден өтіп мәңгілікке кетсе де, олардың ізі біздің өмірімізде тасқа басқан таңбадай. Жарқын бейнелерін, асыл сөздерін еске сақтап, рухтарына бас неміз, себебі ұстаздарымыз – екең мен анаңдай қолымыздан ұстап, таудай





талаптарымызды көріп, жақсылыққа теліп, бағыт-бағдар берген, үлкен өмірімізге жол ашып берген жанашыр жандар.

Біз оқыған мектеп ғимараты – шағын ғана екі қабатты үй. Орал қаласы қазіргі Құрманғазы (біз оқығанда Фурманов) көшесі мен Некрасов көшесінің тоғысқан жері. Бүгінгі таңда мектепте облыстық салық инспекциясы орналасқан. Біздің кезімізде іргесінде үлкен су жинайтын тоған (бассейн) болатын. Сол кездегі қаланы көгалдандыру жұмысы осы жерден басталады. Жайықтан насоспен су сорылады, тоғанда тұнады, таңда су қақпа (шлюз) ашылып, көше бойындағы арықпен, қаланың вокзал жақ бағытына қарай



жылжып ағады.

Оқушы кезімізде біз жиі серуендейтін Фурманов көшесінің екі қанатында орналасқан ағаштар бір-бірімен бас түйістіріп тірі арқа болатын. Сылдырлап аққан су, шуылдаған құс, желмен баяу тербелген ағаш. Өзінді құдды жұмақтың төрінде жүргендей сезінесің.

Бассейнге оқытушылардан жасырын барып шомылып алатынбыз. Көрші үйлердің қаз, үйректері де сонда дем алатын.

Замандастарымның есінде болар, сол бақта 1964 жылы мектепке Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің есімі берілуіне және мектептің 40 жылдығына байланысты мерекелік шара өткізілді. Бұл «Праздник песни и труда» деп аталған мерекелік концертте ауылдан келген ата-аналар балаларының өнеріне мазмәйрам болып, ұстаздар мен тәрбиешілерге алғыс айтты.

Енді білім ордасының ішіне енелік. Бірінші қабат, ауладан кіргенде, сол қанатта үлкен бөлме Галина Махмудовна Байбурина апайдың меншігінде. Апай – химия пәнінің мұғалімі, он жылдан астам мектеп директорының оқу-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары. Осы бөлмеде пән мұғалімдері бас қосады. Бірақ та мұғалімдер бөлмеде көп аялдамайды. Жазылмаған «заңға» сәйкес сабақ басталмастан 10 минут бұрын өз кластарына барып, шәкірттердің сабаққа әзірлігін тексерулері керек.

Біз мектеп бітіріп кеткеннен кейін орынбасарлық жұмысты көп жыл бойына физика пәнінің мұғалімі Ғұмар Мәжитұлы Мәжитов атқарған. Осы



қабатта, ұмытпасам, химия пәнінің бөлмесі, лаборатория. Терезелері темір тормен торланған. Бұл бөлмеде Байбурина апайдан басқа Райхан Кисетқызы Рзалиева, Анил Гарифұлы (өкінішке қарай, тегін ұмытып қалдым). Анил ағайдың ұлты татар болғандықтан қазақ тілін шорқақтау сөйлейді. Тұз дегенді «тыз» деп, эквивалентті түсіндіргенде саусақтарын жайып, мынаның екі саусағы, мынаның бір саусағы бар деп түсіндіретін.

Екі класс бөлмені біріктіріп жасалған спорт зал. Пән мұғалімі Виктор Георгиевич Елсуков. Ұзындыққа, биікке секірудің, атпен, ешкіден ырғудың, ұзақ және қысқа қашықтыққа жүгіру технологиясын шебер үйретті. Ағайдың бір ерекшелігі, бәрін асықпай өзі көрсететін. Еден мен төбенің арасы жақын болғанына қарамастан, волейбол, баскетбол ойындарын да үйрететін. Осындай жақсы жас маманның үйретуінің арқасында қаладағы жалғыз қазақ мектеп жарыстарда жүлделі орындарды иеленетін едік. Виктор Георгиевичтің айтатыны: «Балалар, үйренгендерің маған емес, өздеріңе керек» деп сендіретін. Ағай Орал қаласындағы сол кезде А.С.Пушкин атындағы педагогика институтының дене шынықтыру факультетінің іргетасын қалағандардың бірі болды. Біздің сынып-тастарымыздан Құлдан Габдушов, Жәрдем Байғалиев, Сүнеш Шоланбаевқа сабақ берді. Мен институтта Виктор Георгиевичпен жиырма жылдан астам жұмыс істедім. Ұстазымыздың іскерлігіне, атақ-абыройына қанықпын. Кездескен сайын балаларды жылы сезіммен еске алып, «хорошие были ребята» деп отыратын.

Осы қабатта бәрімізге ыстық бір шағын бөлме болды. Ол таңертеңгі ас пен түскі астың арасын жалғайтын (полдник беретін) буфет. Бөлменің иесі – Тамара Михайловна. Ақжарқын орыс апай еді. Полдникке компот, кисель, лимонад, айран, оларға қоса пирожки, печенье, булочки, т.б. тегін берілетін. Сонымен қатар қалтаңда тыын-тебенің болса, көптеген тәттілер де сатылатын.

Бірінші, екінші қабатты жалғайтын сатыағаштан көтерілгенде мектеп директоры Ж.С.Самархановтың бөлмесі. Бұл бөлмеде қолдары бос болса, Жәлел, Сәскебай, Ғұмар, Анил ағайлар шахмат ойнайды. Осы қабатта қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, география, биология кабинеттері.

Барлық пән мұғалімдерін де құрметтейміз ғой. Бірақ та Любовь Яковлевна Фишбейннің орны бір бөлек. Ағылшын тілінің мұғалімі. Бүкіл саналы ғұмырын осы мектепке, яғни, қазақ балаларына білім беруге арнаған. Алматы ағылшын тілі институтын бітіріп келгеннен зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мектепте сабақ берді. Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Апай біздің кластың жетекшісі болып, өзі тұрмысқа шығып, ұрпақ сүймесе де, бізді балаларындай көрді. Марқұм Серік Архаровтың тегімен «moi Архаровцы» деп мақтанып жүретін. Өз пәнін меңгертуге зор ынталы болды. Любовь Яковлевнаның сабағына әрі қорыққаннан, әрі сыйлағаннан жан-жақты әзірленетін едік. Ол кісіге бірнеше мектепке директор болып бару, тіпті қалалық білім басқармасын басқару да ұсынылды. Бірақ та «меня ни большая зарплата, ни высокие должности не интересуют» деп бәрінен бас тартты. Апай жұмыс істеп жүргенде қала мектептерінің әйел мұғалімдерінен құрылған волейбол



командасында капитан болған. Сондықтан болар, біздер 10-класс командасы (ұлдар, қыздар) мектепішілік жарыста бірінші орынды иелендік. Көпшілікке белгілі болар, 1964 жылғы Орал қалалық телеарна жұмысын бастады. Осында режиссер болып жұмыс істейтін құрбысын шақырып, Фадеевтің «Молодая гвардиясын» сахналадық. Мен Сергей Тюленин рөлін, Баян Сариева Олег Кошевойдың әжесінің рөлін сомдадық. Қалған кімдер ойнағаны есімде жоқ.

Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Қазақ ССР білім беру саласының үздігі Зинаида Илларионовна Щедрова жөнінде бір үзік сыр...

Бізге, яғни 5 «а» класына, Иманғалиева София Шаймарданқызы апай осы пәннен сабақ берді және сонымен қатар аға пионер вожатый қызметін атқарды. Ол Орал педагогикалық институтының түлегі, кезінде жеңіл атлетикадан қала чемпионы болған.

Біздің кезімізде өзінің мәдени деңгейінді өзге ұлт өкілдеріне көрсеткін келсе, орыс акын-жазушыларының тақпақтарын жатқа айтатын едік. Осы сыннан Зинаида апайымыздың арқасында сүрінбей өттік. Пушкин мен Лермонтов, Некрасов пен Крыловтардың шығармаларын жаттадық. Кеңестік әдебиеттен В.Маяковскийдің «Советский паспорт», А.Фадеевтың «Молодая гвардия», М.Шолоховтың «Тихий Дон» шығармаларын оқып, мазмұндама жаздық. Олар кезінде үйге тапсырманы өте көп береді, бағаны үштен асырмайды деп ренжігендердің бірі мен едім. Қатаң талап қою кемсіткеннен немесе жек көргеннен емес, керісінше болашағымызға жарқын жол ашу үшін жасалған екен.

Біз оқыған мектеп-пансион Орал қаласы, қазіргі Нұрсұлтан даңғылы, 148-үйде орналасқан. Бұл көшенің атаулары: Большая Михайловская, Сталина,



Советская, Ленина, Достық-Дружба болып бірнеше мәрте өзгерді.

«Пансион» деген сөздің орысша аудармасы: «закрытое среднее учебное заведение с общежитием» деген мағына береді. Осыған лайық, яғни, жабық оқу орны болғандықтан, достарымның есінде болар: биік қайың ағаштан жасалған, темір топсалармен қабырғаға бекітілген нән қақпа. Қақпаның үстінде, екі жанында қызыл кірпіштен қаланған арқалық (арка). Сосын шағын кіреберіс есік.



Оны ашуға да үлкен адамның күші керек. Қақпаның сол қанатында шағын бір қабатты емхана, екінші қапталында екі қабатты пансион.

Қақпадан кіргенде шағын алаң бізге ол кезде өте кең болып көрінетін. Бұл алаң шағын, жаздық спорт кешені сияқты, балалар қолы босағанда футбол ойнайды. Менің замандастарымның есінде болар, бір бала негізінде топ капитаны тігінен тұрады, қалған ойыншылар оның белінен ұстап поездың вагоны секілді тізбек жасайды, екінші топтың балалары қатты жылдамдықпен жүгіріп келіп, бар салмақпен жаңағы вагон тізбегінің үстіне секіреді. Егер тізбек үзілсе немесе топ құласа екінші жақ жеңеді. Сонымен қатар, кочегарқаға кіретін қара есіктің алдында екі ағаш өсіп тұратын. Осы жер фотоға түсетін студия сияқты еді. Бір орыс ағай келіп, бәрімізді фотоға түсіретін, біздің альбомдарда сақталған фотошежірелер – сол кісінің еңбегі. Кіретін қақпасы қарама-қарсы, тап сондай биік, қалың қақпа. Қазір ойлап қарасам, тіпті бір түзету мекемесінің ауласы сияқты. Құдайға шүкір, терезелерінде темір тор жоқ. Пансион үйі сырттан екі қабатты болып көрінгенмен, бірінші қабаты бір, бір жарым метрдей терең жерге енгізілген. І қабатта асхана, тамақ әзірлейтін бөлме кіргеннен есігін айқара ашады. Оңға бұрылғанда қатарынан екі-үш жатын бөлме. Ер балалардың есінде болар, жартылай қара көлеңке дәліз, өздеріміз жатқан кең бөлмеге барып тоғысады. Осы бөлмеде шамамен 20 бала, бір кісілік кереует. Әр кереуетте екі жігіт жатамыз. Осы қабатта шағын би алаңы болды. Жұмасына бір рет дискотека. Вальс, чарльстон, фокстрот, т.б. би ырғағы. Бидің ұзақтығы – 45-50 минут.

Акт залы: Бұл зал – Александр Николаевич Культиюшнов ағай мен Зоя Трофимовна Куницинаның өнер алаңы. Кейде «Украина» үлкен табақты киноаппараты бар Орал Халитович те иеленіп кинолар көрсетеді. Билеген билеріміз: орыс, өзбек, татар, белорус, қазақ, молдован, мексикан, т.б. халықтар билері.

Директорымыз Ж.С.Самархановқа мың алғыс, бүкіл ұлттың билеріне лайықты костюмдер тіккізіп берді. Мектепаралық қалалық сайыстарда ең әдемі киім бізде болатын. Осында үйренген азын-шағын өнерім өзіме өмір бойы азық болып жүр. Жазғы демалыста ауылға барғанда ауылдас құрдастарыма үйретіп, сахнаның сәнін келтіретін едік.

Сайлау Сүлейменов,

мектептің 1966 жылғы түлегі.

«Заман, өмір, тағдырлар...» кітабынан





АРМЫСЫҢ, МЕКТЕБІМ!

*Ақыным деп қол соқса дала бүгін,
Айқын болса, арманы бала күннің.
Баспалдағы алғашқы жырларымның –
Он бірінші мектебі Оралымның.*

Ақұштан Бақтыгереева



«Елу жылда – ел жаңа» деген қанатты сөз бар. Ал жүз жыл десеңіз, жаңалығыңыз жасампаздыққа айналмақ. Кейінге көз жіберсең де, ертеңге қиял қалықтатсаң да, айнымай келетін ақиқат. Бұл, әсіресе, біз өмірге алғаш көмелеттік қадам басқан жарты ғасырлық кезеңде айқын шындығымен ажарланды. Балғын балалық, арманшыл жастық шағымыз өткен кеңес кезеңі тарихта қалды. Тәуелсіз ел туын тікті. Ел жаңа деген осы да!

Елді айтамыз, жаңа ғасыр қақпасын ашты. Ғасырды қойып, тұтас мыңжылдықтың керуені жол тартты. Біз осынау елеулі өзгерістер аясында есейген ұрпақпыз. Өмір жолымыз сан тарау болғанымен, жазатын өмірбаянымыздың алғашқы жолы ортақ. Яғни, Орал қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектептің 1969 жылғы түлегіміз! Оның жанындағы пансион атты паналы шаңырақтың ұл-қызымыз. Тағдырымыз тоғысқан төл мектебімізден қанат қаққанымызға, міне, бейнелі 55 жыл толыпты!

Біліммен сусындап, саялы шаңырақты, аялы алақанды сезініп, асыр салып алаңсыз есейген балалықтың балдәурен мекені – мәртебелі мектебіміз бен ұлағатты ұстаздарымыз, тәлімді тәрбиешілеріміз еске түскенде, сол жылдарға кейде ойша оралып, кейде қуана қауышқан белесті кезеңдер артта қалып барады.

1963 жылы біз шалғай аудандардан келіп, мектептің табалдырығын 5-класқа алғаш аттағанда, оқу орны көпшілікке «қазақ пансионы» деген атпен мәлім еді. Өйткені қаладағы бірден-бір қазақ мектебінің жанындағы интернат ол кезде осылай аталатын. Біздің алдымыздағы жылы пансионға бір себептермен бала қабылданбаған екен. Бес пен жетінің ортасында 6-шы кластың болмауын содан түсіндік. Яғни, бір класс жоғары болса да «ағай», «апай» деп ілтипатпен сөйлейтін жатақта біз, шынында да, ең кішілері едік. Қадамдарымыз құтты болып, білім ордасына жыл құсындай жаңалық ала келіппіз. Біз пансионер атанған сол оқу жылы білім ұясына ақын аты беріліп, «Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектеп» деп мәртебеленді. Саяси қуғын-сүргін зардабымен көлегей қалған адал есімі мен шығармалары ұлтына қайта оралған қайраткер алдындағы ұрпақ парызы болса керек. Әрі Орал мектебінің атаулы шежіресі – 40 жылдық белесіне орайластырылған ел үкіметінің тартуы еді.

Жылдар жылжып, одан бері мектеп ұжымында ұрпақ алмасқанымен, бір кездегі аяулы ұстаздарымыз әлі де жадымызда, жүздері кешегідей көз алдымызда. Мінезі байсалды, әріптеске талапшыл, шәкіртке қамқор, сабырлы да зиялы майдангер Жәлел Самарқанұлы мектеп директоры болды. Мұғалімдердің



де әрқайсысы тұлға – білімімен, әдіскерлігімен, жеке үлгісімен шәкірт өмірінде із қалдыра білген абзал жандар. Математика мұғалімі, өмірде өте қарапайым, бірақ сабақта тым қатал Сәскебай Сабырғалиевтің тәлімімен болашақта осы мамандықты таңдаған түлектер бір төбе. Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түскен М.Мұханбетрахимова, Орал педагогика институтының физика-математика факультетінің студенттері атанған Б.Шолюмова, Б.Кенжеғалиева, К.Рахымбергенова, Т.Қосдәулетов, М.Манапов таңдаулары осы екі математик – Жәлел және Сәскебай ұстаздар берген білімнің нәтижесі. Ауыл шаруашылығы институтын тәмамдаған экономистер – Ф.Абдулова, Қ.Дәуренбаева, Ә.Жүсіпова, Қ.Кенжеғұловларға да бағдар болған осы ұстаздардың өнегесі. Әрине, физик-мұғалімдер Ғұмар Мәжитов пен Дәметкен Ахметованың еңбегін айтпай кете алмаймыз.

Алғашқы күннен бастап Абай мен Ыбырай әлеміне бастаған Жәрия Айтимова талайымызға әдебиетті жан азығы ете алды. Шәкірттері Б.Қайырғалиева әдебиет пәнінің жоғары санатты ұстазы, А.Уәлиахметов аудан ақыны атанды, Т.Боранғалиев журналист мамандығын таңдады. Жаратылыстану пәндері жоғары дәрежеде оқытылды. Біздің кластан шыққан географтар Ө.Жұмашев, Ғ.Машаева, Ғ.Сахметова облысқа танымал, республикалық атақ-дәрежелі, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкерлері». Химия оқытушылары М.Бисекешева, Ж.Айтқалиева, тарихшы-мұғалімдер Б.Бакирова, Қ.Әлмұханаовадай өнегелі ұстаздар да 69-ыншы жылдың саңлақтары. Ғалым-зоотехниктер Қ.Елеусізов, Қ.Сапарова, К.Хафизова, У.Құбашев, агрономдар С.Ербасов, С.Жұмағұлов шаруашылықтарда еселі еңбек етіп, облыс экономикасын көтеруге елеулі үлес қосты. Бұлардың ішінде У.Құбашев республикадағы сол саладағы көш бастар оқу орны Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірді.

Ұстаздарымыз дегенде, ағылшын тілінің мұғалімі Любовь Фишбейннің еңбегі айрықша. Одан білім алған алты бірдей кластасымыз Ә.Ғабдулина, Ә.Сармалаева, Б.Абдықалова, К.Ақтаева, А.Тасимова, А.Ихсанова тілдік орта жоқ ауылдық жерде ағылшын тілін үйретудегі алғашқы қарлығаштар деуге әбден болады. Олардың шәкірттері дені ұстаз болып, біразы шетелдік компанияларда қызмет істеді.

Жоғары маман дәрігер Х.Төрежанова, тәжірибелі медбикелер М.Шамарова, Ш.Ысқакова, Р.Төрежановалар адам жанына арашашы болды. Техникум, училище, курстар бітіріп, қалаған кәсіптерімен еңбекке араласқандар туған ауылдарын көркейте түсті. Т.Мақыбаев, Қ.Куанов, Қ.Қанаев, Н.Анаисовтар техника тізгіндеп, электр қуаттап, еңбек еселеді. №11 мектептің тағы бір профилі – қосымша үйреткен кітапханашылық пен токарлық мамандықтары біразымызға өмір жолында бірден таңдау ұсынды. Б.Ысқакова, М.Сепетова, Ғ.Қайжанова басқарған ауылдық кітапханалардың тәжірибесі көпке үлгі етіп таратылды. Ә.Ерғалиева, Ә.Төлепова зауыт станоктарына тұрып, мектеп баулыған токарлық шеберлікпен еңбек озаттары қатарынан көрінді. Яғни, Сәкен мектебінің 1969 жылғы түлектерінің өмір жолынан мамандықтың тұтас галереясын көре аламыз. Ендеше, ауыл әкімі Ж.Есімғазиев, гидрологтар



С.Рахымберлиев, Б.Ақмәди, құрылысшы-инженер С.Мұратов, музыкалық оқу орындарын тәмамдаған М.Демесінов, А.Садықова, З.Сағынаева, әскери офицер Ә.Шапанов, полиция майоры Қ.Сисенғалиев, кәсіпкерлер Е.Рамазанов, С. және Ш.Лайықовтар, киномеханиктер Н.Мұхамбетқалиев пен Б.Аяпова, технолог Ш.Құсайынова, фотографтар Б.Мәмбетиярова мен С.Қайыркұлов деп жалғастырар едік.

Ата-анамыздай бағып-қаққан тәрбиешілеріміз Гүлшара Киреева, Мәнеш Жақанова, Күлан Дәулетбаева апайларымыздың тәрбиесі мен қамқорлығы, мейірі мен талабы қысы-жазы бірдей болатын. Оқу ісінің меңгерушісі Мария Мамайқызы Абдушеваны мектеп пен пансионның бірдей басшысы санайтынбыз. Тәртіпті қатаң талап еткенімен, керек жерінде директор мен оқушы арасындағы «араағайындыққа» жүретін дипломатиясын да ұмытқан жоқпыз. Тентек пен теліні бір қолымен жазалап, екінші қолымен аялап жүретін дегендей, беделі мен билігі мол жан еді. Тәрбиешіміз Мәнеш апай бүгінде ғасырға жуық жасап, әрбір белесті мерейтойында алқа тобымыз арнайы барып құттықтауды дәстүр еткен көнекөз куәгер жасына жетіп отыр.

Жүйрік уақыт жетелейді. Жарты ғасыр бұрын соңғы қоңырау үнімен қош айтысқан мектебімізге егде тартқан шығымызда қайта оралған кейінгі кездесуімізден бері де бес жыл өте шығыпты. Сонда балаларымызбен жастағы бүгінгі мұғалімдер ілтипатпен қарсы алған еді. Бір кездегі ұлағатты ұстаздарымыздың дәстүрін жалғастырушы, Сәкен мектебінің туын биік ұстаушы ұжымға ағалық-апалық лебізімізді білдіріп, бірер сөз естелік те айтқанбыз. Жүз жылдық мерейтойы жақындап келе жатқан білім ордасының ғасырлық шежіресінің бел ортасы – 50 жыл бұрынғы түлектері болып «Армысың, мектебім!» деп, шәкірттік ілтипатпен табалдырығын атағанбыз.

Мектеп аттестатымен өмірдің сан саласына аттанғалы да, міне, 55 жыл. Сондағы соңғы қоңырау салтанатында шәкірттік көңілден өлең арнағандардың бірі осы жолдар авторы болатын. Альбомдарда сақталып қалған қарапайым шумактар жастық қолтаңбасындай әлі күнге санада жаңғырады:

Қоңырау, сенің даусың сыңғырлаған,
Әсем саз әсер еткен бұл бір маған.
Үніңнен бүгін соққан қайта оралып,
Есіме түсті сол күн бұлдыраған.

Жүргенде асыр салып балалықпен,
Шақырдың мені оқуға даналықпен.
Қақталған сары жезден көмейіңнен
Күй ойнап күмбір қақты дала біткен!

Қанша жыл? Сағат, минут – теремін бе?
Үйрендік сыңғыр сазды ерен үнге.
Асығып класыма кіретінмін,
Қуанып шығатынмын «переменге».

Ал бүгін сол дауыспен ыстық маған,
Өмірге алғаш аттап құштық қадам.



Қимастан жүрегіме жазып алдым,
Үніңді кәмелетпен құттықтаған.
Дауысың – өшпес мәңгі қасиетің,
Ол бүгін маған айтар өсиетің.
Алдымнан арман күткен түлегіңмін,
Өрқашан құдіретіңе бас иетін!

Тілекқабыл Боранғалиев,
мектептің 1969 жылғы түлегі

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



Егер арамызда жүрсе, биылғы 13 ақпанда Серікбаева Мәдина Қожахметқызы 100 жасқа толар еді...

Мадина апай туралы қысқаша сөзімді бастамас бұрын қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ұстаз жайында жазып қалдырған жыр-шумағынан бастағым келіп отыр.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жылықпас,

Үйретуден балаға, - дегендей, ұстаз еңбегі еш кетпеді.

Өрбір адамның өмірі ата-анадан басталады. Ананың ақ сүтімен, әкенің үлгісінен бастау алады. Одан кейін барып күтуші, тәрбиеші, мұғалім және ұстаз баланың тәртібі мен оқуына және алдағы өмір жолында тұлға болып қалыптасуына зор әсер тигізетіні анық. Мен өздеріңізге сондай ұстаз жайында айтқалы отырмын.

Мадина Серікбаева 1923 жылы Тайпақ ауданына қарасты Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Тайпақ ауданындағы Қызылжар орта мектебінен бастап, 1941-1946 жылдар аралығында Базартөбе, Сармантөбе және Калмыков орта мектептерінде мұғалім болып қызмет істеді. Шыңғырлау орта мектебінде педагогикалық қызметін жалғастырды. 1949-1956 жылдары Теректі, Шыңғырлау орта мектептерінде математика пәнінің мұғалімі, Калмыков орта мектебінің оқытушысы, Жымпиты және Казталовка орта мектептерінде бастауыш сыныптардың мұғалімі ретінде өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатты.

1967 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанша, Орал қаласындағы №11 қазақ мектеп-пансионында тәрбиеші болып еңбек етті.

Мыңдаған қыз бен бала осы қазақ мектеп-пансионында оқып тәрбие алған. Сол кезде шалғай аудандарда тұратын ауыл шаруашылығында және үздік жұмыс істейтін отбасылардың балаларына арналған облыс орталығында бір-ақ қазақ мектеп-пансионы болған. Қазіргі таңда дарынды балаларға арналған мектеп-интернат болып, білім орталығына айналды. Орал қаласындағы №11 мектептен Қазақстанға тіпті халықаралық деңгейде танымал түлектер шыққан. Аталған оқу орны терең білім мен қазақ ұлтына сай рухани тәрбие беретін нағыз



интеллектуалдық оқу ордасы болды. Біз алдымызда түлеп ұшып, «адам болған» аға-аналарымызға қарап бой түзедік, жалғасы ретінде жақсы істерін әрі қарай жалғастырдық. Қазіргі уақыттағы көп тараған буллинг сияқты теріс қарым-қатынастарға жол бермейміз. Қайта төменгі сыныптардағы оқушыларды қорғап, оқуларына көмектесіп, ағалы-інілі қарым-қатынас дамыттық.

Мадина апай мектеп-пансионындағы тәрбиешілеріміздің бірі болды. Бір мұғалімді, класс жетекшіні, тәрбиешілердің есімдерін күні бүгінге дейін ұмытпаймыз. Кластастар жиналғанда Батима, Клара, Зоя, Манеш апайларымызды және олардың өмірлік сабақтарын айтып, еске алып отырамыз. Солардың ішінде Мадина апайымыздың орны ерекше еді. Көптеген дұрыс ақыл мен ұсыныстарын айтып, үйге берген тапсырмаларға көмек көрсететіндігі менің өміріме үлкен әсерін тигізді. Мадина апайымыз өзінің бойындағы сабырлы, таза, парасатты мінезімен үлкен тәлім-тәрбие көрсетті. Апайдың ұзын бойы, әдемілігі, жүргенде тік жүрісі, асықпай сабақ түсіндіруі, аналық жүрегімен жасаған ескертуі көз алдымда. Апайымыздың осындай қасиеттеріне қарап еліктегеніміз де рас. Ақ халатының астындағы әдемі көйлектері, аяқ киімі де назарымыздан тыс қалған емес. Ақ халаты деп отырған себебім, ол кездері қазақ мектеп-пансионында барлық тәрбиеші мұғалімдер біркелкі бірдей формада болатын. Мадина апай тәрбие үрдісінде дауыс көтермей, десе де ақылға қонатындай етіп ұрысатын еді.

Апатайымызға қыздар түгілі ер балалар да ренжімей, ескертулерге құлақ асатын.

Мадина апай қатал әрі әділетті тәрбиеші болды. Бір ғана мысалмен жоғарыда айтылған сөздерді дәлеледеуге болады. Бір күні екі кластың оқушылары жанжалдасып, соңы төбелеске дейін ұласты. Сол кезде Мадина апай фефери, медиатор ретінде араласып, сабырлықпен оқушыларды тәртіпке шақырып, шиеленісті шешті. Ақырында, балалар достасып, әлі күнге дейін достықтары ажырамай араласып жүр.

Мадина Серікбаева педагогика саласындағы 40 жылға жуық қажырлы еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері» белгісімен және 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 30, 40, 55, 60 жылдығына орай мерейтойлық медальдармен марапатталды. Мадина апайдың тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттерінің арасында елге елеулі, халыққа қалаулы болып жүрген тұлғалар аз емес.

Мадина апайымызға қайтадан келетін болсақ. Апайымыздың өмірлік жары екеуінің арасындағы кіршіксіз сезімі қазіргі жастар арасында заманауи тілмен айтқанда «love story» деп айтсам артық болмас. Себебі Мадина апайымыз бен өмірлік жары болған ағамыздың бір-біріне деген құрметі, сыйластықтары жастарға үлгі деп айтар едім. 1942 жылы ағамызды әскер қатарына шақырып, сұранып соғысқа аттанды. Сол кезде Мадина апайымыз Сарман орта мектебінде директор және математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарады. Жары майданда, өзі үйде енесімен, тумаларымен соғыс жағдайындағы ауыртпалық кезеңді бірге көріп, қиын жылдары үлкен жанұяны асырайды. Қаншама



қиындықты бір сәтке ұмыттыратын майданнан сағыныш хаттары келіп тұрса керек. Соның бірін осы жерге жазғанды жөн санап отырмын.

Майданда
Еділден су ішемін
Балдан тәтті
Сонда да сағынамын Мәдешімді.
Еділге жетсем-дағы аман-есен,
Сен үшін жаза салдым осы хатты.
Мәдешім қоштасқанда
Ернің дірілдеп,
Аяныш тілегендей көзқарасың
Сүйгенім, асыл жарым
Ақ Мәдешім,
Сен үшін жаза салдым
Осы хатты.

Ол – қаншама өмірдің қуанышы мен қиындығын бастап кешіріп, отбасында 5 бала тәрбиелеп, барлығын өсіріп жеткізген батыр ана, аяулы жар, ардақты ұстаз.

Сөзімді қорытындылай келе, Мадина апайымыз жайында қанша жазсақ та артық етпейді. Осы жазбаны жаза отырып, тағы да бір мәрте ұстазды еске алу арқылы балғын балалық шағыма, мектеп-пансионындағы қызықты кезеңдерді көз алдымнан өткізіп отырмын.

Мағжан Жұмабаевтың ұстаз жайында «Алты алаштың игі жақсысы бас косса, төрдегі орын – ұстаздікі» деген керемет сөзі бар. Мадина апайымыз – мәңгі біздің төрімізде.

Әйтимова Бірғаным Сарықызы,

мектептің 1970 жылғы түлегі,

Мемлекет және қоғам қайраткері,

ҚР Парламенті Сенатының жанындағы

Сенаторлар кеңесі төрағасының орынбасары

БІЛІМІ ТЕРЕҢ СӘКЕН МЕКТЕБІ



Арада 55 жылға жуық уақыт өткен екен. Бізге білім берген ұстаздардың бәріне жуығы өмірден өтіп кетсе де, көз алдымда сонау бала кездегідей бәрі жас қалпында елестейді.

Ол кезде мектепке 5-сыныптан қабылдап, 10-сыныппен аяқталатын. Біз оқыған мектеп-интернатымыз үш жерде болды. Біз 1970 жылы 10 а, 6 сыныбы болып 60-тай оқушы мектепті аяқтадық. Интернат Плясункова 96, Ленин проспектісі 148, Пугачев пен проспектінің қиылысында (қазіргі «Балзия») жатақханамыз болды. Ұстаздардан мектеп директоры Ж.Самарханов, оқу ісінің меңгерушісі М.Мамаева, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі



Қ.Қанатқызы. Пән иелерінен қазақ тілі мен әдебиетінен Ж.Әйтімова, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.И.Щедрова, физикадан М.Ғұмаров, химиядан Райхан Кисетқызы, музыка пәнінен А.Н.Культюшников, ағылшын пәнінің озық мұғалімі Л.Я.Фейшбейн, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Алик Жәкенұлы секілді ұстаздар – жүрегімізде ерекше қалған есімдер.

Мектеп өмірі, интернаттың қызықты сәттері бәрі кешегідей, кино секілді көз алдымда. Ол кезде мектебіміз Некрасов көшесінде (қазіргі салық комитеті) орналасқан. Интернат пен мектептің арасы біраз жер, әсіресе күзде күн ерте қараңғы түскен сәттер қиын еді. Кеңестік дәуір жатақханадағы тәртіп өте күшті, бір сынып жоғары оқитын оқушыларды «аға», «апа» деп үйретеді және солай айттық та. Көресіні орыстың балаларынан көрдік, талай жолда күтіп тұрып ұрынатын, бірақ біздің кластас ұлдардың ішінде Искаков Аянберген (сол кездің өзінде бокстан спорт мастері болды), Гайсин Елемес (Оралдың ең көркем жігіті), Баяндиқов Толқын, Қайролла Кауписов, Сағидолла Мерғалиев, Жоламан, Нариман деген мықтылар қорғаушыларымыз болды. Біз мектепті 1965-1970 жылдарда №11 қазақ орта мектебінде оқыдық. Бұл кезеңдердің оқу процесі аса салмақты болды. Ұстаздар өз ісіне берілген, аса білімді, тәрбиешілеріміз мейірбан, жоғары сынып оқушылары қамқоршы еді. Талай түндер интернаттың керуегінде ауылда қалған ата-ана, бауырларымызды сағынып, жылайтынбыз.

Қазіргідей телефон жоқ, почта бір ай жүріп елге, бір ай жүріп қалаға келетін. Біз тек қысқы және жазғы каникулдарда үйге баратынбыз. Біздің ата-анамыз Сәкен мектебінің ұстаздары мен тәрбиешілері еді. Біздің кластастардың ішінде еркелері де, серкелері де көп еді. Жоламан, Нариман деген мықтылар қорғаушыларымыз болды.

Ең қатал деген директорымыз Жәлел ағай да, Мариям Мамайқызы да кешіріммен қарайтын. Өйткені сол серілер сабақты да жақсы оқыды.

5-10 сыныпта «Құрмет тақтасынан» түспейтін Айғаным деген қызымыз орыс тілінен беретін Зинаида Илларионовна ұстазға: «бүгін сабақ айтпаймын, көңілім онша емес», - дейтін. Апай: «2» қоямын», - дейді, бірақ қоймайтын.

Ұлдарымыз бізге коньки тебуді үйрететін, «Хан тоғайы» алаңына шаңғы тебуге баратынбыз. А.Жәкенұлы бірнеше шақырымға шаңғымен жарыс өткізетін, биіктікке, ұзындыққа секіру, жүгіруден, канаталармен жүру, биікке жіппен өрмелеулерді қатаң талап ететін. Ең терлеп оқитын сабағымыз дене тәрбиесі болатын, солай деп ұстаздар мойындайтын. Өте белсенді қатысатын сабағымыз – музыка пәні. Бұл пәннен Александр Николаевич Культюшников ағай берді. Ағай қазақ тіліне жетік еді. Біз хорды 4 дауыста айттық. Сол кездің өзінде Қатимолла Бердіғалиев Александр ағайдың әніне «Орал вальсі» деген өлең жазды. Оны орындап жүрдік.

1968 жылы қазан айында біздің класс пединституттың сахнасында үлкен концерт қойып, сол хорды қараша айында облыстық телевидениеге жеке түсуге бардық. 1969 жылы 21-ші мектепте мектепаралық хор байқауынан жарыс өтіп, жүлделі I орынды біздің №11 мектеп жеңіп алдық. 1969 жылы наурыз айында Алматыдан Қымбат Сағынова деген апай келіп, вокалды топтың бірнеше әнін жазып алып кетті.



Біздің сыныптан мектеп кезінен «алғашқы махаббаттары партадан басталған» дос болған құрбыларымыз өмірде 3 жұп болды. Олар: Сисемалиев Қайырболат – Әйтимова Бірғаным Сарықызы, Мерғалиев Сағидолла – Райса Абрахманова, Баяндиков Толқын – Нұрғожина Аягөз.

Кластастар арасынан суырылып шығып шет елдерге дейін елші болып, министрлікте, Сенатта депутаттық қызметтер атқарған, қанша биікте жүрсе де қарапайым, адамгершілігі мен елге деген асыл махаббатынан танбаған, үнемі көмектесіп отыратын Бірғаным Сарықызымен әлі күнге дейін тығыз байланыстамыз. Бірғаным 5-сыныптан ағылшын, орыс тіліне жүйрік болды, Қайырболат екеуі мектептегі кештерде әдемі вальс билейтін. Қайырболат өмірден ерте кетті, ұлы Сәкен қазір Астанада, ішкі істер саласында қызмет етіп зейнеткерлікке шықты. Сағидолла – ауыл шаруашылық саласында қызметтер атқарды, Райса – хордың ұйымдастырушысы, әнді бірнеше дауыста айтатын, мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып зейнетке шықты, мектептегі оқушылардың білімі мен тәрбие саласындағы жетістіктері үшін бірнеше марапаттардың иесі.

Толқын Баяндиковтың «алтын қолы» мектептен-ақ танылған. 9-сыныпта Б. Әйтимова, Т. Баяндиков, М. Ермеғалиев үшеуі Мәскеуде ВДНХ-ға барып, жүлдемен оралған. Толқынға ерекше суретшілік қабілеті үшін сол кездегі «күн көсем» атанған Лениннің суретін салуға рұқсат кітапшасы берілген.

Толқын екі қабатты мектептің 2-ші қабатына көтерілер жерде қабырғаға С.Сейфуллиннің суретін майлы бояумен үлкен де көрнекті етіп салды, ол суреттей салынған әдемі сурет Оралда басқа жерде болған жоқ.

Толқын жан-жақты шебер болды, жаңа жылда Бірғанымға костюм тігіп, «ең үздік костюм» номинациясын жеңіп алса, мектептің ішін, қабырға газеттерін безендіру, лозунгтар жазудың шебері еді.

Нұрғожина Аягөз – ағылшын тіліне жетік құрдасымыз, өмірде де талай белестерді бағындырды. 40 жасында оқу министрлігінің «Білім озаты» төсбелгісімен наградталды, Жымпитыда Қадыр Мырза Әлі атындағы мектептің «Құрмет тақтасында» есімі қалды. Қазір 2 ұлдан өсіп-өнген немерелердің шуағына бөленген әже.

Бекжанова Гүлнара Ж.Досмухамбетов атындағы педагогикалық колледжде ұзақ жылдар қазақ тілі мен әдебиетінен ұстаз бола жүріп, оқытушыларға арналған бірнеше әдістемелік кітаптар жазды, ал Биканов Боранбай деген ұлымыз суретші бола жүріп, көп оқитын, кроссвордтарды көп шешетін, Ресейге барып «Поле чудес» ойынына қатысып, қазақстандықтардың мәртебесін көтерді. Бөрлілік Нариман Оразбек, Жоламан Есенғазиев деген екі сыныптасымыз ауыл шаруашылығы мамандары болып, туған ауданына 40 жылдай еңбек етті. Ауылдарды дамыту, басшылық қызметте жүргенде үлкендерге қамқорлық жасау, балалар тәрбиесіне ағалық із көрсету жұмысынан да шет қалмады. Қазір бөрлілік ардагерлер ұйымында белсенділік танытады, қала ішіндегі түрлі шаралар өткізуге ұйытқы болуда.

Хамидуллина Күміс кластасымыз кешегі пандемияның құрбаны болды. Көбіміздің институтта оқып жүрген кезімізде кітапханашы болып, оқуымыздың



тиянақты болуына себепкер болды десем артық айтқаным емес. Күмістің «лидерлігі» мектепті бітіргеннен кейін танылды, ол өте ақжарқын, көңілінде иненің жасуындай арамдық болмайтын, қонақжай, 45 жылдық кластастардың Астанада кездесуіне өзі мұрындық болды. Бірғаным екеуі кездесуді тамаша өткізіп әлемді мойындатқан Димаш Құдайбергенмен кездестіргені естен кетпес. Сыныптың мықты математигі Мендіғали Ермағалиев Мәскеудің ең жоғарғы оқу орнына түсіп, математикадан бірнеше сайыстарда орын алды, жанұя жағдайымен елге келіп, теміржол саласында ұзақ жылдар белсенді еңбек етіп, өмірден өтті.

Бәріміздің класс старостамыз болған Биғайша Кенжеғарина үйден келіп оқыды. Сол кезде мектепке жас мұғалімдер (ерлер) практикаға келіп сабақ беретін. Бізге Еламан Саниұлы деген ағай сабақ берді (қазақ тілі мен әдебиеті) ағайдың мінезі өте жайлы, білімді жан еді. Біздің класс қозғалмалы болды, Биғайшамыз бір күні сабақ ортасында будильник сағатты шырылдатып қосса да, Еламан ағай соған кешіріммен қарап біреумізге де ұрыспады, сол сәт әлі көз алдымда.

Менің парталасым Күләнда Ғалиева, қазақы мінезді, шашына 2 бантикті өте үлкен етіп тағатын, сабаққа бір күн бантиксіз келмейтін, көп үндемейтін, мектептен соң Алматыға барып оқып, сауда экономикасы саласында зейнеткерліктен соң да 10 жылдай қызмет етті, есепке алғырлығы себеп болды деп ойлаймын.

Қазір ортамыздағы біраз кластастар өмірден өтіп кетті.

Бәйтеректік белсенді Қуаныш Таубасев, ақсуаттық Аманжол-Қаламқас, жәнібектік жайлы мінез Риза, оралдық Галя, Гүлсінайлармен күндер бірге жалғасып келеді. Олармен әлі күнге кездесіп, күнде хабарласып отырамыз. Бұл – бізге алтын ұя – Сәкен мектебінің, аяулы ұстаздар берген тәрбиесі. Дәрігерлер әзілкеш Оғади Уапұлы, Әлия Байтурлиева ұмытпайтын «шежіре» Әсия Жұмағұлова, «көркем қыз» Зәуре Избасарова, Бөрлінің мақтаулы кітапханашысы Сұлушаш, аңқатылық Қанипа, Бакытжамал сынды бүгінгінің сұлу әжелері, бәйтеректік белсенді Қуаныш Таубаевтармен өткен күндер бүгінге жалғасып келеді. Өзім 42 жыл ұстаз болдым, өз мамандығым бойынша 33 шәкірт – избасар дайындадым, алды ғалым, белді мектептердің басшылары, республикалық басылымдармен үзбей байланыс жасадым, «Жұбантанушы» авторлық бағдарламамен жұмыстанып «Халық батыры – Жұбан» атты кітабымды оқырмандарға тарту еттім.

Барлығымыз өмірде із қалдырдық, атақ, дәреже ол қағаз жүзінде қалады, ең бастысы пенде емес, адам бола білдік. Кластастардың көбінің есімі республикалық, облыстық, аудандық энциклопедияға енді.

Бізді ата-ана, мектеп, ұстаз тәрбиеледі. Кім қай мамандықты игерсе де, осы Сәкен мектебіне қарыздармыз.

Үзілдік Елеубайқызы,
*мектептің 1970 жылғы түлегі, ақын,
ардагер ұстаз, жұбантанушы,
«Ерен еңбегі үшін» төсбелгі иегері*



МІНЕЗ

(84 жастағы ардагер-ұстаздың әңгімесінен)

«Әліппелердің» ішінде Ыбырай Алтынсариннің «Әліппесіне» жететіні жоқ еді ғой, - деп баяулатып барып аяқтады әңгімесін телефонмен хабарласып отырған бейтаныс апай, «Жә, ол бөлек әңгіме...» дегендей. Кеше қоңырау шалып, менің бір отырыста болуым себепті ертеңіне қайтадан байланысқа шыққан карт әріптесімнің көңіл сергектігіне, өмір құлшынысына, қоғамға деген жанашырлығына риза болғаннан осы бір әңгімесін біздің «Үзілістің» оқырмандарымен бөлісуді ұйғардым.



ҚР Оқу-ағарту ісінің үздігі Зәуреш Ескалиқызы Сапарова ел ішінде бұрындары «пансион», «Плясунковтағы пансион», «11-мектеп» аталған Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық дарынды балалар мектебінде еңбек етіп, зейнетке де сол жерден шыққан екен. Ұстазға тән ықтияттылықпен ерекше оқыған, ел алдына шыққан шәкірттерінің есімдерін, мінез-құлық, балалық кейбір уақиғаларына шейін жаттап қалған. Менің телефонымды біреулерден сұрастырып тауып, бір-екі естелікпен бөліскісі келген екен ғазиз жан.

«Алдымыздан талай шәкірт өтті, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғасын, өнерге, өлеңге тәрбиелеуге тырысатынымын. Әсіресе, айтыс десе, ішкен асымды жерге қоямын. Сол айтыстардың газеттерге, кітапшаға шыққан текстерін оқушыларыма жаттатып, мектепте кішігірім айтыс өткізетінім бар-тын. Бірі – Қатимолла, бірі – Дариға, бірі – Шолпан болып дегендей, кәдімгідей қырғын айтыс» шығарады. Қызық енді! Қазір жас ұлғайды, үйден көп ұзай бермеймін, кейде бір шәкірттерім шақырып, келіп алып кеткенде болмаса. Бірінде бір түлектердің 30 жылдық кездесуінде болдым.

Шұркырасып амандасып жатқан қыздардың бірі, 5-емханада медбике болып еңбек етіп жүрген шәкіртім «Мен Дариға Мұштановамын» деп «танысып» құшақтап бетімнен сүйіп жатыр. Ренжіп қалдым, «Ақылымнан алжасқан жоқпын, аяғым ауырғанмен, басым сау... Дариға емес екеніңді айырып тұрмын ғой», - деп. Сөйтсем, «Мені айтысқа Дариға ақын қылып шығарушы едіңіз ғой, сол әдемі шақтар есіме түсіп кетті», - деп күледі. Мен үшін тосынсый болды, «Ұмытпаған екен ғой сол бір қызықты шараларымды, еңбегімді» деп мәз болғаным-ай, мұғалімге мұнан артық бақыт бар ма?!

Ерекше оқушыларым көп болды менің, солардың ішінде айрықшасы – Бауыржан Халиолла! Сабаққа жақсы болды. Шыншыл. Тура айтады. Әділетсіздікке шыдамай қиып түседі. 5-сыныпта оқып жүрген кезі. Тақтаға шығардым. Сөйлем жазғыздым да: «Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін тауып бер», - дедім. Оқушым: «Біз тұрлаулы мүшелерді ғана өттік, ал тұрлаусыз мүшелерді әлі оқытқан жоқсыз, сондықтан білмеймін», - деді, бұрылып бетіме карап. «Иә, солай», - деппін ғой басқа сөз таппай. Арада жылдар өтті.



Бауыржанымның дабысын сыртынан естіп, тілегін тілеп отырамын. Бір күні өзі іздеп қоңырау шалды маған. «Не болды?..» дегендей, шошып қалдым басында. Сөйтсем, шәкірттім сағынып, сәлем беріп, кіріп шыққысы келген екен. Үлкен кісімін, бірде ауру, бірде сау дегендей... «Өзім хабарласармын, сен енді маған қоңырау соқпа», - деппін жөпелдемеде. Сонымен қыс өтіп, наурыз айы туды. Әйелдер мейрамына Бауыржанымнан құттықтау дәметтім керім. Келмеді. Ертеңіне өзім қоңырау соқтым:

- Әй, балам, апайыңа құттықтауың қайда, мен күттім, - деп. Сөйтсем, тап бала күніндегідей «Сіз маған қоңырау шалма» - дедіңіз ғой, сосын іздемедім деп сарт еткізді!

- Иә, солай, - деппін мен тағы да тап сол кездегідей. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» - деген рас, оның болмысы солай. Бауыржанның болашағы зор болатыны сол кезден-ақ білінген... Мықты болып шықты ғой ақыры...

Ұстаз әңгімесінің төркіні осы – өткен-кеткенді саралап, шәкірттері мен әріптестері жайлы сыр шерту. Мақаланы жазу үстінде қосымша дерек-мерек, бірдеңе іздеп, ал кеп интернет ақтарайын... Ақтарып отырып, Бауыржан Ерғенұлының тап осы апайы – Зәуреш Есқайырқызына арнап жазған мөлдір сырын тауып алайын. Міне, қызық! Арнайы ұйымдастырсаң, мұндай сәті түспес! Ал оқиық: «1990 жылы Оралдағы Сәкен ақынның атын иеленген №11 мектеп-интернатқа қабылдандым. Ол кезде жағдайы қиын отбасылардың, малшылардың, жетім-жесірлердің балалары ғана алынатын. Менің жағдайым барлық жағына сәйкес келді. Жартылай жетіммін, қойшының баласымын дегендей... Шығарма-шылықта ойда жүретін бір жоспарым: кеудемде жаным барында есімнен кетпес кейбір ұстаздарым мен интернат өміріндегі қызықты сәттерді қағазға түсіру болатын. Уақыт жете ме?! Таяуда бір жерлесім ескі сурет жолдап, «Кімді таныдың?» - деп сұрайды. «Ешкімді шырамытпадым», - деп ем, «Қызыл-қара түсті көйлектегі Зәуреш апай ғой», - дегенде ҰЯТ деген кінәздің алдында кілт тұра қалдым. Мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген, бесінші кластан бастап мені мектепке «ұлы ақын» деп әбден мойындатып, қабырға газетіне ай сайын суретім мен шатпақ шимайымды шығарып отырған Сапарова Зәуреш апай! Шынымен, мұғалім алдында бұрышқа тұрған баладай қызырып кеттім.

Зәуреш апай өте қатал әрі қызық адам ғой. Бәріне қаһарын төгіп жатқанда, маған ешқашан дауыс көтермейтін. Бірақ мен де ұрысуға себеп қалдырмаған шығармын: шығармасын өлеңмен жазып, берген тапсырмасының тіпті роман үзіндісінен бастап әңгімелеріне дейін жаттап барамын. Негізі, ол кісі барлық шәкіртке бірдей талап қоятын да, барлығы сол үдеден шығатын. Әйтеуір мен дегенде сұсты апайдың өткір жанарынан салқынқанды тәрбие шуақ таратып, қысты күнгі көрінбейтін күн сәулесіндей, не ерітпей, не суытпай баурап тұратын. Қазір достардан мектеп туралы сөйлескенде көбінің сағынышпен еске алып айтатыны – Зәуреш апай мен тәрбиеші болған марқұм Шынар апай. Басқасын қайдам, осы екі апайдың ерекше болмысы мен берген сабағы мені әлі күнге тәрбиелеп келе жатыр».



Шәкіртінен осындай баға алған неткен бақытты ұстаз еді, маған арнайы қоңырау шалып, әңгімесін айтқан Зәуреш деген апай. Тосын қоңыраудан осындай әңгіме сабақталғаны неткен ғажап! Баланың мінезін танып, тілін тауып, оқу-тәрбие бере білген шеберлік қандай дейсіз! Тұлғалық мінезді тану, сыйлау, түсініп, баптап тұлға қалыптастыру дегеніміз – осы, міне. Бала түгілі, ересек адамның «қырын жапырып», мінезін сындырып, өзгертіп алуға арамтер болып жататын кейбір басшы, жетекші, психологтер осындай адамдармен әңгімелесе, тәлім алса ғой...

Дариға Мұштанова,

*«Үзіліс» арнайы бетінің қоғамдық редакторы,
«Парасат» ордені, «Ерең еңбегі үшін» медалінің,
«Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
ҚР Мәдениет саласының үздігі*

МЕКТЕБІМ – МЕНІҢ АЛТЫН ҰЯМ



Білім алып құшағыңда тек сенің,
Өткердік біз балалықтың көктемін.
Шақырады бізді еңбек майданы,

Қош бол, ана, туып өскен мектебім! - деп осыдан жарты ғасыр, яғни, 1972 жылы білім ордасымен қоштасқан едік. Жыл дегенің жылғадан аққан су секілді екен. Зулаған зымыран уақыт біздерді де жетінші ондыққа жақындатып тастады.

1966-1972 жылдары Сәкен мектебі политехникалық жалпы орта білім беретін Орал қаласындағы жалғыз қазақ мектебі болатын.

Облыстық әр ауданынан малшы-шопандардың, көпбалалы жанұялардың және толық емес отбасылардың балаларын 5-сыныптан қабылдайтын. Үш сыныпқа 75 оқушы қабылдандық. Бұрын-соңды ата-анадан алыстап көрмеген кейбір сыныптастарымыз үйрене алмай, ауылдарына қайтып кетсе, кейбіреулері оқуды алып жүре алмайды.

Сөйтіп 7-сыныптан бастап, екі сынып болып қалыптастық. 5 «а» сыныбында сынып жетекшісі – Л.Я.Фишбейн, тәрбиеші – Б.С.Сағидоллина, 5 «б» сыныбына сынып жетекшісі – З.И.Иманғалиева, тәрбиеші М.С.Сәлімгереева болды. Мектеп директоры Ұлы Отан соғысының ардагері Ж.С.Самарханов, оқу ісінің меңгерушісі Г.М.Байбурина, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.М. Абдушева болды. Қазақ тілі мен әдебиетінен Ж.Б.Бисенова, орыс тілі мен әдебиеті З.И.Щедрова, М.С.Сағидоллина, математикадан С.С.Сабырғалиев, физикадан Д.А.Ахметова, биологиядан И.З.Иманғалиева, географиядан Марфуга Ізтелеуовнадан (фамилиясын ұмыттым), тарихтан М.М.Абдушева, Қ.Қ.Молдашева, дене тәрбиесі А.Ж.Жүнісов, музыкадан А.Н.Культошнов, интернат меңгерушісі Қ.Исмагулова, артынан У.К.Уткелбаева сынды өз істерінің нағыз майталман мамандарынан тәлім-тәрбие алдық.



Бізді білім нәрімен сусындата отырып, ұлттық тамырымыздан айырмай, ана тілімізді құрметтеуге, ата-анамызды сыйлауға, шынайы достыққа, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиеледі, сондықтан да әлі күнге дейін әр ұстаздың өзіне тән білімділік, сабырлылық, талапшылдық қасиеттерін еске алып сағынамыз.

Бәріміз де интернатта тәрбиелендік, 5-6 сыныптарда Плясунков, 96 үйде орналасқан ғимаратта, қалған уақытта проспект Ленина, 148-де интернатта тәрбиелік шаралар өте жоғарғы деңгейде өткізілетін-ді. Әр жұманың сейсенбі, бейсенбі күндері эн-хор, жетекшіміз А.Н.Культюшнов, домбырадан С.С.Сабырғалиев, драма үйірмесінен Ү.К. Өткелбаева, сәрсенбі, жұмада би үйірмесі жетекшіміз Қ.Ғаббасов, духовой оркестр В.М.Зеленцов.

Сол кездегі ең есте қалғаны жылдың соңында, сәуір айында, көктемгі каникулда мектептің дәстүрлі «Праздник песни и труда» деп аталатын мәдени танымдық үлкен шара ұйымдастырылатын. Жоғарыда айтқан барлық үйірмелер өздерінің жыл ішінде атқарған жұмыстарының нәтижесімен бөлісетін. Ауа райына байланысты кейде сыртта, көбіне спортзалда өтетін. Зал безендіріліп, әр үйірменің көрмелері, қабырға газеттері, қолдан жасалған бұйымдары қойылатын.

Ата-аналарымыз, қалалық, облыстық білім бөлімдерінен, әкімшіліктен қонақтар қатысатын.

Мектептегі 150-200-дей оқушыны қамтитын төрт дауысты хормен концерт басталатын, 12-15 адамнан құралған вокалдық топ 4 дауыста қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде классикалық әндер мен шығармаларды, Л.Хамидидің «Отан», «Амурские волны», «Му Bonny», т.б. әндерді нақышына келтіре орындаушы едік. Домбыра ансамблі С.Сабырғалиев ағайдың жетекшілігімен А.Жұбановтың «Би күйі», халық күйі «Қарабас», т.б. орындаушысы едік.

1970 жылы елімізде В.И.Лениннің туғанына 100 жыл, Қазақ ССР-нің 50 жылдық мерекесі қатар тойланды. Қалада, облыс көлемінде өнер фестивальдары оздырылды. Біздің мектеп облыста І орын алып, астанамаз Алматыға жолдама алдық. Хор, домбыра ансамблі, би, көркем сөз оқу барлығы 120 оқушы көктемгі каникулда астанада өнер көрсеттік. Қазіргі Республика Сарайында алғаш рет біздерге өнер көрсету бұйырды. Композитор Л.Хамидидің «Отан» әнін ешқандай аспаптың сүйемелдеуінсіз орындаған сәтте автор өзі шығып, А.Николаевичтің қолын алып, алғысын білдірді. Осы фестивальдің қалалық, облыстық кезеңінде көркем сөз оқудан І дәрежелі диплом алып, республикада С.Асановтың «Менің Қазақстаным» поэмасын айтып, лауреат атандым. Сол жылы мектеп ВДНХ-ға қатысты. Көптеген оқу озаттары мен қоғамдық жұмысқа белсене араласқан оқушылар ВДНХ-ның медалімен марапатталдық. Біздің сыныптан Абдрахманова Зару, Мұхамбетжанова Райса үшеуіміз медальға ие болдық.

1971 жылы облыстағы үздік мектеп ретінде Молдавия еліне өнер көрсетуге жолдама берілді. Көктемгі каникулда музыка жетекшіміз А.Н.Культюшнов пен интернат меңгерушісі М.Қ.Исмагулова бастап, Кишинёв, Дубоссары қалаларына бардық. Мектепті 25 оқушы аяқтадық. Орта мектепті аяқтау туралы



аттестатпен қоса ұлдар автомобиль жүргізушісі, қыздар кітапханашы мамандығын игеріп шықтық. Сариев Абрек, Темірғалиев Темірхан, Ибрашев Сағидолла медицина саласын таңдады. Абдрахманова Зәру, Қуанаева Менсүлу, Сатканкулова Үміт, Қожағалиева София, Тапалова Света, Қалағанов Распай,



Дауылбаев Ғиният, Капанова Маргарита, Мұхамбетжанова Райса және мен, Жакупова Ақзия, ұстаздық жолды таңдадық. Қанатова Света кітапханашы мамандығын игерді. Ер балалар жағы заманға сай ауыл шаруашылығы мамандықтарын таңдады. Серғалиев Сырымбет, Кенесарина Сағыр, Жұмалиев Тілек, Абдолов Талғат, Нұрғожин Кеңес, Өмірғалиев Өтепберген, Мұханов Ерсайын. Бірі инженер, бірі

зоотехник, бірі мал дәрігері, бірі агроном болды. Тұрғалиев Ақпар КазГУ-дың математика факультетін бітіріп, программист болып қызмет атқарды.

Көптеген сыныптастарымыз арнаулы орта білім алды. Бәріміз де еліміздің түкпір-түкпірінде абыроймен еңбек еттік, өз саламыздың білгір маманы атандық. Жан-жақта жүрсек те осы күнге дейін бір-бірімізді іздеп хабарласып тұрамыз, біз бір үйдің балаларындай бір қазаннан ас ішіп, бір жатақханадан өрген ұрпақпыз. Басымыз қосыла қалса, айтылатын әңгімеміз мектептегі өміріміз, балалық шак, интернат қызықтары. Біздің мектептің бір ерекшелігі – бір класс жоғары оқыған оқушыларды «аға», «апа» деп сыйластықпен қарайтындығы еді.

Біз өз уақытымыздың тұлғасы болдық. Мектептің қоғамдық өмірі пионер, комсомол, оқушылар комитеттерінің белсенді мүшелері болдық, бұл болашақ өмірімізге көп көмегін тигізді. Кластастарымыздың көбі жоғарғы жетістіктерге жетіп, лауазымды қызмет атқарды. Атап айтсақ, Сариев Абрек – медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қарағанды, Семей, Ақтөбе медициналық университеттерінің «Құрметті азаматы», бірнеше орден, медальдардың иегері. Мәскеу қаласындағы Сеченов атындағы медициналық орталықта кеңесші болып жұмыс жасады. 2024 жылы өмірден өтті. Абдрахманова Зәру – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, магистранттар даярлаумен әлі де еңбек етіп келеді. Кенесарин Сағыр 25 жылдан астам мемлекеттік қызметте, Қазақстанның «Үздік қаржыгері» медалімен, «Құрмет» орденімен марапатталған, қазіргі уақытта да осы салада қызмет атқаруда. Астана қаласында тұрып жатыр. Серғалиев Сырымбет қарапайым зоотехниктен ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс жасайды. Тасқала ауданы әкімінің орынбасары лауазымына дейін көтерілген азамат. Сырымбеттің айналасындағы адамдармен тіл табысуы, ұйымдастыру қабілеті өте жоғары, әлі күнге дейін сол қалпында, бәріміздің басымызды қосып, жаңа бастамаларға ынталандырып отырады. Дауылбаев



Гиният – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, туындылары түрлі облыстық, республикалық көрмелерді жүлдеге ие болған. Жакупова Ақзия 36 жыл Казталов ауданы Ақпәтер орта жылпы білім беретін мектебінде ағылшын тілінің жоғарғы санатты мұғалімі, директордың тәрбие ісінің меңгерушісі, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бірнеше шәкірттері менің жолымды қуып, ағылшын тілінің мамандары. Бірнеше дүркін аудандық, облыстық, республикалық мақтау грамоталарымен марапатталды. 1998 жылы білім, ғылым қызметкерлерінің I съезіне үш ауданның атынан делегат болып қатыстым. Бұның бәрі жоғарыда аталған майталман ұстаздарымыз бен тәрбиешілеріміздің ерен еңбегінің арқасы деп білемін.

Қазіргі уақытта бәріміз де ата-әже атанып, немере, жиен сүйіп отырмыз. Ендігі тілек – еліміз тыныш, ұрпағымыз аман болып, Жаңа Қазақстанның білімді, тәрбиелі, иманды азаматтары болса деймін.

Мектеп ұжымына шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілейміз.

Алтын ұя – мектебіміз тек биіктен көріне берсін, 100 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Жакупова Ақзия,

мектебіміздің 1972 жылғы түлегі,

Білім, ғылым қызметкерлерінің I съезінің делегаты.

СОҢАУ ЖЫЛДАР...

1971 жыл, қыркүйек. Орал қаласы, Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ орта мектебі. Осы жылы мектепке облыстың әр ауданынан 2-3 баладан математика пәнін сүйіп оқитын, математика пәніне қызығушылықтары жоғары балаларды жинап, біріктіріп физика-математикалық класс ашылды.

Бұндай кластың ашылуы облыста алғашқы рет болатын. 1971 жылы осы класқа түскен оқушылар 1974 жылы физика-математикалық класты тереңдетіп, жақсы аяқтап, 22 оқушы бірден әр түрлі бағытта жоғарғы оқу орнына түсіп, мектептің абыройын, ұстаздарының еңбегін, үміттерін ақтаған еді. Айрықша ескере, нақтылап айта кету керек, бізге математикадан сабақ беріп, қыр-сырын меңгертіп, ойлау, есептеу қабілеттерімізді дамытқан Мұқанғалиева Роза Каримовна. Ол кісінің еңбегі ұшан-теңіз, әр оқушыға жеке тұлға деп қарап, әрбір оқушыны өзінің туған баласындай етіп тәрбиеледі.

Роза Каримовнаның сүйікті оқушысы Өтешев Халел болатын. Есепке зерек, өте тез шығарады, соған жетеміз деп бәріміз де тез шығаруға талпынатынбыз. Бізде бір-бірімізден көшіру, түсіндіріп жібересің бе деген сұрақтар болмайтын.

Тарихы терең, шежіресі мол осы білім ұясын сол оқушылардың да мектеп бітіргендеріне биыл 50 жыл болып отыр. Мектебіміздің 100 жылдық мерейтойына сәйкес келуі де жақсылықтың нышаны деп есептейміз. Енді осы оқушыларға тоқталайын.

1974 жылы мектеп бітіре салысымен Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне Өтешев Халел, Аманбаева Ботакөз, Мұқаева Райхан, Есенғалиева Сабира, Тарғынов Елғон, Құрманғалиев Болат ОТД-ға,



Шамситов Серік пен Аңшыбаев Абай Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының механикалық факультетіне, Ажыханова Күнзира экономика факультетіне (соңынан Орал педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультеті), Нығметов Берік, Рысов Залой Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих-педагогика, Избасарова Мәншүк шет тілдері факультетін, Рахметова Нұржамал, Абдулова Рысты, Ақкереева Күнзила, Гилажева Гүлсім, Бекенова Роза Жамбыл гидромелиоративті-құрылыс институтының экономика факультетіне, Қошпанов Ғизат Қарағанды қаласындағы политехникалық институтының инженерлік факультетіне, Жасеменова Асылзада Алматыдағы мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана ісі және библиография факультетіне, Қалиева Жұмағаным география-биология факультетіне, Құрамшина Зоя Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне, Салқұлова Зоя Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының инженер-механик факультетіне түсіп бітірді.

Қалған оқушылар арнаулы орта кәсіптік білім беретін колледждерге түсіп білімдерін шыңдады. Мысалы, Исаков Марат Ішкі істер басқармасында, Иманғалиева Сауле математика мұғалімі, Ахметова Райхан бастауыш сынып мұғалімі қызметтерін атқарды. Міне, менің 50 жыл бұрын Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектептің математикалық класын бітірген сыныптастарым – осындай жандар. Олар туралы зор мақтанышпен, ыстық ықылас, кеуденді керген қуанышпен жаза бергің, жаза бергің келеді. Олардың қызмет барысында жоғары лауазымдық қызметте болғандары қаншама...

Атап айтсақ, Шәмшитов Серік Қайырұлы жоғары оқу орнын бітірген соң бірқатар жауапты қызметте еңбек атқарды. 1979-1988 жылдар аралығында бұрынғы Целиноград құс фабрикасында бас инженер ретінде, 1988-1997 жылдары Алматы қаласының мемлекеттік спорт комитетінің бас инженері лауазымдық қызметте болды. 1997 жылы заңгер мамандығы бойынша Д.Қонаев атындағы университетін сәтті аяқтап, С.Шәмшитов дипломатиялық қызметте өз мансабын жалғастырды. Жалпы алғанда Израиль, Италия, Грекия, Чехия және Словакия мемлекеттеріндегі еліміздің Елшіліктерінде әкімшілік-шаруашылық кеңесшісі ретінде 16 жыл еңбек сіңірді. ҚР Ішкі істер министрлігінде дипломатиялық курьерлік қызметінің басшысы (2011-2015), сондай-ақ департамент директоры болып қызмет атқарды (2020-2023). 2021 жылы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен «Еңбек ері» медалімен марапатталды.

Есенғалиева Сабира – 1996-1998 жылдары Жәнібек ауданы Ө.Сақыпов атындағы орта мектебінде директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, 1998-2007 жылдары аталған мектептің директоры, 2007-2008 жылы Жәнібек ауданы білім беру бөлімінің әдістеме кабинетінде әдіскер, 2008-2015 жылдары мектептен тыс жұмыс орталығының директоры.

Аңшыбаев Абай – 1996-2011 жылдары Бұлдырты ауылдық округінің әкімі, 2004 жылы облыстық ауылдық округ әкімдерінің атқарған қызметтері жөнінде облыстық конкурстың I орын иегері, 3 млн теңгемен марапатталып, алған



сыйлық ақшаға Бұлдырты жалпы білім беретін мектебіне спорттық алаң салдырды.

Нығметов Берік – 1981-1994 жылдары Жамбыл орта мектебінің директоры, 1997-2010 жылдары Теректі ауданы Подstepное мектеп директорының орынбасары, 2010 жылдан бастап осы мектептің директоры қызмет атқарды.

Мукаева Райхан 2020 жылы «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Ажықанова Күнзира – 1994-2022 жылдары Айдархан орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Өтешев Халел – 1978-1982 жылдары Жаңақала ауданы, Айдархан орта мектебінде тәрбие жұмыстарының ұйымдастырушысы, 1982-1988 жылдары Абай сегізжылдық мектебінің директоры, 1988-1994 жылдары осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі, облыстық математикалық регатаның жүлдегері, оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда еңбегі халықаралық семинарда І орын алды;

Рысқалиева Балқия 1982-2015 жылдары Алматы облыстық, Алматы қалалық мемлекеттік мұрағаттарында және ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында 1-санатты мұрағатшы, инспектор, бас маман, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

Рысов Залой – 1989-1999 жылдары Сырым орта мектебінің директоры, «Орал қаласының құрметті ұстазы» төсбелгісімен марапатталған, бірнеше оқушы анықтамалығының авторы.

Тарғынов Елғон бірнеше рет мектеп директоры, 2002 жылы Жәнібек ауданы білім беру бөлімінің басшысы, 2008 жылы Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Рахметова Нұржамал Шыңғыру ауданында КДП-да бас бухгалтер қызметін атқарды.

Құшпанов Ғизат 1982-98 жылдары Орал механикалық заводында бөлім бастығына дейін қызмет атқарған. 1999 жылдан күні бүгінге дейін жеке кәсіппен айналысады.

Құрманғалиев Болат 1983-92 жылдары Ақтөбе облысы, Мұхалжар ауданы Шилісай фосфор өндірістік бірлестігінде бөлім басшысы, 1992-2001 жылдары бас директордың коммерция жөніндегі орынбасары, 2018 жылдан күні бүгінге дейін «Жаңажол К» компаниясында директордың орынбасары қызметін атқарып келеді.

Ғияжева Гүлсім 1987 жылы Шымкент облысы, Сарыағаш ауданы жоспарлау бөлімінің аға экономисі қызметін атқарды;

Бекенова Роза 1991-1997 жылдары зейнетақы қорының бас маманы, 1997-2015 жылдары БҚО Салық департаментінің бас маманы қызметін атқарған.

Серғалиев Сырымбет осы мектепте 1966 жылы 5-сыныпқа келіп 1972 жылы бітірген. 1972-1977 жылдар аралығында Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады. Алған мамандығы бойынша Теректі ауданының Еңбек, Шолохов, Аңқаты совхоздарында маман болып жұмыс атқарды. 1983 жылдан 1999 жылға дейін



Сырым ауданы Қызыл-ту колхозында бас зоотехник, шаруашылық орынбасары жұмыстарын атқарды. 1999 жылдан 2012 жылға дейін Батыс Қазақстан облысының кеден саласында түрлі басшылық қызметтер атқарды.

2012 жылдан зейнеткерлік жасқа дейін Таскала ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарды. Жолдасы Серғалиева Сапия Махашқызы осы мектепте 5-сыныптан бірге оқып, мектеп бітіргеннен кейін Орал педагогикалық институтының шет тілдер факультетін бітіріп көп жылдар ағылшын пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады.

Аталғандардың барлығы – басшылық жұмыстарда да өздерін көрсеткен азаматтар, қалғанымыз адал еңбек етіп, қазір зейнеткерміз, немере-жиен тәрбиелеп отырған қадірлі ата, құрметті әжелерміз. Біздің осындай дәрежеге жетуімізге класс жетекшіміз Даметкен апай мен тәрбиешіміз Күләш апайдың да еңбектері зор. Мектеп басшысы болған Самарқанов Жалел ағаны, мектеп директорының орынбасары болған Мария Мамаевна Абдушеваны құрметпен еске аламыз. Бұл ұстаздарымыз арамызда болмаса да, біздің мәңгі жүрегімізде. Сонымен қатар өзімізбен бірге оқыған кластастарымыз Балғаным мен Зояны да еске аламыз және оларды мәңгі есте сақтаймыз.

Әрбіріміздің жүрегіміз жылы естеліктерге толы. Сағымдай бұлдырап, жыл өткен сайын алыстап бара жатқан балалық шағымыздың осы бір кезеңі көңілден өшпек емес.

Ажыханова Күнзира,

мектептің 1974 жылғы түлегі

БІЗ ҰШҚАН ҰЯ



Сәкен мектебінің іргесі қаланғанына биыл 100 жыл толып отыр. Бұл білім ошағынан қаншама түлек білім алып, өздерінің жарқын болашағын қалады, үлкен өмірге жолдама алды. Осы орайда мектеп бітіргеніне 50 жыл болған түлектер туралы аз-маз қалам тербегелі отырмын.

1968 жылы осы оқу ордасының бесінші класына қабылданып, оныншы класты 1974 жылы бітіріп шықтық. Осы түлектердің он сегізі жоғарғы оқу орнына түссе, жетеуі арнаулы орта оқу орындарынан әр түрлі мамандық иесі атанды. Мектеп қабырғасынан он жылдық біліммен қатар екі түрлі мамандық, яғни, кітапханашы және автокөлік жүргізушісі мамандығын игеріп шықтық. Қалған төрт оқушы мектепте алған мамандықтары бойынша еңбек жолын жалғастырып, тұрғылықты елді мекендеріндегі мектеп пен шаруашылықтың өркендеуіне зор үлестерін қосты. Соның ішінен мектепте алған мамандығы бойынша Сайқұдық орта мектебінде 40 жыл тапжылмай бір орында кітапханашылық қызмет атқарған Жұбаншалиева Құралайдың есімі атап өтуге тұрарлық...

Мектеп директоры Самарханов Жалел, оқу ісінің меңгерушісі Мария Мамаевна Абдушева, класс жетекшіміз Қанзила Қанатовна Молдашева,



тәрбиешіміз Салимгереева Мнаура Галимовна және басқа да пән мұғалімдері алаңсыз білім алуымызға жағдай жасап, қолдан келген көмектерін аямады.

Ұстаздарымыздың үлгі-ұстанымдары, берген қазақи тәрбиесі біз үшін құнды. Ешқашан олар оқушыларға дауыс көтерген емес, өз өнегелерімен нағыз үлгі тұтар тұлғалар еді. Білім мен тәрбиені ұштастыра бойымызға сіңіріп, адамгершілікке, еңбек етуге, алдымызға биік мақсаттар қоюға үйретті. Барлық жетістіктеріміз үшін ұстаздарымды ілтипатпен еске ала отырып, интернаттағы тәрбиешіміз Мнаура Галимовна туралы да бір үзік сыр шерту міндетім деп білемін. Апайдың тұлғасы, ұстанымы, көзқарасы әлі күнге есімде. Біздің тұлға болуымызды қалыптастыра отырып, өзі де оқушыларға үлгі бола білген жан еді. Бір класс жоғары оқитын оқушыларды «апай», «ағай» деп сый-құрмет көрсетіп, олардан қамқорлық көріп, кішілерге қамқор болу Сәкен мектебінің бұлжымас заңы іспетті болатын.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бисенова Жұмағаным Бисенқызының оқыту тәсілі ерекше еді. Апай ертегілерді, батылар жырын дауысын түрлендіріп, әр түрлі ырғаққа салып оқығанда кино көріп отырғандай әсер алатынбыз.

Оқушылар тарапынан тарих пәнінің ұстазы, класс жетекшіміз Қанзила Қанатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы Айтимова Жария Айтимовна, қоғамтану пәнінен сабақ берген ұстазымыз Машот Қайрошович, интернат меңгерушісі Мария Казденовна, химия пәнінен дәріс берген Надя Махмудовна ерекше ілтипатқа ие.

Ағылшын тілі пәнінің ұстазы Любовь Яковлевна Фишбейн оқу процесін ұйымдастыру ерекшелігімен оқушыларға ықпалы зор болғанын атап өту керек. Қатал, бірақ оқушыларды өзіне қарай баурап тұратын. Ешқашан ол кісінің сабағына бармай қалу түгілі, кешігу де шәкірттер тарапынан орын алмайтын. Соның арқасы болар, жоғары білім алған 18 түлектің он төрті ұстаздық жолды тандаса, оның он бірі – шет тілі пәнінің ұстаздары. Қалған үшеуі – тарих, химия және қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері. Екі жоғары білімді ауыл шаруашылық инженері, бір инженер-металлург, бір жоғары білімді заңгер де біздің арамыздан. Сонымен қатар жеті арнаулы орта білімді мамандық иелері – кластарымыз шаруашылықтың әр саласында абыройлы қызмет атқарған өз туған өлкелерінің бетке ұстар азаматтары.

Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінің түлегі, «Қазақстанның мәдениет саласының үздігі», кластасымыз қаратөбелік Көбенғалиев Беркіннің есімі ерекше атап өтуге тұрарлық. Беркін – облысымызға, елімізге танымал тұлға. Өн-жырымен талай көрерменнің жүрегін тербеген әнші, жыршы, термеші. Өнер жолына түсуіне ән сабағының мұғалімі Александр Николаевич Культошновтың көп көмегі болғанын жақсы білеміз.

Мектеп спорт командасының бетке ұстар ойыншылары болған кластарымыз – Құрманова Алтынай, Ибрагимова Гүлзия, Сисенғалиева Қарлығаш, Иманғазиева Дәметкен, Ихсанғалиев Құсайын әлі күнге дейін спорттан қол үзбей, салауатты өмір салтын ұстанып жүргендерін дене шынықтыру пәнінің ұстазы Олег Жакеновичтің еңбегінің арқасы деп бағалайды.



Қазақстан білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған ардагер ұстаз Айдынғали Укасов кластасымыз 1990-1995 жылдары Гидрометеорология комитетіне қарасты Алматы қалалық гидрометеорологиялық институтында директордың орынбасары, 1995-1999 жылдары Экология министрлігінің гидрометеорология комитетінің төрағасының орынбасары болып, кейін зейнет демалысына шыққанға дейін Алматы қаласы туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінде ұстаздық қызмет атқарды.

Қарағанды политехникалық институтының түлегі инженер-металлург Алағөзов Орынбай кластасымыз қаламыздағы Арматура зауытында мастер лауазымымен еңбек жолын бастап, кейін зейнетке шыққанға дейін «Металлист» зауытында цех, учаске бастығы бола жүріп, «Қорғаныс саласының үздік қызметкері» құрметіне ие болды.

Арамызда ерекше құрметке ие кластасымыз – Кенжеғалиев Ізтелеу Жақыпұлы. Ізтелеу Жақыпұлы – жоғары білімді заңгер, ішкі істер органының подполковнигі, Ақтөбе облысының ішкі істер органдарындағы 40 жыл абыройлы еңбек етті. Қызмет барысында «Совет милициясына 100 жыл» медалімен, «ҚР ПМ полициясына 30 жыл», «Учаскелік полиция инспекторларына 100 жыл», «ПМ ардагері» төсбелгілерімен марапаталды.

Көп жыл Казталовка ауданы Тереңкөл совхозының бас инженері болып істеген Муратов Салауат – өзінің қажырлы еңбегімен совхоз эканомикасын көтеруге атсалысып, ауыл тұрғындарының ерекше ықыласына ие болған жан.

Ибрагимова Күлзия, Анжанова Гүлжан, Ержігітова Күлаш, Иманғазиева Дәметкен, Жанғалиева Күланда, Исмурзина Гүлбаршын, Абишев Нұрлан – сан түлектің қолына қалам ұстатып, білім мен тәрбие беріп үлкен өмірге аттандырған, алғыс арқалаған жоғарғы санатты ұлағатты ұстаздар.

Нұртасова Айғаным жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Сәкен мектебінде байырғы ұстаздарымызбен иық тірестіре жұмыс істеп, шәкірттерінің, мектеп ұжымының ыстық ықыласына бөлене білді.

Дина Жолдыбаева, Бисенғалиева Қамария сыныптастарымыз жаңа заманның талабына сай кәсіппен айналысып, ерінбей, жалықпай күні бүгінге дейін табысты еңбек етуде.

Аспандияров Қуанышқали көп жыл ұстаздық жұмысынан кейін, қазіргі таңда сабақтан соң ұзартылған даярлық тобын жинақтап, оқушыларға дәріс беруде.

Өмірден ерте озған кластастарымыз – жоғары білімді ұстаз Касимова Ұлболсын, медбике Талиға Габдулкалиева, «Орал өңірі» газеті редакциясының телетайп бөлімінде істеген Төлесев Батима, ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, Сүттігенді ауылында бөлімше меңгерушісі, кейін нарық заманының талабына сай ауылдастарын бір ортаға ұйымдастырып, өмірінің соңына дейін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (ЖШС) директоры болып қызмет атқарған Есетов Төлеген, туған ауылының өркенденуіне үлес қосып, еңбегімен ел ықыласына бөленген Бекмағанбетов Ерсайын, Үмбеталиева Меңдіғаным әрдайым біздің мәңгі жадымызда, жарқын бейнелері көз алдымызда.



Біздің екінші үйіміз болған мектебіміз, интернатымыз, білім мен тәрбиені ұштастыра білген ұстаздарымыз бен тәрбиешілеріміз туралы қанша айтып, жазсақ та аздық етеді. Әрбір класстасымның жүріп өткен жолы, еңбек жолындағы жеткен жетістіктері – ұстаздар ұжымының арқасы. Сондықтан да біз мектебімізді мақтан етеміз! Мектеп – алтын қазына.

Сәкен мектебі – болашаққа бастаған алтын көпір десек, сол көпірмен жүріп өткен сан түлек еліміздің болашағы үшін еңбек етіп, абыройға бөленуде.

Есбек Болат Тастанұлы,
мектептің 1974 жылғы түлегі

МЫҢ РАҚМЕТ, ҰСТАЗЫМ!

Ата-бабаларымыздың «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деген ұлағатты сөзі бар. Мен де өз ұстаздарымның қадірі мен қасиетін бұрынғыдан да тереңірек ұстаз болып, өзім білім алған мектебіме келгенде білдім. Ол қаламыздағы білімнің қарашаңырағы аталған №11 Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп болатын. Бұл мектептің даңқы мен атағын шығарар шәкірттері республикамыздың түкпір-түкпірінде абыройлы қызмет атқаруда. Мен осы мектептен білім мен тәрбие алдым. Әр түрлі пәндерден білім берген Қ.Қ.Молдашева, Л.Я.Фейшбейн, Ғ.М.Мәжитов, Ж.Айтимова, З.И.Шедрова, А.Аликовна, Ж.Бисенова т.б. ұстаздарыма алғысым шексіз. Соның ішінде ерекше есте қалған екі Мария апайымыз еді. Оның бірі – 1977-1989 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарған СССР және Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, қазіргі облыс дәрежесіндегі дербес зейнеткер Абдушева Мария Мамайқызы, екіншісі – 1968-1991 жылдар арлығындағы интернат меңгерушісі, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Исмағұлова Мария Қазденқызы.



Мұғалім – мектептің басты тұлғасы, шәкірт – соның бауырындағы бүлдіршін. Жас шыбықты қалай баптап бақса, солай бой түзейтіні сияқты, біз де осы ұстаздар мейірімімен өсіп-өндік. Есте қалғандарды айтар болсам: Мария Мамайқызы мектеп басқарып тек басшы ғана болып қойған жоқ, бізге «Қоғамтану» пәнінен сабақ беріп, білімділігіміз бен дүниетанымымызды арттырып, қоғамға, өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырып, үлкен еңбек сіңірді. Кей кезде қатал, бірбеткей жан болып көрінгенмен, ақыл-айтып үйретер кезде өте байсалды, ұқыпты, жылы жүзді болып келетін, ешбіреуімізді тойтармай, еркін сөйлесе білетін. Сол кездегі қала тұрғыны арасында киім киісі, жүріс-тұрысы арқылы ерекше тұлға екенін де сезіп, мақтаныш тұтатынбыз.

Ал Мария Қазденқызы интернат меңгерушісі болды. Біз оны екінші анамыз, қамқоршымыз есебінде сезіндік. Тіпті анасы жоқ қыздар өз анасындай әр уақыт ақылдасып, жылы лебіз бен ақылын ала білді. Кей уақыттарда өзінің де осы мектепте (тек ол кезде қыз балаларға арналған панион болған) оқығанын, сол кездегі жағдайды, ұстаз-тәрбиешілері туралы сыр шертетін. Еш уақытта



ешқайсымызды алаламай, бауырына тартып тәрбие беріп, жан шуағын төккен ұстаздарды ұмыту мүмкін емес. Біздің оларға айтар алғысымыз шексіз.

Кәсіптік мерекелерімен, мектебіміздің 75 жылдық торқалы тойы қарсаңында білім мен тәрбие беруде басшылық қызмет атқарған қос Мария апайыма және басқа да білім нәрімен сусындатқан ұстаздарыма мерекелеріңіз құтты болсын, ашық аспан астында үлкен денсаулықпен бақытты өмір кешіңіз дегім келеді.

Мың рахмет саған, аяулы ұстаз!

Ақжан Бисенғалиева,
мектептің 1978 жылғы мүлгі,
№11 мектеп-лицейінің
ағылшын тілі мұғалімі.

АЙТАЛИЕВ ҒАДІЛШЕ ЕСЕНҒАЛИҰЛЫ ТУРАЛЫ

Мектеп қоңырауы біздер үшін осыдан 34 жыл бұрын соғылса да, балалық шағымыз бен балғын кездеріміз әлі көз алдымызда.

Серке Қожамқұловтың «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген сөзінен-ақ, бұл ұғымның каншалықты қымбат екенін түсінесің.

Мен әңгіме еткелі отырған жан Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінде барлық саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған тарих пәнінің мұғалімі Айталиев Ғаділше Есенғалиұлы туралы. Ғаділше Есенғалиұлы Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылында 1949 жылы 2 маусымда дүниеге келген. Сол ауылда білім алып, Орал пединститут тарих факультетінде оқыған. Ағайымыз институтты жаңа ғана тәмамдап келген жас маман болса да, өз білімнің тереңдігімен, қарапайым да ұстамды мінезімен, шәкірт жанын терең түсіне алатын қасиетімен бірден шәкірттерінің сүйспеншілігіне бөлене білді. Кеңестік дәуірде өз тарихыңды оқып-білу үшін аптасына бір-ақ сағат бөлінетін. Соған қарамастан ұстазымыз бойымызға ұлтжандылық, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, жауапкершілік сезімдерін терең дарыта білді. Егемендік алғаннан кейін де ағай шәкірттеріне білім мен тәрбие беріп, талай жасты өмір жолына аттандырды. Кейін сүйікті мектебімізде бірге еңбек еттік.

Ақын Төлеген Айбергеновтің:

Шәкірттің көрмек болып келді бүгін,

Баяғы есіне алды тентек күнін.

Айтпақшы, білім берген ұстазына

Борышты өмір-бақи екендігін, - деп жырлағанындай, адам болып қалыптасуымызға зор үлес қосқан ұстазымыздың еңбегі ерен. Барлық күш-жігерін болашақ ұрпақ тәрбиесіне жұмсаған ағайымыз шәкірттердің жүрегінен мәңгі орын алады.

Бисенғалиева Ақжан Насимоллақызы,
1978 жылғы мүлкетер атынан



ҰСТАЗЫМА МЫҢ АЛҒЫС

«Қыран түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» дегендей, менің мұғалімдік мамандықты тандауыма жол ашқан ұстазым – Зәуреш Ескалиқызы Сапарова туралы айтқым келеді. Ол адам – мен үшін әрі ұстаз, әрі ана. 1975 жылы қаламыздағы №11 мектеп-интернатына келген күннен бастап мені ерекше қамқорлығына алып, қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығымды арттырып, бойымдағы қасиетімді дамытуға, соның ішінде, көркем сөзді мәнерлеп оқуға баулыды. «Шапағатты ұстаздан – ұлағат» демекші, ол тек сабақ берумен шектелмей, жастар тәрбиесіндегі дарындылармен жұмысқа айрықша көңіл бөлді. Менің бала кезімде «Мен – қазақтың» деп елінің патриоты атанған жерлесіміз, ақиық ақын Жұбан ағаның алдында «Алтын таулар» өлеңін мәнерлеп оқу бақытына ие болуым, кейін институт бітіріп, Шешін орта мектебінде қызмет атқарып жүрген кезімде Қадыр ағамен кездесіп, біздің халқымыздың қонақжайлылығын паш ететін өлеңін оқып, ақын ағаның батасын алсам, ол да ұстазым Зәуреш апайдың тынымсыз еңбегінің нәтижесі дер едім.

Зәуреш Ескалиқызы сабақта оқушылардың тілін дамытуға айрықша мән беретін. Оның сабақ беру әдісі әрқашанда жоғары деңгейде, ғылыми бағытта, балалардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту мақсатында, шығармашылық тапсырмаларды мәнді әрі қызықты дәрежеде бере отырып, ерекше өткізетіндігімен есімізде қалды. Шәкірттерге әдебиет әлемінің зиялы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, шығармаларының сұлулық иірімдерін ашып, танымдық бағытына баса назар аударып, сол арқылы сөйлеу мәдениетіне, тіл мәдениетіне ден қойғызып, сөздің құдыретін балаларға таныстыруға тырысты. Ол – оқушының бойына шынайы білім-білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылыми негізді тоқыта алған, бүлдіршінді майталман бағбандай мәпелеп баулып, үйренген нәрселерін өмірде іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыра алған, сөйлеген сөзі, істеген ісі, парасат-пайымы, иманы, білімінің тереңдегі мен жан-жақтылығы арқылы шәкірттеріне үлгі бола білген ұстаздардың бірегейі. Талай шәкірттерінің өмірі дұрыс бағытта дамып, көркеюіне себепші болып, олардың тағдырында шапағатты із қалдырған, өмір тәжірибесі мол дана тұлға болып қалары анық.

Бұлақ көрсе көзін ашып, шәкірті өзінен асып түссе, көңілі толып, өз өмірін өзгеге арнағаны үшін шаттанатын ұстаз – Зәуреш апай.

«Баланың азамат болып қалыптасуына ең басты кепіл – тәлім-тәрбие» деген пікірді ұстанған мұғалім ең алдымен бала бойына дұрыс тәрбие беруді көздейді. Сол себепті ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге болуы тиіс. Осындай өнегелік Зәуреш Ескалиқызы Сапарованың бойында тұнып тұр десек, артық айтпаймыз. Сондай шеберлік қырларының бірі – шешендігі. Топқа түссе, орда бұзған қылаңдай омыраулап сөйлеп, жоғарыдан аққан Жайықтай теңізге құлар екпінмен ой ағысы мен сөз құйылысын қатар ұстап, көш бастаған сылаңдай қоңыраулап үн қатып, шындықты айтса, жер сөгіліп кетердей желкілдетсе сөйлеп, тыңдаушысын бордай езілтетін бүгінгінің нағыз шешенінің өзі. Ол айтар ойын діттеген жерге нақ тигізіп, асыл сөзбен әдептеп, зерлеп,



көркемдеп жеткізеді. Бала мен бабаның арасындағы құндылық отбасы екендігін, келер ұрпақ өз атасының алған асуынан жоғары биіктіктерді бағындыруға тиіс екендігін философиялық тұрғыдан ұғындырған апайым. Сонымен қатар қиындықтарды мойымай жеңе білуге үйреткен де өзі. Көпшіліктің жүрегінен жол табатын даналығымен қатар, дауыс мәнері де өзгеше, құдды радиодан қойылым тыңдағандай әсерде қаласыз.

Әйел адам алдымен отбасымен бақытты. Бүгінде Зауреш апай – балаларының қызығына бөленген аяулы ана, шөбере сүйіп отырған қамқоршы әже, өткен ғасырларды түркі әлеміне үлгі болған Ұмай ана мен тарихымыздағы Домалақ әженің жағып кеткен шамшырағын өшірмей алып келе жатқан асылдардың жұрнағы.

Құран кәрімде дүниеде екі-ақ адамға Алланың нұры жауады деп жазылған: бірі – өмірге ұл-қыз әкеліп, адал тәрбиелеген анаға, екінші – парасатты, білімді, қайырымды шәкірт тәрбиеленген ұстазға, олай болса мәңгі нұрдың қызметшісі атанған ұстазым Зәуреш апайға мың алғыс айтқым келеді.

Темрешева Алтынай,

мектептің 1981 жылғы түлегі

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...



1988 жылы ауылдың бастауыш мектебін бітірген мен енді Орал қаласындағы №11 мектеп-интернатта оқитын болдым. Күзде оқу жылы басталғанда мүлдем басқа ортаға тап болғаным әлі есімде. Әке-шешемнің қасынан алысқа шыға қоймаған, әлі тұлымы желбіреген қаршадай маған бәрі қызық әрі құбыжық; айналам үлкенді-кішілі бейтаныс балалар, тәрбиешілер мен мұғалімдер. Таңертең белгілі бір уақытта оятады, кешкісін жатқызады. Төсек-орынды өзің жинайсың. Сапқа тұрып асханаға барасың. Интернатта уақыттың бәрі осылай өтіп жатады екен. Ауылда емін-еркін жүріп-тұруға үйреніп қалған маған жаңа тыныс-тіршілігіме көндігу алғашында қиынға соқты, үйдегілерді сағындым, содан болар ұйықтар алдында көз жасымды сығып алған кездерім де болғаны рас.

Уақыт өте келе тәрбиешілердің, әсіресе сынып жетекшіміз Айғаным апайдың (бұдан әрі – Апай) қамқорлығы арқасында мектеп-интернаттың күн тәртібіне бой үйрете бастадым. Апайдың негізгі міндеті – сыныпқа басшылық жасау және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беру болғанымен, ол интернатқа жиі келіп, өз оқушыларының, көбіне қыз балалардың тазалығын, жатын орындарын, жеке заттарын тексеріп тұруды, интернат басшылығына сын-ескертелерін айтуды бұлжымас ережеге айналдырған көрінеді. Осылайша, Апай біздің тек мектептегі ғана емес, сонымен бірге интернаттағы жүріс-тұрысымыздан жақсы хабардар болып отыратын, шәкірттерінің тәртіп бұзуына жол бермейтін. Ал ауылдан ата-анамыз келе қалса, оларды өзінің бір ескі танысындай құшақ жая қарсы алып, оларға балаларының жеткен жетістіктері,



кем-кетігі жайында ағынан жарылатын, қажет болса өкінішін биязылап білдіретін. Қалай болған күнде әке-шешеміздің үйлеріне балаларына алаңдамай қайтуына қатты көңіл бөлетін.

Апайым – А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты филология факультетінің түлегі, білікті маман. Есқазиева Айғаным Аманжанқызы маған сол 1988 жылдан орта мектепті бітірген 1994 жылға дейін сынып жетекшісі болды, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді.

Ел ішінде «Сәкен мектебі» атанып кеткен мектебіміздің 100 жылдық тарихында онда талай майталман ұстаздар қызмет еткені белгілі. Мен үшін солардың бірі де бірегейі ретінде өз Апайымның орны ерекше. Көркем шығармаларды майын тамызып тұрып әңгімелейтіні соншалық – сыныпта құлаққа ұрған танадай тыныштық орнап, сабақтың қалай аяқталғанын білмей де қалушы ек. Қазақ әдебиетінен «Бес арыс», «Үш бәйтерек» тақырыбында сабақтар өткізгенде арнайы қойылымдар қойғызатын, біз сонда өзімізді бейне бір театр әртістеріндей сезініп, Баян батыр, Сәкен Сейфуллин, Гүлбаһрам, Махамбет, Исатай бейнелерін сомдайтынбыз. Апай ана тіліміз – қазақ тілінің мәртебесі туралы келелі кеңестер беріп, кенжелеп қалған ұлттық тәрбие мәселесін үнемі әр сабақпен тығыз байланыстырып отыратын. Ал мұндай сабақтар талапқа сай жабдықтауға тікелей өзі қатысқан қазақ тілі және әдебиеті кабинетінде өтуші еді.



Наурыз мейрамы тойланғанда немесе оқушылар арасында жыл сайын ұйымдастырылып тұратын «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Сиқырлы қазан» сияқты іс-шаралар өткізгенде Апайымыз бізді бәйгеге қосқан тұлпардай баптап,



тақырыпқа сай киіндіріп, жарыс сұрақтарына дайындап, үнемі шашбауымызды көтеріп жүретін елгезек жан болғанын қалай ұмытарсың.

Жыл бойы көп уақытымыз мектеп-интернатта өтетіндіктен, Апайымыз екінші анамыздай болды. Балалардың бой түзеп, ақыл тоқтататын шағы оқушылық жылдар екенін жазбай таныған ол әрқайсысымыздың жан дүниемізге жол таба білді, отбасы жағдайымызды үнемі сұрап-біліп отыратын. Әрбір шәкіртінің жақсы оқып, өмірден өз орнын таба білуіне ұлағатты ұстаз ретінде өлшеусіз үлес қоса білді. Ертелі-кеш қасымыздан табыла білген Апайымыз осындай қарапайым, мейірімді мінезімен бізді бірден баурап алатын. Мектеп бітірген кезде мамандық таңдауға қатысты әрқайсымыздың қабілетімізге қарай ақыл-кеңес беріп, үлкен өмірге лайықты жолдама алуымызға тікелей септігін тигізді. Сол жылы сыныптарымың бәрі бірдей жоғары оқу орындарына қабылданды, бір қызығы – олардың басым көпшілігі Апайымыздың ұстаздық жолын таңдаған екен. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп Абай атамыз айтқанындай, сол жылы сынып жетекшіміз үшін бұдан асқан бақыт жоқ еді. Атап айтсам:

Алғалиева Айгүл – кітапханашы

Бахтиярова Шолпан – тарих пәнінің мұғалімі

Гиметденова Мархабат – қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Жүнісова Меңдігүл – орыс мектебіндегі қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Құтымбаева Гүлжан – бастауыш сынып мұғалімі

Мұхамедрахимова Ақлима – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Мерғалиева Мейрамгүл – орыс тілі пәнінің мұғалімі

Мерғалиева Ақсамал – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Мұсағалиева Гүлнар – экономика саласы

Сұлтанова Гүлжанат – кітапханашы

Сұлтаниязова Индира – қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Ташимова Ұлпан – араб тілі пәнінің мұғалімі

Хасанова Мейрамгүл – қазақ тілі пәнінің мұғалімі (олимпиада жеңімпазы)

Шүйінішқалиева Мейрамгүл – суретші

Ысқақова Гауһар – бастауыш сынып мұғалімі

Нетқазиев Нұрболат – ішкі істер саласының белді қызметкері

Байғалиев Әділбек – жеке кәсіпкер

Досқалиев Жанайдар – дәрігер-кардиолог.

Апай 2008 жылы сол өзіміздің «Сәкен мектебінен» зейнеткерлікке шығып, одан кейін тағы 3 жыл ұстаздық етті. Жұбайы Батыс Қазақстан облысына танымал азамат еді, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Ниязов Есенгелді ағай Орал педагогикалық институтында ұзақ жылдар философиядан дәріс берді. Олар екі қыз, бір ұл өсіріп тәрбиелеген ардақты әке, аяулы ана бақытына бөленді. Қазір Апай – өмірден озған ерінің орнын жоқтатпай қара шаңырақтың түтінін түтеткен, немерелерінің сүйікті әжесі. Астанаға көшіп келген онымен қайта қауышу қуанышына бөленген мен Апайыма арнаған шағын мақалама мынадай жыр жолдарымен нүкте қойғаным жөн болар деп ойлаймын:



Бірге өткіздік думаны мол жылдарды,
Біздер жеңген алуан түрлі сын қалды.
Шәкірт болып әр алдыңнан өткендер,
Азамат боп бұл күндері шындалды.
Ұстаздарсыз тіршіліктің сәні не?
Тек солармен салмақтаймыз бәрін де.
Айлар, жылдар үйреткенің алысқа
Жетелейді шәкіртінді әлі де!

Қарлыға Жұматаева,
*мектептің 1994 жылғы түлегі,
ҚР Парламенті Мәжілісі
Редакциялау және сараптама
бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

ХАДЫР ІЗГІ ЖАН ЕДІ



Адам өмірінде кейбір кездесулер ұмыт қалып жатады. Әйтсе де, көптеген кездесулер ішінде есте қаларлығы, Орал педагогикалық институтында абитуриенттік кезден танысқан Лұқпанов Хадыржан Қайыржанұлы болды. Екеуміз де физика пәнінің мұғалімі болуды мақсат еткенбіз. Сол кезден-ақ ұстаздық мінездер бойынан табылушы еді. Жүзінен нұры, жанарынан мейірім төгіліп тұратын, табиғи шыншыл қарапайымдылығымен бауыр тартатын. Кейін студент атанып, мамандығын терең меңгеруге ұмтылған алдыңғылардың бірі болды. Хадыржан әрбір лекцияға үстірт қарамады. Біз емтиханға түнімен отырып дайындалып тапсырсак, оған сессия тапсыру жеңіл өтуші еді. Есімде, институтқа түскесін жататын төсек-орындарды тапсырып, жайдақ керуетке газеттер төсеп, қонып шықтық. Ертеңіне мен оған: «Сенің арқаңда «Комсомольская правда» газеті басылып шыққан», - десем, ол: «Мен сенен «Советский спортты» оқып тұрмын», - деп біраз күліп алғанбыз.

Институтты ойдағыдай бітіріп, еңбекке араласып, жылдар бойы хабарсыз қалған соң, мұндай жігіттер партия қатарында болуы керек деген оймен, облыстық партия комитетінің картотекасынан іздеп таптым. Кейін отбасымен араласып, еңбек жолымен жете танысуға мүмкіндік туды. 1977 жылы Чапаев ауданының Первомай мектеп-интернатында физика пәні мұғалімі қызметінен бастап, Каленов, Бітік орта мектептерінде, одан кейін Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы мектеп-санаториясында қызмет істеген. Өз ісіне берілген маманның нәтижелі еңбегі қай жерде, қай мектепте болмасын биік тұрғыдан бағаланып отырды.

Әсіресе, 1995 жылдан еңбек еткен С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-лицей-интернатындағы қызметі Хадыржан Қайыржанұлының өз ісіне беріліп жұмыс істеуіне үлкен мүмкіндік туғызды. Нағыз білім ордасында еңбек етуі



маманның білім беру, тәрбие ісіндегі ерекшеліктерін жете пайдалауға серпін берді. Сабақты өткізуде жаңашыл әдістерді меңгеруі, бұл институт қабырғасы кезіндегі ізденістерінің де нәтижесі еді. Сол кезден-ақ оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын қалыптастыру, оқыту сапасы деңгейін көтеру әңгіме болатын. Педагогикалық практика кезінде өткізген сабақтарды талқылауда Қадақанның сабақ беруі, оның оқушыларға жаңа тақырыпты түсіндіруі, оларға деген ықыласы, өте қызықты етіп сабақты қорытындылауы ұстаздық шеберліктің бастамасы болды. «Сабақ беруде Қадақан күнделікті қалпынан мүлдем өзгеріп кететін еді», - дейді әріптестері, - «Күллі бір актерге айналатындай...». Мектептің «Дарынды балаларға арналған» болып өзгеруіне үлесі бар деп есептеймін. Үнемі ізденіс үстінде болып, сабақ берудің жаңаша әдістерін батыл пайдалануымен ерекшеленетін. Москва физика-техникалық институтында өз білімін көтеріп, облыс педагогтері арасында алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияны таратып, белсенді әдіскерлік жұмыстар атқарды. Физика пәнінен республикалық олимпиада тапсырмалары жинақтарының авторы. Іскерлік қызметі, қажымас еңбекқорлығымен жетістіктерге ие болды. Аталған мектепте физика пәні бойынша халықаралық, аймақтық, республикалық олимпиадаларда, облыстық техникалық олимпиадалар мен турнирлерде көптеген оқушылары жүлделі орындарды иеленді.

Физика пәнін деңгейлеп оқыту әдістемесі үшін республикалық мұғалімдер олимпиадасының жүлдегері, дарынды балаларға арналған білім беру педагогтерінің «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жүлдегері, физика, жаратылыстану пәндерін оқытудағы жоғары жетістіктері үшін облыстық көтермелеу гранттарының иегері атанды. Батыс Қазақстан облысының үздік мұғалімі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жаңашыл ұстаз» атағын алып, есімі Қазақстан Республикасына сіңірген Жоғары кәсіби еңбегі үшін Үлкен халықаралық энциклопедияға енгізілген.

Хадыржан Қайыржанұлының еңбегі жоғары бағаланды. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Жұбайы Майра екеуі тәрбиелеген қыздары Аягөз бен Айгерім мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, қазіргі таңда жоғары білімді мамандар. Осындай еңбек адамымен дос-жолдас болғанымға ризашылығым мол.

Нияз Ахтаев,

Жәнібек ауданының құрметті азаматы





«БІЛІМНІҢ БЕРДІҢ ТҰНЫҒЫН...»



9-сыныпта оқып жүрген кезім. Жазуға машықтанып, бірнеше жыл қатарынан республикалық «Ұлан» газетінің жас тілшісі атанып жүрген жұлдызды шақ...

Облыстық «Орал өңірі» газетін оқып отырып, қаладағы №11 мектеп-лицейде «Журналистика» үйірмесінің жүргізілетіндігін көзім шалды. Бұған дейін де аталмыш мектеп туралы жақсы пікірлер естіп, көңілім кетіп жүрген. Сол құлшынысым күрт артып, табан асты тәуекелге бел байлап, шай үстінде ата-анама: «Оныншы сыныпты қалада оқимын» деген шешімімді жариялап жібердім. Олардың абдырап қалғаны байқалды, бірақ асықпай ойлануым керектігін байыппен түсіндірді. Шамасы, аудан асып көрмеген үйкүшіктеу қызды көндіру қолдарынан келеді деп ойласа керек. Ал менің осы ойға шындап бекігенім соншалық – алды-артыма қарамай, «кетем де, кетем» деп отырып алдым. Тіпті болмаған соң, «оқуды қалада жалғастырмасам, мектепті тастаймын» дегенді де айттым. Сонымен не керек, дегеніме жеттім. Жоғарыдағы бір жапырақ мақала менің өміріме үлкен бетбұрыс болды...

Ауылдан ұзап көрмеген бозөкпелерміз ғой, шынына көшсек, біразға дейін қаланың өміріне көңдіге алмай жүрдік. Ауыл жайлы айтыла қалса, елден, біреу бізді еріксіз алып келгендей жанарымыз суланып шыға келетін. Тәрбиешілер мұндайға күле қарайды, олардың небір қызыққа куә болып жүргенін кейін естідік қой. Солардың біреуін баяндай кетейін:

Бірде тәрбиешілердің бірі бөлменің есігін ашса, 4 қыз бірін-бірін құшақтап жылап отыр екен. Шошып кеткен апай «не болып қалды, не болып қалды?» десе, қыздар одан сайын жылайтын көрінеді. Жұбатса, тағы тоқтамайды. Содан ағыл-тегіл жылап, әбден сілелеген соң, басылайын деді. Енді сұраса, біреуі «анау бастады» десе, келесісі «ананы жұбатам деп едім, шыдай алмай кеттім» деген. Қысқасы, біреуі үйін сағынып жылап бастайды да, бұл қалғанының «қайғысын» қозғап, бәрі қосыла боздаған ғой. Есімізге түссе, әлі күлеміз. Мұндай қызықтар интернат өмірінде жетіп артылады...

Біздің бағымызға орай, интернатта бізге бөлінген тәрбиеші жұмсақ адам болып шықты. Бірінші қыркүйектегі салтанатты жиынның алдында бізді жинап, сыныпты көрсетті, жетекшімізбен таныстырды. Жастары шамалас адамдардың бір-бірімен «сіз» деп сызыла сөйлескендеріне таңырқадық та қойдық.

Мұртты ағайымыз қарапайым, жайлы көрінді. Тек бір қызығы, күндегісін күнде интернатқа барсақ, апайымыз:

- Ағайларын қалай, ұнады ма? - десе, мектепке келсек, ағай апайымыз туралы сұрайды. Екеуі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Сыр жасыруды білмейтін балаңбыз ғой, «ол кісі де сіз туралы сұрады», - деп, екеуіне кезек-кезек айтып келеміз. Әйтеуір жамандамаған сияқтымыз...



«Бақсақ, бақа екен» демекші, таңданатын жайт алда екен: Зейнолла ағай тәрбиешіміз Гүлжамал Тұрсынбекқызымен ерлі-зайыпты жандар екен ғой! Отасқандарына 40 жылға жуықтаған қос ұстаз – бүгінде екі ұлдан өрбіген немерелердің ортасындағы бақытты ата-әже.

Жақсы мектеп оқушылардың ғана қиялына қанат бітірмейді, сонымен қатар ұстаздарды да шығармашылық шыңдарға жетелейтініне сол кезден куәміз. Жетекші ретінде ағайымыз бізге сала құлаш ақыл айтқан адам емес. Бірақ ол кісінің еңбекқорлығынан үйренгеніміз көп болды. Мектеп мұғалімінің, шын мәнінде, жан-жақты бола білсе ғана ауқымды аудиторияларды мойындата алатынын Мүтитегі сөзімен емес, ісімен дәлелдеді.

Он бірінші мектебіміз осындай білімі дария, тәлімі тәрбие ұстаздарымен де даңқты еді. Өкініштісі, бірқатары бұл күнде өмірден озып кетті: Махамбет Қабдырақымұлы, Олег Жакейұлы, Роза Александрқызы, Сәуле Нұрланова әрқайсысы бір-бір мектеп еді ғой, жарықтықтар... Рухтары шат болғай!

Жазбамның басын үйірмемен бастауым бекер емес. Бізді мектеп бағдарламасымен шектелмей, жан-жақты дамуымызға жағдай жасау жағынан да білім ордамыз көшбасшы болды.

Ауылдан арман қуып келгенде, 15 жасар біз алғаш көрген көзі тірі ғалым – бүгінгі филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы жаратылыстану ғылымдары академиясының мүше-корреспонденті, Францияның халықаралық Конкорд ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Қазақстан Республикасы педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарының Үздік оқытушысы Алпысбай Мұсаұлы. Ағайдың арқасында университетке «Сөз өнерінің» алғашқы эліппесін меңгеріп келген бақытты буынбыз біз. Және ол кісінің дәрістері қандай: сөзінің шұрайлылығына қоса, бет-жүзі мен қас-қабағын құбылтып, тұтас болмысы кірігіп кететін...

Мұсаұлы өзі ғалым болудан бұрын, әдебиетке өлеңмен келген адам ғой. Сондықтан «жазғыштар» ол кісіні көп жағалайтынбыз. Әдебиеттің шағын жанрларына бізді алғаш баулып, машықтандырған да Мұсаұлы.

Бұл курс мені ғана емес, көп жастарды қанаттандырды. Қазір әр салада жүрген сол кезгі «жазғыштар» бас қосқанда: «Оралда журналистиканы оқытатын оқу орны болғанда, арамыздан журналистер көп шығар ма еді?!» деп, ағайдың түрлі әдістерін жарыса әңгімелейтініміз бар. Әсіресе сала құлаш картиналарды ерінбей көтеріп кеп, сурет бойынша этюд жаздырғаны ерекше есімде қалыпты. Этюдті өлеңмен жазып, Бауыржан Халиолла бәрімізден асып түсіп, ағай балаша қуанған. Тіпті өлеңді «Түнгі сыр» деп атауды ұсынған. Осыдан-ақ көрініп тұрған шығар: ағай тақырып атаулыға айырықша мән беретін, «жаттанды тақырыпқа жоламаңдар, көзсіз еліктемеңдер, ойлансаңдар, одан да озығын табасыңдар», - деп жігерлендіретіні жадымызда.

Ал «Журналистика» үйірмесінде жаңалық, ақпарларымызды танымал журналист Амангелді Шахин, әлімізше түрлі жанрда шимайлаған көркем дүниелерімізді сүйікті ақынымыз Ғайсағали Сейтақ редакциялайтын. «Орал



өңірінің» бетінде оқушылар шығармашылығы үздіксіз жарияланушы еді. Тележурналист Мұнайдар Балмолданың арнайы хабар даярлағаны да есімде.

Бір қазаннан ас ішіп, біте қайнасып кеткен соң да болар, интернаттағылар ерекше тату болдық, әр қиырда жүрсек те, бір-бірімізден қара үзіп кеткен жоқпыз: өмірдің күйінішінде де, сүйінішінде де, шама келгенше, бір-бірімізді қолдап келеміз. Бірге оқыған құрдастарымызды айтпағанда, үлкенді-кішілі ұяластарды көре қалсақ, құшақ жая ұмтыламыз. Енді ше: өздерін ғана емес, интернатқа келіп кететін ет жақындарының біразын жатқа білеміз ғой. Кейде бір шаруа қамымен бейтаныс мекемелерге жол түссе, алдын ала «11-мектептен ол жақта кімдер бар?» деп зерттеп аламыз. Және бірге оқығандардың, бас тіреп барсаң, сырт айналғанын көрмедік. «Бір күн дәмдеске қырық күн сәлем» деген осы шығар...

Кейін өзім де интернат балаларына ұзақ жыл ұстаздық еттім. Шәкірттеріме әзіл-шыны аралас «мені ұмытсаңдар да, бір интернаттан шыққандарыңды ешқашан ұмытпаңдар» дегенді үнемі айтамын. Оқушылардың бұл сөзіме қатты таңданатынын байқаймын. Себебін сұрайтындар да аз емес. Оларға да, басқаларға да бір жауап менде:

- Интернатты ұмытпау – ұшқан ұянды естен шығармау деген сөз. Ал ұшқан ұясы ойында жүрер жандар ұяластарын іздеп тұрады. Бұл – араларың ашылмайды дегенім. Бүтін құртты бөліп, жарты құртты жарып жей білген жандардың жүрегі қатаймайды да, қараймайды да. Өмірлерің үшін бұл өте маңызды. Азды-көпті өмірде көзім жеткен бір ақиқат – осы!

Р.С. Мерейтойыңмен, мектебім! Дүние тұрғанша тұрғайсың!

Динара Қыдырбайқызы,
*мектептің 1995 жылғы түлегі, ұстаз, педагогика
ғылымдарының магистрі*

ҚАДІРІ БИІК ҚАДЫРҰЛЫ



Атақ-даңқы бір басына жетіп-артылатын Ерсайын Қадырұлы жайлы айту үшін бір газет беті аздық ететіндей. Өз ісіне жанын берген, қашан да қалбалақтап, көп шәкіртінің көңілінен қалай шығамын деп жүгіріп жүретін Ерекенді облыс жұртшылығы жақсы таниды десек, артық айтқандық емес. Орал қаласындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат кешенін табан аудармай жиырма жыл басқарған азамат өзін білікті басшы ретінде дәлелдеді.

Әлі есімде, ауылдан арман қуып қалаға келген 1990 жылы Оралда жалғыз ғана қазақ мектебі – осы білім шаңырағы болатын. Ол кезде көшеде қазақша сөйлесудің өзі мұң еді. Бір ғана мысал, өзге ұлттың көше балалары таяқтың басына от байлап, кеш қарайса, жатақхананы қоршап алып, аузына келгенін соғып тұратын. Іштегі санаулы ғана қаракөздердің күші жетпейтінін біліп,



ұлттық намысымызға тіл тигізетін. Сондай сәтте мектеп басшысы Ерсайын Қадырұлы өзі бастап түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей, бізді күзетіп, қызғыштай қорып жүретін. Құдайға шүкір, қазақ елі еңсесін көтеріп, уақыт бәрін орнына қоя бастағанда, мектептің даңқы да асқақтай түсті. Ерекең өзі аяқтай жүріп, автобуспен ауыл-ауылдан қабілеті жоғары, дарынды балаларды жинауға кірісті. Ол еңбегі зая кетпей, өз нәтижесін аз уақытта ғана бере бастады. Осы мектептің бөлімшесі негізінде №27 мектеп ашылды. Одан кейін №36, 38 қазақ мектептері бой көтерді. Бірақ бәрінің ішінде №11 мектептің шоқтығы биік тұрды. Бұл мектептен түлеп ұшқан түлектердің осы қалайы жоқ. Елдің атын асқақтатқан даңқтылары да аз емес. Тағы бір айта кетерлігі, аталмыш мектеп – бірінші кластан бастап дарынды балаларды оқытатын республикадағы жалғыз білім ошағы. Өзгелері тек жоғары кластан бастап қабылдайтынын атап өткен жөн. Осыншалық жемісті еңбек етіп, ата-аналардың, шәкірттерінің алғысына бөленіп жүрген мұндай іскер адамдардың жауы да көп болатыны белгілі. Жуырда орын алған осы мектептегі қайғылы жағдайға байланысты Е.Сапаровты кінәлау ақылға сыймайтындай жағдай еді. Баспасөз беті жарыса жазды. Оның үстіне қазақ десе, «қағынып» шыға келетін өзге тілдегі басылымдар жерден жеті қоян тапкандай «сүйініш» сұраса, осы кезге дейін әр жетістігін қалдырмай жариялаған қазақша басылымдар да «аянып» қалмады. Бір қызығы, сол даттаушылар мен «жазушылардың» балалары оқу үлгерімінің төмендігінен тек дарынды да білімді оқушыларды оқытып, тәрбиелейтін мектептен шығып кеткен болатын. Өзіңіз ойлаңыз, жиырма жыл аянбай қызмет етіп, құрметті зейнет демалысына абыроймен шықсам деп жүрген адамға ондай оқиға болады деп тіпті ойлады ма? Қатыгез Сталин де «Баласы үшін әкесі жауап бермейді» деген жоқ па? Жарайды, онсыз да бітеу жараның бетін тырнамалық.

Егер айтулы мектептің абыройы болмаса, Елбасынан бастап ат арылтып келіп-кетіп жататын қонақтар арнайы ат басын бұрып, жылы лебіздерін арнамас еді. Біздің қазаққа жағу қиын ғой. Кейде бұл мектепте бай-бағыландардың, басшылардың балалары оқиды деп те жұртшылық кінәлап жатады. Қай ата-ана өз баласын жаман болсын дейді. Ұл-қызының еліне елеулі, халқына қалаулы болуын тілейтіндер жеткіншегін осы білім ордасына жетелеп баратыны сондықтан болар. Әйтпесе, қойшының баласы ретінде қабылданып, сол тесік қалта күйімізде осы мектепті бітіріп, Алматының төрінен бір-ақ шыққан біздің қай «крышамыз» мықты еді? Бұл мектептің оқушылары бір-бірін «ағай, апай» деп қалай сыйласып жүрсе, әр қияға қанат қағып кетіп, қайта шүйіркелесе қалғанда да сондай бауырмал болатыны баршаға үлгі екені – бұлжымас шындық. Мұның бәрі әлдекімге араша түсіп немесе құрғақ сөзбен «көпшік» қойып көпірте мақтау емес, шәкірттік шынайы сөзімнен туған ойлар ғана. Жыл артынан жыл өтер, ай артынан ай ағар, әйтеуір жақсы адамның еңбегі бір еленеді деп сенеміз.

Биыл пайғамбар жасына келіп отырған аяулы ұстазым, ардықты әке, асыл жар, іскер басшы Ерсайын Қадырұлының әлі де атан түйенің жүгін көтеретіндей қуаты бар екенін айтқан жөн шығар. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда «Еңбегі



сінген қайраткер» деген атаққа ұсынылыпты, біздің тілегіміз жоғарыдан қуанышты хабар келуін күту ғана.

Біз білегін Ерекең қартайған жоқ, қайта адам жанын ұғынып болмайтын «түсініксіз» адамдардың санасы қартайып бара жатқан сияқты.

Бауыржан Халиолла,
1997 жылғы мектеп түлегі

ҰСТАЗ ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Ұстаз туралы көп айтуға болады. Ұстаздар есімі қашанда ыстық. Білім нәрімен сусындатқан шынайы кәсіби мұғалім туралы айтудың, ұстаз тұлғасы тақырыбында ой толғаудың жөні бір басқа. Себебі «Ұстаз» деген қай заманда болсын қасиетті, қадірлі болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. Сондықтан болар, «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

Өмірлік жолдың алғашқы қадамдарын айқындап берген, өмірдің сан қырлы сырларын білуге, сан қилы құбылыстарын терең ұғынуға мұрындық болған Сәкен мектебі көңіл төрінен әрқашан орын алары сөзсіз.

Ал сол мектепте ең алғаш боп қаланың тыныс-тіршілігінен бейқам ауыл балаларын жылы шыраймен қарсы алған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Зейнолла ағайдың ашаң жүзі әкеміз қарсы алғандай болып еді. Алғашқы күннен бастап әр сабағында «жілік майын шаққандай» етіп талдауға да, зерттеуге де қалай еніп кеткенімізді байқамай қалдық. Балалықпен үй тапсырмасын орындамай қалсақ, жазамыз оқу бағдарламасында жоқ ақын шығармаларын іздеу болатын. Менің бір «жазам» Ғұмар Қараш шығармашылығы туралы мәлімет жинау болды. Интернет дегенді білмейтін ауыл баласы үшін кітапханалар үлкен «азық» болды. Ақынның сол кезде бір ғана «Замана» кітабын табу мен үшін үлкен бақыт еді. Бала көңіл сол уақыттан бастап ғылыми-зерттеу жұмысын жасап жүргенімді байқамаған екенмін. Кейін Ф.Оңғарсынова лирикаларындағы әйел бейнесін жинақтай бастадық. Дәл осы тақырыппен мектеп мұғалімдері арасынан шыққан республикадағы және облыстағы алғашқы ғылым кандидатының алдынан тәлім алған шәкірті екендігімді мақтанышпен айта аламын.

Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы – Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық маман-дандырылған мектеп-лицей-интернатында 1993-2003 жж. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстаз. Жоғары санатты мұғалім. Ол ғылыми дәрежесін С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында қызмет етіп жүріп қорғады.

Қазіргі таңда мектеп-интернат шәкірттеріне «Әдеби өлкетану» элективті курсынан дәріс оқып, оқушыларды ғылыми жобаларға дайындауға баулуда.

Ұстаз өмірінің өткеніне үңілсек, ұстаздың білім беру мен ғылымдағы жетістіктері аталған мектеп қабырғасынан бастау алады. З.Ж.Мүтиев – Ұлы



Абайдың 150 жылдығына арналған қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің облыстық олимпиадасының жеңімпазы (Орал, 1994), ҚР Мұғалімдерінің І педагогикалық оқуларының жүлдегері (Алматы, 2000), ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Жүзден жүйрік» атты ІІІ Республикалық конкурстың жүлдегері (Алматы, 2001). «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісінің облыстағы алғашқы иегері (2001).

Мұғалімдікпен қатар қазақ әдебиеттану мәселелерімен айналысып, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектер жазды. «Гуманитарлық (адамгершілік) бағыттағы лицейдің 10-сыныбында қазақ әдебиетін оқыту авторлық бағдарламасы (үлгі жоспары) Абай атындағы Қазақ ҰПУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының мәжілісінде мақұлданып, ресми құжат есебінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында (№11-12. 1995, №3-4. 1996) жарияланды, озық тәжірибе ретінде республика ұстаздарына ұсынылды. Аталған авторлық бағдарламасы Сәкен мектебінде сынақтан өтті. Сонымен бірге Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығын және ақын атындағы мектеп тарихын зерттеумен де айналысты.

2000 жылы «Фариза Оңғарсынованың лирикасы» деген тақырыпта (ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Серік Мақырұлы, ресми оппоненттері – ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, профессор Серік Қирабаев, ф.ғ.к., доцент Шөмішбай Сариев) кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

З.Ж.Мүтиев Сәкен мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты тәжірибелі мұғалімі ретінде ҚР 5-11 сыныптарға арналған қазақ тілі және қазақ әдебиеті жаңа буын оқулықтарын байқаудан өткізуге белсене атсалысты. Сынақтан өткен жаңа буын оқулықтары мен оқу хрестоматияларының мазмұны, дидактикалық материалдардың құрылымы хақында республикалық, облыстық баспасөз беттеріне мақалалар жариялап отырды. Сонымен бірге өзі қызмет еткен білім ошағының өмір тынысынан да баспасөз беттеріне хабардар етуді де ұмыт қалдырмады. Ғалым ұстаздың «Халық педагогикасы қағидалары бойынша тәрбиелеудің кейбір жолдары» // Әдістемелік нұсқау. (Орал: БҚО МБЖИ, 1993)», «Абайды танып болдық па?» // («Орал өңірі». 12 қараша 1995 ж.), «Ұстаз мерейі» (мұғалім іс-тәжірибесінен) // (Орал: БҚО МБЖИ. «Ұстаз», №1.1999), «Жырларымды оқы да, ойларымды ал» (Ф.Оңғарсынова лирикасының кейбір сырлары) // («Ізденіс – Поиск». Гуманитарлық серия. Алматы: №2. 1997), «Ф.Оңғарсынова лирикасындағы әйелдер психологиясы // (Қыздар пединститутының ғылыми жинағы. Алматы: 1998), «Жаңа буын оқулығынан сырт қалмаса екен» // («Орал өңірі». 3 қараша 2001 ж.), «Оқулық жасау оңай шаруа емес» // (Орал өңірі. 17 қараша 2001 ж.), «Жаңа оқулыққа Ғұмар Қараш неге кірмеген?» // («Егемен Қазақстан». 11 желтоқсан 2001 ж.), «Оқулық жайы ойлантады» (ой-пікір, ұсыныс) // «Орал өңірі», 29 желтоқсан 1998 ж.), «М.Өтемісұлы шығармаларын жалпы білім беретін мектепте оқыту жолдары» // «Қазақ әдебиетін жоғары және жалпы білім беретін мектептерде оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері». (Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2006)», «Оқытудың жаңа технологиясы: дәстүрден тыс сабақ формаларын жетілдіру



жолдары» // «Мемлекеттік тіл: білім және саясат» (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Орал, 2006)», «Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың кейбір өзекті мәселелері» // «Ғалым – ұстаз С.Ф.Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері». (Облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2006)», «Оралдық ұстаздар еңбегі» // («Жайық үні». 20 қаңтар 2011 ж.)» т.б. жазбаларында жан-жақты баяндайды.

Зейнолла Жақсылықұлы өзі ұстаздық еткен мектебінің өткен тарихы мен сол білім ордасын басқарған басшылардың озық тәжірибесін баспасөз беттерінде ұдайы насихаттап отырды. Мәселен, Сәкен мектебінің 75 жылдық мерейтойына орай 1954-1988 жж. бір орында мызғымастан мектеп мұғалімінен бастап мектеп директоры лауазымына дейін көтеріліп, ұзақ жылдар басшылық қызметте істеп, 1978-1979 жж. қазіргі мектеп құрылысын тұрғызуға бірден-бір себепкер болған есімі елге мәшһүр ұлағатты ұстаз Абдушева Мариям Мамайқызының ерен еңбегін ардақтап «Атанған мұқым жұрттың Мариямы (ұстаз өмірі мен шығармашылығы) // («Орал өңірі». 19 қазан 1999 ж.)» атты мақала жарияласа, кейін сол аты аңызға айналған басшының ізін жалғастырған, мектепті заман талабына сай лицейге айналдырып, білім ошағының мерейін облыс, республикаға танытқан жаңашыл директор Сапаров Ерсайын Қадырұлының ерен еңбегін дәріптеген «11-ші мектебі Оралымның» (оқу орнының іс-тәжірибесі туралы) // («Егемен Қазақстан», 11 маусым 1996 ж.)», «Дарынды оқушыларды ауылдан іздейді» // («Егемен Қазақстан». 3 шілде 1996 ж.) мақалалары жария-ланды.



З.Ж.Мүтиевті сәкентанушы ғалым ретінде де танимыз. Ол сәкентанушылар С.Қирабаев, Т.Кәкішев, т.б. идеялық мұратын жалғастырушы қатарынан да көріне білді. Мектеп атын иеленген қазақ поэзиясының ақиық дауылпазы, қазақ әдебиетінде социалистік реализмнің негізін қалаушы күрескер ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына арнап әр жылдарда сериалды мақалалар жариялап отырды. Атап айтқанда, «Социалшыл екен деп... (С. Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуына орай) // («Қазақ әдебиеті». №1. 1994 ж.)», «Қандай жан «Қызыл атқа» мін тағады? (С. Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасындағы қоғамдық-саяси көзқарас) // («Орал өңірі», 1 қараша. 1994 ж.)», «Сәкен есімі – мәңгілік» (С. Сейфуллиннің туғанына 105 жыл толуына орай) // («Жайық үні». 15 қазан 1999 ж.)», «Сәкеннің Орал сапары» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. (Жәңгір хан ат. БҚАТУ. - Орал, 2005)», «Сәкеннің Орал сапары» // «С. Сейфуллин – азамат ақын, жазушы, қоғам қайраткері». (Облыстық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Орал, 2006)», «Сәкентану және қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері // (Облыстық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Орал, 2007)» мақалаларында ақын тұлғасы әр қырынан ашылады.



Сонымен бірге ғалым-ұстаз өзі он жыл ұстаздық еткен мектеп-лицей шәкірттерінің ғылыми жобаларына кеңес беріп, жиырмалаған рецензиялар жазды. Солардың бір-екісіне тоқталсам, олар: «Рецензия» // Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің 11 «а» сынып оқушысы Файзолла Алпамыстың «Қадыр Мырза Әли шығармашылығындағы экология тақырыбы және гуманизм мәселелері» ғылыми-зерттеу жобасы баяндамасына (Орал, 2011), «Рецензия // Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің 11 «а» сынып оқушысы Бисекова Данагүлдің «Мұқағали Мақатаевтың махаббат лирикасындағы тағылым» ғылыми- зерттеу жобасы баяндамасына (Орал, 2011) т.б.

Зейнолла Жақсылықұлы пән мұғалімі ретінде де жемісті еңбек етті. Ұстаздың бірнеше шәкірті облыстық, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Олар: Динара Кенжебаева, Талант Арғынғали, Ахатова Нұрсәуле, Әбужалитова Ақбаршын және басқалар. Сынып жетекшісі боп әрі сабақ берген бір кездегі оқушылары қазір елімізге белгілі қоғам мен өнер қайраткерлері, ұстаз жолын қуған мектеп мұғалімдері. Олар: Күспан Абзал, Жәудір (Сисенбаев) Айболат, Дүйсенғалиева Жанар, Қошқарова Нұргүл, Сұлташева Меңтай, Шагиева Мария, Қоңқашев Нұржан, Төкестай Ербол, Боранова Шынар, т.б.

Ұстаз туралы ой-толғанысымды қорыта келе, ыстық қайраты мен білімін оқушы бойына сіңіре білген, нұрлы ақылымен шәкіртіне жарық сәуле шашқан, жылы жүрегімен баланың жан дүниесін баурай білген ұстазымды осы бір ардақты атаудың шын иегері деп есептеймін.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай, шәкірт болашағы үшін аянбай еңбек еткен ұстазыма шәкірт, бүгінгі таңдағы әріптес ретінде құрметім шексіз.

Альбена ҚУАТОВА,

*БҚО білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығының әдіскері,
педагог-зерттеуші, магистр,
ұстаз шәкірті, 1997 жылғы түлегі*

«БАҚЫТЫМНЫҢ ШЫҢЫНА ЖОЛ СІЛТЕДІҢ, ОН БІРІНШІ МЕКТЕБІ ОРАЛЫМНЫҢ!»



*Біз «Он бірінші мектебі Оралымның»
аталған қара шаңырақтан қанат қақтық,
мектеп бізге бақыттың шыңына жол сілтеген!*

Сәуле... Жаратушының жазуымен миллиондаған шақырымдарды секундтарда жүріп өтіп, жұмыр жерге тіршілік нәрін сыйлайды ол. Еркіндікті сүйеді, адамзатты сүйеді. Адамзат та оған ұмтылады. Маған азаматтық та, ұстаздық та сол аппақ сәуледей көрінеді. Қазақтың ең қымбатын «шырағым» дейтіні, «Шырағың сөнбесін!» деген тілек тілейтіні бекер болмаса керек-ті.



Сырттай қарағанға бір-ақ түс. Ал біле білсек, оның бойында қаншама ғажайып бояу бар. Көк те, қызыл да, сары да. Ұстаздық та, ғалымдық та, азаматтық та – ардың ісі. Ол да сол сәуледей бір өзіне қаншама бақыт, қуаныш, үміт, арман, ізгілік құндақтаған. Осы бір жарқырайтын сәуле қымбат таста да бар. Ол – гауһар. Гауһар тастың қыры көп болған сайын, жан-жаққа шашатын сәулесі де, жарқырайтын қасиеті де арта түседі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген ұғым да бар. Бұл – кез-келген адамға айтылмайтын, телінбейтін баға. Нағыз гауһар тас жан-жағына жарқыратып сәулесін шашып, нұрын сыйлайды.

Нағыз ұстаз да айналасындағыларға жарық сәуленің шырақшысы бола білген жан. Ақыл, білім, парасат, көркем мінез иесі бола білген ардақты адамды мен кемел тұлғаға балар едім.

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан», - деп шығыс ғұламасы әл-Фараби айтқан екен.

Шығыс данасының осы сөзін жадына сақтаған әр адам ұстаздық қасиеттің ауыр жүгін сезінуге тиіс. Үлкен жауапкершілік жүкті абыроймен атқару да арлы іс. Алдымен ұстаз бола білген, ең алдымен шәкірттеріне сыйлы, адалдық пен адамгершілікті биік тұғырға қойған ұлағатты да рухани жақын ұстаз әркімде болары сөзсіз. Ал біз көңілге жарық сәуле беріп, білім шырағын жаққан ұстаздарымызбен әрқашан мақтанамыз.

Ғасырлық тарихы бар, бүгінде Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты кезінде «пансион» деген атпен-ақ белгілі болды. 100 жыл (алдағы жылы) бұрын ұлт тұлғасы С. Сейфуллиннің Орал қаласына келіп, осы мектептің іргетасын қалап, Жымпиты өңірінен он шақты қызды алып келіп оқуға берген екен. Сол кездегі қаладағы жалғыз қазақ мектебі болды және тұңғыш ұлттық мектеп болып ашылған. Ауыл балаларын оқытып бастаған шағын мектеп сан жылдық тарихында тамырын тереңге жайды. Бірнеше кезеңді басынан кешірді. 100 жылдық тарихы бар мектеп ұжымы бүгінде жаңа мұғалімдермен толысқан.

Біздің әулетіміз үшін мектептің өткен жылдық тарихында аттары алтын әріппен жазылар ұстаздар жетерлік. Өйткені бұл мектеп – ұстаздар ұстаханасы. Алдымен үйде ұстаз-ана, мектепте асыл мұғалім болған Жәрия Әйтімқызының біз үшін орны ерекше. Жәрия Әйтімқызы – қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Біздің әкеміз Бекжан Ақшаұлын (1938 жылғы) ауылдан жетектеп әкеліп, осы мектепте оқуға береді. Бұл – 1951-1952 жылдар. Осы жылдардан бастап күні бүгінгі дейін оқығандар арасы үзілмей, жалғасып келеді. Дәстүр жалғастығы деген осы шығар. Менің әкеме тарих сабағынан Сүлеймен Өтешов, Мария Мамаевна, ағылшын тілінен Фейшбейн Любовь Яковлевна, физикадан Нұрдаулетов, биологиядан Мұхамбетжанова, химиядан Зинина, орыс тілінен Фанна Генка Михайловна, кейіннен Кузнецовалар сабақ берген екен. Оқу ісінің



меңгерушісі Жаботинская Вера Любовна болса, мектеп директоры Жәлел Самарханов, кейін Сәукей Сағидуллиндер болған екен. Осы жылдары білім алғандар сапында Марат Тоқтамысов, Сәкен Тоқтамысов, Байарыстан Қамалов, Кеңес Қазиев, Шайхы Сабиров, Аманғали Сұлтановтар екен. Бұл 1955-1956 жж. бітірген түлектер болса керек. Әкеміз бұл жылдарды сағына еске алатын.

Осы білім шаңырағы арман-мақсатын айқындап берген болу керек. Ұстаздық жолды тандап, ұзақ жылдар мектепте қызмет етті. Ұстаз әкенің балаларының болашақ білім алуларына салғырт қарамайтыны анық. Өз балаларын да осы мектепте оқытуға тырысты. Ақынның «Сыр сандығын» жатқа оқығам кішкентай кезімнен, «әкем өлең оқы» дегенде «Сыр сандықтан» бастайтынмын (мән-мағынасына кейін үңілдік қой), кейін поэмаларын да. Таңдамалы жинағы тұратын әкемнің кітаптар сөресінде, әлі есімде, түсі қызыл кітап болатын. «Сәкенді түсініп оқу керек» дейтін. Кейін орта сыныпқа келгенде, «әрі қарай өте жақсы оқысаң, өзім оқыған, ағаң оқыған Сәкен мектебіне оқуға апарамын» дегенде, үлкен жауапкершілік тұратын, сол кезден сезінгем. Арман боп қалмай, мақсатқа айналып, Сәкен мектебінің оқушысы атандым. Ағаларым Ерлан Сұлтанғалиев, Мәдәлі Ақшиев, Шыңғыс Ақшиевтер мен әпкем Рима Сұлтанғалиева, одан кейін 1997 жылы бұл мектепке мен оқуға келдім. Үш буын ұрпақ білім алуды жалғастырған екен. Әкемнің тұңғыш немересі Бекжан Еркежан да осы мектепті аяқтады. Ізгі дәстүрді жалғастыруды мақсат еткен Еркежан да білім бәйгесінде мектебінің мақтанышы болды.

Білім бәйгелері қашанда адамды шыңдайды. Оза шапқанның деңгейін анықтайды. Әлі тәуелсіздік алмаған кез. 1990 жылдар болу керек. Мен бар болғаны алты жастамын. Бала болсақ та, қандай да бір қуанышты сезетініміз анық. Одақтас республикалар арасындағы физика пәнінен өткен олимпиада туралы радиодан хабар берілді. Бұл хабарда ағам С.Сейфуллин атындағы мектептің оқушысы Шыңғыс пен физика пәнінің мұғалімі Сәния апайдың аты аталғанда көп болып қуандық. Осы кезден бастап мен де осы мектептің оқушысы болсам деген ой қалыптасты. Бала арманның адастырмағаны анық. Мен де 1997 жылы оқуға келіп, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдететін сыныпта оқыдым. Ұстазым Айғаным Есқазиева Аманжанқызы болды. Төрт жыл бойы мектеп қабырғасында білім алып, 2001 жылы Алматы қаласына оқуға аттандым. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдадым. Алғашқы курстың өзінде көп нәрсені біліп барғандай болдық. Оқытушы орнымыздан тұрғызып сұрағанда, С.Сейфуллин мектебінен екенімізді үнемі мақтанышпен айтатынмын. Аспирантура жылдарын қосқанда, қазақ тілі мен әдебиетін он бір жыл оқыппын, оқытып та, әлі де оқып келеміз. Өзім таңдаған әдебиеттен кандидаттық диссертация қорғадым. Қазіргі уақытта М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қызметтемін. Екі мәрте мемлекеттік ғылыми стипендия иегері де атандым. Мектеп берген азық ұзақ жыл қызмет еткендей.

Айғаным апаймен олимпиадаға дайындалған кездер де әлі есімде. Апай мектептегі дайындықпен шектелмей, бізді интернаттан сұрап алып, дайындық үйінде де жалғаса беретін. Қазақстан тарихынан Махамбет ағай, химиядан Марфуға апай, физикадан Қадыр ағай, орыс тілінен Ақылай, Нұржамал апайлар,



математикадан Алма апай, ағылшын тілінен Гүлжиян апай, алғашқы әсері дайындықтан Рахым ағай сабақ берді. Марқұм Махамбет ағайымыз жексенбі күндері жұмысқа келіп, сабақ алатын. Демалыста үйге барғысы келетін жандар аптаның алты күнінде сабақ тапсыратынбыз. Дәл қазіргі уақытта оқушының қамы үшін демалысын арнайтын мұғалімдер сирек шығар, мүмкін, жоқ та шығар... Барлығының жарқын жүздері көз алдымызда. Қазір ұстаздарымыздың көбі құрметті еңбек демалысында. Маған сабақ бермесе де, қамқор болып жүретін ұстаздардың да еңбегі бір төбе. Тілеужанова Шара апам, Сейтақова Тамара апайларымыз әркез тілекші боп жүретіндері көңілге қуаныш сыйлайтын. Гуманитарлық бағытта болсақ та, математикаға, химияға, физикаға деген махаббатымыз бөлек болатын. Пәнге деген махаббаттың артында ұстазға деген ерекше ықыластың тұрағы айқын ғой. Біз мектеп бітіргенде ҰБТ-ны төрт пәннен тапсырдық. Ұмытпасам, тесттік емтиханның үшінші жылдары болса керек. Демалыс уақыты, тест уақыты да жақын, интернаттағы бөлмелес жан досым болған Айтолқын екеуіміз менің ағамның үйіндеміз. Дайындықтамыз. Көшеден жеңгемді танып, біздің үйді сұрап, үйге іздеп келіп, үйіне дайындыққа алып кеткен ұстазымыз да болған. Қолымызға аттестатымызды алып, мектептен кетсек те, біздің жақсы оқуға түсуіміз үшін жоғары балл жинасын деп, жаны ашып үйге дейін келген Жылқайдарова Алма апайымыз еді. Бұл қамқорлық, бұл мейірімді мен ешқашан ұмытқан емеспін. Ұстаздарымыздың мейірімі бөлек болатын. Қатаң талап та қоя білетін. Мен интернатта үйді сағынып, жылап көрмедім, сабақтан алғаш төрттік алғанда жылағам. Сондай бір мектепке келген алғашқы кезде орыс тілінен Шманова Нұржамал апай демалыс күнгі мектептегі кезекшілігін маған арнаған. Интернаттан шақырып алып, орыс тілі мен әдебиетінен сабақ өтіп, түсіндіріп те кеткені есімде. Біз барлығымыз интернатта жатып білім алдық. Интернат меңгерушісі ағаларымыз оқыған уақыттан келе жатқан Есенгелді ағай еді. Интернаттағы тәртібімізге, бөлме тазалығына, әсіресе жақсы сабаққа дайындығымызға, береке-бірлігімізге ерекше сүйсініп қарап жүретін. Тәрбиешілік атқарған апайларымыздың еңбегі де бір төбе болатын.

Оқу ісінің меңгерушісі болған Роза Александрқызының да еңбегі зор еді. Түстен кейінгі қосымша сабақтарға осы кісі жауапты болатын. Олимпиадаға дайындыққа жинайтын, университет ғалымдары жүргізетін сабақтарға шақыратын да осы кісі. Сонымен қатар «Поэзия», «Журналистика» сабақтары жүретін. Поэзияға аса қызықпадым, ақындық қабілетімнің жоқ екенін білсе де, болашақта пайдасы болатынын айтатын. Ал журналистикаға қызығушылықпен қатысатынымын. Ақын ағамыз Ғайсағали Сейтақ жүргізетін. Оқушының жазғанын түзеп, өңдеп, «Орал өңірі» газетіне үнемі шығарып отыратын. Оның өзі бізге қуаныш сыйлайтын. Міне, ізгілік нұрын шашқан менің ұстаздарым мен мақтан етер мектебім осындай болған.

Біз оқыған жылдары мектептің 75 жылдық мерейтойы тойланды. Дәстүр бойынша Сәкен Сейфуллиннің туған күнінде тойланатын. Озат оқушылар слеті өтті. Ол менің есімде, ұмытылмайды да. Мерейтойлық белгі де тақты. Сынып боп құттықтап, бізді қолдап барды. Мектеп сахнасының өзі ерекше еді. Кейін шығармашылық байқаулар, олимпиадалармен жалғасып, Сәкен мектебінің



абыройын түсірмеуге тырысып оқыдық, талпындық. Сәкен мектебі Алматыға апарды, жоғары білімді сол қалада алуға жолдама бергендей. Республикалық «Дарын» орталығына оқуға жіберген. Мен сол кезде болашақ жетекшім профессор Серік Мақырұлымен танысқам. Кейін аспирантурада білім алғанда әдебиетші ғалым, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлымен танысқанда, оқыған мектебімнен бастағам. Оқушы кезде біз Тұрсынбек Кәкішұлына ұстазымыз Айғаным Есказиева жетекшілігімен сынып болып хат жазғанбыз. Ол кісі де ұмытпаған екен жауап жазғанын. Ол да кездейсоқ емес шығар. Кейін Тұрсынбек Кәкішұлы батасын беріп, шәкіртіндей көрді. Ағайдың құрметін, ерекше қолдауын сезінгем. Кейін Махамбет университетінде Алаштың, Қазақ елінің алғашқы астанасы Орынбор қаласында ресейлік ғалымдардың бастамасымен көрнекті қоғам қайраткері, қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл толуына арналған «Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы» тақырыбында халықаралық ғылыми конференцияға шақырту алдым. Орынбор сапарына міндетті түрде барғым келді. Сәкен шығармашылығы туралы баяндама жасауым алғашқы рет емес еді. Сол жиында тыңдаушы аудитория үшін баяндаманы орыс тілінде алғаш рет жасауым. Маңыздысы ол емес еді. Үлкенінен жасына дейін Сәкен туралы ұйып тыңдайтын ортаны көрдік. Орынбор қазақтары ғана емес, сондағы орыс халқының Сәкенге деген ерекше ықыласын көрдік. Баяндама жасаған Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдарының Сәкен шығармашылығына деген ерекше сүйіспеншілігін көріп, тағы бір қуандық. Қазақ поэзиясына өзіндік үн, соны жаңалығымен келген өз дәуірінің жаңашыл ақыны – ол. Оған дәлел ретінде қарымды қаламгер Сәбит Мұқановтың сөзімен жауап берсек, «Сәкен – қазақ әдебиетіндегі жаңа эраның көш бастары». Баяндамамыздың тақырыбы Сәкен поэзиясындағы символдық көркемдік-поэтикалық қолданыстарға арналды. Классик жазушы Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтқанда, Сәкен «тұлға бойы тұнған ақын» екендігін әр туындысы арқылы делелдеп кеткендей. Сәкен мұрасы дәуір өткенмен, еш ұмытылмайды, өз дәуірінің жаршысы, тек сол дәуірдің емес, кейінгі дәуір үшін де қайраткер, ұлтшыл тұлға, азамат ақыны. Сәкен мұрасын ұлықтау – бүгінгі буынның азаматтық парызы. Ұлы тұлғаға деген өзге ұлттың да ерекше құрметін, ұлылығын ұлықтауын сол шара, ғылыми жиын дәлелдегендей. Орынбор қаласында өткен «Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы» атты конференцияның тарихи ғимаратта өтуі ерекше әсер қалдырды. Дәл осы жерде Сәкен Сейфуллин қызмет атқарған. Жай қызмет емес. 28 жасында екі үлкен, жүгі ауыр қызметті қатар алып жүрген қайраткер. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болды. Және үлкен қызметі Қазақ үкіметінің, Қазақ АССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы, яғни, Совнаркомның төрағасы. Қазіргі тілмен айтқанда, Премьер-министр. Бұл ғимаратта 1922-1925 жылдары үкімет отырса, оны Сәкен Сейфуллин басқарған. «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік», «кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізейік» деп ұлт үшін мәлімдеме жасаған Сәкен Сейфуллиннің бір кездері кеңсесі болған, өзі сөйлеген тарихи орында ұлы тұлға туралы сөз сөйлеу, сол мінберде



Сейфуллин шығармашылығы туралы баяндама жасау бұйырған тарихи күн болған. Сәкен мектебінің түлегі ретінде Сейфуллин қызмет атқарған қазақтың астанасы болған Орынборда ақын туралы мінберден сөз алу да тарихи естелік боп қалары сөзсіз.

Келер жылы ақынның туғанына 130 жыл, Сәкен мектебіне 100 жыл, мектебімізге Сәкеннің есімі берілгеніне 60 жыл. Ұлылар есімі ұмытылмайды, ұлықталады. Сәкен мектебінің түлегі болғанымды әркез мақтан етемін.

Сәкен мектебі 100 жылдығы қарсаңында өз шәкіртің құшақ жая қарсы алып, керемет кездесу кешін арнады. Бір сұрақ болды – «сіз оқыған кез бен қазіргі мектепте ерекшелік байқала ма?» деп... Әрине, мектеп жаңарған, оқимын деген, оқытамын деген жанға да барлық жағдай жасалған. Ғасырлық тарихы бар мектептің ізгі дәстүрі үзілмей, сабақтастықпен жалғаса берсін деген тілектеміз. Шәкірт тілегін естіп жүрміз ғой. Кеш барысында сөз алған ұстазымыздың бірі Нұржамал Оралқызының шәкірт туралы тілегі де, естелігі де ерекше толқытты. Осы кешті ұйымдастырушы Акерке Орынқызының әр сұрағы өзгеше өріліп, кеш тақырыбының әдемі нүктесін қойды. «Бақытымның шыңына жол сілтедің, Он бірінші мектебі Оралымның». Дәл солай еді... Филология ғылымдарының кандидаты атанып, университетте қызмет атқарып, Еуропа, Оңтүстік Корея елдерінің халықаралық білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарында біліктілігімізді арттырып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы мен «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері атанған аз ғана жетістіктеріміздің бастауында сен берген білімнің нәрі тұрары айқын. Осындай әдемі кеш арнап, құрметті қонағы ғып, сый-құрмет көрсетіп жатқан мектеп ұжымына, ұйымдастырушы Байжиенова Акерке Орынқызы бастаған барлық ұстаздарға алғысым шексіз. 100 жылдық қарсаңында бастау алған кездесулердің алғашқы қонағы боп бару құрметін сыйлаған ұстаздарыма бас иемін.

«Кемедейін айдында жүзіп арман,
Шақырды ма әлде оны қызық алдан.
Мәңгі бакыт емес пе қазақ үшін?!,

Кәрі Оралда Сәкеннің ізі қалған», - деп ақын Ғайсағали Сейтақ жырға қосқандай, Сәкен із қалдырған бұл мектеп бүгінде оның атын биікте ұстап келеді. Мерейің үстем, мәртебен асқақ болсын, білім ордам, алдағы жылдың еншісіндегі ғасырлық тойың құтты болсын, асқақта, шарықта, шәкірттерің әрдайым қырандай самғасын!

Рита Сұлтанғалиева,

мектептің 2001 жылғы түлегі,

*М. Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған
профессоры, ф.ғ.к., ҚР ЖОО үздік оқытушысы,
мемлекеттік ғылыми стипендия иегері,*



ҰСТАЗ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ



*Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.*

Ыбырай Алтынсарин.

Ұстаз – болашақ білімді, саналы ұрпақты тәрбиелейтін, білім нәрімен сусындатып шығаратын, қоғамда өзіндік орны бар тұлға. Ұстаздан министр де, дәрігер де, әскери қызметкер де, құрылысшы да білім алады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, ұстаздан жақсы білім алып, қоғамда өзіндік орнын тауып, жақсы маман иесі болып жүрген азаматтары-мыз қаншама. Бұл – әрине, ұстаздың ерен еңбегінің нәтижесі. Осындай үлгілі, білімді, уақытының барлығын мектепке арнаған ұстаздарымыздың бірі, әрі бірегейі – Мұхамбетқалиев Махамбет Қабдірахманұлы. Өзінің саналы ғұмырын оқушыларға білім беруге жұмсаған Махамбет Қабдірахманұлы Орал қаласындағы киелі шаңырақ саналатын дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы қазақ мектеп-интернат кешенінде 1992 жылдан 2005 жылға дейін тарих және қоғамтану пәндерінің жоғары санатты мұғалімі болып еңбек етті. Еңбегі қоғамда еленіп, әр жылдары «ҚР Білім беру ісінің үздігі» белгісімен (2002 жыл), Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының мақтау грамотасымен (2001 жыл), Құрмет грамотасымен (2004 жыл) марапатталды.

Махамбет Қабдірахманұлы өмірде әділеттікті жақсы көретін шыншыл, оқушыға білім беруде жоғары талап қоятын талапшыл, қиындық болған кезде әрдайым көмектесетін қамқор, жол таба алмай тұрғанда кеңесін беретін ақылшы, сабақты түсінбеген кезде оқушыны алып қалып тереңірек түсінік беретін білімді, мектеп ұжымында беделді ұстаз болатын. Бар уақытымен санаспастан мектепке сенбі, жексенбі күндері де келіп, оқушылармен әрдайым жұмыстанатын еді. Ұстазды әркез көрсен де, көңілді әрі сергек жүретін. Оқушыларға мейірімін төгумен қатар білім беруде көп жұмыстанды. Сабақтан тыс уақыттарда оқушылармен жеке жұмыстану арқылы білімді барлық балаға бере білді. Соның нәтижесінде тарихты сыныптағы барлық оқушылар жан-тәнімен жақсы көріп, білім сынағы кезінде жоғары нәтиже көрсететін. Тынымсыз еңбектің арқасында ұстаздың оқушылары тарих және құқық пәндерінен облыстық, республикалық олимпиадаларда топ жарды. Мәселен, облыстық пән олимпиадасында Сейтақова Қ. (І орын, 1999 жыл), Гайсина М. (І орын, 2001 жыл), Кәрімова А. (І орын), Жұмағалиева Қ. (ІІ орын, 1999 жыл), Асанғалиева А. (ІІ орын, 2000 жыл), Серғазиев Б. (ІІ орын, 2001 жыл), Қабылов Т. (ІІ орын, 2001 жыл), Кәрімова А. (ІІ орын, 2002 жыл), Әжімова С. (ІІ орын, 2004 жыл), Сейтақова Қ. (ІІІ орын, 2000 жыл), Даулетқалиева М. (ІІІ орын, 2001 жыл), ал республикалық олимпиадада Сейтақова Қ. (І орын, 1999 жыл), Кәрімова А. (ІІ орын, 2002 жыл) жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар оқушылардың облыстық ғылыми жобалар сайысында Ақсапалыва (І орын, 2001 ж.), Кәрімова А. (І орын, 2002 ж.), Қажыгерова А. (І орын, 2005 ж.), Серғазиев Б.



(III орын, 2002 ж.) топ жарса, республикалық ғылыми жобалар сайысында Кәрімова А. (I орын, 2002 ж.) бас жүлдені иеленді.

Махамбет Қабдірахманұлы мектепте білім берумен қатар, мұғалімдерге өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, оқу әдістемелік көмек көрсетті. Нәтижесінде «Оқушыларды Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадалар мен ғылыми жұмыстарға дайындау», «Дарынды балалармен жұмыс істеудегі тарих пәні мұғалімі тәжірибесі: проблемалары мен келешегі», «Қазақстан тарихында», «Туған өлке тарихын оқыту тәжірибем», «Оқытудың модельдік технологиясы» атты жұмыс тәжірибелері мен жаңа әдістері ұстазды толағай табыстарға жеткізді. Ұстазымыз сабақтан тыс уақыттарда сан алуан танымдық жұмыстарды шебер ұйымдастыра білді. Сөзсайыс интеллектуалдық ойындарда мектеп командалары қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда I орын (2001 жыл), II орын (2001, 2003 жылдары) иеленіп, жеңімпаз танылды.

Махамбет Қабдірахманұлы бұдан да жоғары жетістіктерге жетер еді, әттең, сұм ажал ұстазды арамыздан алып кетті. Қазіргі кезде ұстаз жолын қуған көптеген шәкірттері тарихшы, заңгер, саясаттану, әлеуметтану мамандықтарын игеріп, ғылым жолында табысты еңбек етуде.

Ониев Дархан Жайшылықұлы,
мектеп тұлғегі, тарих пәнінің мұғалімі

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК



Ұстаз – қандай қастерлі, ұлағатты сөз! Әр жанның көкіректегі жүрегіне ерекше жылулық нұрын төгетін аяулы тұлға, ерекше жан бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі – Ұстаз деп ойлаймын. Адам өмірінде қалдырған ізі мәңгілік, ұлағатты ұстазды ұмыту мүмкін емес. Соның бірі өзімнің жақсы көретін ұстазым – Махамбет Қабдірахманұлы Мұханбетқалиев. Ұстазымның бойындағы мен үлгі тұтатын өмірде шындықты жақсы көретіні, тура жолмен жүретіні, мінезі жұмсақ болғанымен шәкіртіне қатаң талап қоятын, талапшыл, шәкіртіне жақсылықтың нұрын төгетін асыл қасиеттері еді. Меніңше, өмірлік жолдың алғашқы қадамдарын айқындап берген, өмірдің сан қырлы сырларын білуге, сан қилы құбылыстарын терең ұғынуға мұрындық болып, жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған жанның бейнесі көңіл төрінен әрқашан орын алары анық. Дәлірек айтсам, менің тарихшы мамандығын таңдауыма өмірлік жол ашып берді десем қателеспеймін. Мен бүгінгі таңда ұстазымның жолын қуып, өзім оқып, білім алған мектебimde тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап жүрмін. Осының барлығы Махамбет ағайдың менің өміріме, мамандығыма сара жол ашып берді деп мәңгілік мақтан тұтамын. Жалпы өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді, бірақ ол Махамбет ағайға қатысты емес, өйткені ұстазымның бойында ән айту өнері бар болатынын. Ағайыма еліктеп мен де қолым бос кезде ән айтқанды жақсы



көремін, жанымды тербейді. Осы өнерім Махамбет ағайыма ұқсасам екен дегеннен болу керек. Махамбет ағай еш уақытта оқушыларын көп мақтамайтын еді, тек риза болғанын бас шұлғып, сәл жымғиганы арқылы білдіретін. Ал ренжісе, өзі аппақ ағайдың беті қып-қызыл болып үндей, сөйлеспей қалатын. Тез ренжісе де, ашуы тез қайтатын, еш уақытта кек сақтамай, оқушының тілін таба білетін ұлы ұстазым еді. Шәкірттері ағайдың төмен қойған бағасына еш ренжімейтін, себебі олар өздері оның әділдігін мойындайтын. Түсінбеген тақырыпты, сенбі, жексенбі күндері 205-кабинетіне шақырып, қалайда түсіндіріп, оқытып жіберетін. Ағай уақытпен санаспайтын, ерте келіп, кеш батқанда шығатынын бәріміздің есімізде. Қолында дипломат сөмкесі, ішінде кітаптар мен карталар, әр оқушыға арнаған жеке тапсырмалары болатын.

Дүниедегі сыйлы адамды да ұстаз деп санаймын. Біреуге өмірді ұзақ берсе, енді біріне өлшеп береді екен. Өкініштісі, Махамбет ағайымды сұм ажал ерте алып кетті. Ағайдың кейінге қалдырған мұралары, асыл қасиеттері мәңгілік өшпейді. Қазіргі таңда Махамбет ағай оқытқан шәкірттері қоғамның әр түрлі салаларында еңбек етіп жүр. Шәкірттеріне ғылымға жол ашып берді. Уақытпен санаспай әр шәкіртінің болашағы үшін алаңдайтын ұстазымның еңбегі еш кетпеді деп ойлаймын. Махамбет Қабдірахманұлы шәкірттерін адалдыққа баулып, өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін себе білді. Жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіртті. Шәкірттерінің ең жақын жанашыры әрі ақылшысы, досы әрі сырласы бола біледі.

Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Менің мақтанышым, ұстазым Махамбет Қабдірахманұлы мәңгілік менің есімде.

Омаров Мырзабек Махметұлы,

мектептің 1999 жылғы түлегі

МЫҢ ТАҒЫЗЫМ, СІЗГЕ ҰСТАЗЫМ!



Құрметті ұстазым Рақым ағайдың мен үшін орны бөлек. Мен сізді өмірден өз орнымды табуыма жөн сілтеп, жол көрсеткен бағдаршамым деп білемін.

Менің әскери адам болып қалыптасуыма, осы салада білікті маман болып, биікке көтерілуімде сіздің үлесіңіз зор. Мені өз мамандығыңызға баули отырып, берген біліміңіз, әрбір сөзіңіз санамда бүгінге дейін әлі сайрап тұр.

Алысқа қанат қақтырған, арқа сүйейтін нар тұлға болып қалдыңыз. Бүгінгі таңда сіздің ізіңізді жалғап келемін. Сіздің азамат тәрбиелеудегі көрегенділігіңіз бен келелі кеңесіңіздің нәтижесі мен сияқты талай шәкірттің шырағын жағып, жолын ашты. Сол үшін сізге бас иемін, өзім ұшқан білім ордасына сіз сияқты нағыз ұстазға шексіз ризашылығымды білдіремін.

Мұқашев Алмаз, мектеп түлегі



АРҚЫРАҒАН ӨЗЕНДЕРДІҢ БАСТАУЫ



Демалыста Оралға барғанда, кейде шаруаларыммен жүріп, №11 мектептің алдынан өтемін. Сонда осыдан 11-12 жыл бұрынғы бозбала кезіме, жоғары сыныптарда оқып жүрген уақытыма ойша сапар шегемін. Бәрі де еріксіз есіме түседі. Жүрегімді сағыныштың тәтті уы шымырлатып, көзіме өткен шақтар елестейді.

Футбол алаңында интернаттың балалары қызыққа беріліп, футбол ойнап жатады. Сыныптасым Әли екеуіміз түскі асымызды ішіп алған соң, аулаға шығып, серуендеп жүреміз. Не болмаса, бір шағынауданда тұрған Дәурен екеуіміз мектептен шығып, үйге қайтып бара жатамыз. Жыл өткен сайын ақырын-ақырын шегініп, алыста қалып бара жатқан сол секілді бейнелерді қимай, артыма қайта-қайта қарайлап өтетінім рас.

Ол кезде әлемді өзгертемін, жаһанға ізгілікті жаямын деп мұрат еткен мақсаты биік, арманшыл, албырт бозбала едім. Таңертең сабаққа келгенде, сол жылдары директор болған Ерсайын ағай Сапаров күн сайын кіреберісте бәрін бақылап тұратын. Жылдар бойы осы әдетінен танған емес. Сондықтан әр оқушы сабаққа кешігуге ұялатын. Математика пәнінің мұғалімі Роман ағай оқушылардың оқу үлгерімін, ал қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Аянбек ағай шәкірттердің тәртібін қадағалағаны есімде. Әр дүйсенбі күні аптаны еліміздің әнұранын шырқаудан бастайтынбыз. Күн сайын бірінші сабақта оқушылардың антын бәріміз бірге дауыстап айтушы едік. Әр сенбі күні спорт залда би кеші ұйымдастырылатын. Ұзақ үзілісте төменгі сыныптар спорт залда домбыра тартып, «Қара жорға» билейтін. Кейде Қызыл залда танымал тұлғалармен кездесулер өтетін. 2012 жылы «Жаужүрек мың бала» фильмі шыққанда, біз 11-сыныпта оқып жүрдік. Аталған киноның басты рөлінде ойнап, Сартай батырдың бейнесін сомдаған актер Асылхан Төлеповпен кездесу өткені жадымда. Оқушылық күндерімді еске алсам, осындай үзік-үзік көріністер ойыма оралады. «Қызық та қимас сәттер екен ғой» деп күбірлеймін іштей.

Өзім түлеп ұшқан Сәкен Сейфуллин атындағы Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мектепте ұлағатты ұстаздар сабақ береді. Білікті де тәжірибелі педагогтердің бірі – Байжиенова Ақерке Орынқызы. Ол 10-сыныпта біздің сынып жетекшіміз болды. Сабағын беріп, айлығын алып, жұмысын тыныш, бірқалыпты істеп жүре бермей, мектептің мәдени-рухани өміріне белсене араласатын. 10-сыныпта оқып жүргенімізде, акт залында Бауыржан Момышұлына және Мұқағали Мақатаевқа арналған кештер ұйымдастырды. Онда сыныптастарым Дархан гитара тартты, Тимур көрініс қойды. Данагүл, Альмира, Назерке, Меруерттер мәнерлеп өлең оқыды. Мұндай іс-шаралардан жүрегінде сәулесі бар шәкірттердің қабілет-қарымы ұшталды.

Ақерке апай – талапшыл мұғалім. Қазақ тілі сабағында оқушыларға үй жұмысы ретінде ондаған, жүздеген сөйлем талдап келуге беретін. Ал әдебиет пәнінде бірнеше өлең жаттап келуді тапсыратын. Бұларды орындамағандарға



каталдық танытып, ұрысатын. Бірақ қаталдығы қатігездік емес. «Әуелі сендерді қуырып, ұрсып-ұрсып алып, кейін еркелетіп отырамын ғой», - дейтін өзі әрдайым. Сынып жетекшілігінен аналық мейірім де білінетін. Мектеп бітіретін жылы сынып жетекшіміз болған жоқ. Бірақ сонда да біздің сыныпты жақсы көретін. Алтын ұямыздан түлеп ұшқан соң, 2012 жылдың жазында сыныпты түгел үйіне қонаққа шақырды. Көл-көсір дастархан жайып, құрмет көрсетті. Екінші бірі оқушыларына бұлай ықылас білдіре бермейді ғой. Шаңырағында мейман етіп, төріне шығарғаны жылы естелік болып жадымда сақталды.

Ақерке Орынқызы үкілеп дайындаған оқушылар жыл сайын облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда топ жарып жүр. Әсіресе, соңғы жылдарда Ерболова Ақгүлім, Болат Айнара, Моряк Дильназ, Бакытжан Әдемі тәрізді шәкірттері алғырлығымен, табанды еңбегімен көзге түсіп, білім сайыстарында биіктен көрінді. Ақерке апайдың өзі де педагогтер арасындағы конкурстарда сан мәрте үздіктер қатарынан табылды. Мысалы, 2014-2020 жылдарда жалпы орта білім беру ұйымдары арасындағы облыстық «Үздік педагог» байқауында бірнеше дүркін жеңімпаз әрі жүлдегер болды; 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Құрмет» грамотасын алды; 2018 жылы дарынды оқушылардың табысқа жетуіне қосқан үлесі үшін БҚО әкімі Алтай Көлгіновтың атынан Алғыс хат алды; 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің атынан Алғыс хат алды; 2019 және 2020 жылдары Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі жеңімпазын дайындағаны үшін БҚО білім басқармасының Алғыс хатын иеленді; 2019 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанды; 2019 жылы БҚО әкімі Ғали Есқалиевтің атынан диплом алды; 2019 жылы «Өрлеу», «Педагогикалық идеялар панорамасы», «Үздік мұғалім» тәрізді байқауларда жеңімпаз болды; 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін тағынды. Ақерке апайдың бұдан басқа да толып жатқан марапаты мен диплом, алғыс хаттары бар. Мұның бәрі ұзақ жылғы еңбегінің жемісі екені анық.

№11 мектеп ондаған жылдан бері облыстағы ең мықты білім ордаларының бірі болып келеді. Мұнда оқып жүрген шәкірттер жыл сайын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жоба сайыстарында аузымен құс тістеген тұлпарлардай қатарынан оқ бойы озық келіп жүр. Алтын ұямызда білім һәм тәлім-тәрбие нәрімен сусындаған небір мықты түлектер де бар. Олар қазір әр түрлі салаларда қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне үлес қосуда. Осындайда Ғафу Қайырбековтің «Ұстазбен сырласу» деген жыры есіңе түседі екен:

Мен біреуді қадірлесем, сыйласам,
Адал дос пен азаматты жинасам,
Не бір ұлы биік-биік мінбеде
Сөз сөйлесем, шешендерді тыңдасам.
Бәрінде де сенің даусың, үнің бар,
Сенің жаның, сенің тәтті тілің бар,
Өн бойында осынау бір өмірдің



Өзің берген парасат пен білім бар.

Ақын жырлағандай, ұлағатты ұстаздардың бірі – Имашева Динара Иманбайқызы. Оның Раушан Сапар, Айнұр Наукенова, Назерке Ғазезова, Балауса Бірлесова, Мақпал Темірхан, Әйгерім Болат, Назерке Меңдіғалиева, Асыл Амангелді тәрізді оқушылары облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлде әкеліп, мектеп мерейін өсірді. Бұл тек пәндік олимпиада жетістіктері екенін айта кеткеніміз жөн. Д.Иманбайқызының шәкірттері көптеген мәнерлеп оқу, шығарма, эссе жазу байқауларында да үздік атанды. Тіпті, мектеп бітірмей тұрып, жоғары оқу орнының грантын жеңіп алғандары да бар.

Динара апай «10-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасы», «Сәкентану» курсы бағдарламасы, «Оқу сауаттылығына арналған үлгілік тапсырмалар жинағы» (әдістемелік құрал), «7-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасы» т.б. еңбектер жазып, жарыққа шығарды. Сонымен бірге «Жайық ұстазы», «Тәрбие құралы», «Білім айнасы», «Ілім» сияқты облыстық, республикалық, халықаралық журналдарда мақалалары жарияланған. Ұстаздың кәсіби жетістіктеріне тоқталсақ: Қазақ әдебиеті пәнінен республикалық «Педстарт» қашықтық олимпиадасының III орын жүлдегері (2018 жыл); Daryn.online білім беру платформасы мен qaztest.kz олимпиада сайты ұйымдастырған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздарына арналған Республикалық пәндік олимпиаданың II орын иегері (2020 жыл); Білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пән мұғалімдерінің мәртебесін көтеру, тәжірибелерін насихаттау және қолдау мақсатында «The Millennial Teacher» байқауының II орын жүлдегері (2023 жыл); Облыстық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсында I орын иегері (2023 жыл); Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсында II орын жүлдегері (2023 жыл).

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» деген жыр тармақтары бүгінде барлық мұғалімнің ұраны, ұстанымы іспетті. Заңғар ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының сөзі де аса құнды: «Ұстаз деген үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Бүгінде №11 мектептің оқытушылары қазақтың біртуар тұлғаларының терең өсиетін бойтұмарына айналдырып, Отанға адал қызмет етуде. Олар оқытқан жүздеген, мыңдаған шәкірт еліміздің Тәуелсіздігін нығайтып, мемлекетімізді гүлдендіруде. Лайым осылай жалғаса бермек. Өйткені «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». Ұлағатты ұстаздар жаққан алау мәңгі лауламақ. Олар көзін ашқан бұлақтардың бәрі де бір-бір арқыраған өзенге айналмақ.

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА, мектептің 2012
жылғы түлегі, ақын, аудармашы, журналист,
«Мұнара» телеарнасының тілшісі, «Қадыр Мырза
Әли» атындағы медальдің иегері



ШӘКІРТ МОНОЛОГЫ

Балалықтың бал күндерін кешіп жүрген кезімізде біз жаңа дүние, өзімізге әлі жат көрінетін «Мектеп» атты бір әлемге келдік. Онда бізді өз баласындай көріп, нұр шапағатын төгіп, мейірімді ұстаз қарсы алды. Ол біздің балалық шағымыз қанша басым болса да, бәріне төзіп, түсіністікпен қарап, күні бойы білмегенімізді үйретіп, жақсылығымызды асырып, тентектігімізді жасырып отырып, жаңа күн туғаннан бастап, сыныптың алдында құшағын жайып, басымыздан аялы алақанымен сипап қарсы алғанда осы бір жан. Бойымыздағы үйренуге деген құштарлығымызды ояту үшін, ұстаздың әртіс те, суретші де, дәрігер де, ғалым да болған кездері де аз емес. Біздермен бірге қуанып, біздермен бірге қызаратын да сол еді. Жасымызға жас қосылған сайын бізді жеке тұлға ретінде санап, жіберген қателігімізге қанша ренжісе де, қашанда кешіруге әзір болды. Өмірдегі түрлі қиындықтарға төзуге, асулардан асып, армандарға қалайда адал жолмен жетуге жетеледі. Жаңа өмірдің сара жолына жолдама берді.

Ұстаз – ол балалардың көңіліне күн орнатып, болашаққа жол сілтейтін, елінің болашақ азаматын тәрбиелейтінін өзіне қонған бақ санайтын, бар білгенін балаға арнап, санасына шуақ құятын, тәуірі бір шаршамайтын, шуағы мол күн нұрының шапағаты секілді. Мүмкін шаршайтын да шығар, бірақ сонысын бізге көрсетпеуге тырысатын асыл жан ғой.

Қай уақытта, қай заманда өмір сүрсек те, ұстазға деген балалық, кіршіксіз махаббатымыз қашанда шексіз болып қала береді.

Біз сіздердің алдарыңызда, ұстаздар, мәңгілік бас иеміз!

Н. Рысқалиева,
мектептің тұлғеі



VI бөлім

**МЕКТЕБІМНІҢ
МЕРЕЙТОЙЛАРЫ**



МЕКТЕП ДӘСТҮРІ ЖАЛҒАСА БЕРМЕК

1995 жылы өзінің 70 жылдық мерейтойын өткізгелі отырған С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің өткен өмір жолына көз салар болсақ, талай азаматты салауатты да сауатты етіп тәрбиелеп шығарған білім ордасы.

Ал бүгінгі таңда да сол дәстүрді жалғастырып отыр.

Тек бір ерекшелігі қазіргі өмір талабына сай барлық ғылым салаларының бастауларынан нәр алып, ғылым мен техниканың жаңалықтарын игерумен қатар ұлтымыздың төл мәдениетін, өнерін, салт-дәстүр, әдеп-ғұрпын бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелейтін лицей-мектебі дәрежесінде балалардың қабілеті мен бейімділігіне қарай өздері қалаған бағытында оқытып білім берді. 1994-1995 оқу жылында мектебімізде 888 оқушы оқиды, олар 35 класқа бөлінген. 12 бастауыш, 13 лицей класы, қалғаны ортаңғы – 5-7 класстар.

Лицейге оқуға талаптанған балалар қалаған бағыттары бойынша өз қабілеттерін, білгірлік, дарындылық зерделерін сынақ кезінде көрсету арқылы қабылданады. Лицейге қабылданған оқушылар жан-жақты терең білім алумен қатар өздерінің шығармашылығын дамытып, ғылыми жұмысқа бейімділігі арқылы жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік жасалады.

Осы мақсатта қаладағы жоғарғы оқу орындарымен жасалған шарт бойынша педагогика, ауыл шаруашылығы және мәдениет институттарымен тығыз байланыс ұстап отырмыз.

Лицейдің адамгершілік (гуманитарлық), химия-биология және математика бағыттарында өтетін пәндерден жоғарғы оқу орындарынан мамандар келіп сабақ өткізеді, мектебіміздің жоғары дәрежелі мұғалімдері сабақ береді. Мектеп мұғалімдері мен жоғарғы оқу орны мамандарының келісіп жасаған оқу бағдарламасы арқылы оқытылады. Әр тоқсан соңында сынақ, емтихан тапсыру арқылы шәкірт білімі бағаланады, кластан класқа көшіріледі. Лицей кластарын бірінші жылы 28 оқушы бітіріп, 27-сі жоғарғы оқу орнына түсті. 1994 жылы, яғни, биыл 49 оқушы бітіріп, 44-і жоғары оқу орнына түсті. Бұлардың тең жартысы мектепте тапсырмаған емтихандарымен келісім-шарт бойынша берілген орындарға конкурстық қабылданды.

Оқушылардың оқып-тәрбие алуына мектебімізде толық мүмкіндік бар, пән кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Өткен оқу жылында 350 балаға арналған жатақхана берілді, әр бөлмеде 2-3 және 3-4 оқушыдан тұрады, сабақ әзірлейтін, демалатын, жуынатын т.б. бөлмелері бар. Ауырып, сырқаттанған балалар өзіміздің емдік кабинеттерде емделуге жағдай жасалған. Аурулығына байланысты есепте тұратын балалар үнемі бақылауда болып, уақытымен емделіп, қадағаланып отырады.

Мектеп жанынан өнер мектебінің отау тіккеніне көп болмағанмен, өнерге деген ынтасы бар оқушыларға домбыра, қобыз, саз, көркемсурет, би, т.б. өнер түрлерінен арнайы білімі бар мамандар сабақ беріп, бүгінде талаптанған баланың саны күннен-күнге көбейіп келеді. Өнер түрлерін үйрету барысында ұлттық ерекшелігіміз ескеріліп, соған көбірек көңіл бөлінеді. Ата-аналар мен



балалардың талап-тілегі де өзіміздің ұлттық мәдениет, өнер, дәстүрімізге тереңірек мән беру болып отыр.

Жаңа бастамада кезек күтіп тұрған істер көп болады, оның бәрі оқу-тәрбие жоспарында ойластырылған.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі болашағымыз, барлық жарқын істерімізді жасампаздықпен алға апарушы жеткіншектеріміз. Бұл мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, уақытша қиындықтарды жеңіп, жаңа үлгідегі мектептің жұмысын жетілдіруде №11 мектеп-интернат-лицей ұжымының жігер-қайраты жететініне сенім мол.

Мектептің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында мектеп ұжымына зор денсаулық, жемісті еңбек тілеп, ашық аспан астында еліміздің саналы ұл-қыздарын тәрбиелей беріңдер деген тілек білдіремін.

Е.Қ.Сапаров,

№11 мектеп-интернат-лицейінің директоры



*Мектептің 70 жылдық мерейтойына
арналған «Мектеп намысы»
бетішесі мен мерейтой бағдарламасы*

С. Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің 70 жылдығына арналған МЕРЕЙТОЙ	
БАҒДАРЛАМАСЫ	
Қыркүйектің 18-таңалық сәт: 14:00	Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
сәт: 14:45	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
сәт: 15:30	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
сәт: 16:00	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
сәт: 16:30	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
«ҚАЗЫРҒАН КІМ ЖОЛЫН АТТЫ НІЗ ДЕСУ САЛТАНАТЫМЫЗДЫҢ КОНЦЕРТІК БАҒДАРЛАМАСЫ»	
1. Шығармашылық	— Шығармашылық бағдарлама.
2. Сөзге арналған	— Сөзге арналған бағдарлама.
3. Ән-жыр	— Ән-жыр бағдарлама.
4. «Ұлттық рух»	— «Ұлттық рух» бағдарлама.
5. А. Байтұрсынұлы	— А. Байтұрсынұлы бағдарлама.
6. О. Сатпаев	— О. Сатпаев бағдарлама.
7. С. Сейфуллин	— С. Сейфуллин бағдарлама.
8. «Құрмет»	— «Құрмет» бағдарлама.
9. К. Нұрғалиев	— К. Нұрғалиев бағдарлама.
10. С. Сейфуллин	— С. Сейфуллин бағдарлама.
11. М. Қарашев	— М. Қарашев бағдарлама.
12. Мектептің 70	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
13. «Ақпарат»	— «Ақпарат» бағдарлама.
14. К. Нұрғалиев	— К. Нұрғалиев бағдарлама.
15. К. Мұқанов	— К. Мұқанов бағдарлама.
16. К. Нұрғалиев	— К. Нұрғалиев бағдарлама.
17. Мектептің 70	— Мектептің 70 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама.
18. Ба. «Ақпарат»	— Ба. «Ақпарат» бағдарлама.
19. А. Байтұрсынұлы	— А. Байтұрсынұлы бағдарлама.
20. Ш. Қарашев	— Ш. Қарашев бағдарлама.



Мектеп мұражайы 1994 жылы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығы мен мектептің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылды.



Сәкен ескерткішінің ашылу салтанаты



Сәкен ескерткішінің авторы Дүйсенғалиұлы Юрий Баймұқашев



Сәкен мектебіне – 75 жыл

МЕКТЕПТІҢ МЕРЕЙЛІ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Біздің Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің қааламыздағы байырғы білім ордасы болып есептелетіні көпшілікке белгілі.

1994 жылы лицей мәртебесін алып және мектебіміздің 70 жылдық торқалы тойын осы мектептің ашылуына ықпалын тигізген еліміздің біртуар дарынды перзенті, ақын-жазушы, аса көрнекті қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық мерейтойымен байланыстыра атап өттік. Мүмкіндігіне қарай, екі саланы да толық қамтып, мектептің тарихы мен С.Сейфуллин өмірін байланыстыра отырып, шаралар ұйымдастырылды. Мектеп алдында орнатылған ақын мүсіні, әр жылдар еңбек атқарған ұстаздар мен мектептің түлектерінің біріктірілген тарихы туралы жабдықталған мұражай жаңа бір байланысты дамытқандай әсер қалдырды. Осы мерейтойдан кейін мектеп түлектерінің хаттары мен байланыстары жиілей бастады. Осындай жалғастықты үзбей, мектептің бүгінгі тынысы мен өткен тарихын үнемі байланыста ұстау мақсатында алдағы уақытта 75 жылдық торқалы тойды өткізуді де жоспарлап отырмыз.

Лицей сыныптарын оқыту биылғы жылға дейін үш бағытта – гуманитарлық, жаратылыстану және физика-математикалық болып оқытылып келді. Биылғы 1999-2000 оқу жылында дене тәрбиесі – спорттық көрсеткіші мен белсенділігін анық көрсеткен оқушыларға топтың жоғары сатысын көтеру мүмкіндігі белгіленген. 5-сыныптардың біреуі – ағылшын пәнін бағдарламаның



14-інші түрімен тереңдетіп оқитын, екіншісі – спорттық қабілеттерін дамытатын, үшіншісі – саз өнері түрлеріне баулитын болып бөлінеді, 9, 11-сыныптардың екеуі дене шынықтыру – валеология, биология – валеология болып оқытуға біріктірілген.

Қаламыздағы Дәулеткерей атындағы өнер институтымен ұзақ жылдық келісім-шартқа отырып, өткен оқу жылында бір сынып, биылғы оқу жылында екі сыныпқа институт ұстаздары қосымша сабақтар өткізеді. Шартқа сәйкес, 7 жылдан соң, оқушылардың еркіне қарай, осы оқушылар өнер институтына емтихансыз қабылдануы керек.

Бұдан басқа да оқыту ерекшеліктеріміз: бірінші сыныптарда жеделдетілген бағдарлама және гимназияға арналған әліппені оқыту және 9, 11-сыныптарда «Қолданбалы экономика» курсы өтеді.

Соңғы екі жылда мектеп ішінен «Болашақ» мектебі қосымша жұмыс атқарады. Мақсатымыз – оқушылардың ғылым негіздері бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, әр түрлі ғылым саласына деген құштарлығын, қызығушылығын арттыру және ғылыми көпшілік әдебиетпен жұмыс істей білу дағдыларын дамыту. Бұл мектепке психологиялық-педагогикалық тест арқылы 121 оқушы тартылып, 11 ғылым саласы бойынша дәріс берудеміз. «Болашақ» мектебінде қаладағы жоғары оқу орындарының ұстаз-ғалымдары сабақ береді.

Соңғы үш жылда мектепте информатика негіздерін оқыту біршама жолға қойылды. Бүгінгі таңда екі информатика кабинеті шетелдік компьютерлермен жабдықталған. Осы оқу жылында аудио-бейне кабинеті іске қосылды.

Осы оқу жылында дене тәрбиесі – спорт бағыттары қосылып, балалардың қабілетін байқауды кеңейтіп отырымыз. Алғашқы жылдардағы эксперименттік бағдарлама емес, «Лицейдің құрылымы мен оқу-тәрбие ісі» атты ғылыми-әдістемелік жоспармен жұмыс істеуге көштік.

Әр бағыттың өз ерекшелігіне сай оқу бағдарламасы отандық және әлемдік ғылым негіздерінің озық үлгісін, білім беру әдістемесін басшылыққа ала отырып құрылған. Ғылым салаларының бұрыннан оқытылатын үш бағытында жекелеген пәндер бойынша белгілі бір жүйеге түскен оқу бағдарламалары бар.

Лицей сыныптарында жоғары санаттағы тәжірибе жинақтаған білікті ұстаздар өздерінің авторлық бағдарламаларымен оқытады. Оған қосымша гуманитарлық, аграрлық университетінің, өнер институтының оқытушылары мен ғалымдары, газет редакциясының журналистері де дәріс береді.

Тағы бір ескерер жай – оқушының бір пәнге деген құштарлығын ояту, оның тандауы мен талабына қазірден бастап әзірлік жасауға көмектесу. Ол үшін мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік деңгейі жоғары болуы тиіс. Сонда ғана білімнің сапасы артып, баланы қалаған мамандығына баулу нәтижелі болмақ. Осыған орай 7-сыныпта негізгі үш пән бойынша топтап оқыту тәсілі қолданылып келеді. Оның ерекшелігі: әр пән бойынша оқушылар үш топқа бөлінеді: жоғары, орташа, төменгі. Бұларға сабақ бөлек оқытылады. Бағдарлама бірдей болғанмен, оқыту әдісі, тиімділігі мен мазмұнының күрделілігі әр түрлі, бөлек.



Мектебімізде 1996-1997 оқу жылынан бастап Республикалық кіші ғылым академиясының оқу бөлімшесі жұмыс істейді.

Биыл, жаңа ХХІ ғасырға аяқ басар мерейлі-мерекелі жылда, мектебімізде мыңнан аса шәкірт білім алады, оның 300-ден астамы мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленеді, өткен жылы 43 сынып болса, биыл 46 сыныпқа бөлінген. Мектепте жұмыс істейтін 100-ден аса мұғалім-қызметкердің 65-і мұғалімдер, оның 30 – жоғары санатты, 35 – бірінші санаттағы, 18 – екінші санаттағы мұғалімдер.

Өткен 1998-1999 оқу жылында мектеп бітірген 73 түлектің 23-і – білім гранты, 31-і – білімдік несие оқу орнына түсті де, қалғаны ақылы оқу орнына орналасты. Жалпы бәрі де өздері қалаған мамандықтарына жол тапты.

Бұның өзі мектебіміздің 75 жылдық торқалы тойы алдындағы үлкен қуаныш, мектеп мерейі және оларды оқытып, білім берген ұстаздардың беделі арта беретіндігін көрсетеді.

Білім көшін алға бастап келе жатқан еңбектеріңіз жемісті болып, үлкен шығармашылық табыстарға жетулеріңізге ізгі тілек білдіремін. Мерейтойды атқару шараларына қол ұшын беріп, көтермелейтін жергілікті атқарушы ұйымдар, ата-аналар қауымы, қоғамдық органдар болар деген сенімім де мол.

Е.Қ.Сапаров,

мектеп директоры

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖОЛЫНДА

Облыс орталығындағы білімнің қара шаңырағы атанған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектеп-лицей-интернат ұжымы жаңа оқу жылын оңды өзгерістермен бастап кетті. Тың серпінмен басталған жаңа оқу жылының өзіндік ерекшеліктері де бар. Биыл құтты мекенге айналған мектебіміздің құрылғанына 75 жыл болса, оның негізін қалап, ұйтқы болған Сәкен ақынға 105 жыл толмақ. Қос мерекенің мәресіне келген білім ордасының өткен тарихынан аздаған ой ағытуды парыз санадық.

Қазақтың белгілі ағартушысы, қоғам мен мемлекет қайраткері, жазушы-ақын Сәкен Сейфуллин 1923 жылы қазан айында (14-24 жұлдызы) Оралға келеді. Осы сапарындағы жергілікті атқару орындарына қазақ мектебін ашу туралы ұсыныс енгізіп, нақты тапсырмалар береді. Халық комиссарлар кеңесі төрағасы Сәкен келгенге дейін губерния орталығында бірде-бір қазақ мектебінің болмауы ақын ағаға үлкен ой тастағанын оның жазба еңбектерінен біле аламыз. Кейіннен сол жылдың қараша айында губерниялық кеңестің 5-съезін өткізу үшін Орал қаласына тағы да келеді.

Халық комиссарлар кеңесі төрағасы тапсырмасының негізінде губерниялық атқару комитеті қазақ балалары үшін 1924 жылы қазан айында І және II дәрежелі жеті жылдық мектеп пен жатақхана ашқан. Мектеп Жымпиты, Гурьев, Илецк, Калмыково және т.б. уездердің балаларымен толықтырылады. Құжатты деректер бойынша сол кездегі қызыл кірпіштен салынған мектеп үйі қазіргі Некрасов және Почиталин көшелерінің қиылысында болған.



Жатақханасы қазіргі гуманитарлық университет маңында болған (бұл күнде бұзылып қалған, бір маңдайшасы тоғыз қабатты жатақхана іргесінде әлі тұр).

Алғашқы қазақ жеті жылдық мектебіне №1 балалар үйінен 40 оқушы, қазақ қыздары коммунасынан 16 қыз келіп қосылады. 1924-1925 оқу жылдарында оқушылар саны 100-ге жетеді, 1926 жылы мектеп директоры болып Муньянов Хусни тағайындалған. Алғашқы мұғалімдер құрамында Қаратаев Ғали (қайраткер Б.Қаратаевтің інісі), Камалов Сүйіндік, Варлов Лев Михайлович, Баймұхамедов Абдрахман, Шагиев Исмензен, Кондрахин Александр сынды ұстаздардан құрылған. 1933-1934 оқу жылында №4 мектеп атанған білім ұясынан тұңғыш түлектер 7 класс бітіріп шыққан. Олардың тізімі сақталған 1934 жылы қазақ мектебі үшін қазіргі Темір Масин көшесі бойынан үй салынған (№15 мектеп болған үй, қазірде жеке кәсіпкерлер үйі). Сол кездегі мұғалімдерден Б.Мұхитова, Ұзақбаев, З.Садықова, Батина, Әлсейітов, т.б. есімдерін келтіруге болады. Қанатын кеңге жайған №11 мектеп (бұрынғы №4 мектеп) 1936 жылы Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болу дәрежесіне жеткен. Сандаған жыл тарихы бар мектептің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан директорлар есімін ұмытуға болмайды. Айталық, Ш.Қосанов, С.Ақмурзин, Ө.Рахметуллин және басқа да мектеп директорлары – өз заманында халқына адал қызмет істеген абзал жандар. Қазақ пансионат мектебі дәрежесіне көтерілген білім шаңырағында өз мамандықтарының шебері бола білген ұстаздар мен тәрбиешілер көп болған. Оқушыларға өз пәнінен терең, жан-жақты білім берген әр жылдарда еңбек еткен көптеген ұстаздар мен тәрбиешілерді кейінгі ұрпақ еске алып отырады, кездесулер өткізіледі.

Орал қаласындағы тұңғыш қазақ мектебінің түлектері Ұлы Отан соғысы жылдарында қолына қару алып соғысқа аттанды. Сол соғыста көптеген азаматтар ерлікпен қаза тапты. Ерлермен қатар осы мектептің қыздары да Отан қорғауға үлестерін қосты. Мысалы, Рахметова Ғарифа, Науышева Зылиха алғы шепте болса, Байсейітова Нұрғаным партизандар отрядында болып ерлік көрсеткен. Ғылым мен өнерге ерекше ден қойған, республикаға белгілі спортшы, шахматтан Қазақстанның үш дүркін чемпионы (1938, 1939, 1940) Мырзағалиев Шәмшиден аталған соғыста ерлікпен қаза тапты. Бір кездегі мектеп түлектері ішінен есімдері көпке әйгілі, қоғам қайраткерлері, мәдениет пен өнердің, ғылым мен спорт саласының майталмандары көп саналады. Сондай-ақ мектеп түлектері ішінен отызға жуық ғылым кандидаты, оннан аса ғылым докторлары шыққан.

Мектеп Ұлы Отан соғысы жылдарында (1943-1945) госпиталь қызметін атқарған. 1945 жылы қалалық Кеңес шешімімен (№150 10.04.45) қайта қазақ мектебі саналып, госпиталь қызметінен босатылған. Осы мақсатта №11 ФЗО-ның мемлекеттік өзен-жүзу мекемесінің орнын қазақ орта мектебіне берген. Осы кезден бастап №11 мектеп атала бастаған. Бұдан кейін де мектеп сан өзгерістерге ұшырады. 1948 жылы ер балалар және қыз балалар пансионаты болып екіге бөлінген. Пансионда соғыс жылдарында жетімдік көріп, аш-жалаңаш қалған балалар тәрбиеленген. Бұл жылдарда тәрбиеленген пансион балаларының өзіндік киім үлгісі болған. 1950 жылдардан бастап мектеп



түлектері білім тереңдіктерін көрсетіп Москва, Алматы, т.б. үлкен қалалардың жоғарғы оқу орындарына түсе бастаған және алтын, күміс медальға бітірушілердің саны ең көп болған.

1954 жылы ер балалар пансионы және қыз балалар пансионын қайта қосқан. Оқыған жерлері – қазіргі Ленин даңғылы мен Пугачев көшелерінің қиылысындағы пединституттың бұрынғы көркемсурет-графика факультетінің орналасқан үйі.

1964-1965 оқу жылында Орал облыстық атқару комитеті Қазақ ССР-і министрлер кеңесінің 1964 жылғы 22 мамырдағы №342 қаулысы бойынша мектептің 40 жылдық, Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойларына байланысты мектепке акын есімі берілді. Содан бері Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ орта мектебі болып аталып келді. 1978-1979 оқу жылы жаңа үлгімен салынған мектеп үйі берілді. 1987 жылдан бастап бастауыш сыныптар ашылып, қала балалары өз ана тілінде білім ала бастады. 1991-1992 оқу жылынан бастап педагогикалық ұжым мектеп-лицей дәрежесін алу үшін эксперименттік бағдарламамен жұмыс жасай бастады. 1994 жылдан бастап облыстық білім басқармасының бұйрығымен (№235, 25.06.94) Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат-лицейі дәрежесін алып, жаңа бағытпен жұмыс жасауда.

Бүгінгі мектеп ізгі ілім, ғылымға тәрбиелейтін облыстағы дарынды балалардың білім ошағы десе де болғандай. Үш қабатты мектеп үйінің оқу кабинеттері уақыт талабына сай техникалық және көрнекті оқу құралдарымен жабдықталған. Білім алуға талаптанған талантты шәкірттер гуманитарлық, химия-биология және физика-математика бағыттарында жан-жақты терең білім алуда. Оқуға қала мен облыс аудандарынан келген талапты балалар қалаған бағыты бойынша емтихан тапсырып, конкурстық жүйемен іріктеліп қабылданады. Ерекше қабілетті балалар үшін «Болашақ» мектебі жұмыс жасайды. Онда жергілікті оқу орындарының оқытушылары, доцент, профессорлар құрамы, яғни, ғалым мамандар сабақ береді. «Болашақта» екі жүзге жуық оқушылар дәріс тыңдап, ғылымның он бір саласы бойынша білімін толықтыруда. Мектеп-интернат-лицейінің негізгі құрылымы:

бастауыш бөлімі (1-4 сыныптар),

дайындық бөлімі (5-7 сыныптар),

лицей бөлімі (8-11 сыныптар),

«Өнер» бөлімі,

«Спорт» бөлімі,

«Кіші Ғылым Академиясы» (филиал),

«Жас техниктер» бөлімі,

дәрігерлік кешен,

«Достық» жазғы демалыс кешені сынды бөлімдерден тұрады.

Бүгінгі таңда мектеп-интернат-лицейде мыңнан аса бала білім алуда. 46 сынып-комплект жасақталды. Бұл – бұрын-соңды болмаған сан. 300-ден аса оқушы интернатта тәрбиеленеді. Білім беру жүйесінде ортаңғы буын сыныптарында (5-7) топтап оқыту, саралау әдісі кеңейіп келеді. Өткен оқу



жылынан бастап 5-сынып оқушыларына қаладағы Дәулеткерей атындағы өнер институтының оқытушылары сабақ беруде, өнер сыныбы ашылып, аталған институтпен ұзақ жылдық келісім-шарт жасалынды. Биылғы жылдан бастап осы дәстүрді өрбіту жұмыстары жүргізілуде, 5-сыныптан бастап өнер, спорт, шетел тілі икемділіктерін ескеріп, топтық сыныптар ашылды. Химия-биология бөлімін жетілдіру мақсатында 9-11 сыныптар аралығында дене тәрбиесі және валеология, биология және валеология, жаратылыстану және физика-математика интегралды сыныптары ашылып, білім беру, оқыту мүмкіндіктері тереңдетілуде. Оқыту сапасының көтерілуіне соңғы жылдары «Информатика негіздері» пәні бойынша материалдық базаның да көтерілуі оң әсерін тигізуде. Бүгінде мектепте 29 компьютермен жабдықталған екі оқу кабинеті, екі аудио-видео кабинеті оқушылар игілігінде. Сондай-ақ кәсіби мамандық беру де басты назарда. 10-11 сыныптарда «В, С категориялы автомобиль жүргізушісі» және «Хатшы машинесі және іс қағаздарын жүргізуші» (компьютер негізінде) мамандықтары оқытылып, сәйкесті құжат беріледі.

Мектеп-лицейдегі білім сапасын жоғары оқу орындарына түскен шәкірттер көрсеткіші арқылы көруге болады. Әсіресе биылғы республикалық үлгідегі тест жүйесі біздің мектептің білім беру дәрежесін анықтап берді. Мектеп бітіруші 73 шәкірттің 23-і білім грантын иеленсе, 31-і білім несиесін жеңіп алды, ал 19-ы ақылы оқуды қалаған.

Кейбір жекелеген пәндер бойынша талапкерлердің республика көлемінде 2-5 орындарда тұруы, ұстаздар қауымының шығармашылық ізденісін байқатса керек. Бұның өзі – мектебіміздің 75 жылдық тойы алдындағы үлкен қуаныш, мектеп мерейі және оларды оқытып, білім берген ұстаздардың беделі арта беретіндігін көрсетеді.

Өзім басқарып отырған мектептің үлкен педагогикалық ұжымына білім көшін алға бастап келе жатқан еңбектеріңіз жемісті болып, үлкен шығармашылық табыстарға жетулеріңізге тілек білдіремін.

Е.Қ.Сапаров,

№11 мектеп-интернат-лицейінің директоры

МЕКТЕБІМ
(директор сөзі)

Асылым, ақ орады, ақтан түм,
Сың елдерің қызылға талға сайдың.
Ең алдым білімге жеткенде,
Қолыңа оқуды қалып қоям.

Мектебін, ұстазым, айналайын,
Дүрестің өмірі жаны дайын.
Нұр аманым бойымадан бекетпесін,
Бер аман балды құлаң-тайын.

Күейіңе соғыс өк жүрегі ойлан,
Ақ жолға көп бүткені туралың-ақ.
Құдама тейілің сыйамаңа ек,
Мұғалімді жазыңа келіңіз тый.

Мектебін, ұстазым, айналайын,
Дүрестің өмірі жаны дайын.
Ақыл, сұлу болыңа қарымасын,
Қызықсаң бардым қарымасын.

Жұматова Қарым,
мектеп тілегі.

75 жыл

С. Сейфуллин атындағы №11 кәсіп мектеп-интернат-лицейі

Орын қалды
қазірі 1999 ж.

С. Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің 75 жылдық мерейтойына 100 жақын тәуелсіздік мерейтойымен қоса қосылып **БАҚАРЛАМАСЫ** 73 қаңтар 1999 жыл (100-ші жыл)

1. Жаңа мектептің ашылуы	Гүлжолықов, А.А. (1999 ж.)
2. Д.С. Сейфуллин атындағы №11 кәсіп мектеп-интернат-лицейі	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
3. Қызылорда "Білім"	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
4. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
5. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
6. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
7. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
8. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
9. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
10. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
11. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
12. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
13. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
14. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
15. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
16. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
17. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
18. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
19. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
20. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
21. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
22. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
23. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
24. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
25. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
26. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
27. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
28. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров
29. Қызылорда облысының білім басқармасы	А.А. Сапаров, А.А. Сапаров, А.А. Сапаров

Бүгінгі таңда мектептің директоры **Е.Қ.Сапаров**

Салтанат адырғалин атындағы лицейінің директоры

3 қаңтар 2009 жыл



С. Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің
75 жылдық және ақынның 105 жасқа толу мерейтой
салтанаты мен концерттік

БАҒДАРЛАМАСЫ
23 қазан 1999 жыл
(14⁰⁰-16³⁰)

1. Мәжілістің ашылуы

2. А.Бастыгересев, ақын,
мектеп түлегі
"1-ші мектебі Оралмынан"

3. Құрманғазы "Серпер"

4. Мектеп-өмір, мектеп-заман,
мектеп-тарих (мерекелік лебі)

5. Е.Брусиловский "Ер Таргын"
операдан: "Шіркін-ай" өні

6. Мерейтойлық құттықтаулар

7. Дина "Домашняя"

8. "Көкс сымды" біні

9. Мерейтойлық құттықтаулар

10. Н.Тивандия "Махамбет"
(поэма)

11. Мерейтойлық құттықтаулар

12. Ш.Қалдықов "Қайдырған"

13. Мектептің 1963 жылғы түлегі,
Қостанай Заң институтының
Бастама, төлеңді-мәйір,
Т.Қабановтың пәкірлік
салом-жаңды

- Орындайтындар:
З.Мүтінеті, А.Байжанова,
мектеп мұғалімі.

- Орындайтын Дуракетсей
атындағы өнер институтының
ұлт-аспаптар оркестрі.

- Е.К.Сапаров, мектеп-лицей
директоры.

- Орындайтын А.Жұмағов,
өнер институтының оқытушысы.

- Облыс, қала өкімшіліктері.

- Орындайтын Қ.Сейтақова,
халықаралық "Айналайын" фестивалінің
лауреаты.

- Орындайтын "Қарағи" бишілер тобы.

- Облыстық, қалалық білім басқармалары,
білім жетілдіру институты,
облыстық қоспадық комитеті.

- Орындайтын Оңер институтының
ұлт-аспаптар оркестрі.

- Жоғары және арнаулы оқу орындары.

- Орындайтын Қ.Хасенов, өнер
мектебінің мұғалімі.

- Облыстық ішкі істер басқармасы.

14. Монги Чарааш пығарамасы

15. Мерейтойлық құттықтаулар

16. Ш.Қалдықов өндерінен
топтама

17. Мерейтойлық құттықтаулар

18. Құрманғазы "Ашп"

19. Мерейтойлық құттықтаулар

20. "Жайық толқындары"

21. "Біні қайың" біні

22. Мерейтойлық құттықтаулар

23. Ш.Қалдықов "Ақ биік"

24. Мерейтойлық құттықтаулар

25. Б.Қашарбекова "Сенбісің"

26. Қ.Жұмағов, мектеп түлегі
"Мектебі"

- Орындайтын Г.Қазиев, өнер
институтының оқытушысы.

- Облыстық, қалалық мәдениет және
спорт ұйымдары.

- Орындайтын Л.Айтжанов, мектеп
мұғалімі.

- Қаладағы өзіміз орындары мен
фирмалар, акционерлік қоғам, жеке
кәсіпкерлер мен серіктестіктер.

- Орындайтын ұлт-аспаптар оркестрі.

- Облыстық және қалалық БАҚ(теле-
радио, газет редакциялары).

- Орындайтын К.Құстапов, мектеп-
лицей мұғалімі.

- Орындайтын "Қарағи" бишілер тобы.

- Облыстық мектептер, көсіптік білім
беру мекемелері, арнаулы мектеп-
интернаттар.

- Орындайтын К.Хасенов, өнер
мектебінің мұғалімі.

- Қала мектептері, балалықтан мен саз
мектептері.

- Орындайтын А.Жұмағов, өнер
институтының оқытушысы.

- Орындайтын Г.Ғалымов, мектеп
мұғалімі.

Өңге салтанатқа қатысушылар қосылады
(Ән мәтіні соңғы бетте)

Сәкенану кабинетінің ашылуы
(16³⁰-17⁰⁰)
2-қабат, 204 кабинет.



75 жылдық мерейтойдағы мектеп ардагерлерімен кездесу



ЖАЛҒАСЫН ТАПСА НЕМЕСЕ ЖАРЫСТАН ТҮЙГЕН ОЙ

Күн жексенбі. С.Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп-интернат-лицейінің спорт залы көрермен оқушылар мен жанын берер жанкүйерлерге толы. «Көрпеңе қарай көсіл» деп қазақ айтқандай, тамашалаушылар – ержігіттер мен азаматтар. Бәрінің көңілі көтеріңкі. Зал ортасындағы кілем үстінде жаратылған тұлпардай буырқанған балуандар мен бұлшық еттері жаңа жетіле бастаған жасөспірімдер. Өздерінше денелерін қыздырып, дайындық үстінде. Зал іші мереке салтанатына орай безендірілген. Бір қабырғаға спорт саласындағы мектеп түлектерінің тізімі мен жеткен жетістіктері ілінген.

Сағат тоғыздарда ескерту белгісіне орай кілем үсті босап, зал жинақтала бастады. Аз ғана тыныштықтан соң, қарсы есіктен мектептің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, самбо шебері, 1993 жылғы Қазақстан чемпионы Хасанғалиев Темірхан балуандарды бастап залға алып кірді де, бастөрешіге балуандардың дайындығын мәлімдеді. Зал орнынан тұрып, балуандар құрметіне қол соқты, қошеметке бөледі. Тыныштықтан соң сөзді осы шараны ұйымдастырушы әрі демеуші, самбодан әлем чемпионы, әлем кубогының жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жаттықтырушы, «Батыр» күрес мектебінің директоры Шайхиев Асқар Тастайұлы жарысты ашып, мектеп оқушылары мен ұстаздарды, көрермендерді мектептің 76 жылдығымен құттықтады. Осыдан соң сөз кезегін мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Төкестай Көшербай Кінәмаұлы алды. Сөз барысында жарысқа қатысушыларды қызу құттықтап, бүгінгі қалалық деңгейде оздырылатын самбо жарысын осы мектептің әр жылдардағы түлектерінің ұйымдастыруымен мектебіміздің шаңырақ көтеруінің 75 жылдық құрметіне орай оздырылып жатқандығын айтты. Жарысқа қаламыздың «Тайпак», «Батыр», «ДЮСШ-3», «СДЮСШОР» күрес мектептерінен 38 кг мен 78 кг салмақ дәрежесі аралығында 13 пен 17 жас шамасындағы балғын балуандар шақырылғандығы айтылды. Бұдан соң осы мектептің 1971 жылғы тұлғи, Қазақстанның еңбегі сіңірген жаттықтырушысы, самбо күресінен халықаралық дәрежедегі төреші, КСРО спорт шебері, облыстың аға жаттықтырушысы Қуанышев Батыр Қуанышұлы сөз алды. Сөзінде мектеп қауымын 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, жарысқа қатысушыларға кілемде табыс тілей келіп, елбасы Н.Назарбаевтың: «Жастар тәрбиесі, соның ішінде дене тәрбиесі, қоғамдық болуы тиіс және ол бүкіл қоғамның, Қазақстан халқының мүддесі үшін істелуі қажет», - деген ойын қуаттай келе, жастар тәрбиесі туралы келесі ой түйді. «Мұндай жарыс жасөспірімдер үшін керек. Бұл бастаулар жоғары жақтан қолдау тауып, жалғасын тапса», - деді.

Жарыстың ашылу рәсімі бойынша әр команданың капитандары Қазақстан Туын көтерді. Сол сәтте Қазақстан Әнұраны ойналды. Бұдан әрі 38 кг салмақтағы балуандардың алғашқы жұбы кілемге шақырылды. Жарыс қызығы осылай басталды да кетті.

Жарыс барысында бас төрешіні әңгімеге тартып, қазіргі «Батыр» күрес клубы жайлы, бүгінгі жарыс туралы сұрақ қойғанымызда Асқар Бастайұлы:



«Бүгінгі жарысқа тоқталатын болсақ, қаланың 15 мектебінен жүзге тарта балуандар қатысып отыр. Кімнің биік тұғырдан көрінері балуан бабында».

Жарыс жалғасын тауып, үзіліссіз өтті. Жанкүйерлер тамақ ішуді де, демалуды да ұмытқандай. Жарыс жеңімпаздары болып №11 мектептен Д.Халиев (38 кг), Темірбаев (42 кг), №24 мектептен Ж.Ермеғалиев (68 кг), №41 мектептен А.Шайхиев (45 кг), Т.Шайхиев (55 кг), А.Жақыпов (51 кг), А.Жұбатов (48 кг), №9 мектептен А.Бекмұханов (59 кг), №2 мектептен С.Горинын (59 кг) тағы басқа өз шеберліктерімен көрерменді риза қылып, чемпион атанды. Жарыс соңында Е.Ибрашев, С.Жұмағалиев, А.Шайхиев, Б.Жұмағалиев, Б.Куанышев, Қ.Есендияров, М.Есендияров, М.Жұмағалиев, Б.Жағыпаров, Ө.Хайыровтардың демеушілігімен 37 жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі мақтау қағаз, заттай сыйлықтар, мерекеге орай белгі, вымпел табыс етілді.

Мектеп түлектерінің ұйымдастыруымен мектептің 75 жылдық мерейтойына арналған күрес бәйгесі дүрілдеп жоғары дәрежеде өтті.


Біздің сырт көзбен қарап, той боладыны естігеннен бері мектебі үшін шабыста жүрген мектеп түлектерінің еңбегінен түйгеніміз мынау болды: жарыстың өн бойында әр түлектің сөздерінен, жүріс-тұрыстарынан сүйікті мектебіне деген ыстық сезімдері, қара шаңыраққа деген алғысы, талабы бар қаракөз қазақ баласы үшін қамқорлығы мен демеушілігі. Қоштасып, мектептен аттанып бара жатқан мектеп түлектерінің әзілі мен жарасты күлкісі, назы олардың достығын танытқандай. Осындай ойда тұрып, осы достық, ұйымшылдық өз шәкірттерімізден табылса деп тіледік.

Сөз соңында жақсы іс қашанда жалғасын тапса демекпіз.

Аянбек Әділгерейұлы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



*Сәкен мектебінің
75 жылдық тойына арналған
күрес жарысын
ұйымдастырушылар*



Жарыстың қызған сәті



*Сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің
мектеп музейіне жазған хаты*



Мерекелік концерт

Сәкен мектебіне – 80 жыл

МЕКТЕП МЕРЕЙІ

«Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе болса, енді мың мәртебе керек болды. Қазақ, алдындағы болашағын ойлауы керек», - деген ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің есімімен қаламыздағы тұңғыш қазақша білім берген, ғылым негізіне бастау болған қазіргі №11 мектептің өмір жолы мен өсіп-өркендеу тарихы тығыз байланысты. Биыл 2004 жыл жазушы-ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл, ақын есімімен аталатын №11 қазақ мектебіне 80 жыл толады.

Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы С.Сейфуллин 1923 ж. қазан айында облысқа келген сапарында Орал қаласында қазақ мектебінің жоқ екенін білгеннен кейін қазақ мектебін ашу жөнінде тапсырма береді. Губерниялық атқару комитеті 1924 ж. қазан айында қалада I және II дәрежелі жеті жылдық мектеп пен жатақхана ашқан. Мектеп Гурьев, Елек, Калмыков, Жымпиты және т.б. уездердің балаларымен толықтырылды. Қазақ жеті жылдық мектебіне №1 балалар үйінен 10 бала және қазақ қыздар коммунасынан 16 қыз бала келіп қосылды. Мектеп қазіргі Некрасов пен Почиталин көшесінің бұрышындағы қызыл тастан салынған үйде орналасқан. 1924 жыл соңында оқушы саны 100-ге жеткен, 1925 жыл соңында 160 оқушы болған. Алғашқы мұғалімдер құрамы 8 адам болған. 1926-1927 жылдан бастап мектеп кітапханасы жабдықтала бастаған. Жатақханада 160-тай оқушы тәрбиеленген. 1933-34 оқу жылында сол кездегі №4 мектептің (қазіргі №11) 11 түлегі 7 класс бітіріп шыққан. 1934-35 оқу



жылдары мектепте 760 оқушы болса, оның 399-ы 1-4 кластар, ал 361-і 5-8 кластарда оқыған, мұғалімдер саны 18-ге жеткен. 1934 жылы қазақ мектебі үшін қазіргі Т.Масин көшесі бойынан мектеп үйі салынған (кейін №15 мектеп). Онда бірнеше класс бөлмесі, спорт залы, екі кабинет, екі оқу шеберханасы болған. 1936 жылы Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болу дәрежесіне жеткен. Мектептен алғаш орта білім алғандар – 1937 жылы 10 класты бітірген оқушылар. Бұлар – қазақ мектебінің 2-ші мектеп бітіруші түлектері. Мектептің 3-түлектері 30 шақты болса, 1939-40 жылғы түлектер – 12.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында да мектеп шәкірттерге білім мен тәрбие беру ісін жалғастырды. 1943-1945 жылдары мектеп госпиталь қызметін атқарды. Ел басына қатерлі күндер төнгенде мектептің 1939, 1940 жылы бітірген түлектері Отан қорғауға аттанады. Олар: Б.Қарабалин, Ш.Мырзағалиев, Ғ.Ахметов, У.Нұрғазин, З.Аманғалиев, Р.Таукин, Ж.Нұғыманов, М.Хафизов, Ы.Қожаев, Х.Ғалиев, Қ.Рахымов, К.Нығметов, Доскереєв, Қ.Қуанышқалиев, т.б. өз еркімен майданға аттанған 600 қыздың ішінде №4 (қазіргі №11) мектептің түлектері Ғ.Рахметова, З.Науышева болған. Мектеп түлегі Н.Байсейтова партизандар қозғалысына қатысқан 1945 жылы 10 сәуірде қалалық кеңестің №15 шешімімен қайта қазақ орта мектебі болып саналып, госпиталь қызметінен босатылды. Осы мақсатта №11 ФЗО-ны мемлекеттік өзен-жүзу мекемесінің орнын қазақ орта мектебіне берген. Осы кезден бастап №11 мектеп болып атала бастаған. 1948 жылы ер балалар және қыз балалар пансионаты болып екіге бөлінген. 120 қыз бала, 130 ер бала тәрбиеленген. Пансион балаларының өзіндік киім үлгісі: тік жағалы көк сатиннен тіккен бешпет-шалбар, көкшіл түсті сукнодан тігіліп кеудесі астар салып жылытылған шинель. 1954 жылы ер балалар пансионаты мен қыз балалар пансионаты қайта қосқан. Оқыған орындары қазіргі Достық даңғылы мен Путаев атындағы көше бұрышында. 1964 жылы Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің 1964 жылы 22 мамырдағы №342 қаулысы бойынша мектептің 40 жылдық, Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойларына байланысты мектепке Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді. 1978-1979 оқу жылы жаңа үлгімен салынған мектеп ғимараты пайдалануға берілді. 1987 жылы бастауыш класс ашылып, қала балалары өз ана тілінде білім ала бастады. Оған дейін №11 мектеп-интернат ауыл еңбекшілерінің балаларын оқытатын дәрежеде болып келген. 1991-1992 оқу жылында сегіз 1-класс және адамгершілік, химия-биология бағыттарындағы алты лицей кластары ашылды. 1993-1994 оқу жылында математика бағытындағы лицей кластары ұйымдастырылды. Осы оқу жылында мектеп жанынан жаңа жатақхана салынып, пайдалануға берілді. 1999 жылы 8 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы әкімінің №242 шешімімен Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені статусын алды.

Мектеп бітірген сан мыңдаған түлектер қатарынан есімдері елге танымал ақындар, ғалымдар, өнер және спорт санлақтары, еңбек ардагерлері шоғыры тәрбиеленіп шықты. Олардың кейбірін атасақ, 1938, 1939, 1940 жылдардағы шахматтан Республиканың чемпионы Шәмшиден Мырзағалиев, филология



ғылымының докторы Тауман Аамандосов, өнертану ғылымының кандидаты, ұзақ жылдар қазақ консерваториясының проректоры болған Ғафура Бисенова, Алматыдағы балалар театрының атақты артисі болған Аққағаз Мәмбетова, халық әртисі Роза Жаманова, философия ғылымының кандидаты Үміт Қобланова, тарих ғылымының кандидаты Зейнолла Аманғалиев, ақындар Қайыр Бектұрғанов, Ақұштап Бақтыгереева, айтыскер ақын Қатимолла Бердіғалиев, генерал Талап Қабденов, вице-министр Бірғаным Әйтiмова, самбодан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Батыр Қуанышев пен оның шәкірті – әлем чемпионы Асқар Шайхиев. Мектеп түлектерінен отызға жуық ғылым кандидаты, оннан аса ғылым докторлары шықты. Мектеп қаншама шәкірттерге қажымастан білім беріп, осы жолға ғұмырын арнаған ұстаздарымызды құрметпен еске аламыз. Олар Х.Муньянов, Қошекеев, Ш.Қосанов, Өтепов, Б.Мұхитова, Ұзақбаев, З.Садықова, Батина, Әлсейтов, С.Ақмурзин, Ғ.Мектешев, Ә.Рахметуллин, С.Жақсымбетов, Л.Қарасаев, Ғ.Дәулетқазиев, С.Сағидуллин, К.Досмағанбетов есімдері, оқушылар арасында аңызға айналған физика пәнінің мұғалімі Ғафар Қайыржанов, математика пәнінің мұғалімі Нұржігітов, Ғали Қаратаев, тағы басқаларын шәкірттерге үлгі етеміз. Осы мектепте абыройлы жұмыс істеп бүгінде құрметті еңбек демалысындағы Ж.С.Самарханов, М.М.Абдушева, З.С.Сапарова, М.Қ.Исмагулова, М.Қ.Мусин, М.К.Рашова, К.Ғ.Ғимадиева, К.Ж.Жанғалиев, Қ.Е.Ержанова, Н.М.Тухватуллина, А.Ж.Жүнісов, Л.Я.Фишбейн, т.б. мақтаныш етеміз.

Бүгінгі күні мектебімізде 871 оқушы білім алуда. 253 оқушы интернатта тәрбиеленеді. Мектеп-интернат кешенінде 102 мұғалім мен тәрбиеші еңбек етеді. Олардың 95-і жоғары, 7-і арнаулы орта білімді. Олардың 30-ы – 14 разряд, 33-і – 13 разряд, 23-і – 12-разряд, 16-сы – 11-разряд. Қазіргі уақыт талабы оқушыға мектеп қабырғасында ғана білім беру жеткіліксіз. Осы жауапкершілікті сезінген мектеп ұжымы облысымызда білім саласындағы іргелі істердің ұйытқысы болып, әр түрлі ғылыми орталықтармен, атап айтқанда, Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының жаңа буын оқулықтарын тәжірибеден өткізу алаңы, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мамандары мен тыңдаушыларының іс-тәжірибе алмасу мектебі. Мектепте 1989 жылы республикалық физика-математика, 1995 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің олимпиадасы оздырылса, 2002 жылы республикалық олимпиаданың қонақтарын қарсы алды. «Қазақстан жыл мұғалімі – 2001» республикалық байқауы, «Дарын» ҒПО-ның аймақтық семинары және облыстық дәрежеде өткен сан алған оқыту мен тәрбиелеу іс-шаралары ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары облыстық, республикалық, пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауында жақсы көрсеткіштерге жетуде. Республикалық «Жыл мектебі – 2000» байқауына қатысып, «Таңдаулы қала мектебі» атанды. «Жыл интернаты – 2001» республикалық байқауында арнайы дипломмен марапатталып, облыста жеңімпаз атанды. 2001 жылы облыстық олимпиадаға қатысқан 57 оқушының 36-ы жүлделі орын (13-І, 9-ІІ,



14-III орын), 2002 жылы облыстық олимпиадада 63 оқушының 31-і жүлделі орын (10 – I, 11 – II, 10 – III орын), 2002 жылы Республикалық олимпиадаға қатысқан 6 оқушының 5-і жүлделі орындарға ие болды. Олимпиада қорытындысы бойынша мектеп командасы II дәрежелі дипломмен марапатталып, «Үздік команда» атанды. 2001-2002 оқу жылында 49 түлегіміз мемлекеттік грант пен несие иеленіп, мектебіміз республикада III орынға ие болды. 2003 жылы облыстық олимпиадада 46 оқушының 21-і жүлделі орынды иеленіп (8 – I, 9 – II, 4 – III орын), мектеп командасы жеңімпаз деп танылып, дипломмен марапатталды. 2003 жылы республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауында 2 оқушы жүлдегер болды. 2004 жылы облыстық олимпиадаға қатысқан 44 оқушының 21-і жүлдегер атанды, (9 – I, 7 – II, 5 – III орын). 2003-2004 оқу жылында 76 түлектің 36-сы грант пен несиеге ие болды.

Облыс әкімі Н.С.Әшімов бастамасымен облыста тұңғыш рет өткізілген А.Д.Тайманов атындағы мектеп оқушыларының техникалық олимпиадасында белгіленген 10 гранттық орынның 7-ін біздің мектебіміздің оқушылары жеңіп алып, Қазақ-Британ техникалық университетінің студенті атанды. Алғаш рет өткізілген интеллектуалдық олимпиадада негізгі 9 пән бойынша болған білім сайысында оқушымыз 6 дипломмен марапатталды. Интеллектуалдық жарыстардың жаңа түрі «Математикалық регатада» 4-сынып оқушыларының командалары I, 7-сынып – IV, 8-сынып – II, 9-11 сынып оқушыларының командалары 1-орынды иеленді. «XXI ғасыр көшбасшысы» телеойынның іріктеу санында 28 оқушы қатысып, республикалық телесайысқа жолдама алған 11 оқушыдан Орынғалиев Айбек пен Рахымов Арман (11б) апталық ойынның жеңімпазы атанды. Үстіміздегі жылдың шілде айында 6 оқушы, 1 мұғалім облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері мен студенттері қатарында Шыңғырлау ауданындағы археологиялық қазба жұмыстарына қатысты. Мектептің 75 және 80 жылдық (1999-2000-2004) мерейтойлары аралығында 8 оқушымыз мектепті «Алтын белгімен» бітірді. Олар Сейтақова Құралай (2000), Ғұсман Жадыра (2002), Кәрімова Айнұр (2002), Таухасова Айнұр (2002), Мусина Ғалиянура (2003), Насамбаева Альбина (2003), Тілеужанова Ақбота (2004), Тапалова Әсел (2004).

Педагог ақын Мағжан Жұмабаевтың «Елді түзеу үшін бала оқыту ісін түзеу керек» деген ақыл-кеңесіне ден қоя отырып, мектебіміздегі ұстаздар қауымы жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, өмірде өз жолын өзі тандауында еңбек студиясы абыройлы борыш деп санайды.

Е.Қ.Сапаров,

Дарынды балаларға арналған


С.Сейфуллин атындағы

№11 облыстық қазақ мектеп-интернат

кешесінің директоры.



ОН БІРІНШІ МЕКТЕБІ ОРАЛЫМНЫҢ...



Орал қаласындағы сексен жылға жуық тарихы бар Сәкен Сейфуллин атындағы дарынды балаларға арналған №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінен бірнеше буын шәкірт білім алып шықты. Мектеп түлектері арасында есімдері көпке танымал қоғам қайраткерлері, мәдениет пен ғылым майталмандары бір төбе. Әр буын ішінен Шәмшиден Мырзағалиев, Асан Тайманов, Роза Жаманова, Тауман Амандосов, Аққағаз Мәмбетова, Қартбай Бержанов, Ғафура Бисенова, Қайыр Бектұрғанов, Талап Қабденов, Ақұштап Бақтыгереева, Кеңес Жумабеков, Қатимолла Бедіғалиев, Бірғаным Әйтимова, Асқар Шайхиев секілді есімдерді келтірсек те бұл сөзімізге дәлел. Мектеп түлектерінен отызға жуық ғылым кандидаты, оннан аса ғылым докторлары шықты. Алғыс сезімін жасыра алмай, сол түлектің бірі – Ақұштап ақын:

Ана тілге туғанда қаралы күн
Жоқ-жуқаға пана боп қала білдің.
Қамқор әке, анамдай әлпеттедің,
Он бірінші мектебі Оралымның, -
деп жырлаған екен.

Қаладағы көшбастаушы ұлттық мектептің тарихы әріден басталады. Республика халық ағарту комиссары С.Сейфуллиннің 1923 жылы қазан айында Орал уезіне келген сапарында тікелей тапсырмасы бойынша 1924 жылы қалада ашылған тұңғыш қазақ білім шаңырағы І дәрежелі ІІ дәрежелі жеті жылдық мектеп болып өмірге келген.

1936 жылы Қазақстандағы үш қазақ орта мектептерінің бірі болу дәрежесіне жеткен.



1964 жылы мектеп-интернатқа С.Сейфуллин есімі берілсе, 1991 жылы мектеп-интернат-лицей атауына ие болды.

1999 жылдың 8 желтоқсанындағы Батыс Қазақстан облысы әкімінің №242 шешімімен С.Сейфуллин атындағы Дарынды балаларға арналған мектеп-интернат кешені статусын алды.

Бүгінгі Сәкен мектебі ізгі ілім, ғылымға тәрбиелейтін облыстағы дарынды балалардың бас қосар білім ошағы десе де болғандай. Мектеп-интернат кешенінің негізгі проблемасы: «XXI ғасырдағы шәкірттердің білім алуын, ізденісін, тәрбиесін әлемдік өркениет талабына сай ұлттық үрдісте ұйымдастыру». Мектеп-интернат кешені гуманитарлық, жаратылыстану, физика-математика бағыттары бойынша жұмыс істейді. Кешен құрамы бөлімдері: мектеп жанындағы интернат, «Дарын» жазғы демалыс лагері, ерекше қабілетті балаларға арналған «Болашақ» мектебі, «Өнер» бөлімі, дәрігерлік қызмет бөлімі.

Гуманитарлық бағыт гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытады. «Абайтану», «Ахметтану», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазақ тілі практикумы», «Тіл стилистикасы», «Қазақстан тарихы», «Дінтану», «Өлке тарихы», «Ата Заң негіздері» арнаулы курстары жүреді.

Жаратылыстану бағытында химия-биология, география пәндері тереңдетіліп оқытылады. Арнаулы курстар: аналитикалық химия, физикалық химия негіздері, генетика, өсімдік физиологиясы, экология, биохимия, физколлоидты химия жүреді.

Физика-математика бағыты физика, математика, информатика және есептеу техникасы негіздері пәндерін тереңдетіп оқытады. Арнаулы курстарда сызықтық алгебраға кіріспе, сандар теориясы, физикалық конкурстық есептер жүреді.

Өнер бөлімі үш бағытта жұмыс істейді: саз, қолданбалы сурет, би өнері.

Мектеп жанындағы интернат 400 орынды бөлек ғимаратта орналасқан. Оқушыларға барлық тұрмыстық жағдай жасалған. «Болашақ» мектебі ерекше қабілетті балалар үшін жұмыс істейді. Онда ғылымның 11 саласы бойынша жергілікті жоғарғы оқу орындарының ғалым-мамандары сабақ береді.

Ғылыми-әдістемелік орталық мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік және педагогикалық-практикалық жұмысын үйлестіреді. «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысын тыңдайды (шығармашылық есеп, консультация, семинар-практикумдар, дедакулар, т.б.). Республикалық «Дарын» ГПО-ға оқушыларды тартады, бағыт береді. Мұғалімдердің ғылыми жұмыспен айналысуына (ізденуші, сырттай аспирантура) қолдау көрсетеді, кеңес береді. Тәрбие жұмысы орталығы мектептегі барлық ұйыммен бірлесіп жасалған тұжырымдамаға негізделген тәрбие жұмысының жүруін үйлестіреді. Мектептен тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Оқушылардың «Болашақ» ұйымының қызметіне жан-жақты көмек береді. Шәкірттерді ізгілікке тәрбиелеу, «Қазақстан-2030» бағдарламасын негізге ала отырып, салауатты өмір салтын насихаттау – тәлім-тәрбие жұмыстарының басты міндеті мен мақсаты.



Емдеу-сауықтыру кешені мектеп оқушыларының, интернат тәрбиеленушілерінің денсаулығын қадағалайды. Кешен 8 кабинет: физиокабинет, тіс емдеу, УФО-кварц, ингаляция, электрофарез, массаж, түрлі ем жасау және қабылдау бөлмелерінен тұрады.

Жазғы демалыс лагері 180 орынды, осы мектеп оқушыларының жазғы маусымда демалуын ұйымдастырады.

Кәсіптік мамандық беру мақсатында 10-11 сыныптарда машинатану сабағы оқытылып, автокөлік жүргізуші (В, С категориясы) құжатын береді.

Сәкен мектебінің өткен тарихы өнегелі белестерден тұрады. Мектеп түлектері Ұлы Отан соғысы жылдарында қолдарына қару алып соғысқа аттанған. Соғыстан соң да мектеп құрылымы сан өзгерістерге ұшырап отырды. Сол кезеңдердегі қаладағы бірден-бір ұлттық мектеп – қазақ пансионы қазіргі қазақ зиялыларының өсіп-қалыптасуына өзіндік өлшеусіз еңбек сіңірді. Қазақ пансионы – тәуелсіз ел ұрпақтары мен аға буын арасын жалғастырушы алтын көпір іспеттес, бүгінгі мәуелі бақтың негізі саналады.

Тарих парақтарына үңілсек, сан жылдық тарихы бар мектептің әр жылдардағы басшыларының есімдерін атап айтуға әбден лайық, оларға әрқашан да тағзым. Олар:

1. Х. Муньянов (1925-1928),
2. Көшекеев (1929-1931),
3. Ш.Қосанов (1931-1935),
4. Отепов (1935-1936),
5. С.Ақмурзин (1936-1938),
6. Ғ.Мектешев (1939-1942),
7. Ә.Рахметуллин (1942-1945),
8. С.Жаксымбетов (1945-1946),
9. Л.Қарасаев (1946-1948),
10. Ғ.Дәулетқазиев (1946-1948),
11. С.Сағидуллин (1948-1956),
12. Қ.Досмағамбетов (1956-1960),
13. Ж.Самарханов (1960-1977),
14. М.Абдушева (1977-1989).

1950 жылдардан бастап мектеп түлектері білім тереңдіктерін көрсетіп, алтын, күміс медальға бітірушілердің саны көп болған және Алматы, Москва, Ленинград, т.б. үлкен қалалардың жоғары оқу орындарына түсе бастаған. Жүзден жүйрік шыққан үздіктер көрсеткішін төмендегі мәліметтен көруге болады.

Күміс медаль алғандар:

- 1949 ж. Бисенова Күлән, Исаков Мақсот;
1951 ж. Бекмұханов Сайн, Қажығалиева Ш., Бақтиярова Танзила;
1954 ж. Ғазизуллина Райса, Нұғманов Қайбаш, Сағымбаев Б.;
1966 ж. Дүйсембаева З.;
1986 ж. Әділов Мақсот;
1987 ж. Бакушева Толқын;



1988 ж. Хайруллина Л.;

1993 ж. Омашева Айнұр, Исакова Лунара.

Алтын медаль алғандар:

1949 ж. Есенова Сұлу;

1951 ж. Маханов Уахит;

1952 ж. Қойшыбаева Әмина, Мұлжасова Мария;

1954 ж. Бектұрғанов Қайыр;

1956 ж. Ташанова Света, Оразғалиева Рая;

1959 ж. Бегалиева Т, Хибашева Зәуреш;

1961 ж. Құсайынова Сара;

1969 ж. Ғабдуллина Алия;

1987 ж. Бакишев Дулат;

1994 ж. Жұматаева Қарлыға, Мерғалиева Ұлпан, Бөкенбаева Света, Жұмағазиева Альмира, Ниязова Алтынтас, Шадыманова Кайыржан, Тасанова Жанар.

Жайықтың сыршыл ақыны Ғайса-Ғали Сейтақ өзінің «Сәкен мектебі» атты өлеңінде:

Кемедейін айдында жүзіп арман,

Шақырады ма әлде оны қызық арман.

Мәңгі бақыт емес пе қазақ үшін-

Бұл Оралда Сәкеннің ізі қалған, -

деп жырлағанындай, Сәкен есімі Оралда білім беру ошағын ашумен ғана емес, оның әдеби-шығармашылық еңбегімен де байланысты. Қазақстанның 1923 жылғы астанасы Орынбордан Оралға автомобильмен сапар шеккен Халық комиссарлар кеңесі төрағасының бұл іссапарында «Автомобиль» атты туындысы дүниеге келді.

Автомобиль, далаға

Қаттырақ шығар шуыңды!

Өнерге шақыр қалаға

Кейінгі жас буынды, - деп жырлаған ақын үні бұл кезде де мәнін жоймағандай. Өлең соңында «1923 жыл, 14 октябрь. Орал-Теке» деген жазу бар.

Талай қаракөздің кимас мекеніне айналған білімнің қара шаңырағының бүгінгі жас өрендерге ұлттық тәлім-тәрбие берудегі жұмыстары да сан алуан. Ана тілінде сөйлеп, ұлт ділінде ойлап ер жеткен бірнеше буынның атынан сөз алған Ақұштап ақын:

Өз тілінде сайрайды бала құрбым,

Сен өсірдің талайын саналы ұлдың,

Сан ұрпақты сақтадың мәңгүрттіктен

Он бірінші мектебі Оралымның, - деп жырлаған екен.

Мектептің қалыпқа түскен дәстүрлі іс-шаралары бар. Мәселен, мектепте дүйсенбі күні бірінші сабақ – тәрбие сабағы жүреді. Тәрбие сабағы Қазақстан Республикасының Әнұранын, мектеп оқушыларының Антын айтумен басталады. Мектептің дәстүрлі мерекелерінің бірі – 15 қазан – Сәкеннің туған күні. Бұл күні мектеп мұражайында кездесулер ұйымдастырылып, жаңадан



оқуға келгендер салтанатты түрде Ант қабылдайды, мектеп алдындағы еңселі ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қояды. Оқушылар Анты әр шәкіртті елжандылыққа тәрбиелейді:

«Мен, Қазақстан Республикасының болашақ азаматы, сүйікті Отаным – Қазақстанның дүниежүзінде алдыңғы қатарлы, әділетті, өркениетті мемлекет болуы үшін саналы білім аламын, жоғарғы мәдениетті азамат боламын, туған халқымның ата дәстүрін жалғастырамын, мемлекетімнің Президентін құрметтеймін, Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай орындаймын, елімнің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын сыйлап, қастерлеймін».

Бұл күнгі дарынды балалар мектебі аймақтағы білім саласындағы іргелі істердің ұйтқысы бола білуде. Оның куәсі төмендегі іс-шаралардан байқалады.

Мектеп-интернат кешені:

- Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстанның білім академиясының жаңа буын оқулықтарын тәжірибеден өткізу алаңы;

- М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Х.Досмұхамбетов атындағы педколледж студенттерінің практикадан өту мектебі;

- Батыс Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мамандары мен тыңдаушыларының іс-тәжірибе алмасу мектебі;

- Республикалық «Жыл мектебі – 2000» байқауына қатысып, «Таңдаулы қала мектебі» атанған иеленген мектеп;

- Еліміздің бірінші ханымы, «Бөбек» қорының Президенті С.А.Назарбаеваны (2000, ақпан), Білім және ғылым министрі Қ.Е.Көшербаевты (2000, маусым) қабылдаған құтты мекен;

- Үкілі үміт арқалаған шәкірттері мен ұстаздары қатысқан республикалық физика-математика (1989), қазақ тілі мен әдебиеті (1995) және 14 пән бойынша (2002) олимпиада қонақтарын құшақ жая қарсы алған білім ұясы.

Соңғы білім додасының мәресінде республика мектептерінің арасынан «Үздік команда» сертификатымен (II орын) марапатталған мәртебелі мекен:

- «Қазақстан жыл мұғалімі – 2001» республикалық байқауы оздырылған, «Дарын» ГПО-ның аймақтық семинары старт алған және облыстық дәрежеде өткен сан алуан оқыту мен тәрбиелеу іс-шараларының сәтті куәсі болған мектеп;

- «Жыл интернаты – 2001» республикалық байқауында арнайы дипломмен марапатталып, облыста жеңімпаз атанған мектеп-интернат.

Дарынды балалар мектебі өз шәкірттерін терең білім мен ғаламдық ғылымға баулитын оқу орны болуы тиіс. Бұл бағытта педагогикалық ұжымның ерен еңбегі мен төккен тері зая кетпесе керек-ті. Соңғы жылдары мектеп оқушыларды облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадаларда үздік нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Сондай-ақ ғылыми жобалармен жұмыстанушы оқушылар қатары көбейіп келеді. Әр түрлі өнер байқауларында талантты оқушылар мектеп мерейін көтеруде. Сапалы білім мен саналы тәрбиенің қорытынды түйіні мектепті ерекше аттестат пен «Алтын белгіге» бітіру, сонымен бірге мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына түсу



көрсеткішімен айқындалады. Тәуелсіздік жылдары жемісінің бірі ретінде мектеп шәкірттерінің елімізден тысқары шетел оқу орындарына түсіп, оқуы дер едік. Оны төмендегі кестелерден байқауға болады.

Облыстық ауыл мен қала арасын байланыстырушы бірден-бір білімнің кара шаңырағына облыс әкімі Қ.Е.Көшербаев ұдайы назар аударып отырады. Оның нақты мысалы, өткен оқу жылында облыс әкімінің тікелей көңіл бөлуінің арқасында 250 балаға арналған интернат үйі мен мектеп күрделі жөндеуден өтті. Бөлмелерге жаңадан жиһаздар қойылды. Қазіргі талапқа сай еуропалық үлгіде жабдықталып, көркемделген интернат ғимараты ауыл балаларының алаңсыз демалып, жақсы оқуына септігін тигізуде.

Соңғы он жыл үстінде аталмыш мектепке Ерсайын Сапаров сынды білікті басшы жетекшілік жасап келеді. Ол өзінің тынымсыз ізденісінің нәтижесінде заман талабына сай жаңа үлгідегі оқу орнын қалыптастыруда үлкен жаңашылдық танытуда. Тәжірибесі, педагогикалық-психологиялық шеберлігі толысқан ұстаз жаңа құрылымдағы мектептерге арналған «Лицейдің құрылымы мен оқу-тәрбие ісі» атты ғылыми-әдістемелік еңбек жазып, көпшіліктің пайдалануына ұсынды. Іс-тәжірибесі республика көлемінде кеңінен танымал.

Қазақ баласына білім шырағын жаққан аталған мектептің бәсі әрқашанда биіктен таныла бермек. Ақын Ақұштаптың айтары бірдің ғана емес, барша қауымның тілек-ниетімен ұштасып жатқандай:

*Бір қалада шаңырақ дара құрдың,
Ынтырықтырып ұл-қызын бар ауылдың.
Өсіре бер ұрпағын еркін елдің,
Он бірінші мектебі Оралымның!*

Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы,
мектеп мұғалімі

СЕКСЕН ЖЫЛ ӨНЕГЕЛІ ӨТКЕНІ БАР, ОРАЛДА СЕЙФУЛЛИННІҢ МЕКТЕБІ БАР

Қоғамның қилы кезеңін бастап өткерген, осы күнгі биігіне жеткенше талай баспалдақтан өткен, қазақтың талай саналы ұл-қызына жол сілтеп, елдің қадесіне жараған сол жарық жұлдыздарға әрдайым тілеулес болудан жаңылмаған ата мектеп – Оралдағы Сәкен мектебін республикада кім білмейді. Кімдер шықпады дейсіз бұл мектептен?

1940 жылдардағы шахматтан ел чемпионы Шәмшиден Мырзағалиев, атақты математик Асан Тайманов, журналистер мен филологтер тәрбиелеуде еңбегі зор Тауман Амандосов сияқты ғалымдар осы мектепте оқыған. Роза Жаманова, Жоламан Аралбаев, Ғафура Бисенова, Аққағаз Мәмбетова, Қаламқас Орашева сияқты өнер қайраткерлерінің бір шоғыры осы мектептің партасында отырған. Ақындар – Ақұштап Бақтыгереева, Қайыр Бектұрғанов, Хатимолла Бердіғалиев, генерал Талап Кабденов, спорт қайраткері Батыр Қуанышев пен әлем чемпионы Асқар Шайхиев, Үкіметтің вице-премьері Бірғаным Әйтимова, дипломат Дулат Бақышевтер үлкен өмірге жолдаманы осы мектеп қабырғасынан алған. Сәкен мектебін бітіріп, халыққа қалтқысыз адал қызмет



етіп жүргендерді санап шығу қиын-ақ. Өйткені олар көп. Мектеп түлектері 1950 жылдардың өзінде-ақ Алматы, Мәскеу, Ленинград қалаларындағы үлкен оқу орындарына түсе бастаған. Бұл – сол кездің өзінде оқу орнындағы білімнің терең, сапалы, тәрбиенің түзу жолға қойылғанын дәлелі. Оқушылары 1949 жылдан бастап алтын медальға ие болса, күміс медальға бітіргендер көп болған. Бұл – әрине, ең біріншіден, мұғалімдердің арқасы, көл-көсір еңбегі. Жалпы, мұғалім деген еңбекқор халық екенін білеміз. Ал №11 мектеп мұғалімдері туралы әңгіме тіпті бөлек. Олардың арасында Х.Муньянов, Қошекеев, Ш.Қосанов, Өтепов, Б.Мұхитов, Ұзақбаев, З.Садықова, С.Акмурзин сияқты көптеген қажырлы ұстаздар болды.

Бүгінде №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің шаңырақ көтергеніне 80 жыл және С.Сейфуллиннің туғанына 110 жыл толып отыр. Бұл орны зор жетістікпен келді. Мектептің жемісі – зейінді оқушылары десек, мектеп оқушыларының жыл сайынғы облыстық, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауындағы нәтижесі керемет әңгімеге бергісіз. Бұл шаңырақтың тағы бір қазынасы – өнерлі оқушылары. 18 қазанда облыстық қазақ драма театрында өткен үлкен концерт барысында бұл мектептің тегіннен-тегін өнер мектебі аталмағанына жиналған көпшіліктің көзі анық жетті. Үш сағаттық әдемі концертті өнер мектебінің оқушылары өз күштерімен қойып шықты. Ешкім жалыққан да, шаршаған да жоқ, 37-республикалық жас орындаушылар байқауының жүлдегері болған өнерлі топ Е.Доганың вальсін, Құрманғазының «Балбырауынын» өзгеше леппен орындап, тыңдаушысын риза етті. Ш.Жиенқұлова атындағы байқаудың жүлдегері «Сымбат» бишілер тобының биі, күйшілер А.Орынғалиев пен А.Қуаншалиевтің өнерлері де жарасымын тауып жатты. Халық кішкентай бола тұра үлкен жауапкершілікті сезінген балаларға бір риза болса, олардың сахналық костюмдеріне, бишілердің құйып қойғандай әдемі сән-салтанатына сүйсінбей қала алмады. Киімдерді мектеп басшылығы «Мария» салонына тіктірген. Кеш соңында жергілікті үлкенді-кішілі оқу орындары ұжымдары Сәкен мектебі ұжымын мерейтойымен құттықтап, Облыстық білім басқармасы мультимедиям сыйға тартты. Бірақ, біздіңше, мерейтой барысындағы ең үлкен сый балалардың өнері болды. Бет-жүздері нарттай жанып тұрып Сәкен аталарына арнап өлең оқығаны, тебіреніп тұрып «Аққудың айырылуын» жеткізгені балғындықты һәм тазалықты аңғартты.

«Мерейтой кезінде мұғалімдер мен оқушыларының көңіл күйі қалай екен?» деп мектепке бұрылды. Сол баяғы қарбалас. Мұғалімдерімен тілдессейін десек, «сабақтан шақыртуға болмайды, талап солай» дейді. Оқушыға өзінен-өзі солай. Не керек, үш сағат жүріп бірнеше мұғалім, оқушымен сөйлесуге мүмкіндікті әрең алдық-ау. «Тәртіп деп осыны айт» дедік іштей.

Бүгінде №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің шаңырақ көтергеніне 80 жыл және С.Сейфуллиннің туғанына 110 жыл толып отыр. Бұл орны бар, маңызы бар қос мерекеге іргелі білім үйі зор жетістікпен келді. Мектептің жемісі бейінді оқушылары десек, мектеп оқушылары жыл сайын облыстық, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар



байқауында жақсы көрсеткіштерге жетіп жүр. Мысалы, 2001 жылы облыстық олимпиадаға қатысқан 57 оқушының 6 жүлделі орын алса, 2002 жылы республикалық олимпиададан бес бірдей оқушысы жүлделі орындарға ие болған. 2001-2002 оқу жылында 49 түлек мемлекеттік грант пен несиені иеленіп, мектеп білім сапасы жөнінен республикада жоғары нәтиже көрсетті. Мектептің 75 және 80 жылдық мерейтойлары арасында 8 оқушы «Алтын белгімен» бітірген. Қ.Сейтақова, Қ.Ғұсман, А.Кәрімова, А.Таухасова, Мусина, А.Насамбаева, Тлеужанова, Ә.Тапалова сияқты түлектердің барлығы да беделді оқу орындарына түсіп, ұстаздардың сенімін ақтады.

Бытырғы оқу жылы да Сәкен мектебі үшін жемісті болды. Облыс әкімі Н.Әшімовтің бастамасымен алғаш өткен техникалық олимпиадада 10 гранттың 7-еуі осы мектеп оқушыларының еншісіне бұйырған. Бүгінде олар Қазақ-Британ техникалық университетінде оқиды. Соғысқа дейін және соғыстан кейінгі жылдарда қазақ интеллигенциясының қалыптасып дамуына өлшеусіз үлес қосқан қасиетті шаңырақ әлі сол дәстүрінен жаңылған емес.

Мектеп сыртындағы Сәкен ескерткішінен бастап іші-сырты айнадай жарқыраған осы мектептің ұлттық мектеп болғанының өзі – үлкен мәртебе. Жаңа заман талабына сай кабинеттері жабдықталған.

«Мерейтой кезінде мұғалімдер мен оқушыларының көңіл күйі қалай екен?» деп мектепке бұрылды. Сол баяғы қарбалас. Мұғалімдерімен тілдесейін десек «сабақтан шақыртуға болмайды, талап солай», - дейді. Оқушыға өзінен-өзі солай. Не керек, үш сағат жүріп бірнеше мұғалім, оқушымен сөйлесуге мүмкіндікті әрең алдық-ау. «Тәртіп деп осыны айт» дедік іштей.

Махамбет Мұқамбетқалиев, тарихшы:

- Мен 1978-1986 жылдар аралығында Ақтөбе облысының Алға қаласында мұғалім болдым. Кейін Жәнібектің Жақсыбай деген жерінде, одан соң педколледжде сабақ беру бұйырды. 1991 жылдан бері осы мектептемін. Шүкір, еңбегіміз жеміссіз емес. Өзім баулыған шәкірттерім сенімдімізді ақтады, жолымды қуды. Олардың арасында ҚазМҰУ-ға, магистратураға түскен Жұмағалиева Қойсын, ЖОО-ларда сабақ беретін Мырзабаева Бакытгүл, Жармағамбетова Айман пединститута сабақ береді. Ерініп, керенаулық таныту дегенді білгеніміз жоқ. Әсіресе, еңбегің жанған кезде шаршағаның кететіні рас. Әкім өткізген техникалық олимпиададан 7 бала жүлделі келсе, соның 6-уы – менің оқушым. Мұғалімдік өмірімнің бар мән мағынасы сияқты. 1982 жылы апатқа ұшырауыма байланысты дәрігерлер маған мұғалімдік етуге рұқсат етпеді. Бір жыл облыстық денсаулық сақтау басқармасында жұмыс жасауға тура келді. Мен бір-ақ жылға әрең шыдадым. Содан мұғалімдікке қайтып келдім. Үмітімді ақтаған Әмірғалиева Айнара деген оқушымнан басқа биыл үш түлек дайындап шығардым. Менің ойымша, мектептің осындай деңгейге жетуі – директордың талапшылдығының арқасы.

Біз енді «оқушылар не дер екен?» деп соларға бұрылды. Оқу залында отырмыз. Жанарлары жарқыраған балалар алдымызда. Сүлімдей қыз-жігіт болып қалған. Бұл – ертеңгі күні бір салаға тұтқа болар қазақтың қыз-жігіттері. Сабаққа өте алғыр балалар ойларын еркін жеткізеді.



Тайыр Қуанишалиев, «Алтын белгі» үміткер:

- Мен бұл мектепті екінші үйімдей көремін. Маған 1-кластан бері сапалы білім берді, жақсы тәрбие, өнеге көрсетті. Мектеп жолдамасымен жазда екі апта Италияда демалып келдім. Сондай дамыған, еркениетті елді көру екінің біріне бұйыра бермейді ғой. Биыл бітіргелі отырмын. Осы кезге дейін қызыға, күш жұмсап оқып келген физиканы бағыт етіп ала отырып, информатика жүйесі бойынша мамандық таңдап отырмын. ХХІ ғасыр мамандығын.

Мержан Қуанишалиев, ерекіе аттестатқа үміткер:

- Мен негізі Теректі ауданының баласымын. Мектепке 5-кластан келдім. Математиканы жаным сүйеді. Қазақстан дәл ғылымдардың мамандарына зәру екенін білемін. Сондықтан да мықты математик болсам деймін. Облыстық олимпиадалардағы көрсеткіш жаман емес. Азды-көпті жетістігім үшін Қадыр ағай, Мәншүк апай, Махамбет ағай сияқты көптеген мұғалімдерге өте ризамын.

Айнұр Қайырғалиева, «Алтын белгі» үміткері:

- Мен үшін ең қызық пән – физика. Өмірдің өзі физика заңдылықтарынан тұрады емес пе?

Индира Сапашева, «Алтын белгі» үміткері:

- Мен шыңғырлаулықпын, «Ақжайық» бишілер ансамблінің құрамында билейтінім бар. Бірақ би – менің хоббиім. Өмірлік мұратым – математик болу. Тендесі жоқ математик. Бұйырмаса, Астана ЕҰУ-ға барамын.

Архат Қуанишалиев, 9-класстағы домбырашы:

- Мен Бокейорданың Сайқын деген жерінен едім. Мен де жазда Италияда болып қайттым. Көрген жақсылығым аз емес. Болашақта күйші болсам деген арманым бар. Төкпе күйді жақсы көрем. Асылбек Еңсепов ұнайды. Негізі эстрада мен қазақтың кара домбырасынан қатар шыққан музыка әдемі ғой. Кейде өзімнің де күй шығарғым келетіні бар.

Міне, балалар осылай дейді. Алысқа көз тігеді.

Біз мектеп директоры Ерсайын Қадырұлы Сапаровқа: «Сіз үнемі қимыл үстінде жүресіз, шаруабасты боласыз. Шаршамайсыз ба? Кейде бәрін тастап, жайлы креслоға отырғыңыз келмей ме?» - деген сұрақ қойды. «Мен 38 жыл мұғалім болсам, 16 жылым осы мектепте өтті. Демалыс кезінде балаларды қатты сағынам. Дүниеде өзің сүйіп істейтін жұмыстан артық ештеңе жоқ. Талай жерлер шақырды ғой, бірақ осы жұмысымды ештеңеге айырбастағым келмейді», - деді ол. Нағыз басшы мұғалімнің сөзі. Миссиясына адал мұғалімнің.

Ж.Ғазизқызы

МЕРЕЙ МЕКТЕБІМНІҢ

(мектептің 85 жылдығына тарту)

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деген өте терең, мәнді, әдемі нақылы бар. Ол еліңнің ертені – жас ұрпағыңды жақсылап өсір, саналы білім бер деген сөз ғой. Осы міндеттің көп салмағы мұғалімдерге түсетіні аян.

Еліміздің ертенін тәрбиелеп, сапалы білім мен саналы тәрбие беретін ұстаздар қауымына әрқашан да жоғары талап қойылып отырған. Соның ішінде



ұлттымыздың зор байлығы мемлекеттік тіліміздің мерейін асқақтатып жүрген ұлт жанашырлары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беретін ұстаздар қызметіне қатысты салауатты талаптар – ХХІ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасыр өркениетін өз қолдарымен қалайтын, Қазақстан Республикасының әлемдегі орнын айқындауға қатысатын, тіліміз бен ділімізді, дініміз бен рухымызды сақтауға атсалысатын жаңа ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге әсер ететін басты құрал.

Мұғалім беделін көтеру, қоғамдық рөлін арттыру, мәртебесін өсіру мақсатында қараша айының 3-5 аралығында облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ұйымдастыруымен «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп жүрген мұғалімдерге көтермелеу грантын тағайындау» атты конкурс болып өтті. Бұл конкурс облыс көлемінде екінші рет өткізіліп отыр. Конкурсқа қатысушы мұғалімдер – облыс, республика көлемінде жоғарғы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген, талай додаларда биіктерден көріне білген ұстаздар. Аталған мұшайраға өткен оқу жылында мектебіміздің белді ұстазы, облыстық «Жыл ұстазы» номинациясы бойынша облыстық «Қыран» аталымының иегері Тілеужанова Шара Кемелқызы қатысып, бірінші орынға ие болған еді. Биылғы оқу жылында да мектебіміздің мерейі үстем болып, Республика көлеміне іс-тәжірибесі таратылып жүрген жоғарғы санатты ұстаз Мыңбаев Аянбек Әділгерейұлы жүлделі бірінші орынды қанжығасына байлады. Бұл ұстаздар – талай жыл шәкірттерге терең білім мен тәрбие беріп, шәкірттері егемен еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген, бірнеше жылғы еңбектері еленіп жүрген ұстаздар.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп ұлы Абай айтқандай, ұстаздық атаққа азапты еңбек, шынайы шеберлік арқылы ғана жетуге болады.

Тәрбиелеу мен тәрбиеленудің, ұстаздық пен шәкірттің табиғи арнаға түсіп, ардақты да беделді орынға ие болуы осындай игі істермен сабақтасып жатқанын мойындағанмыз жөн. Сондықтан да елдің ертеңгі күніне сенім орнықтыру, өнімді де шығармашылық еңбекті өрістету – бүгінгі ұстаз қауымының басты ұстанымы.

Д. И. Имашева,

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған

С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық

*қазақ мектеп-интернат кешенінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.*

Сәкен мектебіне – 90 жыл

БІЛІМНІҢ НҰРЛЫ СӘУЛЕСІН ШАШҚАН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНЕ – 90 ЖЫЛ

ХХІ ғасыр – білімді жастардың бәсекелестік ғасыры. Бүгінгі білімді жастар – болашақ сәулетті еліміздің білікті маманы, ұлттық өнер мен мәдениетті өркендетуші, Отан қорғаушы азаматтар.



Терең тамырлы тарихы бар мектеп-интернат кешені айтулы қос мерекенің мерейлі тойын атап өтуде. Осы орайда дарынды да білімді шәкірттер тәрбиелеуде үлкен үлес қосқан әріптестеріміз бен мектеп намысын биік ұстап, мектеп-интернат кешенінің қоғамдық өміріне белсене араласқан шәкірттерімізді оқу мен еңбектегі жетістіктерімен құттықтап алғыс айтамын!

Мерейлі күні шын көңіліммен зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыңызға баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық орнауын тілеймін.

Республикамызға атағы кең тараған, Ақ Жайық өңірінің жас ұрпағына білім шырағын жаққан, Орал қаласында тұңғыш қазақша білім беріп, ғылым негізіне бастау болған ұлттық мектептің өмір жолы мен өсіп-өркендеу тарихы тереңнен сыр шертеді. Ол тікелей халқымыздың ардагер ұлы, Алаштың ардақты азаматы, қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған белгілі ағартушы, мемлекет және қоғам қайраткері, драматург, жазушы, ақын Сәкен Сейфуллиннің жарқын да ұмытылмас қамқорлығына, ұлт болашағын ойлаған көрегендігіне тікелей байланысты.

Биылғы жылы ақын есімімен аталатын №11 қазақ мектеп-интернат кешеніне 90 жыл толса, Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 120 жыл.

Бүгінгі күні мектебімізде барлығы 905 оқушы білім алуда. Оның 213-і интернатта тәрбиеленуде. Мектеп-интернат кешенінде 112 мұғалім мен тәрбиешілер еңбек етуде. Олардың 37-і жоғары санатты, 20-ы – бірінші санатты, 9-ы – екінші санатты, санаты жоғы – 5-еу.

Қазіргі уақыт талабы – шәкірт білімінің тереңдігі. Оқушыларға мектеп қабырғасында ғана білім беру бұл күнде жеткіліксіз. Осы жауапкершілікті сезінген мектеп ұжымы облысымызда білім саласындағы іргелі істердің ұйытқысы болып, әр түрлі ғылыми орталықтармен тығыз байланыста жұмыс істеуде. Атап айтқанда, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті студенттерінің машықтану кезеңінен өту мектебі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Батыс Қазақстан бойынша педагог кадрлар біліктілігін арттыру институты мамандары мен тыңдаушыларының іс-тәжірибе алмасу мектебі, 2012 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектептерінің озық іс-тәжірибесін енгізетін базалық мектеп.

Мектеп М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті және Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен тығыз қарым-қатынаста. Ол оқу орындарында мектептің қаншама түлектері оқып, мектептен алған білім тереңдіктерін көрсетуде. Ал мектебімізде БҚМУ-ды бітірген 90-ға жуық мұғалім жұмыс істейді.

Мектепте 1989 жылы республикалық физика-математика, 1995 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің олимпиадасы оздырылса, 2002 жылы мектеп республикалық олимпиаданың қонақтарын қарсы алды.

Бүгінгі мектеп – терең білім мен ғалымға жол салатын, ізгілік пен адамдыққа тәрбиелей отырып, өзін-өзі дамытып, қабілетін жетілдіре біліп, қоғамға белсене араласатын, елінің болашағына өз үлесін қосатын жеке тұлға тәрбиелейтін дарынды балалар мектебі.



Сәкен мектебі – ізгі ілім, ғылымға тәрбиелейтін дарынды балалардың бас қосар іргелі білім ошағы. Мектеп-интернат кешенінің материалдық-техникалық базасы жақсы жабдықталған. Оқыту жүйесін жақсартуда 100-ден астам компьютер, аудио-видео, 3 мультимедиялық кабинет, 22 интерактивті тақта және әрбір кабинетте баспа құрылғыларымен жабдықталған. Қазақ тілі, ағылшын тілі, химия, физика, биология, орыс тілі, информатика, математика, өзін-өзі тану, тарих оқу кабинеттері оқушылардың тиынақты білім алуына жағдай жасауы толық қарастырылған.

Мектепте сапалы біліммен қоса жүретін тәрбие жұмыстарының жүйесі де өз жетістігімен танылуда. №11 мектеп бітірген түлектер саналы да тәрбиелі азамат болуымен көпке танымал. Мектептің 90 жылдан астам тарихында балаларға тәрбие берудегі өзіндік дәстүрі жалғастырыла отырып, бүгінгі еліміздің, еркіндігіміздің нәтижесінде жаңғыртылып, өмірге енген халықтық тәрбиенің озық үлгілері кең қамтылуда.

Мектебіміз республика бойынша соңғы бес жылда білім беру жүйесіндегі ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізудегі елеулі еңбегімен үздік деп танылған мектептердің қатарында. Мектеп атын дарынды оқушылар шығарса, білім сапасы «Алтын белгі» иегерлері мен үздік оқушылар арқылы анықталады. 2000-2014 оқу жылының аралығында «Алтын белгі» иегерлерінің саны 76 оқушы болса, «Үздік аттестат» иегерлері – 99 оқушы. XXI ғасыр білімділер ғасыры дегендей, облыс әкімінің ұйымдастыруымен 2003-2014 оқу жылдары мектеп бітірушілер арасында ҚБТУ-ға түсушілерге арнап ұйымдастырылған А.Тайманов атындағы техникалық олимпиадасына 82 оқушы қатынасып, жүлдегер атанды.

Үкіметтің «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерде оқып, еңбек етіп жүрген шәкірттеріміз: Қапиева Райма (Ресей, магистратура), Тынымбергенова Гүлайым (Ұлыбритания), Медекенова Альфия (АҚШ), Жұмағалиева Айнұр (Ұлыбритания, Лондон), Тынымбергенова Майра (Чехия), Сағаденов Ерлан (Ресей, ММТУ), Ғабдуллин Данияр (АҚШ), Адиев Хайдар (Канада), Таухасова Айнұр (Ұлыбритания), Бимағамбетова Ардақ (Ұлыбритания), Тілеужанова Ақбота (Ұлыбритания), Сүгірбаев Мирас (Ұлыбритания), Мусина Галианур (Австралия), Рзалиев Нүркен (Ресей), Қабиев Максим (Ресей), Амиров К., Байтлесов Арман (Ресей), Имашева Бақтагүл (Ұлыбритания), Ермұханова Динара (Ұлыбритания).

«Білікті педагог – білім мен тәрбие кепілі» дегендей шәкірттерге терең білім беруде тер төгіп жүрген ұстаздардың «Ы.Алтынсарин» медалі иегері – 3, «Білім беру ісінің үздігі» – 4, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» – 2, «ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері» – 2, «Үздік педагог» атағының иегері – 3, «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік төсбелгісінің иегері – 1. Көптеген мұғалімдер өздерінің жекелеген оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Шығармашылықпен жұмыс істеу білім берудің сапасын арттырады сөзсіз.

Мектеп 2000 жылы республикалық «Таңдаулы мектеп» байқауында «Таңдаулы қала мектебі» дипломымен, 2001 жылы республикалық оқушылар олимпиадасында мектеп командасы «Үздік команда» деп танылып, екінші



дәрежелі сертификатпен, 2001 жылы «Жыл интернаты – 2001» республикалық байқауында арнайы дипломмен марапатталды.

2006 жылы – «Білім ұясы: Жалпы орта білім беру үздік менеджері» республикалық байқауының жүлдегері;

2006 жылы – облыстық «Білім ұясы: Таңдаулы мектеп» байқауының жеңімпазы;

2008 жылы – облыстық инновациялық мектептер арасындағы «Ашық мектеп» сайысының жеңімпазы;

2009 жылы – республикалық «Ең үздік жаңашыл мектеп» атағының иегері;

2012 жылы облыстық «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсында Бас жүлдені жеңіп алып, 13951000 теңгенің сертификатына ие болды.

2014 жылы Білім беру жүйесіндегі ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізудегі елеулі еңбегі мен мектептің жоғары көрсеткіштері үшін ҚР БҒМ Алғыс хатымен марапатталды.

Жоғарыда аталған жетістіктер мектептің тәжірибелі ұстаздарының орасан зор еңбегінің жемісті нәтижелері екені белгілі. Мектептің білім берудегі басты тұлғасы ұстаздар болса, дарындыларға даңғыл жол ашқан ХХІ ғасыр мектебінің іргетасын қаласып, білім сапасын өмір талабына сәйкестендіріп, кейінгі жас мұғалімдерге үлгі бола білген ұстаздар – Қанатова Гүлжиян, Тұяшева Какима, Төкестай Көшербай, Тілеужанова Шара, Қазиханов Серік, Мусағалиева Гүлмирам, Лұқпанов Хадыржан, Бекішев Мереке, Мыңбаев Аянбек, Шманова Нұржамал, Шоңыраева Мәншүк, Сейтақова Тамара, Ишанғалиева Айна, Қанаев Ерболат, Суханова Гүлшат, Ишанова Мерует, Байжиенова Агерке, Тапалова Менслу, Абдрахманова Ляззат, Бекишева Нұрсауле, Галимова Гүлназ, Ғаббасова Ұлдай, Жылқайдарова Алма, Оразов Қанат, Шахаева Райгүл. Бұл ұстаздар бүгінде шәкірттердің білім алуын, ізденіс тәжірибесін әлемдік өркениет талабына сай ұлттық үрдісте ұйымдастыра отырып, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруде, өмірде өз жолын өзі таңдауына бағыт-бағдар беруде абыройлы еңбектеніп жүр.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі – білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте, ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаздарымыз да баршылық. Олар облыстық «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізген үздік мұғалімдерге материалдық көтермелеу грантының иегері» Ш.Қ.Тілеужанова (2009), республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары А.Ә.Мыңбаев (2012), Ж.М.Шоңбаев (2013), С.М.Қазиханов (2014).

Мектептің бұрынғы және қазіргі табыстары өтіп жатқан торқалы тойларға шашу іспеттес. Бұл айтулы қос мереке – Сәкеннің 120 жылдығы, мектептің 90 жылдығы тек біздің мектептің мерекесі емес, бүкіл халықтың, түлектердің мерекесі. Сондықтан мектеп табысы мен оның мерекесіне барлығы ниеттес.



Еліміздің болашағы жастардың, мектептің, ұстаздардың, осы мерекеге қол ұшын беріп көмектескендердің – бәріне рақмет айтамын.

Жыл өткен сайын қабырғасы бекіп, көркейе түскен қара шаңырақ қазақ балаларын білімнің нұрлы сәулесіне шомылдырып, мәуелі бақша сияқты жайқалып, даралана бергей!

Е.Қ.Сапаров,

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған

С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ

мектеп-интернат кешенінің директоры.



Мектеп ұжымы. 2014 жыл

ОЗЫҚ ҮЛГІЛЕРДІҢ КӨШБАСШЫСЫ

Қазан айында Дарынды балаларға арналған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған қазақ мектеп-интернат кешенінің 90 жылдығына арналған мерекелік концертті болды. Облыстық қазақ драма театрында өткен бұл концертті көрген де арманда, көрмеген де арманда десе де болғандай. Концерт қазақ халқының ұлттық өнері – ұлт аспаптарын сезім қабілеттері арқылы нотасыз үйрету «Мұрагер» бағдарламасы бойынша оқитын 4-6 сынып оқушыларынан құралған мектеп оркестрінің орындауындағы халық күйі «Арнаумен» ашылды. Бұдан кейін сахна төрінде белгілі тележурналист Мұнайдар Балмолданың редакторлығымен мектеп-интернат кешені өмірінен сыр шертетін фильм көрсетілді.

Мектеп тарихынан: Мектеп 1924 жылы Орал қаласында сол кездегі Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллиннің ұсынысымен I және II дәрежелі жеті жылдық қазақ мектебі болып ашылды.

1936 жылы мектеп Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болды.



1964 жылы 22 мамырда мектепке С.Сейфуллин есімі берілді.

1991 жылы мектеп мектеп-интернат лицейі атанды.

1999 жылы 8 желтоқсанда мектеп Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені мәртебесін алды.

2008 жылы мектеп «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған қазақ мектеп-интернат кешені» атанады.

Облыстағы дарынды балалардың басын қосып, ғылым мен білім, ізгілік әлеміне жетелеп, тәрбиелейтін білім ошағы – Сәкен мектебі – еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері білім саласындағы озық үлгілердің көшбасшысы болып келе жатқан республикадағы инновациялық мектептердің бірі. Республикадағы дарынды балалар оқытылатын мектептерден бұл мектептің өзгешелігі жас ұрпақтың бойына ізгілік пен өнер-білім негізін қалыптастыру жолы ерте бастан, мектепалды даярлық тобынан, бастау алады. Жұмыс бағыты ізденіс, даму, қорытынды негіздеріне бағытталған мектеп ұжымы сапалы білім, сапалы тәрбие беру жолында тынбай еңбектеніп келеді. Сондай ізденістің, табанды күрестің қорытындысы мектепте бастауыш сыныптардың ашылуы: бастауыш сыныптардан бастап пәндік жүйеде оқыту; мектепалды даярлық тобынан бастап ағылшын тілін оқыту; мектеп физика-математика бағытында болғандықтан ой-өрісті дамытатын шахмат ойыны сабағын ашу; Ұлыбритания мектептерінің тәжірибесі бойынша бастауыш сынып оқушыларына кітап оқу дағдысын қалыптастыру үшін «Кітап оқу терапиясы» жобасы; Қазақ халқының ұлттық өнерін ерте жастан оқушылар бойына сіңіру үшін, ұлттық болмысымызға тән қағазсыз есте сақтау қабілетінің арқасында ұлт аспаптарын нотасыз үйрету, өнер тарихы, шығарма тарихы арқылы ұлттық болмысымызды үйрету бағытындағы ән сабағын «Мурагер» бағдарламасымен жүзеге асыруға қол жеткізді.

Білім беру жүйесін 7 бағытта дамытып отырған мектеп ұжымы жыл сайын байқау сайыстарында ең алдыңғы саптан көрініп, жеңімпаздар туын желбіретіп келеді, мектепте оқушы тәртібі алдыңғы орынға қойылуда. Осы бағытта мектепте «Білімді бейсенбі» шарасы арқылы аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен еңбегін үлгі-өнеге ету, солардың бірі – Сәкен өмірін терең білу үшін «Сәкентану» бағдарламасы жүргізілуде. Мұғалімдерді де, оқушыларды да ізденіске талпындыруда мектепте өткізілетін ашық сабақтар, байқаулар, сайыстар, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, өзара тәжірибе алмасу, шығармашылық топтар жұмысы да бір ғана бағыт – бүгінгі тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға бағытталған. Бұған қоса оқушыларды руханият ілімін алуға, моральдық адами қадір-қасиеттерге, өмір қайшылықтарын жеңе білуге тәрбиелеу мақсатындағы «Дарынды мектеп оқушысы оқуға міндетті 100 кітап» жобасы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті классиктерінің алтын қорындағы ең таңдаулы туындыларды оқыту маңызды орын алды. Ал балаларды бауырмалдыққа, мейірімділікке, қамқорлыққа, тазалық пен ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуде мектеп-интернат тәрбиеленушілері арасындағы «Шаңырақ» қоғамдастығы жұмысы арқылы



балаларды бір отбасындағыдай ағалы-інілі, апалы-сіңлілі қамқорлыққа баулу да жақсы жолға қойылған.

Мектепте «Жеке тұлғаны қалыптастыру тағылымы бағдарламасына» қоса оқушылардың өзін-өзі басқару «Жас ұлан» ұйымы жұмыс істейді.

Осы мектептің фильмінде көрсетілген марапаттау шараларының басы-қасында оқушыларға мейірлене қарап жүрген мектеп директоры Ерсайын Қадырұлы Сапаровтың озаттарды марапаттау сәтіндегі қуаныштан мәз болған келбетінен балаға деген ықыласты көреміз. Әйгілі мектептің әйгілі директоры «Бұл мектепке келген мұғалім қалай-солай жұмыс істеуге болмайды» дейді. Директор қойған талаптан шығып, білім сапасын қоғам талабына сай сәйкестендіріп жүрген мектептің аға буын ұстаздары – Г.Қанатова, К.Тұяшева, К.Төкестай, Ш.Тілеужанова, С.Казиханов, Г.Мусағалиева, Х.Лұқпанов, М.Бекішев, А.Мыңбаев, Н.Шманова, М.Шоңыраева, Т.Сейтақова, Е.Қанаев, Г.Суханова, М.Ишанова, А.Байжиенова, М.Тапалова, Л.Абдрахманова, Ұ.Ғаббасова, А.Жылқайдарова, Қ.Оразов, Р.Шахаева, жас мұғалімдер Ж.Шоңбаев, т.б. білім беруде балалардың ұшқыр ойларын оятып, жетелей білді.

Мектеп жанынан ашылған өнер мектебі бар. Одан бөлек мектептегі 4-6 сынып оқушылары арасындағы ән сабағы ұлттық педагогика негізінде жасалған «Мұрагер» бағдарламасы бойынша оқитын оқушыларынан «Атамұра» халық аспаптар оркестрі құрылды. Ұйымдастырылғанына 3 жыл болған оркестр қырыққа жуық шығармалар орындауды үйреніп, «Үлгілі өнер ұжымы» атанды. Сәкен мектебінің 90 жылдығына арналған мерекелік концерт шымылдығын ашқан бұл оркестрдің музыкалық жетекшісі Х.Елжанова болды. Ұыздай балалардың басын қосып, аспаптардың үнін бір дирижер таяғына бағындырған оркестр халық күйі «Арнау» мен «Жастар» биін шебер орындап шықты. Бұдан кейін оркестр сүйемелдеуімен республикалық «Дарындылар шоқ жұлдыздары», халықаралық «Күншуақ» байқауларының лауреаттары «Ай-наз» бишілер ансамблі «Тойбастар» биін билеп, залды бір серпілтіп тастады.

Республикалық сайыстардан жүлделі оралған оркестр мүшелері сахнаға шыққан мерекелік концертте облыстық ән байқауының лауреаты Әлихан Әжмұратов «Ұстазым», халықаралық «Ақ көгершін» байқауының лауреаты, II халықаралық «Волшебный путь искусства» байқауының алтын медаль иегері Анна Смирнова концертмейстер Лариса Садомскованың сүйемелдеуімен скрипкада Құрманғазының «Төремұратын», VI халықаралық «Ғұмырдария» байқауының лауреаттары «Арай» қобызшылар ансамблімен Ғайни Болатова халық әндерімен попури түрінде, республикалық «Айгөлек» байқауының жеңімпазы Перизат Асхатқызы «Отаным» әнін, оркестрдің сүйемелдеуімен 3-сынып оқушысы Альнура Мадихова мектеп түлегі Қарылға Жұматаеваның сөзіне жазылған «Мектебім» әндерін орындап сүйсіндірсе, «Татар» биін орындаған хореография бөлімінің мұғалімдері Айзада Жур依依依, Гүлдана Батырғалиева мен Аслан Тілеуғалиевтің өнеріне сүйсінген көпшілік разы болды. Ал халықаралық «Ақ көгершін» байқауының I дәрежелі лауреаты, II республикалық «Дарындылардың шоқ жұлдыздары» байқауының гран-при, халық биі жанрынан Қазақстан Республикасының абсолюттік чемпиондары,



«Алау» дуэті Рамина Нұрғалиева мен Ибраһим Бектұрған орындауындағы «Құсбегі» биін көрген көрермен хас өнерге тәнті болды.

Республикалық «Дарындылар шок жұлдыздары» байқауының лауреаты, халықаралық «Ғұмырдария» байқауының бас жүлдегері II халықаралық «Волшебный путь искусства» байқауының күміс медаль және «Үлгілі өнер ұжымы» атағының иегері «Атамұра» халық аспаптары оркестрінің орындауында Дарабайдың күйі мен Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының әншісі, осы мектептің ата-анасы Қанатқали Қожақовтың орындауындағы «Сары бидай» әнін, «Ай-Наз» бишілер ансамблінің орындауындағы «Қосалқа» биін де көрермен үлкен құрметпен қабылдады.

Концерт соңындағы «90 жыл» хореографиялық композициясы да, оркестр орындауындағы Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен концерттің аяқталуы да залдағыларды мектептің өнер әлеміне тағы да тәнті етті.

Рысты Халауқызы,

Орал қаласы,

13 қараша 2014 жыл, «Жайық ұстазы»

СӘКЕН МЕКТЕБІНІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «С.СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ СӘКЕН МЕКТЕБІ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

Өлеңнің құшағына сыя алмайтын.

«Қазағың қане?» -десе,

«Мінеки!» - деп,

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын.

Сырбай Мәуленов

ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАР СӘКЕНДІ ТОЛҒАНДЫРҒАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Жиырмансыншы ғасыр басындағы алмағайып кезеңде ұлт мүддесі үшін күрескен Алаш ардақтыларын зерттеп, ұлық істерін мадақтап жүргенде қызыл сұңқар Сәкенді көлеңкеде қалдырған жоқпыз ба деген ой туындайды. Алаш ардақтылары даламыздың дархандығы болса, Сәкендер асқар тауларымыздың биіктігі еді. Қырандар ғана биікте ұшып, биікке ұя салады. Құбылмалы заманда өз биігінде қалатын қазақтың біртуар ұлы Сәкен Сейфуллин. Профессор Тұрсынбек Кәкішов былай дейді: «Алаштың көздегені де, Сәкеннің, Сәбиттің көздегені де – қазақ халқының жайы. Бірақ олардың жолдары екі басқа болды. Алаш қайраткерлері демократиялық-ағартушылық бағытпен кетті, ал Сәкендердікі ағартушы-революциялық бағыт болды. Тез істеп, тез қамту мақсатын көздеген». Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері С.Сейфуллин киргиз-қайсақ болып жүргенімізде қазақ атымызды өзімізге қайтарып берген бір ғана ісімен де тарих төрінен орын алады. Мәселен, 1923 жылы 15 қаңтарда жазған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген



мақаласында: «Бүгінге шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді... Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда «ах ты, Палкан, киргиздан да жамансың!» дейтін болды. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз... Қазақстан орталық үкіметі «киргиз» дегенді қойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!» - деп жазды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тілінің есіктегі басын төрге сүйреген де Сәкен еді. Белгілі ғалым Т.Кәкішевтің көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде Сәкеннің тіл туралы жазған 9 мақаласы бұл күнге жетіп отыр. Атап айтсақ, олар: «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек», «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу», «Қазақстанның губерниялық һәм уездік исполком төрағаларының құлақтарына», «Не қылдыңдар?», «Қазақстанның орталық кеңес комитетінің III жалпы жиналысының қорытындысы», «Қазақстанның Заң комиссариатына теңеліндер», «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу», «Ашық хат». 1922 жылы 6-13 қарашада өткен советтердің III съезінде Сәкен Сейфуллин 28 жасында халық комиссарлар советінің төрағалығына сайланды. Ол сонымен қатар өзі негізін қалаған «Еңбекшіл қазақ» (кейінгі «Социалды Қазақстан», бүгінгі «Егемен Қазақстан») газеті мен «Қызыл Қазақстан» (кейінгі «Ауыл коммунисті», «Қазақстан коммунисті», бүгінгі «Ақиқат») журналының жауапты редакторы міндетін қоса атқарды. Халық комиссарлар советінің төрағалығы қазіргі премьер-министр лауазымына тең келетін республикадағы ең үлкен қызметтердің бірі болатын. Сәкен Сейфуллин осы лауазымда отырып, ұлт мүддесі үшін күресті. Мемлекетіміздің, ұлтымыздың «қазақ» атын заңдастырды, қазақтың тілін мемлекет тілі етуге, қолдану аясын кеңейтуге бар жанын салып еңбек етті. Ол «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» атты мақаласында: «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда ылғи қазақ тілінде жазып отыру керек. Қалалардағы мекемелер қазақша жазылған сөздерді алып тексеріп отыруға міндетті. Күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар. Енді қазақша хат білетін кісілер де бағалырақ болу керек», - деп жазды. Сәкеннің арманы жиырмасыншы ғасыр аяғында жүзеге асты. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті атандық. Мемлекеттік тіліміз заңмен бекіді. Іс-қағаздарын да қазақ тілінде жүргізе бастадық. Дегенмен Сәкеннің аруағының алдында әлі де ұяттымыз. Әлеуметтік өміріміздің барлық саласында іс қағаздар қазақ тілінде жүрсе деп армандаумен келеміз. Кеңсе тілі болмай қазақ тілінің көсегесі көгермейді деп Сәкен ескерткен.

«Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» мақаласында сол тұстағы туындаған күрделі мәселелерге талдау жүргізеді. Жалпыресейлік Коммунистер партиясының 12-жиылысындағы қарарға түсініктеме береді: «Бұрын патша заманында кемдікте болған, қазір автономия алған уақ халықтардың жерлеріндегі мекемелердің істері де сол уақ халықтардың ана тілдерінде жүрсін», - деген деп таратып айтып береді. Қазақша іс жүргізетін маман кадрлардың аздығын айта келіп, «қазіргі бұл іске шындап кіріскенде әр



губернияның істейтін істері – қазақша хатшылық курстарын ашып, қырға, болыстарға хатшы боларлық кісілер даярлау. Бұған бар күшті жинап, аямай кірісу керек», - дейді. Қазақ тілінде іс жүргізуді бір уақытта төменнен де, жоғарыдан да бастау керек екенін, сол кезде ғана іс нәтижелі болатынын дәлелдеп отырады.

С.Сейфуллиннің «Не қылдыңдар?» деген мақаласында Қазақстанның орталық кеңесі комитетінің жаңада болып өткен 3-ші жалпы жиылысы «Қазақстанда қазағы көп жерлерде мекеме істері қазақ тілінде жүрсін, бұл алдымен болыстарда басталсын», - деп қаулы қабылдағанын анық көрсетеді. Осы мақаласында Ақмола, Семей, Бөкей, Қостанай губернияларында қазақ тілінде іс жүргізу әлі дұрыс қолға алынбағандығын, іс басындағы кісілерде белсенділік жоқ, уайымшыл, жігерсіз, ынтасыз екенін айта келіп, «Қазақ тілін жүргізу ісі қиын болса, сондай-ақ болар. Бұған жалпы ынта, қажымас қайрат керек», - деп алған істен қайтпайтын табанды басшы ретінде рух беріп отырады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында да қазақ тілінің тұғырын тұрлаулы қылу үшін Сәкен айтқан ынта, қажымас қайрат бізге әлі де керек. Тіл төңірегінде атқарар қыруар шаруа бар.

Сәкен Сейфуллин қазақ елінің ұлттық орналасуын жақсы білген. Ол: «Біздің Қазақстанның көп жерлерінде орыс пен қазақ аралас. Сол себепті орыс пен қазақ аралас отырған жерлердің кеңселеріне қазақша әм орысша жазуды бірдей білетін адамдар қазіргі уақытта бағалырақ болады», - деп тұжырымдайды. Бұл тұрғыда Сәкеннің көзқарасы қазіргі айтылып жүрген үш тілдің бірлігі саясатымен үндесіп жатыр. Қазіргі қазақ қоғамы жаһандық дамуға ілесу үшін үш тілді игеру қажеттілігі – күннен-күнге дәлелденіп келе жатқан шындық. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ілесу, өркениетке жету кілті.

Сәкен қолына билік тисе, ұлт ісінен алшақтап, көпшіл, халықшыл, адамзатшыл болып кететін бүгінгі басшылардан биік тұр. Ол Кеңес үкіметі тұсында атқа мінген ірі басшы бола тұра лауазымын ұлт ісі үшін барынша пайдалана білген. Басына төнер қара бұлтты, қауіп-қатерді біле тұра мақсат-мүддесінен қайтпаған қыран мінез, дегдар тұлға.

Сәкен күллі қазақтың сауатын ашуға ұмтылған Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлын ардақ тұтты. Өз басына төніп тұрған қауіп-қатерге қарамастан, жоғары билік қолдамаса да 1923 жылдың бас кезінде Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толуы құрметіне орай салтанатты жиынды ұйымдастыруға басшылық етті. Осы жиынның ашылуында: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйетін ұлтшыл. Ұлтын сүюдің зорлығынан «Алаш» партиясында болды, сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына кірді. Байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек, таза ұлтшыл жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу хәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай», - деп сөз сөйлеген еді. Сол ұлы Ақаң айтқан «өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деген тұжырымдар



көкейіне қонған Сәкен тіл майданының нағыз күрескері еді. Ол «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын, іс қағаз қазақ тілінде жүргізілсін, ол қазақ аудандары мен болыстарында 1924 жылдың 1 қаңтарынан шілдеге дейін жүзеге ассын. Ал 1 шілдеден ары қарай қазақ пен орыс аралас отырған жердің барлығында да іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін», - деп декрет шығарып берді. Бұл қазақ тіліне берілген мемлекеттік мәртебе еді. Сұңқар Сәкеннің арманы, саяси-әлеуметтік күресі кеңестік саясат шеңберінде жүзеге аспады. Ұлтжанды азамат қапасқа түсті, орға жығылды. Сәкен мінген ақбоз ат, ер тоқымсыз бос кетті. Дегенмен ата-бабамыз «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», - деп тегін айтпаған екен. Артына қатпарлы тарих тастап Кеңестер дәуірі де өтті. Алаш ардақтылары, төңкеріс тарландары армандаған тәуелсіз Қазақ елі аспанында көк туымыз желбіреп тұр. Сәкеннің арманы жүзеге асты, қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі тіл, бірі – ділің жүректегі», - деп ХІ ғасыр ғұламасы Жүсіп Баласағұн айтқандай, Қазақстан халқының тірегі де, достық, ынтымақтастықтың өзегі де – мемлекеттік тіл. ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін, ал 2020 жылға қарай 95 пайызға жеткізу міндетін қойған болатын. Осы міндет межесіне шығу қазақ тілінің мұғалімдерінің ғана емес, барлық қоғам мүшелерінің абыройлы ісі болмаққа керек. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асса да қазақ тілі өзіне лайық төрге әлі де шыға қоймады. Белгілі орыс ғалымы В.И.Даль: «Егер тілге өзінің табиғи тамырынан, сөлінен өніп, ішкі қуатынан қайнап шығуға мүмкіндік бермесе, онда ол білім беру үдерісіне де, заманауи қажеттіліктерге де ілесе алмайтын күйде қалмақ», - деген еді. Қазақ тілі кей салаларда аударма тілі деңгейінде қалып отырғаны – шындық. Қазақ тіліне табиғи және саяси еркіндік керек. Жоғары білік пәрменді заңмен қазақ тілінің қажеттілігін, сұранысын тудыруы қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ғылым, білім тілі, бизнес тілі, банк тілі, экономика тілі, сыртқы қарым-қатынастар тілі ретінде өркендеп, барлық саладағы жетекші тілге айналуы үшін толық мүмкіндігі бар. Бұған жетілген грамматикалық категориялары мен бай лексикалық қоры дәлел. Әлемнің алдыңғы қатарлы отыз елінің қатарына ену үшін лингвистикалық егемендік қажет. Ал оның көрсеткіші мемлекет құрушы титулдық этнос – қазақтардың ана тілінің, мемлекеттік тілдің әлеуметтік қызметі қоғаммен бірдей жарыса өркендеуі болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзіне жүгінсек, «жалпы гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шыңдау деген сөз – қоршаған ортаны парықтап-бағдарлаудың бір құрамын жетілдіру деген сөз».

Қазақ тілі – халқымыздың рухы, жаны. Тіл мәселесі қазақ бар жерде қашанда өзекті болып қала бермек. Тіл үшін күрескендердің атақ-абыройы қашанда өзгелерден биік тұрмақ, асқақтай бермек. Таулар алыстаған сайын биіктейді. Сұңқар Сәкен, сұлу Сәкен, ақын Сәкен қашанда өз биігінде қалмақ.

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы,

филология ғылымдарының докторы, профессор.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті



Қадірлі ағайын!

Бір ондықсыз ғасырлық тарихы бар ұлттық үлгідегі мектептің ұстанымына айналған айшықты білім ордасының 90 жылдық торқалы тойын өткізіп жатқан мектеп ұжымының еңбектегі талабына дәт, ісіне сәт тілейміз! Осы отырған бәріңізге мектептің ғасырлық тойына жетуге Алла тағала нәсіп етсін!

Тұңғыш қазақ мектебі

*Кемедейін айдында жүзіп арман,
Шақырды ма әлде оны қызық арман
Мәңгі бақыт емес пе қазақ үшін –
Бұл Оралда Сәкеннің ізі қалған.
Бұл қаланы жат жандар жайлады өктем,
Ақын соның бәрін де ойлады еппен.
Қалың топтың ішінен көрінбейді,
Қаракөздер, япыр-ау, қайда кеткен?!*

Ғайса-Ғали Сейтақ

Ардақты ағайын! Қадірлі меймандар!

Осыған дейін де бұл мектептің сан мәрте мерейтойлары аталып өткен. 2007 жылы мектеп ұжымы «Сәкен мектебі» атты тым жақсы, көлемді, мазмұнды кітап шығарған екен. Еңбекке мұрағат деректері, естеліктер, мектеп тарихынан сыр шертетін көне суреттер, мектепке әр кезеңде ат басын тіреген президент пен министрдің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен жазушылардың, бір сөзбен айтқанда, алты алашқа танымал қасқалар мен жайсандардың қолтаңбалары, әр жылдардағы мектеп түлектерінің, ұстаздардың, мектеп директорының, журналистердің жазбалары, т.с.с. дүниелер топтастырылған. Оның бәрін бүгінгі бір баяндамада қамтып шығу мүмкін емес. Аталмыш кітапта жинақталған бар деректер мен естеліктерді қорытып және соңғы жылдары табылған тың деректерді ғылыми айналымға тартып, мектептің 90 жыл тарихындағы ең негізгі, басты-басты деп ұйғарған мәліметтерді елпекшеп, қысқаша түрде Сіздерге ұсынбақпын. Қабыл алыңыздар! Бүгінгі баяндаманың тақырыбы: «Өткен тарих – ұрпаққа өнеге (1923-1991жж.)».

Қымбатты қауым!

Қазір біз қабырғасында тұрған киелі қара шаңырақ, дүбірлі даңқына алаш баласы дүркірей қол соққан Оралдың әйгілі 11 мектебі батыс қазақстандықтар үшін несімен қымбат, несімен қадірлі? Тереңнен зерделеген жанға кешегі бодан заманда ұлт мүддесіне қызмет қылған, ұлт намысын жыртқан, ұлт жұмысына жегілген нәрсенің бәрі де ұлы. Біз оны қазір соншалықты сезінбеуіміз де мүмкін. Жат жұрттың жетегінде жаутаңдап өмір сүрген заманда өңірімізде ұлттық сананың қалғымауына, ұлт рухының жасымауына, ана тілінің «өлмеуіне» қалтқысыз қызмет жасаған мектептің тарихи миссиясын сөзбен айтып жеткізу мүмкін бе?! Біз, Қазақстанның батыс аймағы, нағыз отаршылдықтың, орыстандырудың өтінде болған өңір екенімізді үнемі естен шығармағанымыз жөн. Өйткені Орал – Қазақстанның Ресейге шығатын батыс қақпасы саналатын шекаралық қала. Кеңес дәуірінде Қазақ даласын «орыстандырудың ең төте



жолы – мектеп» болғанын қазір отандық ғалымдар зерттеуде. Оған дәлел – кеңестік-коммунистік режим тұсында еліміз бойынша жүздеген, тіпті мыңдаған қазақ мектептерінің бірінен соң бірі толассыз жабылып жатуы. Кеше ғана Елбасының Ұлытаудағы ұлт туралы толғанысын кеңінен тарқатып саралаған, өзіміздің «Орал өңірі» газетінде жарық көрген «Қазақ тарихын сүю – қазақ халқын сүю» атты мақаламызда Кеңес үкіметі жылдарында облыс орталығындағы жалғыз-ақ қазақ мектебі С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп болғанын ерекше атап көрсеткенбіз. Осы орайда бүгінде ұлт мақтанышына айналған, осы мектептің жарқын түлегі, Ақұштап Бақтыгереева апамыздан асырып айту қиын:

Ана тілге туғанда қаралы күн,
Жоқ-жұқаға пана боп қала білдің.
Қамқор әке, анамдай әлпештедің,
Он бірінші мектебі Оралымның.
Өз тілінде сайрайды бала құрбым,
Сен өсірдің талайын саналы ұлдың.
Сан ұрпақты сақтадың мәңгірттіктен,
Он бірінші мектебі Оралымның.

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі көтерілген тақырыптың мәнін аша түсу үшін тарихқа сәл шегініс жасағанымыз дұрыс. Қазақтың белгілі ағартушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-ақын Сәкен Сейфуллин 1923 жылы қазан айының 14-24 жұлдызы аралығында Оралға келеді. Ол туралы зерттеушілік ғұмырын сәкентануға арнаған, елімізге белгілі һәм бірегей ғалым Тұрсынбек Кәкішев еңбегінде: «Совнарком председателінің Оралға келуін асыға күткендер көп екен. Жаңалықтың жаршысы – журналистер алдымен жетіп, Сәкеннен интервью алып кетті. 1923 жылы 16 октябрьде «Қызыл ту» мен «Красный Урал» газеттері «Қазақ халқының өркендеуі туралы С.Сейфуллиннің ойы» деп Сәкеннің қолы қойылған мақаланы жариялайды. Кейін ол уездік съезді өткізбек боп, Жымпитыға жүріп кетті...» - деп «соқырға таяқ ұстатқандай» жазылған. Сол Оралға келген сапарында Сәкен түскен мейманхана-үйдің суреті **(1-сурет)** бүгінге дейін сақталыпты. Бұл сурет мектептің фотоқорында бар. Сол кезеңде қазақтар тығыз қоныстанған аймақ болғанымен, облыс орталығында қазақша білім беретін бірде-бір мектептің жоқтығы, қазақ балаларының облыс орталығындағы оқу орындарында бірен-саран ғана кездесуі ұлт болашағын ойлаған ұлтжанды азаматқа үлкен ой салған болуы керек. Сол келген сапарында С.Сейфуллин жоғарыда аталған «Красный Урал» газетіне (1923ж. 16 қазан, № 233) **(2-сурет)** мақала жазып, білім беру мәселесіне ерекше тоқталған және қазақ мектебін ашу туралы ұсыныс енгізгені мұрағат деректерінен белгілі.

Ел тәуелсіздігімен бірге Сәкен Сейфуллин туралы қазақ зиялылары арасында қызу пікірталастың басталғанын және оның әлі қазақ мерзімдік баспасөзінде саябырси қоймағанын ерекше атап өткен жөн. Оған күні кеше «Ана тілі» газетінің 9-15 қазандағы санында жарық көрген академик Серік



Қирабаевтың сұхбаты дәлел. С.Қирабаевтың деректеріне сенсек, күнделікті қызметте де Сәкеннің ұлт мүддесі тұрғысында тындырған көп еңбегі бар. 1923 жылы Орынборда ІІІ партия конференциясы болады. Оған сол кездегі Орталық Комитеттің хатшысы Емельян Ярославский келген. Сәкен ол кезде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы. Сонда Сәкен бастаған қазақтың 14 коммунисті Ярославскийдің атына хат жазған. Онда: «Қазақ автономия (Киргизская автономия) алғанмен, елде қазақтың ұлттық мүддесін ойлап отырған ешкім жоқ. Біз әлі бұрынғыша орыстардың билігінде отырмыз! Бізде қазақша шығатын газет-журнал, баспасөз жетімсіз. Бізде кітап басу ісі деген жоқ! Қазақ тілі мемлекеттік статус алмаған. Мемлекеттік іс жүргізу қазақ тілінде жүрмейді», - деп жазған. Бұған ерекше тоқталып тұрған себебіміз - мұның бәрі сол жылдардағы бір-бірімен тізбектесе байланысып жатқан ұлт мұраты жолындағы атқарылған іс-шаралар.

Сөйтіп, Сәкен айтқан ұсыныс орындалып, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы тапсырмасының негізінде губерниялық атқару комитеті Орал қаласында қазақ балалары үшін 1924 жылы қазан айында І және ІІ дәрежелі жеті жылдық мектеп пен жатақхана ашқан. Мектеп Жымпиты, Гурьев, Илецк, Калмыково және т.б. уездердің балаларымен толықтырылған. Тарихи деректер бойынша сол кездегі қызыл кірпіштен салынған мектеп үйі қазіргі Некрасов және Почиталин (Сүндетқали Есқалиев) көшелерінің қиылысында, жатақханасы қазіргі М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті маңында болған.

Алғашқы қазақ жеті жылдық мектебіне № 1 балалар үйінен 40 оқушы, қазақ қыздары коммунасынан 16 қыз келіп қосылады. 1924-1925 оқу жылдарында оқушылар саны 100-ге жетіп, жыл аяғында 160 балаға дейін көбейген. Бұдан оқушыларды мектепке қабылдау жыл бойы үзіліссіз жүргізілгенін көреміз. Алғашқы мектеп директоры болып Муньянов Хұсни есімді азамат тағайындалған. Ол Орынбор мұғалімдер гимназиясын бітірген, Атырау облысының тумасы. Бастапқы кезде мұғалімдер ұжымы тек 8 адам болған. Олар: Қаратаев Ғали (қайраткер Б.Қаратаевтің інісі), Камалов Сүйіндік, Варлов Лев Михайлович, Баймұхамедов Абдрахман, Шагиев Исмензен, Бурабаев Дүйсенғали, Қазиев Хайджан, Кондрахин Александр сынды айтулы ұстаздар.

Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатында «Қызыл Ту» газетінің (1925 жылы 16 сәуір № 26) санында тұңғыш рет Оралда 7 жылдық мектеп-интернат ашылғаны және жергілікті бюджеттен 13500 сом бөлінгені туралы мақала жазылған. Ол мектептің ашылу мақсаты:

1. Қазақ балаларын өз ана тілінде оқытуды жақсарту;
2. Шалғай аудандарда тұратын еңбекшілердің балалары интернатта жатып, білім алуына мүмкіндік жасау;
3. Оқу тәрбие үдерісін кеңейту үшін материалдық-техникалық базасын жасау.

Осы орайда тыңдарманның назарын мына мәселеге ерекше аударғым келеді. Бұл мектеп бастапқыда жартылай панасыз балаларға арналып ашылған



мектеп екенің бүгінде біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. 1921 жылдың жазында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің декретімен Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары аштық жайлаған аудандарға жатқызылды. Аштыққа індет қосылды. 1922 жылдың маусымына қарай Батыс Қазақстанда аштыққа ұшырағандар мен аурулардың жалпы саны 82 пайызға дейін жеткен. Түйіп айтсақ, Азамат соғысынан кейінгі күйзеліс, жоқшылық, қайыршылану халықтың әлеуметтік жағдайын тұйыққа тіреп, әсіресе жетім, қаңғыбас, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған ашқұрсақ балалар саны күннен-күнге көбейе түскен. Біздіңше, осы жайтты сол кезде өз көзімен көрген Сәкен ағамыз жетім қалған қарағөз жеткіншектерге мектеп ашудың кезек күттірмейтін іс екенін тереңнен түсінген. Бір назар аударарлық нәрсе, Кеңес Одағы кезінде өңірде болған осы аштықтар туралы көп айтылып, жазылған жоқ.

1925-1927 жылдар аралығында мектеп кітапханасы жабдықталған. Мектеп оқушыларының өзіндік киім үлгісі болған. 1933-1934 оқу жылында алғашында № 4 мектеп атанған осы білім ұясынан 7 класстық білім алып шыққан тұнғыш түлектер үлкен өмірге қанат қаққан. Олардың тізімі сақталған.

1934 жылы қазақ мектебі үшін қазіргі Темір Масин көшесі бойынан арнайы ғимарат салынған (№ 15 мектеп болған үй, қазірде жеке кәсіпкерлер үйі). 1934-1935 оқу жылдарында мектепте 760 бала оқыған, оның 399-ы 1-4 кластар, ал 361-і 5-8 кластарда оқыған. Мұғалімдер саны 18-ге жеткен. Сол кездегі мұғалімдерден Б.Мұхитова, Ұзақбаев, З.Садықова, Батина, Әлсейітов, т.б. есімдерін келтіруге болады.

Қанатын кеңге жайған №11 мектеп (бұрынғы № 4 мектеп) 1936 жылы Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болу дәрежесіне жеткен. Орал қаласындағы тұнғыш қазақ мектебінің түлектері Ұлы Отан соғысы жылдарында қолына қару алып соғысқа аттанды. Сол соғыста көптеген азаматтар ерлікпен қаза тапты. № 4 қазақ мектебін бітірген жігіттер Отан қорғауға бірінші кезеңнен араласып, перзенттік, азаматтық борышын өтеп жатқанда, кейбір осы мектепті бітірген ару-қыздар 1942 жылы институттың II курсынан өз еркімен майданға сұранған. Өз еркімен майданға аттанған 600 қыздың ішінде мектеп түлектері Рахметова Ғарифа, Науышова Зылиха, Ақжарова Қатира болған. Қатира әжеміздің осыдан он жыл бұрын жазған естелігін оқыған адамның ет жүрегі елжіреп, дүниесінің тебіренбеуі мүмкін емес! Сол жылдардағы қазақ қыздарының ерлігі мен жаяу жүректігіне ерекше тәнті боласыз.

Мектеп Ұлы Отан соғысы жылдарында (1943-1945) госпиталь қызметін атқарған. 1945 жылы қалалық Кеңес шешімімен (№ 150 10.04.45) қайта қазақ мектебі салынып, госпиталь қызметінен босатылған. Осы мақсатта №11 ФЗО – ның мемлекеттік өзен жүзу мекемесінің орнын қазақ орта мектебіне берген.

Осы кезден бастап №11 мектеп атала бастаған. Бұдан кейін де мектеп сан өзгерістерге ұшырады. 1948 жылы ер балалар және қыз балалар пансионаты болып екіге бөлінген. Пансионда соғыс жылдарында жетімдік көріп, аш-жалаңаш қалған балалар тәрбиеленген. Бұл жылдарда тәрбиеленген пансионат балаларының өзіндік киім үлгісі болған. 1950 жылдардан бастап мектеп түлектері білімдерінің терендіктерін көрсетіп Мәскеу, Алматы т.б. Одақтың



үлкен қалаларының жоғарғы оқу орындарына түсе бастаған және сол жылдары алтын, күміс медальға бітірушілердің саны ерекше көп болған.

1954 жылы ер балалар пансионаты мен қыз балалар пансионатын қайта қосқан. Оқыған жерлері қазіргі Достық даңғылы мен Пугачев көшелерінің қиылысындағы пединституттың бұрынғы көркемсурет-графика факультетінің орналасқан үйі (қазіргі А.С.Пушкин қонақ үйі).

1964-1965 оқу жылдары Орал облыстық атқару комитеті Қазақ ССР-і министрлер кеңесінің 1964 жылғы 22 мамырдағы №342 қаулысы бойынша мектептің 40 жылдық, Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойларына байланысты мектепке ақын есімі берілді. Содан бері Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ орта мектебі болып аталып келеді. 1978-1979 оқу жылы жаңа үлгімен салынған мектеп үйі берілді. 1987 жылдан бастап бастауыш сыныптар ашылып, қала балалары өз ана тілінде білім ала бастады. 1991-1992 оқу жылынан бастап педагогикалық ұжым мектеп-лицей дәрежесін алу үшін эксперименттік бағдарламамен жұмыс жасай бастады.

90 жыл тарихы бар мектептің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан директорлар есімін әсте ұмытуға болмайды. Айталық:

1. Муньяков Хусни (1925-1928)

2. Көшекеев (1929-1931)

3. Ш.Қосанов (1931-1935)

4. Өтепов (1935-1936)

5. Сәрсен Ақмұрзин (1936-1938)

6. Ғабдош Мектешев (1939-1942)

7. Шапен Булкашов (1941-1942). Осы ретте мына нәрсеге ерекше тоқталғым келеді. Мектеп ұжымы деректерді тіркептеп жинап, мектеп тарихын түгендеуде орасан зор жұмыстар атқарып жатыр. Олай дейтін себебім Ш.Булкашовтың осы мектепте директор болғаны туралы тың деректер мұрағат қорларынан жақында ғана табылып, енді-енді ғылыми айналымға қосылуда. Бұған дейін ол кісінің бұл мектепте директор болғаны туралы еш дерек болмаған еді.

8. Ә.Рахметуллин (1942-1945)

9. Сахи Жақсымбетов (1945-1946)

10. Латиф Қарасаев (1946-1948)

11. Ғұсман Дәулетқазиев (1946-1948)

12. Саукей Сағидуллин (1948-1956)

13. Қ.Досмағамбетов (1956-1960)

14. Жәлел Самарқанұлы Самарқанов (1960-1977)

15. Мариям Мамайқызы Абдушева (1977-1989)

16. Ерсайын Қадырұлы Сапаров (1989 жылдан қазірге дейін). Жоғарыда есімдері аталған мектеп директорлары өз заманында халқына адал қызмет істеген абзал жандар. Осы мектепте әр жылдары еңбек еткен Үздік ұстаздардың есімдерін толық айтып жатуға қазір уақыт тар. №11 мектептің түлектері ішінен мұқым қазаққа мәшһүр мемлекет және қоғам қайраткерлері, қырыққа жуық ылым кандидаты, оннан аса ғылым докторлары, оқу-ағарту мен мәдениеттің, өнер мен спорт саласының небір саңлақтары мен майталмандары шықты.

Жанабек Жақсығалиев,

тарих ғылымдарының кандидаты 16.10.2014

Орал қаласы



АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ МӘНГІЛІК

Халқымыздың ардақты азаматы, жаңа дәуір әдебиетінің іргетасын қаласқан талантты жазушы, қоғам мен мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын есімі берілген мектепте оқытып, тәлім-тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Соңғы жылдарда әдебиетті оқыту бағдарламасында 6-7 сыныпта үш-төрт өлеңі, ал 11-сыныпта аз сағатпен монографиялық тұрғыда оқытылып жүр. Бұл біздің мектеп үшін ұлы тұлғаны толық танытуға аздық етеді.

1924 жылы Оралда тұңғыш қазақ мектебінің ашылуына тікелей еңбек сіңірген, туған халқының жасөспірім ұл-қызы үшін бақытқа жол ашқан көрегендігін қалай ұмытамыз. Ел басынан өткен тарихтың қиын күндерінде «тар жол, тайғақ кешумен» өз басын өлімге тіге жүріп күрескен күрескерлік бейнесін, халық қамқоршысы болған қоғамдық қызметтерін, Оралға келу сапарларының мақсат-мүддесін мектеп тарихымен байланыстыра іс-шаралар өткізу №11 мектепте көптеген жылдардан бері дәстүрге айналған. Ол шаралар тек әдебиет пәні сабағында ғана емес, үйірме, тәрбие сағаттары, әдеби кештер, «Сәкентану» курстық бағдарламасымен кеңейтіле откізіліп келеді.

Ақын ағаның туған күні мен жазықсыз жазаланған күндерін еске түсіру мақсатында апталық, айлық тәрбие жұмыстары өткізіліп, мәнерлеп оқушылар байқауы, оқушылар шығармашылығы мен өз өлеңдерін шығарып, шығармалар жазып, ғылыми жұмыстармен шұғылданады. Мектеп сахнасында Сәкен Сейфуллиннің бейнесін сомдайтын көріністер мен драмалық шығармаларынан үзінділер көрсетуге мектеп оқушылары үлкен белсенділікпен қатысады.

«Сәкентану» курстық бағдарламасы бойынша өтілетін тапсырма-ларда сан-саналы, әдебиет пәні бағдарламасына еңбей қалған шығармаларын кең көлемді таныту, талдау жұмыстарына қоса Астана және Ақадыр ауданының Қарашілік елді-мекендеріндегі мектеп мұражайларымен, сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішевпен хат арқылы хабарласып, пікір алмасып тұрылады. Т.Кәкішев бір хатында ғылыми жұмыспен айналысатын оқушыларға: «С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығын зерттеуге үлес қосқандарыңа қуаныштымын. Сәкен шығармаларын зерделей оқысаңдар өзінен-өзі тақырып айқындала бермек. Жалғыз Орал өңірімен шектеліп қалмаңдар. Бүкіл қазақ елінің мәселесіне Сәкен арқылы араласуларыңа болады» деп кеңес берген болатын (14.02.2000 жыл).

С.Сейфуллиннің 100 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған мұражай жұмысы үнемі мектептің ұзақ жылғы тарихына байланыстырыла откізіліп келеді. Мектеп оқушылары ғылыми жұмыстар жазып, тарихи мәліметтер жинастырады. Осындай жүйелі жалғасын тапқан жұмыстардың қорытындысы іспетті Аянбек Мыңбаев С.Сейфуллиннің 120 жылдығы мен мектептің 90 жылдығы қарсаңында конференцияға әзірленіп, жоғарғы оқу орнындарының ғалымдарымен бірлескен дөңгелек үстел өткізіп, мектеп оқушыларының білік-танымдарын өсіруге үлкен шығармашылық жұмыс атқарды. Мектептің қазақ тілі мұғалімдері, оқу бөлімінің меңгерушісі К.Төкестай, Ш.Тілеужанова,



Г.Атош, А.Байжиенова, Д.Имашева, Ш.Ығылманова Сәкен Сейфуллин оқуларын, мектеп түлектерімен кездесу кештерін, ардагер ұстаздарға құрмет көрсетуге арналған тәрбие сағаттарын өткізіп отырады.

Мектеп – оқушылары жылма-жыл өсіп, алды оқуын бітіріп, соңы оның ізін басып отыратын, үнемі жаңарып жаңа толқынмен өмір теңізіне тынбай толассыз ағатын үлкен өмір шаңырағы. Кейінгі жеткіншектерді алдыңғы түлектер оқыған, білген тарихи деректермен, Сәкен аталарының өмірі мен шығармашылығынан мол мағұлматтармен танысу үшін «Сәкентану» курстық бағдарламасы 5-7, 8-9, 10-11 сыныптар аралығында оқушылардың жас ерекшелігіне сай өткізілгені дұрыс. Қазақ тілі мұғалімі Г.Атош 9-10-сыныптарында 2013-2014 оқу жылы, биылғы оқу жылынан Н.Шхан 5-7-сыныптармен 10-сыныпта өзінің авторлық бағдарламасымен «Сәкентану» курсын жүргізіп келеді. «Сәкентану» курстық бағдарламасы өз жалғасын тауып, осы атаумен аталатын кабинет жабдықталса, мектепке есімі берілген, ашылуына еңбек сіңірген халқымыздың аяулы ұлы, алаштың ардақты азаматы Сәкен Сейфуллин рухына құрмет көрсету бұрынғыдан да артып, оқушылардың білім мен тәрбиесі жақсара түсеріне сеніміміз мол.

С.Сейфуллиннің 120 жылдығы мен мектептің 90 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында мектеп ұжымы 2013-2014 оқу жылын үлкен табыспен аяқтады. Мектеп бітіруші түлектер ҰБТ тапсыруда жоғары көрсеткішпен өздері қалаған оқу орындарына түсті. Мектеп оқушылары жылма-жыл олимпиада, ғылыми жұмыстардың жеңімпаздары қатарынан танылуда. Мектеп ұстаздары үлкен білім жарыстарында іс-тәжірибе жетістіктерімен алдыңғы қатарда болып, түрлі сайыстардың жеңімпаз атануда. Мектептің басшылық қызметі мектеп директоры Е.Қ.Сапаровтың ұйымдастыруындағы іс-тәжірибесінің жоғарлығына үлкен табыстар мен жетістіктер айғақ болатын болса, республика бойынша озып шыққан он мектептің алдыңғы екінші орынын иеленуі көпшілікті қуантқан үлкен жетістік деп білеміз. Бұл жетістік бір жыл емес, соңғы жиырма-жиырма бес жыл бойы жалғасын тапқан жақсылықтың бірі. Мектеп ұжымына мерей той қарсаңында үлкен табыстар тілейміз. Еңбектеріңіз жанып, білімді, тәрбиелі оқушылардың ұстаздары деген ардақты атқа ие болып, шығармашылық жетістіктерің арта берсін!

Есқазиева А.А.

*Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, ардагер ұстаз*



Конференциядан көріністер



БІР ҒАСЫР ӨНЕГЕЛІ СӘКЕН МЕКТЕБІ

2024 жыл – Орал қаласындағы «Білімнің қара шаңырағы» атанған Сәкен мектебі үшін ерекше жыл. Себебі биыл қазан айында кейіннен мектепке есімі берілген XX ғасыр басындағы жаңа қазақ қоғамының көшбасшысы, дауылпаз қаламгер Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл, оның қамқорлығымен ашылған тұңғыш қазақ мектебіне 100 жыл толады.

Жыл басында мектеп директоры А.Хамзина облыстағы осы салаға жауапты мамандар, зиялы қауым, ардагер ұстаздар мен ата-аналар, еңбек ұжымы, мектеп түлектері алдында мектеп тарихындағы бұл үлкен мерейлі мерейтойдың салтанатты ашылу рәсімін жасап, өткізу жоспарымен таныстарды. Мерекелі жылдың алғашқы жаршысы «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» көркем буклеті мен «Сәкен мектебі» газеті бетіндегі мектеп басшысының «Ғасыр биігіндегі Сәкен мектебі» мақаласынан 100 жылдық қарсаңындағы мектептің сүбелі табыстарын, «Тарих қойнауындағы сыр» естелігінен (авт. А.Бегешов, дербес зейнеткер) осы кезге дейін белгісіз болып келген 1941-1942 жж. мектепті басқарған Бұлқашев Шәппеннің өмір жолын, «Алғашқы мәдени жорықтар» естелігінен (авт. А.Білялиев, дербес зейнеткер) сол заман бейнесін, ақынның 130 жылдығына арналған мектеп мұғалімі Д.Имашеваның «Сәкен салған сара жол» мақаласынан мектеп ашудағы Сәкеннің тарихи еңбегін ой санамызда қайта жаңғыртып, мектеп түлегі, БҚМУ ғылым-ұстазы Р.Сұлтанғалиеваның «Түлектер тілегі – мектеп мерейі» еңбегінен ыстық сәлемін, мектеп шәкірттерінің оқу тынысын білдіретін мақалаларын оқып білдік.

Қазір мерекелік жоспар бойынша жауапты адамдардың ұйымдас-тыруымен алуан түрлі оқу-тәрбие жұмыстары, көпшілік мәдени іс-шаралары, газеттер шығару, кездесулер, т.б. өткізіп жатқанын оларға қатынасып, теледиар хабарларынан, баспасөз беттерінен, әлеуметтік желіден біліп отырмыз.

Осыған дейін де мектептің 70, 75, 80, 90 жылдықтарын атап өткеніміз есімде. Естелік айтқандай боламыз ғой... С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернат-лицейіне жұмысқа орналасқанымызға да биыл қыркүйекте 30 жыл толады.

Ол уақытта кеңес заманынан мұғалім болып ауылда, қалада еңбек етіп, тәжірибе жинаған байырғы білім ошағындағы мектептің басшысы Е.Қ.Сапаровтың басшылығымен үлкен ұжым болдық. Ол – Орал пединститутының 1972 жылғы озат түлегі, жолдамамен Торғай өңіріне барып биология пәнінен сабақ беріп, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп басшысы, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған, осылайша басшылықтың мол тәжірибесін алған жан-жақты маман екен. 1986 жылы Оралға – елге келіп, №5 орыс мектебін 3 жыл басқарып, 1989 жылы №11 қазақ мектебін қабылдап алған, 1991 жылдан мектеп-лицей дәрежесін алуға эксперименттік бағдарламамен оқытуды ұйымдастырды. Сол кездегі мектептің алғашқы оқу ісінің меңгерушісі Барсаев Бейсенбі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қанатова Г. (1987-1992 ж.), Тілеубаева Сәния (1992-1995 ж.), интернат меңгерушілері



Қабдолов А., Бимағамбетов Е., өнер мектебінің жетекшісі Шоңыраев Ш., алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Рахмитуллин Р., бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Идиатова Р. болды.

1994 жылдың қыркүйегі оқу жұмысын ұйымдастырушы-диспетчерімін, сабақ кестесін жасап, жұмыс табелін жүргіземін, сабақ беремін. 188 оқушы 35 сыныпта оқиды. 12 бастауыш сыныбы, 5-7 сыныптарда 10 сынып, 13 лицей сыныбы адамгершілік, математика, хим-биология бағытында тереңдетілген бағдарламамен оқиды. Лицейдің бағытымен оқитын пәндерінен мектептің тәжірибелі мұғалімдері қазақ тілінен А.Есқазиева, З.Мүтиев, орыс тілінен Ұ.Неғметова, Р.Тілепова, химиядан Ж.Супалиева, М.Измағамбетова, биологиядан К.Ғимадиева, тарихтан С.Нұрланова, Ғ.Айталиев, математикадан С.Қазиханов, А.Жылқайдарова, ағылшын тілінен М.Рашева, Г.Қанатова, географиядан Ғ.Қабдолов, бастауыш сыныптан Р.Идиатова, т.б сабақ береді, олармен бірге Орал пединститутының ғалым-ұстаздары мен мамандар Л.Доминова, А.Мұсаев, Қ.Сәрсенов, С.Шарабасов, Н.Майманов, А.Қыдыршаев, журналист Ғ.Сейтақов, т.б арнаулы курстан дәрістер жүргізеді. Арнаулы курстар бағытына қарай оқушылардың білімін, шығармашылығын толықтырады.

Оқушылар мектепке емтиханмен қабылданады, тоқсан сайын емтихан тапсырады, сыныптан сыныпқа емтиханмен көшеді. Келісім-шарты бойынша жергілікті оқу орындарына осы емтихандар қорытындысымен оқуға қабылданады екен. Лицей сыныптарын алғашқы бітіруші 28 оқушының 27-сі, келесі 1994 жылы бітірген 49 түлектің 44-і оқу орнына осылай түскен.

Жаңадан қабылданған ауылдан келген мұғалімдерге интернаттың бірінші қабатынан бөлмелер берілді, бұл көмек олардың ұжымға сіңісіп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасады. Алдыңғы жылдан басталған мектеп-интернат-лицейінің қос мерекесіне – Сәкеннің 100, мектептің 70 жылдығына жоспарланған жұмыстар: Сәкен ескерткішін әзірлеу, оған орын, мұражай жасақтау, «Білімнің қара шаңырағы» кітапшасын, «Мектеп намысы» газетін шығаруға, оқу кабинеттерін, мектеп-интернатты әсемдеуге, концерт әзірлеуге, қонақтар шақырып қарсылауға, мерекені сапалы білім, саналы тәріппен өткізуге қызу әзірлік жалғасты. 1994 жылы 18 қарашада жоспарланған мазмұнды шаралармен, шақырылған қонақтармен мерейтой жақсы өтті. Мектеп алдындағы еңселі Сәкен ескерткіші «Оқу – өмірдің сәні, тіршіліктің шамы», - деп тұрғандай. Мектеп тарихын тұңғыш баяндаған «Білімнің қара шаңырағы» кітапшасы мен мектеп мұражайы өмірде жаңаша жұмыс істеп жатқан мектеп-интернат-лицейінің тарихын жаңа табыстармен жалғастырындар, «Мектеп намысы» газеті беттеріндегі мұғалімдер мен ОПИ-дің ғалым-ұстаздарының, шәкірттер мен олардың ата-аналарының мақалаларының негізгі ойы осы мектептің өміршең қызметі мен дәстүрі жалғасады деп жар салып тұрғандай. Ал ең бастысы тарихта жаңа үлгідегі мектеп-интернат-лицейінің жұмысы облысқа, республикаға белгілі болды. Болашағы анық айқындалды. Осы 70 жылдық мерейтойы қарсаңында мектептің 1961 жылғы түлегі, ақын Ақұштап Бақтыгереева мектептің барлық оқушылары мен түлектерінің жүректеріне



ұялаған «Он бірінші мектебі Оралымның» деген таңғы шықтай таза, көркем, терең ойлы бес шумақ жыр арнапты:

Бір қалада шаңырақ дара құрдың,
Ынтықтырып ұл-қызын бар ауылдың.
Өсіре бер ұрпағын еркін елдің,
Он бірінші мектебі Оралымның! - десе,
ақын Ғайсағали Сейтақов «Сәкен мектебі» деген өміршен өлеңінде:
Бәйтерек боп өскендей бала қайың,
Бұла ұлдарын беруге дала дайын.
Бұл мектептің бүгінде бәсі биік,
Бауырлары көбейген ағадайын.
Сұңқар солай олжасын кетер іліп,
Жанарынан жарқырап от өріліп.
Сәкен, эне, жымып баспалдақпен

Бара жатқан секілді көтеріліп, - деп толғаныпты. Қос акын да, басқа көп жас қалам шәкірттер де Сәкен мектебінің қазақ баласы өміріндегі орны ерекше екенін тебірене жырлаған. Ал мектеп тарихы әріде әрі күрделі.

Мен осылай мектептегі алғашқы жұмыс жылында мектеп тарихындағы мерейлі 70 жылдық мерейтойдың куәсі болдым. Мектептің қилы тарихын білдім. Институттағы құрметті ұстаздарымыз: ғалым, шежіре ағайым С.Ақмурзиннің сонау жылдары мектеп басқарғанын, М.Жолдықайырова жанашыр куратор апайымыздың жас кезінде де, есею жылдарында да осы мектептің төл қызындай байыпты, беделді болғанын, әдебиет пәнінің айтулы ғалымдары М.Тілеужанов пен Қ.Мырзағалиев ағаларымыздың көшбасшылығын, сырбаздығын жадымда жаңғырттым. Мұғалімдік қызметтегі алғашқы үлгі тұтқан директорым жымпитылық М.Қадыровтың өзі оқыған мектебіндегі қызметімді көріп, ризашылық сезімде табыс тілеп, қолымды қысқаны есімде. Жаңаша жұмыс істеуші мектеп ұжымы қатарына қосылдық, пединститутта сабақ берген ұстаздарымызбен, 1972-1977 жылдардағы әзірлік курсы мен студенттік жылдардағы кейбір жолдастарымызбен қайта кездесіп, бір мақсатта жұмыс істедік. Барлық жұмысты жүйелі ұйымдастырудағы мектеп директоры Е.Қ.Сапаровтың басшылығын, жұмыс тәртібін көрдім, мүмкін сынағынан да өткен шығармын, мектеп қызметі жұмыс тәжірибеме пайдалы өз жақсылығын қосты.

Ең бастысы мектеп тарихының алғашқы беттерін білейік...

«Білімнің қара шаңырығы» кітабында: «1964-65 оқу жылында Орал облыстық Атқару комитеті Қазақ ССР министрлер кеңесінің 1964 ж. 22 мамырдағы №342 қаулысы бойынша мектептің 40 жылдық, Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойына байланысты мектепке Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді. Мектеп «С.Сейфуллин атындағы №11 қазақ орта мектебі» деп аталды», - дейді кітап құрастырушы А.Есқазиева. Халық мектепте оқушыларға барлық жақсы жағдай жасалғаннан да болар оны «қазақ пансионы» деп те атаған. Мектеп қиын да даңқты жолдан өте отырып, ұлттық мәдениетті және ұлттық мамандарды даярлауға өлшеусіз қызмет етті. 40 жылдан кейін осындай дәрежеге



жетіп, мектепке Сәкен есімі берілуі мектептің тағы бір тарихи табысты белесі болды.

Оралдағы студенттік жылдар кезінде Сәкен мектебі – қазақ пансионы, оның білім мен өнердегі табыс дәрежесі, директоры Ж.Самарханов пен ұстаздары, мектеп шәкірттерінің мұқалмас жігері мен батырлық істері туралы еміс-еміс әңгімелер еститінбіз, сүйсінетінбіз. 1980 жылдардың басында мектеп басшыларының білім жетілдіру курсына келгенде мектептің бір күндік оқу-тәрбие жұмысына қатысқанымыз, директоры М.Мамаевамен кездескеніміз есімде, жақсы әсерде кеттік. Институттағы ұстаздарымыз бен БЖИ мамандарымен кездестік, сонда жұмыс істейтін зейнеткер, бұрынғы басшы Ж.Самархановтың ақыл-кеңеске толы дәрісін тыңдағанымыз, жеке де әңгімелескеніміз есімнен кетер ме?! Аға ұрпақтың есінде болар. Кеңес дәуірі кезінде бұл мектеп қаладағы қазақ тілінде білім беретін бастауыш сыныптарысыз дара мектеп болды. Оның білім мен тәрбие беруі сол кезде де басқа мектептерге үлгі-өнеге болған. 1987 жылы қала тұрғындарының орынды талабының арқасында көп қиыншылықтарды жеңіп, мектепте бір 1-сынып ашылады. 1991 жылы олардың саны сегіз бастауыш сыныпқа жеткен. Олар күннің екінші жартысында ұзартылған топ есебінде тамақтанып, ертеңгі сабаққа әзірленіп, мектепте кешке дейін болған. Қаланың әр ауданындағы оларды тасымалдауға арнайы автобус берілсе де, енді ең басты қиындық – орынның тарлығы. Орын берілді, оқыту екі жерде жүрді. 1993 жылы ол мектеп №27 қазақ мектебі болып ашылды. Онда 11-мектептің өкілі М.Мұхамбетқалиев болды. Міне, төккен тердің еселене қайтуы! Бұл істің де басы-қасында мектеп директоры Е.Сапаров болған.

1995 жылдың қыркүйегінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін ұсынды. Сәкен мектебінде жұмыс істеу үшін өте жоғары жауапкершілік, білім мен тәжірибе, біліктілік керек. Ұжым мен басшыға арқа сүйедім. Осы қызметті 2003 жылдың қыркүйегіне дейін атқардым. Сол кезде 1999 жылы «Мектеп намысы» газетіне және 2007 жылы «Сәкен мектебі» кітабына, жергілікті баспасөз газеттеріне атқарылған жұмыстар туралы мақалалар жазған едім. Сол мақалалардан жұмыс істеген уақыттағы мектептегі тәрбие жұмыстарының хабаршысы ретінде үзінділер ұсынсам артық болмас.

Сапалы білім, саналы тәрбие, өмірлік өнер алсам деген зор арманы бар талай шәкірттерді өмірге қанаттандырған Оралдағы Сәкен атындағы 11-мектептің қай кездегі қызметі де өшпес өнеге, ұмытылмас ұлағат, теңіздей терең тарих. Ақиқаты заман талабына лайықты жүргізілген оқу-тәрбие жұмысы барлық уақытта да өзінің өнімді жемісін берген.

Егемендіктің алғашқы кезеңінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі зор міндетін айқын анықтаған мектептің тәрбие жұмысы жоспарын «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесі тұжырымдамасын» басшылыққа ала отырып, ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жасап, «Ұлағат» тәрбие орталығы арқылы жүзеге асырылды.

Қазақ мектептерінің қатарына №36, №38 мектептер қосылды. 11-мектеп қаладағы орыс мектептерінде қазақ сыныптарының ашылуына да негіз, үлгі



болды. Уақыт алға сүйреді. 1999 жылы қазан айында С.Сейфуллиннің 105 жылдығы мен мектептің 75 жылдығы айтарлықтай атап өтілді. Қалың құттықтаушылар: облыс, қала әкімшілігі, білім беру, кәсіподақ, мәдениет, өнер, спорт, БАҚ, т.б мекеме қызметкерлері, ардагерлер, ата-аналар, мектеп түлектері алдында мазмұнды баяндама (Е.Сапаров) оқылды. Үлкен концерт қойылды. Сәкен кабинеті ашылды. 1999 жылы 8 желтоқсанда БҚО әкімінің №242 қаулысы шешімімен мектеп «Дарынды балаларға арналған облыстық С.Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп-интернат кешені» мәртебесін алды. Бұл мәртебелі есім мектеп дамуына жаңаша серпін және үлкен жауапкершілік жүктеді. Мектеп өзінің бұрынғы қол жеткен табыс, дәстүрлерін дамытып, жаңа заманға сәйкес жұмыс істей бастады. Мектеп басшысы Е.Сапаровтың «Жаңа үлгідегі мектептің жұмысын ұйымдастыру» (1997 ж.) мақаласы басшылыққа алынды. Білім беруде мектеп құрылымы дамыды. Кешеннің гуманитарлық, физика-математика, жаратылыстану бағытындағы оқыту жұмысының жаңа сапаға ие болуына «Болашақ мектебі», «Дарын» ҒО-мен байланыс оң нәтижесін берді. Материалдық база толықтырылып, мектеп-интернат бөлмелері, оқу кабинеттері, кітапхана, оқу, спорт залдары, сауықтыру кешені мен Өнер мектебі, «Дарын» жазғы лагерінің жұмыс істеуі жаңа бейнеге ие болды. Мемлекеттік рәміздер талапқа сай безендіріліп, мектеп мұражайы жөнделіп, толықтырылды, мектеп эмблемасы жасалды. Ұстаздар сапасы жақсартылды, ЖОО ғалым-ұстаздары көптеп тартылды, басқару жетілдірілді, ата-ана, жұртшылық көзқарасы жаңа заманға, мектеп талабына сай ұштасты. Нәтижесінде, шәкірттердің білім сапасы, тәртібі бұрынғыдан да жақсара түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылыққа қарамастан мектептің 1996 жылғы түлектерінің бір тобы О.Зайдуллин, Е.Төкестев, Л.Имашева, А.Сейдахметов, Ә.Сембаева, Т.Қодаров Түрік еліне елімізге қажетті халықаралық қатынастар, экономист, сауда, бизнес мамандықтарын оқып игеруге жіберілді. Өзін-өзі басқаруда «Болашақ» оқушылар ұйымы жұмысы жаңаша ұйымдастырылды: Президент, министрлер кабинеті сайланып жұмысқа кірісті. Оқушылар жаңа мектеп үлгісінде киінді.

Мектепте тәрбие жұмысын жүргізудің қалыптасқан тәртіп жүйесі жасалды. Әр аптаның дүйсенбісі күні бірінші сабақта міндетті түрде өтетін тәрбие сағаты қойылды. Онда оқушылардың саяси мәдениетін, білім алуға саналы көзқарастарын қалыптастыру, имандылық, елжандылық, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу жұмыстары жүрсе, бейсенбі күні еңбек, экологиялық тәрбиесін беруге іс-шаралар өткізілді. Сенбі күні эстетикалық қабілетін дамыту, салауатты өмір салтын сақтау, дене тәрбиесін жетілдіру, т.б. жұмыстар оздырылды. Осындай жүйемен өтетін әрбір тәрбие жұмыстары шәкірттер үшін үлкен шығармашылық жұмыс және мереке болды. Жылма-жыл қазан айының ортасында С.Сейфуллиннің туған күні (15.10) қарсаңында «Сәкен есімі – мектеп намысы» атты онкүндік өткізу дәстүрге айналды. Онда оқушылар осы мектептің 1924 жылы ашылуына ұйытқы болған қоғам қайраткері, ақын-жазушы С.Сейфуллиннің өмірі мен қызметі туралы түрлі іс-шаралар өткізіп, шығармашылық жұмыстар жасап, мектеп ардагерлері, түлектерімен кездесіп,



басқа мектеп оқушыларына мектептегі игі істерді көрсетіп, қорытындысында салтанатты түрде мектеп оқушыларының:

«Мен, Қазақстан Республикасының азаматы, сүйікті Отаным – Қазақстанның дүниежүзінде алдыңғы қатарлы, әділетті, өркениетті ел болуы үшін сапалы білім аламын, жоғары мәдениетті азамат боламын. Туған халқымның ата дәстүрін жалғастырамын. Мемлекетімнің Президентін құрметтеймін, Конституциясы мен Заңдарын бұлжытпай орындаймын. Елімнің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын сыйлап қастерлеймін» мәтініндегі Антын қабылдау шәкірттерді елжандылыққа, ел Президентін, Туды, Әнұранды, Ата заңды құрметтеуге, сапалы білім алуға, қоғамдық белсенділікті арттыруға тәрбиеледі. Сол жылдары еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, халықты болашаққа ұмтылдырған, жастарға қоғамның болашақ иесі екенін мойындатқан «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасына, Елбасы өкілеттілігін ұзарту референдумына арналған әр түрлі тәрбиелік жұмыстар да оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыруға зор ұйытқы болды.

Мектеп шәкірттері облыстық «Орал өңірі» газеті арқылы облыс оқушыларына Үндеу жолдады.

«Батыс Қазақстан облысы мектептерінің шәкірттеріне Орал қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицей оқушыларының ҮНДЕУІ.

Қымбатты замандастар! Біз, С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейінің оқушылары, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық жолдауын зор ынтамен оқып, онда айтылған мақсатты бағыттарды толығымен қабылдадық. Еліміздің ХХІ ғасырдағы жарқын болашағына зор сеніммен қарай отырып, өз бағытымызды айқын бағдарладық. Елбасының Қазақстан студент-жастарына жолдаған сөзінде: «Естеріңізде болсын, жаңа ғасырға Қазақстанды сіздер бастап барасыздар!» - деген болатын. Бұл сөз студент-жастарға айтылғанымен, бізге де үлкен ой тастады.

Қымбатты достар! Мақсатымыз айқын, бізге жүктелер міндет ауқымы аса зор. Бағытымыз қолымызда «Қазақстан – 2030» деген адастырмас бағыт-бағдар бар. Сондықтан ұлттық рухани қазынамыз бен тарихымызды, мәдениетіміз бен өнерімізді жетілдіру жолында игі істер атқарайық. Ол үшін түрлі жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүріп, заман талабына сай ерік-жігер, қажыр-қасиет танытып, жан-жақты біліммен жаңа ғасыр табалдырығын аттауды азаматтық парызымыз деп білейік!

С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернат-лицейі оқушылары.

11 сәуір 1998 жыл.»

Оқушылар қабылдаған бұл Үндеудің облыс оқушыларына тәрбиелік әсері мол болды, мектептің жетекшілік қызметі арта түсті.

Мектепте ел Президентімен, облыс әкімімен, қаламыздағы жоғарғы оқу орындарының ғалым-ұстаздарымен, елге белгілі өнер адамдарымен, еңбек, соғыс ардагерлерімен, мектептің белгілі тұлғаларымен, тәртіп қорғау, денсаулық сақтау, заң, құқық қызметкерлерімен кездесуі үлкен тәрбиелі жұмыс ретінде жүзеге асырылатын.



Мектеп шәкірттері қаладағы қазақ, орыс театрларының, мұражай мен кітапханалардың тұрақты көрермендері мен оқырмандары болды.

Мектептің білімді шәкірттері тек білімдарлығымен ғана мектеп намысын қорғап, атағын шығарып қана қоймай, ән мен күй, би өнерін жетік меңгеріп, ақындық талантымен, спорт түрлері мен шахматтан, «Сөз сайыстан» қалалық, республикалық жарыс, байқауларда сынға түсіп, жеңімпаз атанып, жүлде алған шәкірттеріміз мектеп мақтаныштары болды. Олардың еңбектері, есімдері мектеп кітабы мен газеттері беттеріне жазылып, бейнетаспаға түсіріп альбомдар беттерінде қалды. Әсіресе сонау ғасыр тоғысындағы онжылдықтарда мектептің жас тілшілері «Орал өңірі» мен басқа жергілікті баспасөз беттеріне, мектептің «Мектеп намысы», «Дарын» газеттеріне көп мақалалары мен өлеңдерін жолдап, жарық көрген екен. Болашағынан үлкен үміт күткен барлық осындай шәкірттердің көп болуы – мектеп пен ата-ананың білім мен тәрбие берудегі бірлескен еңбегінің жемісі, сынып жетекшілердің, тәрбиешілердің тиянақты еңбектерінің нәтижесі. Сондықтан да өз ұрпағын білім мен тәрбиенің қасиетті қара шаңырағы деп осы мектепке әкелетін ата-ананың мектепке деген ынтық көңілі мен еңбегін айрықша бағалау әрбір ұстаз үшін үлкен міндет болары анық.

Ал еліміздің болашағы осы ұрпақ тәрбиесінде десек, бұл – мәңгі жалғаса беретін қасиетті, қуанышы мен қиындығы мол еңбек. Бұл саладағы алуан түрлі жұмысты талапқа сай атқарып, тәрбиелі жасты өмірге аттандырушы сынып жетекшісі, психолог, кітапханашы еңбегі әрқашан да құрметке, мақтауға, бас июге, амандық тілеуге тұрарлық. Және оған қазір де атсалысу зейнеткер ұстаздардың да борышы деп білемін.

Төкестай Көшербай Кінәмаұлы,
ардагер ұстаз



*Сәкен мектебіне – 100 жыл***ҒАСЫР БИІГІНДЕГІ СӘКЕН МЕКТЕБІ**

Бүгінгі күні 100 жыл толып отырған Дарынды балаларға арналған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты – білімнің қара шаңырағы эпопеяға тең үлкен баспалдақтарды басып өтті. Өткен ғасыр мен жаңа ғасырдың арасын жалғаған мектептің тарихын таркатып айтар болсақ, қаншама білім жанашырларының қолтаңбасын көруге болады. Тарих көзімен қарасақ, ғасырлық тарихы бар, шежіресі мол қара шаңырақта сан мың шәкірт білім алып, үлкен өмірге қанат қақты. Олар Отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдаманы осы қара шаңырақтан алды. Бір кезде жартылай панасыз балаларға арналып ашылған мектеп өзінің өсу-өркендеу жолында талай қиындық пен табысты сәттерді бастан кеше отырып, бүгінгі тәуелсіз елдің талантты балаларын оқытатын мектеп дәрежесіне дейін көтерілді.

Бүгінгі таңда Сәкен мектебінде 643 бала білім алуда, оның 255-і интернатта тәрбиеленіп оқитын ауыл балалары. Соңғы 3 жылда мектебімізге қабылданған ауыл балалары санының артуы көңіл қуантады.

Тарихы терең, танымы биік, білімнің алтын ордасының ұстаздары бір ғасыр бойы білім мен тәрбие беру жолында есімдері көпке танымал азаматтарды, ғылым мен өнер, спорт жұлдыздарын, қоғам мен мемлекет қайраткерлерін түлетіп, Сәкен мектебін елге танытты. Жүз жыл тарихында талмай еңбек етіп, шәкірт жүрегіне ізгілікті жол таба білген ұстаздар мен интернат тәрбиешілерінің еңбегі қаншама!

Аға буынның ізін жалғастырып келе жатқан 124 педагогтің 79-ы – пән мұғалімдері, 13-і – кураторлар, 12-і тәрбиеші болса, біліммен қатар өнерге баулып отырған Өнер мектебінде 16 педагог еңбек етеді. Педагогтердің 13-і педагог-шебер, 33-і педагог-зерттеуші, 14-і педагог-сарапшы, 11-і педагог-модератор біліктілік санатына ие болса, 10-ы педагог болып отыр. Мұғалімдердің сапалық құрамының көрсеткіштері жылдан-жылға жақсарып келеді. Магистр дәрежесіне ие педагог қызметкерлер қатарының бірте-бірте артуы байқалуда. Бүгінгі күні білім ошағында 16 магистр бар.

«Ұстаздық еткен жалықпас» деп ізгіліктің жолын негізгі бағыт етіп алған, ерінбей, жалықпай, алдына батыл мақсаттар қойып, соған жетуге табанды түрде нық қадамдар жасаған, бар өмірін, уақытын, білімін, тәжірибесін жұмсап, биік белестерді бағындыруда адал еңбегі мен маңдай терін төккен ұстаздар орны қашанда ерекше.



Ұстаздардың еңбегі әрдайым еленіп, марапатталып отырады. Атап айтқанда, бүгінгі күні мектебімізде математика пәні мұғалімі С.Қазиханов – «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, республикалық «Үздік педагог» атағының иегері, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Байжиенова – «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің, облыстық «Үздік педагог» атағының иегері, математика пәні мұғалімі М.Шоңыраева, биология пәні мұғалімі Ш.Қаратаева, Г.Мусағалиева, Э.Қазиханова – «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Мыңбаев – «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, математика пәні мұғалімі Г.Мусағалиева, информатика пәні мұғалімі Ж.Шонбаев, химия пәні мұғалімі Э.Қазиханова – республикалық «Үздік педагог» атағының, тарих пәні мұғалімдері Д.Опиев пен А.Әлмұқан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д.Имашева – облыстық «Үздік педагог» атағының иегері. Сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдері Л.Абдрахманова «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» болса, Г.Суханова мен математика пәні мұғалімі Ж.Ғиззатов – «Батыс Қазақстан облысы білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегерлері. Ал ардагер ұстаздарымыз М.Ишанова, А.Бисенғалиева, М.Шоңыраева «Еңбек ардагері» медалінің, информатика пәні мұғалімі А.Ахмадиев «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалінің иегері екенін мақтанышпен айтамыз.

Мектеп педагогтері түрлі республикалық, облыстық кәсіби байқауларда жеңімпаз атанып келеді. Педагогикалық ұжымның бірлігі мен ынтымақтастығы, өз ісіне адалдығы, кәсіби шеберлігі арқасында мектеп 2012 және 2019 жылдары «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық байқауы грантының 2 мәрте иегері болса, 2023 жылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» конкурсында «ҮЗДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ – 2023» атағына ие болды. Орал қаласының қала күніне орай ұйымдастырылған «Үздік білім беру ұйымы – 2023» конкурсында жүлделі ІІІ орынды иеленді. Мектеп жылдар бойы ҰБТ-ның қорытындысы бойынша «Үздік 100 мектеп» қатарынан көрінуде. Оқушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиада қорытындысы бойынша ІІ, ІІІ командалық жүлделерге ие болып келеді. Облыстық «BILIMHIGH – 2023» білім сайысында мектеп командасы 16 команданың арасынан суырылып шығып, І-орынға ие болып, білім көкжиектерінің кең екенін дәлелдеді.

Мектепте оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындап, ғылыми жұмыстарға бағыттау жүйелі жолға қойылған. 2019-2023 жылдары жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жүлделі орындарға 97 оқушы шығып, республикалық кезеңде 12 оқушы жүлдегер атанды. Ал ғылыми жобалар байқауында облыстық кезеңде 8 оқушы жүлдегер болса, республикалық кезеңде олардың 5-еуі жеңіс тұғырынан көрініп, мектеп мерейін өсірді. Олимпиада мен ғылыми жобаларда балалардың қанатын



комдап, ізденушілік пен табандылыққа, білімге құштарлығын оятып жүрген жоғарыда аталған мәртебелі ұстаздарымызбен қатар аянбай еңбек етіп жүрген жас ұстаздар да мұғалім мамандығына деген жауапкершілігі арқасында жетістіктерге қол жеткізуде.

«FLEX» бағдарламасы бойынша 2008 жылдан бастап 13 оқушы АҚШ-та білім алды. 2000-2024 жылдар аралығында 153 түлек «Алтын белгіге», 215 түлек «Үздік аттестатқа» ие болды.

«...Бақытымның шыңына жол сілтедің, Он бірінші мектебі Оралымның» дегендей, ғасыр бойы сан түлекті қияға самғатқан, ғылымға жол салатын, ізгілік пен адамдыққа тәрбиелей отырып, өзін-өзі дамытып, қабілетін жетілдіре біліп, қоғамға белсене араласатын, еліміздің болашағына өз үлесін қосар жеке тұлға тәрбиелейтін дарынды балалар мектебі – Сәкен мектебі бүгінде терең білім мен тағылымды тәрбие ошағы, мәртебелі білім беру ұйымы. Тәуелсіздік жылдарында осындай қара шаңырақтан білім нәрімен сусындап, оған қоса өнер саласында өз орнын тапқан, спортта биік белестерді бағындырған түлектер бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде мерейлі міндеттер атқарып, мемлекетіміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрген түлектеріміздің арасында көптеген қоғам қайраткерлері, ел тізгінін ұстап отырған білікті басшылар, арқалы ақындар, қаламгер-жазушылар, сондай-ақ өнер тарландары, ғалымдар және басқа да түрлі мамандық иелері бар. Мектептің ғасыр көлеміндегі елге танымал түлектері республикамен қатар алыс-жақын шетелдерде елге, қоғамға қызмет етуде абырой арқалап, мектеп атын биіктетіп жүргенімен мақтанамыз. 100 жылдық мерейтой аясында «Бақытымның шыңына жол сілтедің, Он бірінші мектебі Оралымның» түлектер форумына қатысқан 600-дей түлектердің кездесу сәтіндегі сезімдері мен мектепке, ұстаздарына деген сағынышына, құрметіне сөз жетпейді. Форумға мектеп бітіргеніне 65, 60, 55, 50, 40, 30 жыл болған түлектер қатысты.

Мектеп-лицей-интернаты бүгінде тек білім беріп қана қоймай, 30 жыл бойы ауыл балалары арасынан өнерге қабілеті бар балаларды іріктеп алып, өнердің биік шыңдарын да бағындыруда. «Атамұра» халық аспаптар оркестрі 4 дүркін «Үлгілі оркестр» атауын қорғап алды. Өнер мектебінің шығармашылық шыңынан көрінуіне жетекшісі Зәуреш Құсайынова бастаған ұжымның еңбегі зор.

Мектеп жанындағы интернатта бүгінде 255 бала тәрбиеленуде. Интернат меңгерушісі К.Қарасаеваның басшылығымен білікті тәрбиешілермен қатар жас тәрбиешілер де бала бойына бауырмалдық, жанашырлық, достық, жауапкершілік сияқты адами құндылықтарды ұлттық құндылықтармен өрбіте отырып, түрлі шаралар арқылы сіңіруде. Е.Құлбаев, А.Шахасева, Ә.Мұсағалиева, А.Мырзабаева сынды тәжірибелі тәрбиешілер еңбек етіп, бала жүрегіне жол табада.

Әрбір мемлекеттің болашағы отбасы мен білім алған мектебінде қаланады. Олай болса, баланы тәрбиелеуде ата-анасымен тығыз байланыста болып, оның мектеп қабырғасындағы тәрбиесіне бірден-бір жауапты тұлға – куратор (сынып жетекші). Әр шәкіртті өз баласындай қамқорлап, оның жан-жақты дамуына, сан



тарау тәрбиені бойына сіңірту үшін еңбек етер кураторларымыз: А.Сағынғалиева, Ж.Рахметова, Қ.Исқазиева, Т.Мұхамбетқалиева, А.Искакова, М.Жайманова, Г.Шамарова, Д.Максutowалар алдынан талай түлектер үлкен өмірге жолдама алды.

Терең білім мен тағылымды тәрбиеге қол жеткізуде мектептің материалдық-техникалық базасының атқарар рөлі зор. Атап айтқанда, дәрігерлік қызмет кешені: 8 кабинет (стоматология, физио, массаж, егу бөлмесі, изолятор т.б.), оқу кабинеттері 39, соның ішінде 21 кабинетте жаңа үлгідегі интерактивті панель орнатылса, 17 кабинетте интерактивті тақта бар. Жаңа үлгідегі физика, химия, биология кабинеттері сатып алынды. Информатика кабинеті жаңа үлгідегі компьютермен жаңартылды. Лингофон – 1, информатика кабинеті – 2, спорт зал – 1 (270,25 м²), мәжіліс залы – 1 (160 орындық), кіші мәжіліс залы – 1 (70 орындық), асхана – 1, көлемі – 187 м² (150 орындық), буфет – 1 (30 орындық), кітапхана – 1 (87 м²), жалпы кітап қоры – 70868, оқулық қоры – 40800, көркем әдебиет қоры – 22183, 40 орындық оқу залы (120 м²), мектеп мұражайы – 1 (1994 ж. 25 қазанда ашылған).

Кезінде мектептің ашылуына қамқорлық жасаған, бүгінде есімі берілген Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы да кейінгі ұрпаққа үлкен тәрбие мектебі.

Тарихы терең білім ордасы ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие берудегі сара жолын жалғастыра берері сөзсіз.

Өткен тарих – ұрпаққа өнеге.

Хамзина Аягөз Орынбайқызы,

*Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық
мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры*

МАТЕМАТИКА МАЙТАЛМАНЫ

Өткен аптада облыс әкімдігінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын табыстауға арналған салтанатты іс-шара өтті. Жиында облыс әкімі Нариман Төреғалиев отыз жылдан астам уақытын білім саласына арнаған Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәнінің мұғалімі Серік Қазихановқа «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын салтанатты түрде табыс етті.

Облыс көлемінде білім саласында атқарылып жатқан істерді тізбектеген облыс әкімі тәжірибелі ұстазды марапатымен құттықтады.

«Бүгінде облыста 121 мың оқушы білім алуда. Өңірде барлық қаржыландыру көздерінен 23 мектептің құрылысы жүріп жатса, 18 білім ошағын жыл соңына дейін пайдалануға беруді көздеп отырмыз. Ұстаз деген ардақты атты арқалап жүрген барша адам құрметке лайық. Сіздің осындай құрметке бөлінуіңіз – біздің облыс үшін үлкен мәртебе. Еселі еңбегіңізді



ақтайтын дарынды шәкірттеріңіз көп болсын!» - деді өңір басшысы өз құттықтауында.

Серік Казиханов – тынымсыз еңбек пен ізденістің нәтижесінде математика пәні мұғалімі ретінде кәсіби сайыстарда топ жарып жүрген ұлағатты ұстаз. Ол республикалық «Үздік педагог» конкурсына қатысып, «2014 жылдың үздік педагогі» атанды. 2017-2018 жылдары «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығында оқулық және оқу-әдістемелік кешендерін сараптамадан өткізу бойынша комиссия құрамында сарапшы болды. Мега-талант жобасында «Математика пәнінен XVIII халықаралық олимпиада» қорытындысы бойынша алғыс хат иегері, республикалық математика пәні мұғалімдерінің шығармашылық байқауының жеңімпазы, 2013, 2014, 2016, 2017 жылдары аймақтық (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облысы) математика пәні мұғалімдері арасында ұйымдастырылып жүрген «Математикалық регата» байқауларының жүлдегері. Серік Мендібайұлы көп жылғы еңбегінің нәтижесінде 2021 жылы «І.Алтынсарин» төсбелгісін иеленген. Оның білім берген шәкірттері математика пәнінен халықаралық, республикалық, облыстық олимпиада, сайыстарда үздік танылып, жүлделі орындардың иегерлері атанып жүр.

- Мұғалім мәртебесі заңының жүзеге асуы, ұстазға деген құрметтің жоғары болуы бізге күш-жігер береді. Бүгінгі марапаттың жауапкершілігі де жоғары. Осындай марапатқа лайық деп танығаны үшін Мемлекет басшысына, өңір басшылығына, ұжымыма алғысымыз шексіз, - деді Серік Казиханов.

- Серік Мендібайұлы үнемі кәсіби ізденіс пен шығармашылық шындалу үстінде жүреді. Әр сабағында тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдері орынды пайдаланып, сабақтарын заманауи уақыт талаптарымен байланыстырып, шәкірттерін сыни әрі шығармашылықпен ойлауға үйретеді. Ол оқушыларын өз көзқарасын жан-жақты, әрі дәлелді тұжырымдаға баулып, терең білім беріп келеді. Өз пәнін терең меңгерген, білікті де тәжірибелі ұстазға біз әркез сәттілік тілейміз, - дейді дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры Аягөз Хамзина.

«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2021 жылдан бастап беріліп келеді. Бұл атақты бұған дейін біздің өңірден №35 мектеп-лицейінің мұғалімі Зинаида Сухина иеленген.

Президент Жарлығымен тағайындалатын мәртебелі марапаттың иесіне сый-құрмет көрсетуге арналған жиын соңында қатысушылар естелік суретке түсті.

Гүлжамал Жолдығали,
«Орал өңірі»



Мектеп мұғалімі Қазиханов Серікті марапаттау сәті



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Сәкен мектебі» (бас редакторы Е.Қ.Сапаров), Орал қаласы, 2007 ж.
2. Т.Кәкішев «Сәкен Сейфуллин», Алматы, «Жалын» баспасы 1976 ж.
3. БҚО мемлекеттік мұрағаты, «Красный Урал» газеті, 1923 ж. 16 қазан №233, 2-бет
4. БҚО мемлекеттік мұрағаты, «Қызыл Ту» газеті, 1925 жылы 16 сәуір №26
5. БҚО мемлекеттік мұрағаты, 26 қор, №1 тізім, 658 іс, 93 бет
6. БҚО мемлекеттік мұрағаты, 850 қор, №10 тізімі, 912 іс, 53 бет.
7. М.Арыстанов «Сәкеннің Жымпитыға сапары» DANAKaz журналы, 2014, 6-7 (15) 2014.
8. Ж.Самархановтың архивтік қолжазбалары.